

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Б.І. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА
«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Нұр-Сұлтан, 2022

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2022 жылғы мамырдағы № 5 хаттама)

Орта білім беру ұйымдарында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері, – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2022. – 240 б.

Орта білім беру ұйымдарында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздерінде «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың мақсаты мен міндеттері айқындалып, «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың теориялық негіздері ұсынылды, «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдіснамалық негіздері, «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдістемелік жүйесі берілген.

Орта білім беру ұйымдарында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері жалпы білім беретін мектеп мұғалімдеріне, әдіскерлерге, сондай-ақ білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналады.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2022
© Национальная академия образования
им. И. Алтынсарина, 2022

Кіріспе

Орта білім беру ұйымдарында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері «Ұлы Дала Елі» мен «Рухани жаңғыру» идеяларын, білім берудің мемлекеттік стратегияларын жүзеге асыру мақсатын көздей отырып, қазақ тілін ана тілі, ұлт тілі, мемлекеттік тіл ретінде оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін; тенденцияларын, парадигмаларын, ұстанымдары мен қағидаларын, бағыттарын айқындауға; «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың мақсаты мен міндеттерін; тілдік білімді меңгертудің танымдық-мәдени және коммуникативтік-функционалдық бағыттарын белгілеуге негіз болады.

Тұжырымдамалық негіздер ғылыми-әдістемелік дәйектемелерге сүйене отырып оқу пәні бойынша білім беру сапасын жақсарту мақсатында оқу пәнінің миссиясын, мемлекеттік стандарттағы орнын, мақсаты мен міндеттерін айқындайды, құрылымы мен мазмұнына енгізілетін толықтырулар мен өзгерістерді сипаттайды, білім беру мазмұнын және оқыту әдістемесін жетілдірудің ұстанымдары мен бағыттарын белгілейді.

Тұжырымдамалық негіз мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспары мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуге және жетілдіруге негіз болады.

Пәннің тұжырымдамалық негіздерін әзірлеуде Қазақстандағы орта білім беруді дамытудың Тұжырымдамалық негіздерінің қағидаттары мен ұстанымдары басшылыққа алынады.

Пәндердің тұжырымдамалық негіздерінің мазмұны: кіріспеден, «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың мақсаты мен міндеттері, «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың теориялық негіздері, «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдіснамалық негіздері, «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдістемелік жүйесі деген төрт бөлімнен тұрады.

Білім беру мазмұнын жетілдіру республика көлемінде жалпы білім беретін мектептегі білім сапасын анықтайтын білім беру мазмұнына өзгеріс енгізу, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді іске асырумен сипатталады.

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйытқысы қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялар, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар:

- 1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;
- 2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;
- 3) тілдік білім мен біліктерді ХХІ ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытуға, қарым-қатынас мәдениетіне бейімдеп, құзыреттіліктер қалыптастыруға бұру;

4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабақ барысында күшейту.

Осыған сәйкес білім мазмұнын жетілдіру білім алушының білімді сапалы меңгеру қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұны оқушының ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін, қазақстандық патриотизмді, өз ұлтының тіліне құрметпен қарауын, ұлттық және жалпы адами құндылықтарды қалыптастыруға баулу, ойлау, коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамытуға негізделеді.

Әдебиетті оқыту әдебиеттану ғылымында жүйеленген, айқындалған тұжырым-деректерге, эстетикалық-этикалық, философиялық негіздерге сүйенеді. Бастауыштың әдебиеттік оқу сыныптарында қалыптасатын білім орта білім беру жүйесінде дамытыла жүргізіледі. Бастауышта әдеби мәтіндер оқушының дүниетанымын қалыптастыруға жұмсалса, негізгі орта білім беретін сыныптарда әдебиет көркем өнердің бір түрі ретіндегі табиғатын танытуға бағдарланып, танымдық және эстетикалық мақсатта оқытылады.

Әдеби білім мазмұнын беруде логикалық бірізділікті, жүйелілікті, сабақтастықты сақтай отырып, білім алушылардың бойына ұлттық-рухани, адамгершілік, мәдени-эстетикалық құндылықтарды дарыту, ой-танымын кеңейту, тілдік қорын байыту арқылы олардың шығармашылық қабілетін дамыту көзделеді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған, өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін және шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу мәселесін жүзеге асыруға маңызды үлес қосады.

1 «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың мақсаты мен міндеттері

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың тұжырымдамалық негіздері (бұдан әрі – Тұжырымдамалық негіздер) тіл мен әдебиетті оқытудың маңызы мен миссиясын, мақсаты мен міндеттерін, құрылымын, пәннің базалық мазмұнын айқындайтын қағидаттар мен ұстанымдарды анықтайды.

Тұжырымдамалық негіздер мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары, үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік оқу бағдарламаларын әзірлеуге және жетілдіруге негіз болады.

Тұжырымдамалық негіздер ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауына, 2021 жылғы 26 ақпандағы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасына сай жасалған.

Тұжырымдамалық негіздердің мақсаты – орта білім беру ұйымдарында тіл мен әдебиеттен берілетін білім мазмұнын айқындау, пәннің құрылымы мен жалпы мазмұнын, оны ұйымдастыру жолдары мен ұстанымдарын белгілеу, қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың теориялық, әдіснамалық, әдістемелік тұғырларын сабақтастықта айқындау, қазақ тілінің тілдік заңдылықтары мен қағидаларын оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастырумен ұштастыру бағыттарын негіздеу және оқу-таным үдерісінің әдіснамалық және әдістемелік бағытын көрсету.

Тұжырымдамалық негіздердің міндеттері:

- жаңа нормативтік талаптарға сай жалпы білім беру ұйымдарының білім беру процесінде тіл мен әдебиетті оқыту және тілдік пәндерден білім беру сапасын жетілдіру;

- халықаралық тәжірибені ескере отырып, «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша білім беру стандарты мен оқу бағдарламаларын жетілдірудің жаңа ұстанымдарын белгілеу;

- жалпы білім беру ұйымдарында тіл мен әдебиетті оқытудың бағыттары мен жаңа сапалы нәтижелерін жүзеге асыру тетіктерін әзірлеу;

- «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндерінен білім мазмұнын жетілдіруде Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасын және ЕҚЫҰ-ның «Compass of learning -2030» тұжырымдамасын басшылыққа алу.

Қазіргі уақытта ұлттық білім беру жүйесінің басты міндеті ұлттық сана, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру болып табылады. Сондықтан, жалпы білім беру ұйымдарында тіл мен әдебиетті оқыту да аталған міндетке сәйкес болуы қажет.

2021 жылғы 26 ақпандағы Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында «Отаншылдықтың маңызды шарты - ұлттық бірегейлікті сақтауға, қоршаған әлемге жауапты қарауға, жергілікті және ұлттық деңгейлерде қоғамдық өмірге белсенді қатысуға қатыстылық пен бастамашылық

сезімін дамытуға бағытталған әрбір азаматтың санасын жаңғырту» деп атап көрсетілген [1].

Осы орайда Қазақстанның білім саласындағы қазіргі басым бағыттарының бірі – орта білім беру мазмұнын жетілдіру. Білім беру мазмұнын жетілдіру республика көлемінде жалпы білім беретін мектептердегі білім сапасын анықтайтын білім мазмұны мен құрылымына өзгеріс енгізу, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін бағалау жүйесін тиімді іске асырумен сипатталады.

Еліміздің орта мектептеріндегі оқыту әлі де тиісті дәрежеде тиімді болмай отыр. PISA, PIRLS зерттеулері нәтижесінде алынған деректер жалпы орта білім беру жүйесінің теориялық білім беру, оқушылардың ақпаратты есте сақтау, табу және зерделей білуін қамтамасыз ету деңгейінде жеткілікті дәрежеде тиімді екенін көрсетті. Дегенмен, бұл жүйе оқушылардың жоғары деңгейлі ойлау дағдыларын игеру және қолдану мүмкіндіктерін, мәселен, оқылым барысында мәтінді талдау және бағалау, алған білімін өмірде қолдану сияқты мүмкіндіктерді қамтамасыз ету үшін салыстырмалы түрде жеткіліксіз болып табылады. Орта мектепке арналған оқу бағдарламасының ғылыми сипатының басым және ауқымды болуы тиімді оқытуда кездесетін негізгі кедергі деуге болады. [11]

Технология, коммуникация мен ғылым салаларындағы елеулі өзгерістер әлемдік экономикаға айтарлықтай ықпал ете отырып, әрбір азаматқа ХХІ ғасырда табысты болу үшін қажетті білім мен дағдыларды алға тартады. Сонымен қатар, қарқынды жаһандану ұлттық экономикаға да ықпал етуде, оның үстіне қазіргі уақытта экономикалық дамуды қамтамасыз етуге бағытталған халықаралық бәсекелестік артып отыр. Жаһандану тек жұмыс орындарына әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар, оның қолжетімді жұмыс түрлеріне және сәйкесінше, жұмыс табу үшін қажетті білім мен дағдыға да әсері артып келеді.

Білім беру жүйесін жаңартуға арналған бұл экономикалық дәлелдерге қоса, қазіргі жиырма бірінші ғасырда басқа да негіздер бар, олар: өзара қарым-қатынасты арттыру; әлеуметтік өзгерістер; ауа райының өзгеруімен байланысты проблемалар; бүкіл әлемдегі халық санының қарқынды өсуі; шектеулі ресурстарға деген сұраныстың артуы – осылардың барлығы мектеп оқушылары қазіргі заманда және келешекте табысқа қол жеткізуі үшін бұрынғыға қарағанда анағұрлым көп дағдыларды меңгеруі қажет екенін көрсетеді.

Білім беру елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия болып табылады. Білім алушылар өздері өмір сүретін ортада жұмыс істеуге дайын болуы өте маңызды. Негізгі тіл болып табылатын қазақ тілі мен қазақ әдебиеті бойынша сапалы білім алу үшін еркін оқуына және жазуына мүмкіндік береді.

Ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп

мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

Білім алушылар әр жылы келесі сыныпқа ауысқан сайын ақпаратты бағамдау, дәлелдерді қабылдау және өз дәлелдерін ұсыну, тапсырмаға, аудитория мен мақсатқа сай келетін терең жазбаша материал өндіру үшін аталған дағдыларын қолдануда шеберлігі арта түспек. Олар алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында, ресми/іскерлік ортада бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады. Сондықтан қазақ тілі мен әдебиеті арқылы оқушылар өз білімдерін қажетті жағдайларда қолдануды үйренеді, соның нәтижесінде олардың бәсекеге қабілеттілігі артып, өмірде туындайтын әртүрлі қиындықтарды еңсеру барысында қолдануға мүмкіндік алады.

Заманауи мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелері оқу бағдарламасының міндеттерімен үйлесімді сабақтасып жатуы тиіс. Ондай тәсілдемелер:

- құндылықтық-бағдарлық;
- іс-әрекеттік;
- тұлғалық-бағдарлық;
- коммуникативтік тәсілдемелер.

Бұлар білім берудің классикалық негізі ретінде оқыту мақсаттарының жүйесі мен білім беру үдерісі нәтижелерінің басымдылығын арттыру үшін қолданылады және оқу бағдарламасының жаңа құрылымында көрініс табады.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болуы барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Қазір білім беру жүйесінде жас ұрпақтың табысқа жетуі үшін сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық ойлау, проблема шешу, бірлесіп әрекет ету сияқты негізгі дағдыларды игертіп, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасай алуға үйрету мақсаты қойылған. Бұл мақсатқа жету үшін оқушыларға пән бойынша академиялық білім беру басты міндет болуы тиіс. Пән бойынша терең академиялық білім алған оқушылар функционалды сауаттылық пен тәжірибені қатар игеріп, мектеп бітірген кезде қазіргі жаһандық экономика жағдайында еңбек етуге мейлінше дайын болмақ.

Жалпы білім беретін орта мектепте қазақ тілі пәнінен академиялық білім берудің мақсаты – қазақ тілінің әлеуметтік-қоғамдық қызметі (ана тілі-ұлт тілі- мемлекеттік тіл) туралы біртұтас білім бере отырып, тілдің танымдық, құрылымдық, тарихи мәнін, тілді қолданудың нормативті жүйесін игеріп, сөйлеу

мәдениеті тәсілдерін меңгерген, ұлттық рухты бойына сіңірген дара тұлға тәрбиелеу.

Қазақ тілін оқытудың басты міндеттері бастауыш, орта, жоғары сыныптарда білім беру мазмұнының академиялық және практикалық бағыттылығы арасындағы теңгерімді сақтай отырып, бастауыш сыныптарда қазақ тілінің ана тілі ретіндегі қызметіне, орта сыныптарда қазақ тілінің ұлт тілі ретіндегі қызметіне, жоғары сыныптарда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі қызметіне басымдық бере оқыту.

Оқу бағдарламалары функционалдық-коммуникативтік бағытқа негізделіп құрастырылды және оқушылардың пән туралы түсініктерін тереңдетіп, ұлттық мәдениет пен әлемдік мәдениеттің маңыздылығы туралы түсініктерін кеңейтеді.

Тілдік пәндерді оқыту процесіндегі білім алушылардың меңгеруіне қажетті білім, білік, дағдылар осы аталған факторларға негізделуі тиіс.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім берудің басым мақсаттарының бірі. Оның нәтижесі оқушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы алғаш рет өткен ғасырдың 60 жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен зерттеушілердің қолдануына енді.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Қазіргі тез құбылмалы әлемде функционалдық сауаттылық адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсенді қатысуына, сондай-ақ өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторлардың біріне айналуға [33].

Функционалдық сауаттылық тұжырымдамасына негізделген анағұрлым танымал халықаралық бағалау зерттеулерінің бірі – экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) қолдауымен өткізілетін 15 жастағы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы (Programme for International Student Assessment – PISA) болып табылады.

PISA 15 жастағы жасөспірімдердің мектепте алған білімдерін, іскерлігі мен дағдыларын адами іс-әрекеттердің әртүрлі салаларында, сондай-ақ тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастарда өмірлік міндеттерді шешу үшін пайдалана алу қабілеттерін бағалайды.

PISA зерттеулері қазіргі уақытта әлемде мектептік білім берудің тиімділігін салыстырмалы бағалаудың әмбебап құралы ретінде қарастырылады.

Зерттеу барысында алынған деректер тұтастай оқытудың мазмұны мен әдістері ретінде, сондай-ақ контексті факторлардың (басқару моделі, оқыту тілі, отбасының және т.б. әлеуметтік мәртебесі) мектеп оқушыларының

функционалдық сауаттылығын дамыту деңгейіне әсері ретінде білім беру жүйесін дамыту стратегиясын анықтауға негіз болады.

Оқу сауаттылығы – білім алушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, оқығанын өмірлік мақсатында жүзеге асыруы үшін пайдалануы бағаланады.

Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмірлік жағдаяттарда шығармашылықпен қолдануға дайындығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады.

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

2009 жылы Қазақстан оқу сауаттылығы бойынша PISA зерттеуіне бірінші рет қатысты.

Нәтижелер мыналарды дәлелдеді:

1) қандай да бір күрделі оқу мәтіндерін дәл пайдаланып, олардың көмегімен күнделікті жағдайларда бағдар алуға әзір қазақстандық оқушылардың үлесі – оқу сауаттылығын зерттеуге қатысушылар санының 5%-ын құрайды (ЭЫДҰ елдері бойынша орташа көрсеткіш – 28,6%).

PISA қорытындыларын талдау біздің 15 жастағы оқушыларымыздың *оқу сауаттылығы* бойынша нәтижелері 2009 жылмен салыстырғанда 390-нан 387 баллға дейін төмендегенін көрсетеді. 2018 жылы оқу сауаттылығы бойынша орташа әлемдік көрсеткіш 454 баллды құрады. Оқу бойынша жоғары деңгейге білім алушылар 698 балл жинаған кезде қол жеткізетінін ескерсек, алдымызда өте ауқымды міндет тұр.

Осыған орай, «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламаларында сөйлеу әрекетінің 4 дағдысымен қатар лингвистикалық білім беруді дамыту бойынша оқу мақсаттарын күшейту жоспарланды. Оқу бағдарламаларына енгізілген авторлар мен олардың туындыларын қайта қараумен қатар, білім беру деңгейлері бойынша қосымша оқуға арналған көркем әдебиет тізбесін де дайындау қажеттілігі туындады.

Еліміз үшін маңызды болып табылатын аталған стратегиялық міндетті шешу жағдайында тұлғаның ең басты функциялық сапалары белсенділік, шығармашыл тұрғыда ойлауға және шешім қабылдай алуға, кәсіби жолын

таңдай алуға қабілеттілік, өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

«Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысымен бекітілді. Бұған қоса орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты қабылданды.

Дүниежүзілік экономикалық форумның «21 ғасыр дағдыларындағы алшақтықты зерттеу» рейтингісінде Қазақстан мектеп оқушыларының танымдық және эмоциялық интеллект деңгейі төмен елдер тобында тұр. Құзыреттіліктер мен жеке мінездемелер деңгейі базалық дағдылардан айтарлықтай төмен.

Орта білім деңгейіндегі «қатты дағдылар» пәндік білім негіздері арқылы қалыптасса, ал «жұмсақ дағдылар» баланың функционалдық сауаттылығынан көрінеді. Олар: оқу, жазу дағдылары, командада жұмыс істеу дағдылары және т.б.

Мұнда «модальдық дағдылардың» рөлін дұрыс түсіну маңызды орын алады, ол адамның өміріндегі ең жоғары деңгейде өмір бойы қолданылатын рухани құндылықтардан тұрады. Оларға мақсат қою қабілеттілігі және оған жету мүмкіндігі (ерік-жігер), өзін-өзі дамыту да жатады. Бұл ел Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауының 11-тарауындағы *«халқымыздың жаңа болмысын қалыптастыру, тұтас ұлт сапасын арттыру – адамды және қоғамды уақыт талабына сай жетілдіру»* деген міндетімен үндеседі [2].

Бұл бағытта «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы рухани құндылықтар ана тіліне деген мақтаныш пен құрмет сезімін оятуда, ел мен халықтың тағдырына қатысуға ұмтылу үшін «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерінің құралы бола алады.

Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» дейді. Бұл көзқарас бүгінгі күні өте маңызды.

Қазақ тілін пән ретінде оқытуда оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтетін, шығармашылық ойлауға төселдіретін, айналадағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауды үйрететін, оны тұлға ретінде әлеуметтендіруге мүмкіндік беретін қазақ тілінің танымдық, қатысымдық және кумулятивтік қызметтерін меңгерту, оқушылардың шығармашылықпен жұмыс істеу және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту басты нысана болып табылады.

Қазақ тілін оқытуда қазақ тілінде сақталған тілдік жүйе құрылымы, қазақ әдеби тілі нормалары бойынша жазу және сөйлеу ерекшеліктері, тарихи-мәдени ақпараттар, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі меңгертіліп, тілдік тұлға деңгейіне жетілдіру бағдары ескеріледі.

Білім алушылардың қазақ тілін мемлекеттік тіл мәртебесінде меңгере отырып, қазақша айтылғанды тыңдап-түсіну, оқу, жазу, сөйлеу, ойын айту дағдыларын еркін қолдануына бағытталады. Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру бағытында оқытып-меңгертуде қазақша нормативтік сөйлеу ортасын қалыптастыратын және дамытуға өз үлесін қоса алатын тілдік тұлға қалыптастыруды көздейді. Қазақша дұрыс сөйлеу мен жазу – қазақстандық қоғамның құндылық жүйелеріне үлес қосу деп түсінетін деңгейге жеткізуді көздейді.

Әдебиет – өнер пәні ретінде көркем сөзді танытуға, оқушының санасы мен сезімін шыңдауға, тұлғалық болмысын қалыптастыру мен тәлім-тәрбие беруге құзыретті рухани мұра. Әдебиетте адамзаттың асыл арманы, ұлттық мүддесі, ұлы арман жолындағы күрес-тартысы, халықтың ерлігі мен елдігі, тарихы бейнеленеді.

Көркем әдебиет өнердің басқа түрлері сияқты адам сезімін билеп, оның ақылына әсер етеді. Ол сезім мен ойды ғана өсіріп қоймай, адамды өмір тәжірибелерімен байытатындықтан, жас ұрпаққа өмірді таныту мен білім беруде елеулі қызмет атқарады.

Қашаннан «өмір оқулығы» деп танылған әдебиет арқылы оқушы қоршаған орта сырлары мен адамдар әлемін таниды, өнер өрісі мен эстетикалық бағасын, ізгілік мұратын біледі, тілдің мәнін әр деңгейде түсініп, әдеби тілдің поэтикалық қуатын түйсініп, шығармашылық тұрғыда жұмыс жасауға дағдыланады.

«Қазақ әдебиеті» пәні адамзаттық өркениетке бет түзеген егемен елдің мүддесіне сай асқақ руханият пен мәдени-эстетикалық мұраны игеру мен дамыту бағдарында терең танып білу және қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында белсенді, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, әдеби көркем туындыда бейнеленген құбылысты эстетикалық тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдылармен қаруланған, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған, өзіндік көзқарасы қалыптасқан дара тұлға қалыптастыру мақсатына жұмылдырылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың әдіснамалық негіздері, білім беру философиясы мен психологиясы педагогикалық ұстанымдармен айқындалып, танымдық-гносеология, логика, аксеология, өнер философиясы (эстетика) теорияларына арқа сүйейді.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту әдебиеттану ғылымының даму үрдісіне бағдарланып, мәдениеттану, тарих, әлеуметтану, тіл білімі, семиотика сияқты бірқатар ғылым салаларының интеграциясында жүргізіледі. Білім берудің халықаралық тенденциясына сәйкес білімнің интеграциялық сипатына бағытталады.

Қазақ әдебиетін оқытуда ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді таныту, оқушылардың тілдік қорын байыту, әдеби білімнің жүйелілігі мен үздіксіздігі, сабақтастығы, білім мазмұнының тарихилық сипаты және пәнаралық, пәнішілік байланыс ұстанымдары негізге алынады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша

Қазақ тілін оқыту үрдісінің әдістемелік негіздерінде антропологиялық бағыт жатыр. Оқыту үрдісі қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгертіп қоймайды, халықтың мәдениеті, танымымен таныстырып, ресми-іскери салада қолдануға үйретеді. Бұл үйренушінің мәдени-концептуалдық дүниетаным моделін жаңа біліммен толықтырады. Тіл үйренушінің мәдени, тілдік, қарым-қатынас құзыреттерін қалыптастыруды көздейтін деңгейлік оқыту моделінде қарым-қатынас саласы, онымен байланысты тақырыптар, типтік сөйлеу жағдаяттары оқытудың негізі болып табылады. Қазақ тілін оқыту төмендегі принциптерге негізделеді:

1. Сабақтастық принципі бұл қоғамның үздіксіз өзара байланысты білім алу талабын қанағаттандырады.

2. Қарым-қатынастық-мәдениетаралық ықпалдасу принципі тіл үйренушілердің қарым-қатынасқа түсу дағдысын қалыптастыруды көздейді.

3. Оқу үрдісінің проблемалық пен интерактивті оқыту принципіне құрылуы. Бұл тіл үйренушінің дағды мен шеберлігін қолданысқа шығаруға итеретін проблемаларды қойып, оны шешуге итермелейді.

4. Оқу үрдісін жеке адамға бағыттау, мүмкіндіктерін ескеру принципі.

5. Шығармашылық, танымдық-әрекеттік принципі.

6. Рефлексстік өзін-өзі қадағалау принципі қоршаған орта мен адамның өзін-өзі тану қабілеттілігін қайта жаңартуды көздейді. Тіл үйренушінің қалыптасқан дағдылары оқу үрдісінде жүйелі бақыланады, өзін-өзі тексеру, қадағалау үйренушінің өз тарапынан да болуы шарт.

7. Әлеуметтік-экономикалық өмірге, кәсіптік әрекеттегі өзгерістерге икемделу принципі.

8. Кәсіптік принципі кәсіптік мақсатта тілді қолдануды көздейді.

Тұжырымдамада қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытудың басым бағыттары:

- Қазақстан Республикасының Конституциясына;
- Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының Тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарына, «Интеллектуалдық ұлт - 2020» Ұлттық жобасына;
- «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламасына;
- «Мәңгілік ел» патриоттық Актісіне;
- «Білімді ұлт» сапалы білім беру» Ұлттық жобасына;

«Қазақ тілін меңгерудің деңгейлері бойынша коммуникативтік құзыреттілік талаптарын анықтайтын мемлекеттік стандарттарына» сүйене отырып белгіленді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін орыстілді мектептерде оқыту Тұжырымдамасы (әрі қарай – Тұжырымдама) Қазақстан Республикасында қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың жалпы стратегиясын, мақсаты мен міндеттерін, оқыту деңгейлері мен оның мазмұнын, даму бағыттарын айқындайтын ғылыми-практикалық, әдіснамалық құжат болып табылады. Бұл құжат ҚР білім беру жүйесінде қолданыста жүрген нормативті-құқықтық құжаттар мен ҚР 2015 жылға дейінгі Білім беру концепциясы және Тілдерді оқытудың халықаралық стандарттары негізінде дайындалды.

Тұжырымдама қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытудың сапасын арттырып, оқушының мәдениетаралық құзыретін қалыптастыратын оқытудың мазмұнын анықтауды негізгі ұстанымы ретінде алады.

Тұжырымдамада пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

Айтылым – өзге адамдармен қарым- қатынасқа түсу барысында ойымызды жеткізу үшін тілдік бірліктерді қолдану.

Дағды – қайталау арқылы жоғары деңгейде меңгерілген әрекет түрі.

Деңгей – оқыту мақсаты мен мазмұнының оқу үдерісінде меңгерілетін құзырет түрлеріне қарай жіктелуі.

Жазылым – продуктивті дағды немесе тілді қолданып сөйлеу немесе жазу.

Мәтін – тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбесі.

Меңгеру – білімді алудан, дағдыларды қалыптастырудан, біліктілікті дамытудан, түсіну, есте сақтау, практикалық тұрғыдан қолдану сатыларынан тұратын танып-білудің формасы.

Көптілдік – белгілі әлеуметтік ортада бірнеше тілдің қолданылуы, жеке адамдардың не адамдар тобының нақты қатынас жағдайында бірнеше тілде сөйлеуі.

Коммуникация – адамдардың танымдық еңбек процесінде қатынас жасау, пікір алысу, ой бөлісу – олардың бір-бірімен әрекет жасауының айрықша формасы болып табылады.

Қатысым – адамдардың нақты сөйлеу жағдаятында тіл арқылы қарым-қатынасқа түсуі.

Құзырет – адамға әр түрлі әрекет түрлерін орындауға мүмкіндік беретін білім жиынтығы, қалыптасқан дағды түрлері мен жеке басының қасиеттері

Оқылым – жазба тілдегі мәтінді түсіну.

Сөйлеу нормасы – тілдің қандай ортада қолданылатынына және сөйлеушінің ой-ниеті мен әлеуметтік ахуалына қарай анықталатын сөйлеу үлгісі.

Сөйлеу әрекеті – адамның тілдік амалдар арқылы пікірі, ой білдіру әрекеті. Ол сөйлесу, оқу, жазу, тыңдау, айту арқылы жүзеге асады.

Сөйлеу жағдаяты – сөйлеу әрекеті жүзеге асатын объективті шындықтың кесіндісі.

Тыңдалым – тілге сай әрекет ету, яғни тілдің дыбыстық мағынасын түсіну.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі ретінде қазақ тілінің жариялануы көпұлтты қоғамда оның қызметі мен маңызын арттырды. Көптілді және көпмәдениетті мемлекетте адамдардың аумақтық және әлеуметтік-мәдени өмірі жағынан бірыңғай қауымдастыққа бірігуі жағдайында жеке тұлға ұлттық-этникалық бір топтың өкілі бола отырып, өмір сүріп отырған қоғамның сипатына қарай көпмәдениетті, көптілді тұлға ретінде өзін-өзі анықтауы қажет.

Қазақ тілін оқып үйрену Қазақстан халықтарының мәдениеті мен тіліне құрметпен қарап, өзара түсіністіктің орнауының кепілі болуы қажет. Қазақ тілді оқыту - жаңа мемлекеттің даму ресурстары - қоғамның интеллектуалды әлеуетін нығайтушы құрал болып табылады.

Мемлекеттік тіл – Қазақстан Республикасының түпқазығы. Оны оқып-үйрену еліміздің егемендігін бекітіп, даму стратегияларының жасампаздығын нығайтады. Ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды сақтайтын тілді үйрену арқылы екінші ұлттың дүниетанымы, мәдениетімен танысуға, сол арқылы қоғамда әр түрлі топтар арасында үйлесімді өмір сүріп, қайшылықтардың алдын алуға болады.

2 «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың теориялық негіздері

«Қазақ тілі»

Қазіргі таңда, білім берудің жаңа кезеңіне көшу жағдайында «Қазақ тілі» пәнін оқытудың базалық-нормативтік құжаттарын: тұжырымдамасын, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары мен оқу бағдарламаларын дайындау күн тәртібінде тұрған мәселе. Бұл орайда пәнді оқытуда жылдар бойы қалыптасқан ізгі дәстүрлерді заманауи білім беру жүйесіндегі инновациялармен тоғыстыру жолдарын табудың өзектілігі артып отыр.

Қазақстанның білім саласындағы қазіргі басым бағыттарының бірі – білім мазмұнын жетілдіру. Білім беру мазмұнын жетілдіру республика көлемінде жалпы білім беретін мектептердегі білім сапасын анықтайтын білім мазмұны мен құрылымына өзгеріс енгізу, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін критериялды бағалау жүйесін тиімді іске асырумен сипатталады.

Білім беру жүйесіне өзгеріс енгізуге әсер еткен факторлар:

- әлемдік білім беру стандартымен сәйкестендіру;
- бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру;
- табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;
- функционалдық сауаттылықты қалыптастыру;
- практикалық дағдыларды дамыту;
- мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Әлемдік білім беру стандартымен сәйкестендіру. Кез келген мемлекеттің негізгі тірегі – білімді, білікті, іскер, белсенді адамдар. Қазақстан -2030 бағдарламасында: «Біздің балаларымыз білімі жоғары жұмысшылар мен фермерлер, инженерлер, банкирлер және өнер қайраткерлері, мұғалімдер мен дәрігерлер, зауыттар мен биржалардың иелері болады» деп көрсетілген.

«Болашақтың иесі – жастар». «Жастар өзінің ата-анасынан гөрі заманына көбірек ұқсағысы келеді» (И.С.Кони). Жаһандану кезеңіндегі ұрпақтың алдына қойылып отырған заман талабы – қоғамның сұранысына сай, сол қоғамды көркейтетін, дамытатын жастар тәрбиелеу.

Қоғам дамуына қарай ғылым мен техниканың деңгейі де, оны басқару жүйесі де өзгеріп отыратыны белгілі. Ол өз кезегінде жаңа мақсат, жаңа көзқарас, жаңа шешімдер мен жаңа мүмкіндіктерді қажет етеді. Қоғамның бұл сұранысын қанағаттандыратын білімді ұрпақ, білікті маман.

Білім – адам үшін де, қоғам үшін де ең жоғары құндылық. Оның ең негізгі қызметі – адамның менталитетін, адамгершілігін, шығармашылық қабілетін қалыптастыру, дамыту.

Білім мазмұнын әлемдік білім беру стандартымен сәйкестендіру дегеніміз – оқу мен тәрбиенің бірлігі, білім беруді басқарудың демократиялық сипаты, білімнің, ғылымның және өндірістің интеграциялануы, ақпараттануы, оқушыларды кәсіптік бағдарлау, білім беруді саралау, ізгілендіру, гуманитарландыру және т.б. Білім жүйесін дамыту стратегиясының басты мақсаты – ұлттық білім моделін жасау.

Ұлттық білім үлгісінің негізгі бағыты — адамды қоғамның ең негізгі құндылығы ретінде тану, оның қоғамдағы орны мен рөліне, әлеуметтік жағдайына, психикалық даму ерекшелігіне мән беру, сол арқылы оның рухани жан-дүниесінің баюына, саяси көзқарасының, шығармашылық еркіндігі мен белсенділігінің, кәсіби іскерлігінің қалыптасуына жағдай жасау, мүмкіндік беру.

XXI ғасырдың адамы — жаратылыстану мен гуманитарлық ғылымдар бойынша ой-өрісі кең, жан-дүниесі бай, ұлттық менталитеті жоғары, адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай алатын, басқаның пікірімен санасатын, кез келген ситуациядан шығудың жолын таба алатын, жауапкершілік сезімі жоғары, қоғамда белгілі бір рөл атқаратын, қайталанбайтын дара тұлға болуы тиіс. Ал мұндай мүмкіндіктің негізі — білімде. Сондықтан оқушыны өз қоғамының азаматы, жеке тұлға, келешектің иесі, тірегі ретінде тану, соған мүмкіндік жасау қажет. Ұлттық үлгідегі жаңа парадигманың негізгі бір мәселесі — білім алушыға іргелі де терең, тиянақты да жүйелі білім беру. Іргелі білім берудің міндеті — адамды ғылыми ойлауға, болмысты тану, оны қабылдаудың әдіс-тәсілдерін білуге, өзін-өзі дамытуға, өз бетімен білім алуға, ізденуге іштей қажеттілігін туғызу.

Білім беру — аса күрделі әлеуметтік-экономикалық механизм. Оны реформалаудың мәселелері де сан қырлы. Қазіргі кездегі Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саланың экономикалық-ұйымдық, құқықтық, құрылымдық жақтарын түбегейлі өзгертуге бағытталған біртұтас кешенді шаралармен тығыз байланысты. Білім беру ісіндегі жаңа үрдістің мән-мағынасы, сипаты мен бағыт-бағдарын айқындаушы дәйекті факторлардың бастысы ұлттық білім беру ісінің әлемдік білім жүйесіне кіруі болып отыр.

Бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыру. Қазіргі заман талабы — бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру. Заманға сай жеке тұлға қалыптастыру мектеп қабырғасынан, яғни мұғалімдерден бастау алады. Жеке тұлғаны қалыптастыруда әрбір ұстаз шәкіртпен ынтымақтастық орнатып, шығармашылық негізде әрекет ету керек және мына мәселелерге назар аударғаны жөн:

- 1) тұлғаның қалыптасып, өз бейнесін табуы, даралық, руханилық болмысын танытуы;
- 2) оқушы тұлғасына қолдау көрсету және өзін-өзі қорғауға ұмтылдыру;
- 3) тұлғаны түсіну, салауатты өмір мен өзіндік қатынастың негізін қалау;
- 4) жаңа ақпаратты талдай отырып, терең меңгеруге, маңызын анықтай алуға мүмкіндік жасау;
- 5) өзіне қарама-қарсы идеяларды жоққа шығаруы үшін емес, түсінуге ұмтылуды нұсқау.

Осы жайттарды ескере отырып, оқушының жеке тұлға ретінде дербес өзіндік әлеміне бойлату арқылы өзін-өзі дамытуға, өз мүмкіндіктерін таныттырып, оны жүзеге асыруға, өз жан дүниесінің мәнділігін сезіндіруге бағыттау керек. Мұғалім ең жауапты міндетті орындайды — ол адамды қалыптастырады.

Табысты өмір сүру дағдыларын қалыптастыру. Білім – елдердің бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ететін ең тиімді әрі ұзақ мерзімді стратегия.

Бүкіл әлемде білім беру жүйелерінің келешек ұрпаққа қандай білім беретіні туралы мәселе қайта қаралуда. Осы мәселе аясында «Балалар ХХІ ғасырда табысты болу үшін нені үйренуі керек?» және «Оқытудың тиімді әдістері қандай?» деген негізгі сауалдар туындайды.

Оқу бағдарламасындағы ұлттық стандарттарға, бағалауға, оқулықтар мен оқыту әдістеріне қатысты білім беру саласындағы өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнін арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейді.

Жаңартылған оқу бағдарламасы мен бағалау жүйесін енгізу, осы міндеттерді шешу үшін қабылданған шаралардың бірі болып табылады. «Білім беру мазмұнын жаңарту қандай қажеттіліктен туындады?» деген сұраққа тоқталсақ, бүгінгі бала – ертеңгі маман иесі.

ХХІ ғасыр жағдайында бәсекелестікке қабілетті табысты болу үшін ол еңбек нарығында өз орнын таба алатын дәрежеге жетуі тиіс. Мектеп оқушысы оқу мен жазу дағдыларымен шектеліп, халық, көпшілік алдында дұрыс сөйлеу, өз ойын ашық айту, тыңдау дағдыларын бойына сіңіруі қажет. Сондықтан коммуникативтік дағдыларды толықтай оқушыға игерту мен көшбасшылық қасиеттерді бойына сіңірту, топпен, командамен жұмыс жасауға, ақпараттық-технологияны меңгерген оқушы тұлғасын қалыптастыру қажеттілігінен туындаған реформа. Яғни, экономикалық, адамдардың өз-өзін басқаруы, қарым-қатынас көлемі мен жылдамдығы, еңбек нарығының құрылымы, басқа мемлекеттермен байланысымыз, оқыту мен үйретудің анағұрлым нәтижелі тәсілдерінің болуы бүгінгі қоғамның сұранысы.

Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру. Функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда, функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады.

Жалпы, функционалдық сауаттылық дегеніміз не? Функционалдық сауаттылық дегеніміз – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығына, жасына қарамай үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Ондағы басты

мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның әлемде әлеуметтік бейімделуі болып табылады. Мұндағы басшылыққа алынатын сапалар:

- белсенділік;
- шығармашылық тұрғыда ойлау;
- шешім қабылдай алу;
- өз кәсібін дұрыс тандай алу;
- өмір бойы білім алуға дайын тұруы болып табылады.

Функционалдық сауаттылыққа мынадай деректер келтіруге болады. Ресми дерек бойынша, мектеп жасындағы балалардың 40 пайызы әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген. Бұлар мектептен білім алса да, қызмет жасауға келгенде қарапайым жазу үлгісін білмейтіндігін көрсеткен. Олар әр түрлі жағдайда кездескен ісқағаздарын сауатты толтыра алмай, ондағы ақпараттың мәнісін түсіне алмаған. Бұл адамның функционалдық сауатсыздығын көрсетеді. Сол себепті келешек ұрпаққа жалаң білім ғана беріп қоймай, саналы, сапалы білім беру басты мақсатымыз болуы тиіс.

Практикалық дағдыларды дамыту. Қазақстанның жалпы әлемдік білім беру кеңістігіне интеграциялануы, білім беру парадигмасының ауысуы және оның жаңа ұлттық моделін қалыптастыру жас ұрпақты тәрбиелеу міндеттерін шешетін педагог кадрларды даярлау сапасы мәселелерін назардан тыс қалдырмайды. Осы міндеттерді орындау үшін практикалық дағдыларды қалыптастырудың жоғары деңгейі, жалпы практикалық қызметке шығармашылық көзқарасы бар мұғалім қажет.

Осыған байланысты мұғалімдердің практикалық дағдыларын жетілдіру мәселесі өзекті болып отыр, өйткені оның практикалық қызметінің тиімділігі және жас ұрпақтың білімі мен білім деңгейі білімге, практикалық дағдылардың қалыптасу деңгейіне байланысты.

Ғалымдар мұғалімнің практикалық қызметке дайындығын сипаттайтын және оның моделін ұсынатын бірқатар компоненттерді ажыратады. Көрсетілген компоненттердің әрқайсысының сипаттамасы көрсеткіштерді, олардың компоненттерін бөлуге мүмкіндік береді.

Мотивациялық және жеке компонент кәсіби қызметке деген құштарлық, әріптестермен қарым-қатынас, балаларға деген сүйіспеншілік, ата-аналармен қарым-қатынас, практикалық дағдыларды жетілдіруге деген ұмтылыс сияқты көрсеткіштерді қамтиды.

Мазмұндық компонент пәндерді, психологиялық-педагогикалық пәндерді, инновациялық технологияларды, педагогикалық процесті жетілдіру тәсілдерін иелену арқылы ұсынылады.

Процессуалдық компонент мыналарды қамтиды: инновациялық технологияларды енгізу, бірлескен шығармашылық қызметті ұйымдастыру, кәсіби және жеке қасиеттерді жетілдіру.

Басқару компоненті: практикалық қызметті түзету, оқу және тәрбие процесін басқару, мұғалімдер мен оқушылардың ата-аналарының қарым-қатынасын реттеу.

Ұсынылған модель әдістемелік жұмысты ұйымдастыру арқылы жалпы білім беретін мектеп жағдайында педагогтердің практикалық дағдыларын жетілдіруге негіз болып табылады. Жалпы білім беретін мектептің әдістемелік жұмысының мақсаты-бұл мұғалімнің шығармашылық өсуіне ықпал етеді, практикалық дағдылардың жетілмегендігінің салдарын жоюға, оның кәсіби бейнесінің бірегейлігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған.

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін жетілдіру.

Жаңартылған орта білім беру мазмұнын сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Осы орайда ұстаздың өз пәнін жетік білуі оқушылардың бойында командада жұмыс істей білу, технологияларды қолдану, басқа адамдардың пікірімен санаса отырып, ынтымақтастық құру сияқты болашақ маман болуға қажетті дағдыларды дамытуға мүмкіндік беретін педагогикалық қабілетімен нығая түседі. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі оқушының мектепте ғана емес, өмірде де табысты болуына ықпал етеді. Сондықтан оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі де мектеп қабырғасы екені даусыз. Ендеше, осы міндеттерді жүзеге асыратын басты тұлға – Ұстаз. Сондықтан мұғалімге артылар жүк те ауыр. Ал бүгінгі қоғам қажеттілігінен туындап отырған негізгі талаптардың бірі мектеп табалдырығын аттаған жас жеткіншектерді парасатты да саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Бүгінгі жаңашыл мұғалім мектеп оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, оларға халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату арқылы әрбір оқушы бойына ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілдік қасиеттерін қалыптастыруға, баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытуға, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін меңгертуге ұмтылыс жасай білгенде ғана мектеп оқушыларының ұлттық рухын оята аламыз. Ж.Аймауытов балаға сапалы білім беруде мұғалімге мынадай шарт қояды: «Мұғалімнің басқасын кешуге болса да, баланы болжыратып, еңсесі түсіп оқытқанын кешуге болмайды. Жігерлі болу мұғалімнің сүйегіне біткен сипаты. Туыста жігерсіз, отсыз мұғалім сыртқы түрінде қандай оңтай, қандай әдіс қолданып оқуын түрлендірем дегенмен мәз береке шықпайды. Үйтсе де, оқытудың әдістерін дұрыс қолданса, сабақты едәуір ширатуға болады. Сондықтан мұғалім сөзін де, сыртқы әдістерін де сабақты қыздыру жағына орайлау тиіс. Мұғалімнің есінде болатын нәрсе, өтінумен, жалынумен яки күшпен баланың мінезін тәрбиелеу мүмкін емес. Баланың ақылы, сезімі, қайраты мұғалімнің жігерлі ықпалы арқасында ғана жетіледі. Мұғалім балаларына салақ, селқос қараса, олардың жан қуаттарын жетілтіп, тәрбие де бере алмайды» [18, 4-том, 320 б.].

Алаш зиялысы Ж.Аймауытовтың мына бір қағидасын әрбір мұғалім басшылыққа алуы керек: «Мұғалім кез келген мәселеге бүгілмей суырып салғандай мағлұматты, комплекс тақырыбын табиғат таңдауға үйлестіруге,

байластыруға, икемді, тапқыш, көпті көрген көне, жырынды тәжірибелі ойдан шығарғыш, зерек, іс бастағыш көсем, түбірлегіш, талантты болу керек».

Бұл айтылғандар қай мұғалімге болсын керек сипат: «Бірден мұндай шарттар табылмайды әуре болмайық», – деп қорқу керек емес. Ізденсе, талаптанса қолдан жасалмайтын шарт жоқ. Құнттамаған, ізденбеген, соңына түспеген адамның жұмысы еш уақытта берекелі болмақ емес, программен, комплекспен оқыту күбе соқ та емес, инемен құдық қазу да емес екенін істей келе көреміз» [18, 5-том, 16-б.].

«Қазақ әдебиеті»

МЖМБС, Қазақ әдебиетінен білім берудің ағымдағы ахуалын талдау

Қолданыстағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің 5-11-сыныптар бойынша білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптар негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартымен анықталады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген қолданыстағы Негізгі орта білім берудің және Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес «Қазақ әдебиеті» пәні 5-11-сыныптарда міндетті оқу пәні ретінде оқытылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне және оқу мерзіміне қойылатын талаптар *орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен* анықталады.

Негізгі орта білім берудің «Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша базалық мазмұны білім алушыларға тек ғылым негіздерін оқытып қана қоймай, олардың тиімді әлеуметтенуіне ықпал ететін рухани, әлеуметтік және мәдени тәжірибелерін одан әрі дамытуды қамтамасыз етудің қажеттілігі ескеріле отырып анықталған.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны басқа тілдік және тілдік емес оқу пәндерімен пәнаралық байланысты пайдалануды; білім алушылардың ойдағыдай әлеуметтенуін; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі көзқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

Негізгі орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптары: білім алушылардың,

оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың әдебиет ғылымының базалық негіздерін меңгеруіне, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі танытуына және кәсіптік бағдарлануына, сондай-ақ білім алушылардың бейіналды даярлығына бағытталады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-9-сыныптар аралығында оқытудан күтілетін нәтижелер негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болып табылады.

Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларында білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер әрбір оқу пәнінің бөлімдері бойынша оқыту мақсаттарында нақтыланады.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша оқытудан күтілетін нәтижелерге сәйкес негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін; әртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын, фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, көркем шығармалардағы бейнелі суреттеулерді біледі, өлең мәтіндері мен прозалық мәтіндердің үзінділерін (таңдауы бойынша) жатқа біледі; оқылған шығармалардан дәйексөздер келтіруді біледі;

2) ұлттық көркем мұраның әлемдік мәдениеттегі мәнін; әдебиеттің мәдениеттің аса маңызды жетістіктерінің бірі ретіндегі рөлін; адам өміріндегі көркем әдебиеттің мәнін, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, олардың түрлері мен жанрларын, шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын, шығармадағы автордың көзқарасын, көркем шығармалардағы бейнелі суреттеулерді, шығармаларда ашық және астарлы айтылған мағыналарды түсінеді;

3) әдеби тақырыпқа хабарлама, баяндама, эссе, сұхбат дайындау; жазбаша әңгіме құрастыру үшін әдеби кейіпкерлердің диалогын (оқығанының негізінде) дайындау – кейіпкерлердің біреуіне немесе бір топ кейіпкерге (топтық мінездеме), екі кейіпкерге (салыстырмалы мінездеме) мінездеме беру кезінде, өз бетімен оқыған кітапқа шағын жазбаша пікір дайындау кезінде; талдамалық сипаттағы өзіндік мәтін құрастыру кезінде, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қатыстыра отырып, оқыған мәтінге өзіндік түсініктеме беру процесінде; өзі үшін өзекті оқу ортасын анықтау және көркем шығармаларды бағалау; пікірталастарға немесе көпшілік алдында сөз сөйлеуге қатысу; қажетті ақпаратты іздестіру үшін алған білім, білік және дағдыларын; оқытылатын шығармаларды талдау үшін арнайы терминдер мен ұғымдарды; өзекті проблемаларды талқылау кезінде меңгерген дағдыларын; өз ойын білдіру, мәдени іс-шараларға қатысу үшін шығармашылық қызметтің тәсілдерін қолданады;

4) оқығанына өзінің көзқарасын дәлелмен тұжырымдай отырып, әртүрлі жанрда бейнеленген шығармаларды; тақырыпты, идеяны және шығарма композициясының, сюжет ерекшеліктерін, шығарманың тілдік ерекшеліктерін,

негізгі эпизодтарын, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын, жазушы стилінің ерекшеліктерін талдайды, оларды әлем әдебиеті туындыларымен және өнердің басқа түрлерінің туындыларымен салыстырады;

5) көркем мәтіннің жанры және түрі жағынан ұқсас шығарманы талдау жолдарын таңдау; фактілерді, детальдарды тарихи деректермен салыстыру; әртүрлі жоспарлар құру үшін; әртүрлі ресурстарды пайдалану арқылы жазбаша мәтіндерді құрастыру үшін алған білімін, білігін және дағдыларын жинақтайды; шығармалардағы құндылықтарды қазақ және басқа да халықтардың құндылықтарымен өзара байланыстырады;

б) оқылған шығарманы композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ресімделуі және қойылған коммуникативтік міндеттерге қол жеткізу тиімділігі тұрғысынан; өнердің басқа да құралдары арқылы жасалған көркем мәтінді түсіндіруді бағалайды.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша оқытудан күтілетін нәтижелерге сәйкес негізгі орта білім беру аяқталғанда білім алушы пәннің базалық мазмұнын меңгереді.

МЖМБС талаптарына сәйкес пән бойынша жалпы орта білім берудің мақсаты кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады. Бұл:

- білім алушының білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдануы;

- сын тұрғысынан ойлау;
- зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану;
- топта және жеке жұмыс жасау білігі;
- мәселелерді шешуі және шешім қабылдауымен анықталады.

Жалпы орта білім беру деңгейінде «Қазақ әдебиеті» жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда міндетті пән ретінде оқытылады.

Жалпы орта білім берудің «Қазақстан әдебиеті» пәні бойынша базалық мазмұны оқу нәтижелеріне бағдарланады және келесі аспектілерді ескере отырып айқындалады:

– қазіргі қоғамның сұраныстарына және ғылымның даму деңгейлеріне сәйкес болу;

– сын тұрғысынан, шығармашылықпен және позитивті ойлауды дамыту;

– негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлері арасындағы білім мазмұнының үздіксіздігі және сабақтастығы қағидатын сақтау;

– білім беру мазмұнының академиялық және практикалық бағыттылығы арасындағы теңгерімді сақтау;

– оқытудың тәрбиемен біртұтастығын дамытуды қамтамасыз ету.

Оқыту процесінде оқу пәні арқылы тәрбиелеу мәселесі шешіледі. Тәрбие жұмысының барлық түрлері білім алушылардың жаңа білімді субъективті тануы мен меңгеруі мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

10-11-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің мазмұны образдық және талдамалық ойлауды дамытуға, шығармашылық қиялдауға, оқырман мәдениеті және автор ұстанымын түсінуге; білім алушылардың ауызша, жазбаша сөйлесімін дамытуға; әдебиет теориясының түсініктерін және негізгі тарихи-әдеби мәліметтерді, көркем шығарма мәтінінің мазмұны мен түрін бірлікте түсінуге бағытталады. Әдебиет тарихына қажетті мәліметтерді және әдебиеттану түсініктерін қатыстыра отырып пәнді оқыту процесі барысында көркем шығармаға терең талдау жасайды.

Тұлғаны рухани жағынан тәрбиелеуді дамыту, гуманистік дүниетанымын, азаматтық сана-сезімін, патриоттық сезімін, әдебиетке және отандық құндылықтарға, отандық және әлемдік мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен сыйластығын қалыптастыру пән мазмұнының маңызды бөлігі болып саналады.

«Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша оқытудан күтілетін нәтижелерге сәйкес жалпы орта білім беру аяқталғанда білім алушы:

1) тарихи-әдеби процестің негізгі заңдылықтарын; өлең жолдары мен прозалық мәтіндердің үзінділерін (таңдауы бойынша) жатқа; оқытылатын тақырыптар шеңберінде әдеби-тарихи мағлұматтарды және әдеби теориялық түсініктерді; оқытылатын шығармалардың мәдени-тарихи мәнмәтінін және олардың авторларының өмірлік және шығармашылық жолы туралы негізгі деректерді біледі;

2) әдебиеттің рухани-адамгершілік және эстетикалық мәнін; әдебиеттің тарихпен, өнермен байланысын; түр мен мазмұн тұтастығында көркем шығарманы; шығарманың тақырыбын, идеясын, мәселелер жиынтығын, шығармада автордың ұстанымын; көркем шығармалардың бейнелеу табиғатын және жасырын мағынасын; орыс, қазақ және әлем әдебиетінің шығармалары арасындағы ұлттық сипатқа негізделген айырмашылықтар мен ұқсастықтарды түсінеді;

3) көркем-бейнелеуіш құралдар мен стилистикалық тәсілдерді: шығарманың мазмұнына талдау жасау барысында әдебиеттанудың түсінікті тілін, белсенді азаматтық ұстанымы мен адамгершілік-рухани қасиетін көрсете отырып, әдеби тақырыпта ауызша немесе жазбаша сөйлеуде, талдамалық сипатта өзінің мәтінін құрауда, оқыған мәтінді түсіндіріп беруде, пікірталастарда, көпшілік алдында сөз сөйлеген кезде қолданады;

4) әртүрлі әдеби шығармалар мен оларды сыни тұрғыдан және көркем түрде түсіндіріп беруді; сюжет, композиция ерекшеліктерін, көркем бейнелеуіш құралдар рөлін, басты эпизодтарды, кейіпкерлердің әрекеттері мен қылықтарын, жазушы стилінің ерекшеліктерін; көркем шығармаларда және фольклорда қазақтың және өзге де ұлттардың адамгершілік мұраты туралы түсініктерін талдайды;

5) көркем шығармаларды қорытындылау, шығармалардың мазмұнын тарихи деректермен салыстыру үшін әртүрлі ресурстарды қолдану арқылы жазбаша мәтіндерді; көркем шығарманың мәселелер бойынша дәлелді пайымдауларды, шығарманың мазмұнын адамгершілік-рухани жағынан толықтыру туралы дәлелді пікірді жинақтайды;

6) мазмұнының өзектілігі мен адамның адамгершілік-рухани қасиеттерін қалыптастырудағы оның мәні жағынан шығарманы; композициялық, стильдік тұтастық және тілдік ресімдеу тұрғысынан ауызша және жазбаша сөздерді; өнердің өзге де түрлерімен дайындалған көркем туындыны түсіндіріп беруді; өзі үшін белсенді оқырмандар тобын анықтау үшін көркем шығармаларды бағалайды.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен әдеби білім берудің қазіргі жағдайын талдау

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (13-қосымша) «Әдебиеттік оқу» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2 - 4 сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

1) әдеби көркем шығармаларды оқыту арқылы қазақтың рухани қазынасын меңгерту;

2) коммуникативтік (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дағдыларды қалыптастыру;

3) ауыз әдебиетінің, отандық және әлемдік балалар әдебиетінің озық үлгілерімен таныстыру арқылы білім алушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгілікті қасиеттерді қалыптастыру;

4) оқу сапасын (дауыстап, түсініп, іштей, мәнерлеп, көз жүгіртіп, болжап оқу) жетілдіру;

5) білім алушылардың оқырмандық мәдениетін қалыптастыра отырып, сөз әдеби нормаларын орынды қолдану дағдыларын меңгерту;

6) сыни ойлауын жетілдіру;

7) көркемдік-танымдық сипаттағы мәтіндерді өз мақсатына сай іріктеп, саралап, талдап, ой қорытындысын жасауға үйрету;

8) алған білімін өмір жағдаяттарына байланысты қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйрету;

9) оқылған шығарма сюжетінің ізімен немесе еркін тақырыпта ауызша, жазбаша шығармашылық жұмыс түрлерін орындауға дағдыландыру.

«Әдебиеттік оқу» оқу жүктемесінің көлемі:

2-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 136 сағатты;

3-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 136 сағатты;

4-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

Оқу процесінде мынадай оқу түрлері іске асырылады:

- дұрыс оқу (дыбыстармен әріптерді сәйкестендіру, буындар құрауы);

- түсініп оқу (оқылған сөздің мағынасын түсіну және олардың мағынасын түсіндіру);

- шапшаң (тұтас сөздерді дұрыс және түсініп оқу);

- мәнерлеп (дұрыс, түсініп және шапшаң оқуға және ақпараттың мазмұнына өзінің көзқарасын білдіру).

Білім алушылардың оқу дағдыларының қалыптасуын ескере отырып, мұғалім төмендегі міндеттерді басшылыққа алады:

- екінші сыныпта сөз бен сөз тіркестерін тұтас оқу біліктерінің қалыптасуын;

- оқу қарқыны бойынша оқыған мәтіннің мазмұны түсінуін, оқу кезінде кідіріс жасай білуін, тиісті тыныс белгілерін қоюын, интонациясын, кейіпкерлерінің ерекшеліктеріне тән қасиеттерді білуін тексереді;

- үшінші сыныпта өлеңдер және шығармалар мәтінін оқу мәнерлілігін тексеру;

- дауыстап және іштей оқуда оқылған мәтіннің мәнін түсінуіне назар аудару;

- оқу техникасын қалыптастыру;

- төртінші сыныпта қалыптасатын оқу дағдылары: шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) ауыз әдебиеті үлгілерінен: балаларға арналған тақпақ, санамақ, мадақтау, өтірік өлеңдер, төрт түлік жырлары (төрт түлік туралы өлеңдер, жан-жануарлар айтысы), Наурыз жыры, ертегілер (әртүрлі тақырыптағы хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер), мақал-мәтелдер, әртүрлі тақырыптағы жұмбақ, жаңылтпаштар, жазба әдебиеті үлгілерінен: Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Бегалин, Б. Соқпақбаев, Ш. Смаханұлы, Қ. Мырза Әли, М. Әлімбай, Ө. Тұрманжанов, Ж. Смақов, Қ. Баянбай, Ө. Дүйсенбиев, Ф. Оңғарсынова, Ө. Табылдиев, А. Асылбеков, Ө. Қанахин, Т. Молдағалиев, Е. Өтетілеуов, Б. Кірісбаев, Е. Елубай, С. Қалиев, С. Сейітов, Б. Ысқақов, Д. Жұмагелдинова, М. Айымбетов, М. Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері;

2) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы);

3) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілер;

4) әдеби-теориялық білім: халық ауыз әдебиеті жөнінде (ертегі, өтірік өлең, жыр, жұмбақ, мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар) өлеңнің ұйқасқа құрылатыны, ақынның көңіл-күйі туралы түсінік (өлең түрлері: табиғат лирикасы, арнау өлеңдер, мысал өлеңдер, сықақ өлеңдер), мәтіндегі көркем сөз жөнінде практикалық түрде түсінік, мәтін түрлері, мәтіндегі негізгі ой туралы қарапайым мағлұмат, диалог туралы;

5) мәтінмен жұмыс: шығарманың мазмұны бойынша берілген сұрақтарға жауап беру, шығарманың мазмұнын дайын жоспар бойынша немесе өз сөзімен мазмұндау, үзіндісін мазмұндау, сахналау, шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау, өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу, қарапайым және нақтылау сұрақтарын қою, оның жауабын шығармадан табу, шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, мұғалімнің көмегімен көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын мен аяқталуын анықтау, мәтіндегі негізгі ойды, оның басталуын, жалғасуын, шарықтау шегін, аяқталуын анықтау, мәтінді әңгімелеу, мәтін кейіпкерлерін атау, кейіпкердің сыртқы келбетін сипаттау, мінез-құлқы мен іс-әрекетін бағалау, сұраққа жауапты анықтамалық кітаптардан, жинақтардан, сөздіктерден табу және ақпаратты берілген үлгі, кестеге салу, көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, мультфильм) нұсқасымен салыстыру, мәтінге берілген суреттермен жұмыс, мәтін мазмұны бойынша сурет салу, сөздік жұмысын жүргізуге қатысу, түсіндірілетін сөздермен жұмыс, жазбаша шығармашылық жұмыстар жүргізу: шағын ертегілер, жұмбақтар жазу немесе дайын ұйқастарды қатыстырып шумақтар, санамақтар құрастыру, сурет, каллиграмма, аппликация, фотосуреттер пайдаланып, шығармашылық жұмыс жазу;

б) оқу дағдысы: шығарманы дауыстап дұрыс әрі түсініп оқу, рөлге бөліп, мәнерлеп оқу, шығарманы іштей оқып, ондағы қажетті ақпараттарды белгілеп оқу.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) ауыз әдебиеті үлгілері: аңыз әңгімелер, бата, мысалдар, шешендік сөздер, нақыл сөздер, жазба әдебиеті үлгілері: ұсынылатын ақын-жазушылардың шығармалары: Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Бегалин, Б. Соқпақбаев, Ш. Смаханұлы, Қ. Мырза Әли, М. Әлімбаев, Ө. Тұрманжанов, Ж. Смақов, Қ. Баянбай, Ә. Дүйсенбиев, Ф. Оңғарсынова, Ә. Табылдиев, А. Асылбеков, Ө. Қанахин, Т. Молдағалиев, Е. Өтетілеуов, Б. Кірісбаев, Е. Елубай, С. Қалиев, С. Сейітов, Б. Ысқақов, Д. Жұмагелдинова, М. Айымбетов, М. Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері;

2) ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, естелік, өмірбаян, күнделік (аспан әлемі, су асты тіршілігі, табиғат құбылыстары, жаратылыс құпиялары,

адамзат сырлары, техника жетістіктері, халықтық әдет-ғұрып, салт-дәстүр туралы);

3) әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері;

4) әдеби-теориялық білім: халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрлары (ертегі, аңыз, бата, жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, шешендік сөздер) туралы ұғымдар, олардың басты белгілері, мысал, әңгіме туралы ұғым, шығарманың тақырыбы, идеясы, сюжеті туралы қарапайым түсініктер, теңеу, эпитет, кейіптеу қолданысы, олардың анықтамалары, кейіпкерге мінездеме, портрет, диалог, монолог туралы);

5) мәтінмен жұмыс: шығарманың тақырыбын анықтау және негізгі ойды білдіріп тұрған мәтін бөлігін, сөйлемді табу, көркем шығармадағы оқиғаның басталуын, дамуын және аяқталуын анықтау, қолдануға (практикалық) және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру, кейіпкердің портретін сипаттау, оның іс-әрекеті мен мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, бағалау, көркем шығарма үзіндісін басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм) нұсқасымен салыстыру, шығарманың мазмұнына сәйкес түрлі дереккөздерден: иллюстрация, әдеби кітаптар, мультфильмдерден нақты ақпаратты табу және ақпаратты сызба түрінде беру, шығарманың мазмұнын бірлесе құрастырған жоспар бойынша немесе өз сөзімен толық, таңдауына қарай мазмұндау, сахналау, мәтіннен немесе мәтін бөлімдерінен түйін сөздерді көрсету, түйін сөздер мен негізгі ой арасындағы байланысты орнату, сөздіктермен жұмыс жасау, шығармашылық жұмыстар: шығарма кейіпкеріне хат, ертегі (кейіпкер қосу, соңын өзгерту), өлең (төрт жолды), әңгіме (оқығаны, көргені бойынша) жазу;

б) оқу дағдысы: шығарманы іштей саналы түрде түсініп, көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып, сын тұрғысынан бағалап оқу.

«Әдебиеттік оқу» пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) ауыз әдебиеті үлгілері: батырлар жырынан үзінділер, аңыз әңгімелер мен қиял-ғажайып оқиғалар, шешендік сөздер, ертегілер, мысалдар, ұсынылатын ақын-жазушылардың шығармалары: Ы.Алтынсарин, А. Құнанбаев, Ж. Жабаев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Бегалин, Б. Соқпақбаев, Ш. Смаханұлы, Қ. Мырза Әли, М. Әлімбаев, Ө. Тұрманжанов, Ж. Смақов, Қ. Баянбай, Ө. Дүйсенбиев, Ф. Оңғарсынова, Ө. Табылдиев, А. Асылбеков, Ө. Қанахин, Т. Молдағалиев, Е. Өтетілеуов, Б. Кірісбаев, Е. Елубай, С. Қалиев, С. Сейітов, Б. Ысқақов, Д. Жұмагелдинова, М. Айымбетов, М. Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері, ғылыми-танымдық шығармалар: мақала, очерк, естелік, өмірбаян, күнделік, әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері;

2) әдеби-теориялық білім: көркем мәтіндердегі пейзаж, портрет, мінездеу, диалог, монологтың орны туралы қарапайым түсінік, жазушы қолданған көркем

сөздерді (теңеу, кейіптеу, эпитет, аллитерация, әсірелеу) табу, шығарманың тақырыбы мен идеясы, композициясы, сюжеті туралы практикалық тұрғыда түсіндіру, эпикалық жырлар, аңыз, теңеу, мысал, диалог, монолог, сатира, кейіптеу, фантастикалық шығарма, портрет, лирика, мінездеме, қайталау, логикалық екпін, сюжет, естелік туралы ұғымдар;

3) мәтінмен жұмыс: мәтін бойынша автордың көзқарасына өз пікірін білдіру, шығарманы қайта құруға, интерпретациялауға және бағалауға негізделген сұрақтар қою және жауап беру, шығарманың тақырыбы және негізгі ойды анықтау, автордың ойын мәтін деректерінен келтіре отырып дәлелдеу, шығарманың композициялық құрылымын (сюжеттің басталуы, дамуы, шиеленісуі, шарықтау шегі, шешімі) анықтау, өлеңдерге сай ырғақты таңдай білу, сөздіктерге сүйене отырып, сөздердің мағынасын түсіндіру, жазушы тіліне назар аудару, көркем сөздерді қолдану, эпизодтар мен оқиғалардың негізінде жатқан маңызды тұстарын талдау және салыстыру, көркем шығарманы басқа үлгідегі (иллюстрация, музыка (күй), мультфильм, кинофильм) нұсқасымен салыстыру, түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табу, өңдеу, тұжырым жасау және себеп-салдарлық байланысын сызба түрінде көрсету, «автормен диалог» жүргізу, оқыған шығарманың басты ойын өздігінен тұжырымдау, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланысты орнату, оқылған шығармадағы оқиға жүйесін анықтап, оны бөліктерге бөлу, әр бөлікке ат қойып жоспар құру, негізгі ойды тұжырымдау, оны мәтін атауымен сәйкестендіру, жоспар бойынша мәтінді мазмұндау, шығарма кейіпкерлерінің образын сезіне отырып, рөлге бөліп оқу, шығармашылық жұмыс: таныс мәтінге жаңа кейіпкерлер қосу, жаңа сюжеттер енгізу, өлең (төрт жолды) жазу;

4) оқу дағдысы: шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу.

Мұғалім ортақ тақырыптардың мазмұны аясында оқу мақсатын жүзеге асыруда білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес өзге де әдебиеттерді қолдана алады.

Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған «Қазақ әдебиеті» пәні

«Қазақ әдебиеті» пәнінің қолданыстағы жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген [10].

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасының құрылымы өзгерді. Бұрынғы бағдарламада көркем шығармалар тізбектеле беріліп, шолу принципіне негізделген.

Жаңартылған мазмұндағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы «спиральділік» принципі бойынша көркем шығармаларды толық талдау арқылы дағды қалыптастыруға негізделген.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен оқу процесі 5-9-сыныптарда «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрі м.а. 2017 жылғы 25 қазандағы №545 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 13 қарашада №15982 тіркелген) және 10-11-сыныптарда «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 бұйрығымен (ҚР Әділет министрлігінде 2017 жылы 5 қыркүйекте № 15605 тіркелген) бекітілген (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен өзгерістер енгізілді) «Жалпы орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылуда [10].

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының ерекшеліктері

Пән бойынша оқу бағдарламасы келесі бөлімдерден тұрады:

1) Жалпы ереже – бағдарлама мазмұнын іске асыруға қатысты пәннің бағыты мен мақсат-міндеттерін қамтиды.

2) «Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру» бөлімінде пәнді оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі, пәннің білім мазмұнын құрайтын бөлімдер мен дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден, әр сыныпта оқытылатын көркем шығармалар тізімінен тұрады. Сонымен қатар әр сынып бойынша Блум жүйесіне және «спиралды даму» қағидатына негізделген, білім алушылардың бойында дағдыларды қалыптастырып, дамыту үшін оқу мақсаттарының жүйесі және пән бойынша әр сыныптың базалық білім мазмұны берілген.

3) Оқу мақсаттарының жүйесі – сыныптар мен бөлімдер бойынша берілген оқытудың күтілетін нәтижелерді қамтиды;

4) Ұзақ мерзімді жоспар – оқу жылының ішінде оқытылатын оқу материалдарының тақырыптарын анықтайды. Сыныптар бойынша ұзақ мерзімді жоспарларда белгілі бір тақырып шеңберінде қамтылуы қажет оқу мақсаттары келтірілген.

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының тараулары 2.1-кестеде көрсетілген.

2.1-кесте. «Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша 2013 жылғы және жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары құрылымының салыстырмалы кестесі

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-11-сыныптары үшін типтік оқу бағдарламасы (2013)	Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасының құрылымы (2017)
1. Түсінік хат	1-тарау. Жалпы ережелер

2. Оқу пәнінің базалық білім мазмұны	2-тарау. «Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұнын ұйымдастыру
3. Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар	3-тарау. Оқу мақсаттарының жүйесі
	Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына және жалпы орта білім деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасына қосымша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспар

«Қазақ әдебиеті» пәні әдебиетті өнердің басқа салаларымен (кескін, театр, кино, музыка) салыстыра қарастырып, өз ойын еркін, дәлелді, сараптай, салыстыра отырып жеткізе білетін тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар әдебиет «Қазақ тілі», «Тарих», «Орыс әдебиеті», «География» пәндері, мәдени, қоғамдық және тәрбиелік шаралармен байланыстырыла отырып оқытылады.

«Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру» тарауында оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі, пәннің білім мазмұнын құрайтын бөлімдер мен бөлімшелер және пән бойынша базалық білім мазмұны берілген.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес анықталды [8].

«Қазақ әдебиеті» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі салыстырмалы түрде 2.2-кестеде берілген.

2.2-кесте – Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі

Пән Сынып	Қазақ әдебиеті			
	2013 жылғы үлгілік оқу бағдарламасында		Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында	
	апталық	жылдық	апталық	жылдық
5	3 сағат	102 сағат	2 сағат	68 сағат
6	2 сағат	68 сағат	2 сағат	68 сағат
7	2 сағат	68 сағат	2 сағат	68 сағат
8	2 сағат	68 сағат	3 сағат	102 сағат
9	3 сағат	102 сағат	3 сағат	102 сағат
10	2/2 сағат	68/68 сағат	2/3 сағат	68/102 сағат
11	2/3	68/102 сағат	2/3 сағат	68/102 сағат
Барлығы:		544/578 1122 сағат		544/612 1156 сағат

1.2-кестеден білім мазмұнын жаңарту аясында «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуға бөлінген жалпы сағат санын 2012 жылғы Үлгілік оқу жоспарымен салыстырып қарасақ, 6-7-9-сыныптарда сақталған, 5-сыныпта 1 сағатқа азайтылып, 8-сыныпқа 1 сағат қосылған, 10-11-сыныпта жаратылыстану-математикалық бағытта сағат саны өзгеріссіз қалған, ал гуманитарлық бағытта 11-сыныпқа 1 сағат қосылған. Бұл өзгерістер оқу бағдарламасында берілген оқу мақсаттарының «шиыршық» қағидаты негізінде әзірленгеніне, яғни белгілі бір оқу кезеңінен кейін (оқу жылы барысында немесе келесі сыныптарда) оқу мақсаттары мен тақырыптардың, білім мен дағдының көлемі тереңірек, күрделірек қайта қарастырылатынына байланысты.

«Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасының басты бағыты – білім алушылардың ақыл-ой қабілеті мен тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуына, тілдік-эстетикалық талғамдарының дамуына, коммуникативтік құзыреттіліктерін жетілдіруге негіз болып, өмірлік дағдыларын шыңдауына, өздігінен білім алуларына мүмкіндік туғызу. Білім алушыларды ұлттық мәдениет пен әдеби мұраларды түсінуге, қазіргі заманғы әдебиетті бағалай білуге үйретеді. Бағдарламада әдеби-теориялық ұғымдар, талдауға, бағалау мен салыстыруға негізделген адамзаттың мәңгілік сұрақтары, қазіргі заманғы дилеммалар, мәселелер қарастырылған.

Оқу бағдарламасының мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту.

Аталмыш мақсатқа жету үшін білім алушылар:

1) қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

2) қазақ әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, қазақ халқының қалыптасқан тарихын, алға қойған міндеттерін, жеңістерін, мәселелерін, қарама-қайшылық пен қиындықтарын анықтайды және түсінеді;

3) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

4) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

5) тіл мен мәдениет арасындағы байланысты түсінеді; қазақ тілін ана тілі ретінде меңгеру арқылы оқушылар алған білімін әлемдік мәдениетпен ұштастыра алады, адамгершілік құндылықтарды айқындайды, оған анализ жасау және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады;

6) поэзиялық, прозалық, драмалық шығармаларды сын тұрғысынан оқи отырып, өз түсініктерін дамытады; оқу арқылы танымдық дағдыларын арттыра отырып, білім әлеміне жол ашады.

«Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы

анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады [10].

Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

Теориялық материалдар оқушының қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген пікірді қолдаушылар саны артып келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді.

Жаңартылған оқу бағдарламасында ең алдымен, оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін төмендегідей құндылықтар мен дағдылар анықталған.

Құндылықтар:

- шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау;
- қарым-қатынас жасау қабілеті;
- өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау;
- жауапкершілік;
- денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету;
- өмір бойы оқуға дайын болу.

Дағдылар:

- сын тұрғысынан ойлау;
- білімді шығармашылық тұрғыда қолдана білу қабілеті;
- проблемаларды шешу қабілеті;
- ғылыми-зерттеу дағдылары;
- қарым-қатынас дағдылары;
- жеке және топпен жұмыс істей алу қабілеті;
- АКТ саласындағы дағдылар.

Оқу пәні бойынша білім, дағдылар мен құзыреттіліктерді анықтайтын оқу бағдарламасын әзірлеу барысында жоғарыда келтірілген құндылықтар мен дағдылар ескерілген.

Оқу пәнінің базалық білім мазмұны

«Қазақ әдебиеті» пәні оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымы оқу мақсаттарына негізделіп құрылған. Пәндік білімнің мазмұны үш негізгі дағдыны басшылыққа алады:

- 1) түсіну және жауап беру;
- 2) анализ және интерпретация;
- 3) бағалау және салыстыру.

Сонымен қатар дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады.

Оқу пәнінің базалық білім мазмұны

5-11-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің бөлімдер мен бөлімшелерден тұратын базалық білім мазмұны 2.3-кестеде көрсетілген.

2.3-кесте – «Қазақ әдебиеті» оқу пәнінің базалық білім мазмұны

<i>Базалық білім мазмұны</i>		
<i>«Түсіну және жауап беру» бөлімі</i>	<i>«Анализ және интерпретация» бөлімі</i>	<i>«Бағалау және салыстыру» бөлімі</i>
1) көркем шығарма мазмұны мен пішіні; 2) әдеби шығарманың тұжырымдамасы; 3) көркем шығармадағы образ; 4) шығарма үзінділерімен жұмыс	1) әдеби шығарманың композициясы; 2) автор бейнесі; 3) көркем шығарманың тілі; 4) шығармашылық жұмыс	1) тарихи және көркемдік құндылығы; 2) заманауилығы мен жаңашылдығы; 3) әдеби эссе; 4) әдеби сын

Бағдарламаның бұл бөлімшелері пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады.

Негізгі орта білім беру деңгейлерінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәні оқу бағдарламасының бөлімдері күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттарынан тұрады:

1) «Түсіну және жауап беру» бөлімінде: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну, пішінін анықтау және талдау, көркем шығармадағы образды ашу және сипаттау, әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау, әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану;

2) «Анализ және интерпретация» бөлімінде: әдеби шығарманың композициясын, композициялық амал-тәсілдерді талдау, шығармадағы автор бейнесін анықтау, оның рөлін талдау, шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау, әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау, шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу, көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу;

3) «Бағалау және салыстыру» бөлімінде: кейіпкерлерді өзара салыстыру, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру, шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру, шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстыру, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру, шығарманың идеясын жалпы адамзаттық құндылық тұрғысынан талдап,

әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби шығармаларды талдап, салыстыра отырып, сыни хабарлама, сыни шолу, сыни пікір және сыни мақала жазу дағдыларын дамыту.

Жалпы орта білім беру деңгейлерінің 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәні оқу бағдарламасының бөлімдері күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттарынан тұрады:

1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну, әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру, шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу, көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру, шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасында Блум таксономиясын толық меңгерту теориясы басшылыққа алынып, көркем шығарманы толық оқыту қағидаты сақталғандықтан көркем шығарма аз берілген. ХХІ ғасырдың жаңа адамының талғамын қанағаттандырып, толғандыра сұрақтарына жауап бере алатын толыққанды әдеби шығармалар енгізілген. Бұл ерекшеліктер оқушылардың шығармадағы автордың идеясын толық түсінуге, оны жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасына бұрынғы бағдарламадағы шығармалармен қатар жаңа авторлардың шығармалары енгізілген. Бұл – әдебиетіміздің жаңа туындылармен толығып отырғандығының кепілі.

Қазақ әдебиеті туындылары жасөспірімдердің рухани қажеттіліктері мен даму мүмкіндіктеріне сәйкес, қазақша ойлау және сөйлеу, жазу, тыңдағанын түсіну, монолог, диалог, пікірталас жасау дағдыларын қалыптастырып, талдап, тану негізіне сәйкес құрылған.

Қазақ әдебиетінің әр кезеңінде жазылып, өзінің көркем құндылығын жоғалтпай келе жатқан туындылармен танысу арқылы оқушы әдеби талдау, сыни ойлау қабілеттеріне ие болып, шығармашылдық ізденіске қадам басады. Оқу мақсаттары белгілі бір тарау бойынша ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген тізімге сай жүзеге асады.

Бағдарламада пәннің білім мазмұны әдебиеттің даму кезеңдеріне сәйкес құрылған. Мәселен, 5-сыныпта 1-тоқсанда «Халық ауыз әдебиеті үлгілері» қамтылса, 2-тоқсанда «XIX ғасыр әдебиеті», 3-тоқсанда «XX ғасыр әдебиеті», 4-тоқсанда «Тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет пен әлем әдебиеті» қамтылады. Осылайша оқу бағдарламасындағы базалық білім мазмұны сыныптан сыныпқа өткен сайын тереңдетіліп, қазақ әдебиетінің дәуірлеу кезеңімен сәйкес оқытылады. Кезең-кезеңге жіктелмей, әр кезеңнің шығармалары «шиыршық» қағидаты бойынша алынған.

Сонымен қатар білім деңгейлері арасында сабақтастық сақталған. Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінен берілетін білім мазмұны мен негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен берілетін білім мазмұны арасындағы сабақтастық оқытылатын шығармалар мен оқыту мақсаттарында көрініс тапқан.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4-сыныптарына арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінің базалық білім мазмұнында ауыз әдебиеті үлгілерінен: балаларға арналған тақпақ, өтірік өлеңдер, төрт түлік жырлары, ертегілер, мақал-мәтелдер, жұмбақ, жаңылтпаштар, аңыз әңгімелер, бата, мысалдар, шешендік сөздер, нақыл сөздер, батырлар жырынан үзінділер, аңыз әңгімелер мен қиял-ғажайып оқиғалар, шешендік сөздер, ертегілер, мысалдар;

жазба әдебиеті үлгілерінен: Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ж.Жабаев, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б. Майлин, М. Әуезов, С. Бегалин, Б. Соқпақбаев, Ш. Смаханұлы, Қ.Мырза Әли, М.Әлімбаев, Ө.Тұрманжанов, Ж.Смақов, Қ.Баянбай, Ә.Дүйсенбиев, Ф.Оңғарсынова, Ә.Табылдиев, А.Асылбеков, Ө.Қанахин, Т.Молдағалиев, Е.Өтетілеуов, Б.Кірісбаев, Е.Елубай, С.Қалиев, С.Сейітов, Б.Ысқақов, Д.Жұмагелдинова, М.Айымбетов, М.Абылқасымованың өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері оқытылады.

Негізгі орта білім берудің «Қазақ әдебиеті» пәнінен 5-9-сыныптарда:

1) ауыз әдебиеті үлгілерінен:

5-сыныпта «Керкұла атты Кендебай» ертегісі, «Қобыланды батыр» жыры,

6-сыныпта: «Аяз би» ертегісі;

7-сыныпта: «Қыз Жібек» жыры;

2) ежелгі дәуір әдебиетінен:

6-сыныпта: «Алып Ер Тұңға» жыры; әл-Фараби «Қашықтасың туған жер», «Тіршілікте құрыштай бол төзімді» өлеңдері;

7-сыныпта: Орхон-Енисей ескерткіштері «Күлтегін» жыры;

8-сыныпта: Қорқыт «Байбөрі баласы Бамсы-Байрақ туралы жыр», Қорқыттың нақыл сөздері; Ахмет Йассауи «Даналық кітабы»;

9-сыныпта: Ж. Баласағұн «Құтты білік» дастаны;

3) жыраулар поэзиясынан:

5-сыныпта: Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы;

6-сыныпта: Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар», «Айналайын, Ақ Жайық» толғаулары;

7-сыныпта: Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»; Жиембет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»;

8-сыныпта: Ақтамберді жыраудың «Күлдір-күлдір кісінетіп», «Балаларыма өсиет» толғаулары; Шалкиіз жырау «Би Темірге бірінші толғауы»;

9-сыныпта: Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені»; Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай» жыры;

4) зар заман ақындарының шығармаларынан:

5-сыныпта: Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі;

7-сыныпта: Ш.Қанайұлы «Зар заман»; С.Аронұлы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы»;

8-сыныпта: Мұрат Мөңкеұлы «Үш қиян», «Сарыарқа» өлеңдері;

5) шешендік өнер:

9-сыныпта: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?»; Төле би «Ердің бақыты – әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?»; Сырым Датұлы «Балаби мен Сырым»;

6) XIX ғасыр әдебиетінен:

5-сыныпта: Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері;

6-сыныпта: Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, қара сөздері: «Бірінші сөз», «Жетінші сөз», «Отыз бірінші сөз»;

8-сыныпта: Ш. Құдайбердіұлы «Еңлік- Кебек» дастаны, «Жастарға» өлеңі;

9-сыныпта: «Біржан-Сара» айтысы; Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Мен, мен, мен едім», «Бағаналы терек» өлеңдері; Ш. Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»;

7) XX ғасыр әдебиетінен:

5-сыныпта: Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі; Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты; Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі;

6-сыныпта: С. Торайғыров «Шығамын тірі болсам адам болып», «Шәкірт ойы» өлеңдері; С. Мұратбеков «Жусан иісі» әңгімесі; О. Бөкей «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесі; Қалмақан Әбдіқадыров «Қажымұқан» хикаяты;

7-сыныпта: Жамбыл Жабаев «Зілді бұйрық» өлеңі; М. Жұмабаев «Батыр Баян» поэмасы; М.Әуезов «Көксерек» әңгімесі; Қ.Қайсенов «Жау тылындағы бала» повесі; С.Сарғасқаев «Тәмпиш қара» әңгімесі; М.Шаханов «Нарынкұм зауалы» поэмасы; Т.Әбдіков «Қонақтар» әңгімесі;

8-сыныпта: «Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік- Кебек» дастаны, «Жастарға» өлеңі; М. Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы; Б. Момышұлы «Ұшқан ұя» әңгімесі; Д. Исабеков «Әпке» драмасы; М. Мақатаев «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы; Т. Ахтанов «Күй аңызы» әңгімесі;

9-сыныпта: І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы; Б.Майлин «Шұғаның белгісі» хикаяты; Ғ. Мүсірепов «Ұлпан» романы; Т. Айбергенов «Сағыныш», Ф. Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем» өлеңдері;

8) Заманауи шығармалардан:

5-сыныпта: Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі; Нұрдәулет Ақыш «Нағыз әже қайда?» әңгімесі;

6-сыныпта: А.Алтай «Прописка» әңгімесі; Е.Жүніс «Менің атым - Тәуелсіздік» өлеңі;

7-сыныпта: Медетбек Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі;

8-сыныпта: Ж. Сахиев «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері; Р.Мұқанова «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі;

9-сыныпта: Н. Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы; Қажығали Мұхамбетқалиев «Тар кезең» романы;

Бастауыш білім беруде әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілер оқытылса, 5-11-сыныптарда:

9) әлем әдебиеті үлгілерінен:

5-сыныпта: Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі;

6-сыныпта: Р. Ғамзатов «Ана тілі» өлеңі, «Менің Дағыстаным» әңгімесі;

7-сыныпта: А.С. Пушкин «Ескерткіш» өлеңі;

11-сыныпта: Эрнест Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесі енгізілген.

10-11-сыныптардың оқу бағдарламаларына XIX-XX ғасыр әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармалары мен заманауи шығармалар енген.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

10-сыныпта: Абай Құнанбаев «Сегіз аяқ», «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері; Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, Отыз үшінші қарасөз, «Ескендір» поэмасы; Жүсіпбек Аймауытов «Ақбілек» романы; Ә. Кекілбаев «Аңыздың ақыры» повесі; М. Мағауин «Шақан - шері» романы; Ш.Айтматов «Алғашқы ұстаз» повесі; Ұ.Есдәулет «Біз түркілерміз»; Қ.Жұмаділов «Тағдыр» романы; Шахмардан Құсайынов «Томирис» драмасы; Ш. Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесі;

11-сыныпта: С. Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі; І. Есенберлиннің «Қаһар» романы; А. Сүлейменов «Бесатар» повесі; С. Елубай «Жалған дүние» романы; Қасым Аманжолов «Өзім туралы» өлеңі; М. Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы; Т. Молдағалиев «Бауырлар» өлеңі; Т.Әсемқұлов «Бекторының қазынасы» әңгімесі оқытылады.

Жаратылыстану-математикалық бағытта:

10-сыныпта: Абай Құнанбаев «Сегіз аяқ», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңдері; Он жетінші қарасөз, Отыз екінші қарасөз, «Масғұт» поэмасы; А.Кемелбаева «Шашты» әңгімесі; Т.Сұлтанбеков «Көшпелі алтын» ғылыми фантастикалық әңгіме; О.Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі; Ш.Мұртаза «Бесеудің хаты» драмасы; Ж. Бөдеш «Жалғыз» поэмасы.

11-сыныпта: О.Бөкей «Атау кере» повесі; Ж.Әбдірашев «Дала, сенің ұлыңмын» өлеңі; Б. Мұқай «Өмірзая» романы; Е. Әбікен «Пәтер іздеп жүр едік»

әңгімесі; М.Әуезов «Абай жолы» роман-эпопеясы 1, 2-том; Қ.Мырзалиев «Қызыл кітап» поэмасы; С.Балғабаев «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасы.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасында пәннің білім мазмұны әдебиеттің хронологиялық тарихи кезеңдеріне сәйкес құрылған. Мысалы, 5-сыныпта 1-тоқсанда «Халық ауыз әдебиеті үлгілері» қамтылса, 2-тоқсанда «ХІХ ғасыр әдебиеті», 3-тоқсанда «ХХ ғасыр әдебиеті», 4-тоқсанда тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет пен әлем әдебиеті қамтылады. Осылайша оқу бағдарламасындағы базалық білім мазмұны сыныптан сыныпқа өткен сайын тереңдетіліп, қазақ әдебиетінің дәуірлеу кезеңімен сәйкес оқытылады. Тек кезең-кезеңге жіктемей, әр кезеңнің көркем туындыларын қамту көзделген.

«Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді. Бұл пән әдеби шығармаларды оқытып қана қоймай, танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға да негізделген. Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес пәннің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемі анықталған. Әр сыныпта оқытылатын шығармаларды таңдау кезінде қазіргі замандағы баланың жас ерекшелігімен қатар танымдық ерекшеліктері де ескерілген.

Көркем шығармаларды толық оқу міндеттеледі. Сол арқылы оқушыға автордың идеясын толық түсінуіне, шығарманы жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік беріледі. Оқушы толық түсінбейтін ұзын сонар туындыларды шала-шарпы оқып шығудан гөрі бір шығарма болса да оны саналы түрде түсініп, талдап, зерттеп, кейіпкерлерді салыстырып, олардың әрекетіне баға беріп, сол шығармалар арқылы оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру көзделді.

Әр сынып бойынша дағдыларды қалыптастырып, дамыту үшін оқу мақсаттарының жүйесі берілген. Оқыту мақсаттарының жүйесі бөлім бойынша әр сыныпқа берілген. Әр бөлім 4 бөлімшеден, әр бөлімше бір-бір оқу мақсатын қамтиды. Оқу мақсаттарының комбинациясын пайдалануда мұғалімге ерік беріледі. Әр оқу мақсаты жыл сайын қайталанып, тереңдетіле оқытылады.

5-9-сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу мақсаттары 2.4-кестеде көрсетілген.

2.4-кесте – «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу мақсаттары

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	5.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен	6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабулас	7.1.1.1 әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін,	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау

	сюжеттік дамуын сипаттау	ын, сюжетін анықтау		эпилог, прологтарды анықтау	
2.Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	5.1.2.1 әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау	6.1.2.1 әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру	7.12.1 әдеби шығармадағы тұлғалық болмысты гуманистік тұрғыдан талдау	8.1.2.1 әдеби шығарманың идеясы мен пафосын ұлттық мүдде тұрғысынан ашу	9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау
3.Көркем шығармадағы образ	5.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу	6.1.3.1 әдеби туындыдағы кейіпкердің типтерін тек тұрғысынан сипаттау	7.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлердің типтерін жасалу тәсілдері тұрғысынан анықтау	8.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлерді сомдауда тура және жанама мінездеулерді жіктеу	9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау
4.Шығарма үзінділерімен жұмыс	5.1.4.1 көркем шығармалардан шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	6.1.4.1 көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту	7.1.4.1 көркем шығармадағы кейіпкер бейнесін ашып, үзінділерді жатқа айту	8.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді өз көзқарасын дәлелдеу үшін орынды қолдану	9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану

2) анализ және интерпретация:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.Әдеби шығарманың композициясы	5.2.1.1 әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы	6.2.1.1 шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына	7.2.1.1 шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыру	8.2.1.1 композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау

	суреттеулер ді табу	негіздеме жасау			
2. Автор бейнесі	5.2.2.1 эпикалық шығармада ғы автор бейнесін анықтау	6.2.2.1 эпикалық, поэзия лық шығармал ардағы автор бейнесін анықтау	7.2.2.1 эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармада ғы автор бейнесін анықтау	8.2.2.1 автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым- қатынасының тілдік көрінісін талдау	9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық- стилистика лық тұтастыру шы ретіндегі рөліне талдау жасау
3.Көркем шығарманың тілі	5.2.3.1 шығармада ғы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдары ның (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау	6.2.3.1 шығарма дағы көркем ауыстыру ларды (троптар ды: метафора, кейіптеу, метони мия, гипербола , литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау	7.2.3.1 шығарма дағы көркемдегіш құралдар дың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау	8.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың (психология лық параллелизм, перифраз, сатира, ирония, гротеск, эллипсис) қолданысын талдай отырып, автор стилін анықтау	9.2.3.1 шығармада ғы әдеби тілді құбылту мен айшықтау дың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру
4. Шығармашы лық жұмыс	5.2.4.1 көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазу	6.2.4.1 әдеби көркемде гіш құралдар ды пайдала нып шығарма дағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу	7.2.4.1 шығарма дағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу	8.2.4.1 шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу	9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашы лық жұмыс жазу

3) бағалау және салыстыру:

Білім алушылар:					
	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
1.Тарихи және көркемдік құндылығы	5.3.1.1 шығармадағы эпизодтар арқылы тарихи құндылығын бағалау	6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	7.3.1.1 кейіпкерлердің іс-әрекеті мен автор берген портреттік мінездемені салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру	8.3.1.1 шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау	9.3.1.1 шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2.Заманауилығы мен жаңашылдығы	5.3.2.1 кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау	6.3.2.1 кейіпкерлер жүйесінің заманауи жаңашылдығын өзара салыстырып баға беру	7.3.2.1 әдеби жанр түрлерінің даму барысына, жаңашылдығына заманауи тұрғыдан баға беру	8.3.2.1 шығармадағы материалдық және рухани құндылықтарды заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру	9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру
3. Әдеби эссе	5.3.3.1 шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	6.3.3.1 шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	7.3.3.1 шығарманы ұлттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	8.3.3.1 шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу	9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу
4.Әдеби сын	5.3.4.1 оқырманның рухани дүниесіне шығарма әсерін талдай отырып,	6.3.4.1 шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы	7.3.4.1 әдеби шығарманың эстетикалық құндылығы туралы	8.3.4.1 шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып,	9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілері

	сыни хабарлама жазу	сыни хабарлама жасау	шағын сыни шолу жазу	өзіндік сыни пікір жазу	мен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу
--	---------------------------	----------------------------	-------------------------	----------------------------	---

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған оқу мақсаттары 2.5-кестеде көрсетілген.

2.5-кесте – «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу мақсаттары:

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	10.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну	11.1.1.1 әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы көтерілген ғаламдық мәселелерді терең түсіну
2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	10.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу	11.1.2.1 әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді қазіргі өмірмен байланыстырып, ұлттық мүдде тұрғысынан ашу
3. Көркем шығармадағы образ	10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау	11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету
4. Шығарма үзінділерімен жұмыс	10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру	11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстырып, шығармашылық жұмыстарда қолдану
5. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу	10.1.5.1 шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу	11.1.5.1 шығармадағы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу

2) анализ және интерпретация:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Әдеби шығарманың композициясы	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау	11.2.1.1 әдеби шығарманың композициясын жанрлық ерекшеліктерін айқындап, уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау
2. Автор бейнесі	10.2.2.1 шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау	11.2.2.1 автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау
3. Көркем шығарманың тілі	10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен	11.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау

	айшықтау амалдарының қызметін талдау	амалдарының қызметін талдай отырып, автор стилін анықтау
4. Шығармашылық жұмыс	10.2.4.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу	11.2.4.1 көркем шығармадағы ғаламдық тақырыптарға креативті ой қосып, шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу
5. Қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар	10.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту	11.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ бағыт, әдеби ағым, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау, талдау жасау

3) бағалау және салыстыру:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Тарихи және көркемдік құндылығы	10.3.1.1 шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау	11.3.1.1 шығарманы ғаламдық тақырыптармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2. Заманауилығы мен жаңашылдығы	10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру	11.3.2.1 көркем шығарманың жаңашылдығын ғаламдық тақырыптармен байланыстыра отырып, сыни тұрғыдан баға беру
3. Әдеби эссе	10.3.3.1 шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	11.3.3.1 шығарманың идеясын көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
4. Әдеби сын	10.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу	11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, әдеби сын жазу

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған оқу мақсаттары 2.6-кестеде көрсетілген. Бұл бағытта оқу мақсаттарының жүйесі қоғамдық-гуманитарлық бағытқа қарағанда жеңілдетіліп берілген.

2.6-кесте – «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу мақсаттары:

1) түсіну және жауап беру:

Білім алушылар:		
	10-сынып	11-сынып
1. Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні	10.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну	11.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы жанрлық ерекшелігін түсіну
2. Әдеби шығарманың тұжырымдамасы	10.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану	11.1.2.1 әдеби шығарманың жанрлық ерекшелігін өзге жанрлармен салыстыра отырып талдау

3. Көркем шығармадағы образ	10.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау	11.1.3.1 көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау арқылы өмір шындығын көрсету
4. Шығарма үзінділерімен жұмыс	10.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану	11.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді, қанатты сөздер, дәйексөздерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
5. Қазақ әдебиетіндегі ұлттық құндылықтардың әлемдегі орнын білу	10.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру	11.1.5.1 ұлттық құндылықтардың маңыздылығын ғаламдық тақырыптағы контекстермен байланыстыру

2) анализ және интерпретация:

	10-сынып	11-сынып
1. Әдеби шығарманың композициясы	10.2.1.1 әдеби шығарманың композициялық ерекшеліктерін талдау	11.2.1.1 әдеби шығарманың жанрына қарай композициялық ерекшеліктерін айқындау
2. Автор бейнесі	10.2.2.1 автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау	11.2.2.1 шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын анықтау
3. Көркем шығарманың тілі	10.2.3.1 шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін талдау	11.2.3.1 шығарма идеясы мен көркемдегіш құралдардың байланысын талдау
4. Шығармашылық жұмыс	10.2.4.1 көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу	11.2.4.1 әдеби туындыдағы көтерілген мәселелерге өзіндік көзқарас тұрғысынан шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу
5. Қазақ және әлем әдебиетіндегі құндылықтар	10.2.5.1 қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау	11.2.5.1 әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтардың үндестігін талдау

3) бағалау және салыстыру:

	10-сынып	11-сынып
1. Тарихи және көркемдік құндылығы	10.3.1.1 шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау	11.3.1.1 шығарманы әлем әдебиеті үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау
2. Заманауилығы мен жаңашылдығы	10.3.2.1 көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру	11.3.2.1 көркем шығармадағы заман көрінісі мен қазіргі заман көрінісін салыстырып бағалау
3. Әдеби эссе	10.3.3.1 шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу	11.3.3.1 шығарманы көркемдік-эстетикалық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу
4. Әдеби сын	10.3.4.1 ғылыми еңбектерге сүйене отырып әдеби сын жазу	11.3.4.1 шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу

«Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді.

Қазақ әдебиеті бағдарламасы оқушылардың сауаттылығын, олардың әдеби және эстетикалық талғамдары мен сезімдерін дамыту, ойлау қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру бағытында құрастырылған. Яғни, бұл пән әдеби шығармаларды оқытып қана қоймай, танымдық және коммуникативтік дағдыларын қалыптастыруға да негізделген.

Оқу бағдарламасында оқушылардың жас ерекшеліктерінің танымдық мүмкіндіктеріне сәйкес пәннің мазмұны мен білім, білік, дағдыларының көлемі анықталған. Әр сыныпта оқытылатын шығармаларды таңдау кезінде қазіргі замандағы баланың жас ерекшелігімен қатар танымдық ерекшеліктері де ескерілген.

Оқу бағдарламасында оқу-нормативтік құжаттың дәстүрлі міндеттері заманауи мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелерімен үйлесімді сабақтасқан.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасының мазмұны білім алушылардың жасына бейімделіп жасалынған және жас ерекшеліктеріне сәйкес келеді. Мысалы, *бастауыш деңгейде* «Әдебиеттік оқу» пәнінен ауыз әдебиеті үлгілерінен: балаларға арналған тақпақ, санамақ, мадақтау, өтірік өлеңдер, төрт түлік жырлары, әртүрлі тақырыптағы хайуанаттар жайындағы ертегілер мен қиял-ғажайып оқиғалы ертегілер, мақал-мәтелдер, әртүрлі тақырыптағы жұмбақ, жаңылтпаштар, ақын-жазушылардың балаларға арналған өлең-жырлары, ертегі-мысалдары, әңгімелері, ғылыми-танымдық шығармалар, әлем халықтары балалар әдебиетінің көрнекті өкілдерінің үлгілі шығармалары: әңгіме, мысал, ертегілері берілген.

Негізгі орта білім беру деңгейінің жаңартылған мазмұндағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасына бұрынғы бағдарламадағы шығармалармен қатар жаңа авторлардың шығармалары енгізілген. Бұл әдебиетіміздің жаңа туындылармен толығып отырғандығының кепілі. Әр дәуірдің, әр кезеңнің өз әдебиеті бар. Сол әдебиеттегі көркем туындыларда қоғам, заман үні айтылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасында ұсынылған көркем шығармаларды толық оқу міндеттеледі. Сол арқылы оқушыға автордың идеясын толық түсінуіне, шығарманы жан-жақты талдай алу қабілетін дамытуға және оқырмандық қабілетін қалыптастыруға қосымша мүмкіндік болады. Бір шығарманы толық оқып, талдай білген оқушы өз бетімен оқыған шығармасын сыныпта меңгерген дағдылары бойынша барлық әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, ой елегінен өткізіп, интерпретация жасап, бағалай алады. Сыныпта және өз бетімен оқылатын көркем әдеби шығармалардың табиғи сабақтастығы мен байланыстылығы сақталынып отырады. Яғни оқушыда көркем шығарманы оқуда осындай әдеби дағды қалыптастыра білсек, ол кез келген басқа ақын-жазушылардың өмірбаянын, шығармаларын өздігінен оқып, талдай алатын болады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына классик жазушылар толық енген. Мұндағы мақсат – бір классиктің шығармасын егжей-тегжейлі талдап оқу негізінде басқа классиктерді оқушы өз бетінше оқи алатындай деңгейге жеткізу, яғни оқушылардың әдебиетке деген қызығушылықтарын ояту. Оқушы толық түсінбейтін ұзын сонар мәтіндерді шала-шарпы оқып шығудан гөрі бір шығарма болса да оны саналы түрде түсініп, талдап, зерттеп, кейіпкерлерді салыстырып, олардың әрекетіне баға беріп, сол шығармалар арқылы оқырмандық сауаттылығын қалыптастыру көзделді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы бойынша құрылған жаңа білім мазмұны мұғалімді де, оқушыны да оқу әрекетіне белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға, өзінің сөйлеген сөзіне дәлел келтіруге, кейіпкерлер арқылы өмірлік ситуацияларды шешу жолдарын ізденуге, ең бастысы жаңаша ойлайтын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пәнаралық және салааралық байланыстар

«Қазақ әдебиеті» пәні тіл пәндерімен, тарих, жаратылыстану, бейнелеу өнері, музыка пәндерімен тығыз байланыста үйлесім тапқан. Пән мазмұнында әдебиеттің тарихпен, мәдениетпен, қоғаммен, тәрбиемен сабақтастықта меңгерілуі оқушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға оң ықпал етеді.

Оқу үдерісінде жүзеге асырылатын пәнаралық байланыс оқушының дүниетанымдық деңгейін арттырып, туған әдебиетінен өзге ғылым салаларын игеру мақсатында қолдануына мүмкіндік береді:

1) «Қазақстан тарихымен» байланыс: әдеби оқиғалардың тарихи факторлармен тығыз байланыста болатындығын түсінуіне; тарихи деректерді орынды пайдаланып, өзіндік ой-тұжырымдар жасай білуіне жол ашады;

2) Жаратылыстану циклі пәндерімен байланыс: танымдық бағытта берілетін материалдар жаратылыстану пәндерінің мазмұнымен тікелей байланыста болғандықтан, оқушылардың дүниетанымын қалыптастырады.

2017 жылы «Өлкетану» бағдарламасын «Қазақ әдебиеті», «Қазақстан тарихы», «Музыка» пәндерінің оқу бағдарламасына кіріктіру жөнінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасына сәйкес 6-7-сыныптардың «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасына «Өлкетану» тақырыптары кіріктірілді.

«Өлкетану» материалдарын оқыту:

- білім алушылардың ежелгі дәуірден бастап қазіргі уақытқа дейінгі туған жер аумағында болып жатқан тарихи процестердің негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білім қалыптастыру;

- туған өлкенің табиғи байлықтары, тарихи ескерткіштері және мәдени нысандары туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің дәстүрлі қолөнері, мәдени және әдеби мұралары мен өңір мақтанышына айналған адамдар туралы білімдерін кеңейту;

- туған өлкенің бірегей табиғаты, тарихы мен мәдениетіне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу; оларды қорғауға жауапкершіліктерін арттыруға бағытталған.

Өлкетану материалдары 6, 7-сыныптарда 2 сағаттан 4 сағат көлемінде оқытылады.

Өлкетану мәдени және ұлттық сәйкестікті дамыту мен сақтаудың маңызды міндетін орындайды. Өлкетанулық білім жаңа буынды аймақтың мәдени құндылықтарымен қамтамасыз етіп отыратын әлеуметтік-мәдени ақпарат көзінің бірі. Бұл жеке тұлғаның мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

6-сыныпта «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада», «Өлкені сипаттау өнері» тақырыптарын оқытуда білім алушыларды туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды, туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білуге, олардың шығармашылығы туралы деректер жинауға және мәтіннің ақпараттық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдауға үйрету ұсынылды.

7-сыныпта «Туған өлке публицистика беттерінде», «Менің туған өлкем» электрондық энциклопедиясы» тақырыптарын оқытуда өңірде шығатын газет-журналдарды білуге, туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдауға, энциклопедия ұғымын түсінуге, энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білуге, электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысуға баулу ұсынылды.

Жаңартылған мазмұндағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша құрылған жаңа білім мазмұны мұғалімді де, оқушыны да оқу әрекетіне белсенді қатысуға, өз пікірін айтуға, өзінің сөйлеген сөзіне дәлел келтіруге, кейіпкерлер арқылы өмірлік ситуацияларды шешу жолдарын ізденуге, ең бастысы жаңаша ойлайтын тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиет сабақтарында өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекеттері ұйымдастырылады. Өздерінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Оқу бағдарламасы ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Тақырыптарға сағат санының үлестірілуі және тоқсан көлемінде тақырыптардың оқытылу реттілігін мұғалім анықтай алады. Ұзақ мерзімді жоспар орта және қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеудің негізі болады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан

Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 тіркелген).

2. «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – қоғамдық ортада қазақ тілінде қарым-қатынас жасау мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін коммуникативтік дағдылардың негізін қалыптастыру және тілдік нормаларды қолдануға, сауатты жазуға үйрету.

3. Қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттердің шешілуі көзделеді:

1) тілдік дағдыларды (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;

2) қазақ тіліндегі сөздік қорды үздіксіз дамыту әдістерін меңгерту;

3) тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;

4) қазақ тілінде меңгерген білім, білік, дағдыларын күнделікті өмірде өз бетінше қолдануға дағдыландыру;

5) шығармашылықпен жұмыс істеуді, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту.

4. «Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар «Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) ескере отырып құрастырылды; білім алушылар бастауыш сыныпты аяқтағанда, қазақ тілін қарапайым A1, A2 (бастапқы) деңгейінде меңгереді.

5. Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сондай-ақ білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

6. Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына көмектеседі.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл – ұлт бірлігінің негізгі факторы. Елбасы Н. Назарбаев: «Мемлекеттік тіл – бұл Отан бастау алатын Ту, Елтаңба, Әнұран секілді нышан және ол елдің барша азаматтарын біріктіруі тиіс», - деген болатын. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңының 4-бабында былай делінген: «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы».

Оқыту қазақ тілінде емес мектептің бастауыш сыныптарында «Қазақ тілі» пәнін оқыту мемлекеттік тілдің қоғамдық мәнін түсінетін әрі қазақ тілін қарым-қатынас және таным құралы ретінде қолдана алатын тұлға қалыптастыруды көздейді. Қазақ тілін оқыту арқылы оқушыға қазақ халқының рухани құндылықтарын, салт-дәстүрін құрметтеуге әрі алған білім, білік және дағдыларын өмірде қолдана білуге үйретеді.

Бастауыш сынып оқушысына қазақ тілін мәдениетаралық қарым-қатынас құралы ретінде меңгерту, оқушының сын тұрғысынан ойлау дағдыларын қалыптастыру, оның тұрмыста, қоғамдық орында, мәдени ортада тілдік шектеуді сезінбей, өзін еркін ұстауына мүмкіндік туғызу негізгі ұстаным болып табылады.

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша қазақ тілін оқытуда шетелдік және отандық педагог-ғалымдар мен тәжірибелі мамандарының еңбектері басшылыққа алынды. Оқу бағдарламасының дәстүрлі оқыту әдістемесінен айырмашылықтары мен сабақтастығы мынадай:

1. Пәннің маңыздылығы қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі. Оқыту қазақ тілінде емес мектептің бастауыш сыныптарындағы «Қазақ тілі» пәні екінші тіл болып есептелгенмен де, оның мемлекеттік тіл мәртебесіне әрдайым басымдылық беріледі. «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытылуының құқықтық жақтарын мемлекеттік реттеу ұстанымдары айқындаса, ғылыми-әдістемелік бағытын «ҚР Жалпы білім беретін мектептердің даму тұжырымдамасы» мен «Жалпы білім беретін мектептердегі білім мазмұны тұжырымдамасы» дәйектейді.

Осындай тұғырнамалық құжаттардан бастау алған қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін бекітетін бірнеше факторлар бар:

1) Қазақ тілін үйренуге қажеттілік тудыратын тиімді жолдарды анықтай отырып, оған ықпал ететін мотивтерді толық және жан-жақты іске асырумен байланысты. Тілді меңгерудегі мотивация соңғы нәтижеге бағытталғанда ғана алға қойылған мақсатқа жетуге болады, яғни оқушы тіл үйренген соң қандай жетістіктерге қолы жеткендігін білгені абзал. Оқушы тілді үйренерде өзінің болашақ өміріне: әлеуметтік мәртебесіне, бәсекеге қабілетті болуына, мансабының өсуіне және кәсіби деңгейде білікті маман иесі болатындығына сенім артуы шарт.

2) Мектептерде қазақ тілін үйрету әдістемесіне қажет технологиялар мен қазіргі уақыт сұранысына орай жаңа бағыттарды дұрыс жолға қоюмен байланысты. Осындай себептердің барлығы білім жүйесінде «Қазақ тілі» пәнінің әлеуетін арттырып, тілді меңгерту әдістемесін жаңартып, жаңғыртып отыруды қалайды. Бұл осы саладағы жетістіктер мен жетіспеушіліктерді қайта қарап, бүгінгі күнге сай мәселені дұрыс тандап, іске қосуды қажет етеді. [14]

2. Оқыту қазақ тілінде емес мектептің бастауыш сыныптарында қазақ тілін таным құралы ретінде меңгере білу, ойлау әрі түсіну сияқты ұғымдармен тығыз байланысты. Л.С. Выготский «білімнің ар жағында таным бар және ол білімнің қозғаушы күші болып табылады», – деген тұжырым жасайды, [15]. Ендеше екінші тілді меңгертудің бастапқы деңгейінде жаңа сөзді жаттанды түрде немесе аударма түрінде үйретуден гөрі жаңа ұғымды, ақпаратты қазақ тілінде қабылдап, оның бейнесі мен мазмұнын елестете алу аса маңызды.

Белгілі бір ақпаратты қазақ тілінде алу арқылы оқушы «айналадағы болмысты ойлау нәтижесінде елестету арқылы қол жеткізетін әлем туралы ақпаратты жеке әрі әлеуметтік тәжірибесімен сабақтастыратын танымның белсенді субъектісі» ретінде қарастырылады. Мұнда сөйлеу тілдің

психологиялық, коммуникативтік, функционалдық және мәдени сипаттарының өзара байланысы арқылы жүзеге асатыны басшылыққа алынады.

Оқушы қазақ тілінде танымдық ақпарат ала отырып:

- қазақ халқының дүниетанымы, ділі, сөйлеу әдебін түсінеді;
- қазақтың рухани мұраларын, тарихи-мәдени ескерткіштерін біледі;
- ұлтаралық түсіністікке қол жеткізеді.

Оқушының санасында өз ұлтының мәдениеті мен қазақ халқының мәдениетін жалғастыру, сабақтастыру, салыстыру үдерістері жүреді.

Қазақ тілін танымдық тұрғыдан меңгеру оқушының қазақ тілін түрлі жағдаяттарда еркін қолдану біліктері мен дағдыларын қалыптастырады.

3. Бастауыш мектепке арналған оқу бағдарламасының мазмұны оқушының жас ерекшеліктеріне сәйкес іріктеліп алынған ортақ тақырыптар аясында жүзеге асырылады. [16]

Пәнаралық байланыстың жақсы үлгісін еліміздің ағартушы ғалымдарының еңбектерін зерттей келіп, сонау XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов өзінің «Комплекспен оқыту жолдары» (1929 жылғы) еңбегіне сүйеніп алынды. «Пәндерді бөлшектеп оқыту баланың жан жүйесіне қарсы. Бала нәрсені тұтас түрінде іске пайдалы жағынан қарап, ұғып біледі, бөлшегін, тарауын, қимылын елемейді.

Комплекс тұтас, түйдек түрде ұқтырады», – деген пайымдауын негізге ала отырып, тақырыптар ұсақтамай алынды. Ж. Аймауытов: «Пәлен күнге бір тақырып алынсын, одан артық та, кем болмасын» деп кесіп-пішіп айту ағат. Өйткені барлық тақырыптарды бір қалыпқа соққандай қып жасау мүмкін де, дұрыс та емес. Біздің «жаңа мектепте» бірінші жылға 8 комплекс (тақырып), екінші жылға 7 тақырып алынған», – деп көрсеткен. [17]

Ортақ тақырыптар қоршаған ортадағы құбылыстар мен үдерістерді оқушының тұтастай қабылдауына, пәнаралық ықпалдастықтың жүзеге асуына, коммуникативтік дағдының дамуына, оқу жүктемесінің азаюына ықпал етеді. Ортақ тақырыптар оқу үдерісінде нақты пәндердің оқу мақсаттарын өмірмен байланыстырып, оқушының өз тілінде меңгерген ұғымдарын қазақ тілі сабағында осы тілде айтып, сөйлеп үйренуге дағдыландырады. Бұл орайда қазақ тілі қарым-қатынас құралы ғана емес, «ортақ тақырыптар» аясында жүзеге асырылатын таным құралы ретінде жүргізіледі.

4. Оқу бағдарламалары мазмұны бұрынғыдай бір тақырыптан ғана тұрмайды, оқушы нені біледі, түсінеді, қолданады, талдайды, бағалайды, жасайтыны нақты белгіленіп, күтілетін нәтижелер оқу мақсаттары түрінде жүйеленіп берілді. Қазақ тілі пәнінің мазмұны жүйелі түрде бірізділікпен құрылған әрі өзара сабақтастықта қарастырылған оқу мақсаттары арқылы меңгертіледі. Оқу бағдарламасының негізі болып табылатын оқу мақсаттарының жүйесі оқу пәнінің мазмұнын анықтайды әрі пән бойынша күтілетін нәтижелері болып табылады. Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушының жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы

ақпарат береді және оның жүйесі бірізді, оңайдан қиынға қарай, шиыршық қағидаты сақталып жасалған.

Бұл мақсаттар жеңілден қиынға, белгіліден белгісізге қағидатымен орналастырылған.

Қазақ тілінің оқу мақсаттары қолдануға, мониторинг жасауға тиімді болу үшін төрт саннан тұратын кодтық белгімен белгіленеді. Мысалы: «3.1.2.1 баяу және анық айтылған жиі қолданылатын сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсіну» және т.б. коммуникативтік дағдылар түрлері бойынша оқу мақсаттары кешенді және түрлі нұсқада қолданыла алады.

Оқу мақсаттарында «*» – белгіленген оқу мақсаттарының бір бөлігін басқалар жүзеге асыруға болады; «/» – белгісі оқу мақсатындағы бөліп қарастыруға болатын бөліктерді көрсетеді.

5. Оқушының сөздік қорларын кеңейту Білім және ғылым министрлігі бекіткен лексикалық-грамматикалық минимумға негізделеді. Лексикалық минимумда ортақ тақырыптар бойынша сонымен қатар күнделікті тұрмыс-тіршілікте, әлеуметтік ортада жиі қолданылатын сөздер сұрыпталды.

Лексикалық минимум сөздік қордың кеңеюіне, белсенді және пассивті сөздік қордың қалыптасуына ықпал ететін, қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіне сәйкес келетін (қарапайым, базалық, орта, ортадан жоғары және жоғары деңгейлер) шектеулі сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығын қамтиды. Сондай-ақ тарих және әдебиет пәндері бойынша пәнаралық-әдістемелік байланысты ескере отырып, бағдарламаға сәйкес бейтарап сөздер алынған. Ал пассив сөздер ЛГМ-ді іріктеуде арнайы қарастырылған жоқ, себебі оқушыға бұл сөздер тек қана мәтінді оқығанда әрі тыңдағанда ғана мәнмәтін немесе сөйлем ішінде түсіндіріледі [47].

Қазақ тілді емес мектептер үшін жаңартылған білім беру мазмұны аясында қазақ тілін екінші тіл ретінде деңгейлік оқытудың «Лексикалық-грамматикалық минимумы» құжаты ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген «Жалпы әліпбилі жиілік сөздігі» негізінде дайындалды. А₁-А₂, В₁-В₂, С₁ деңгейлері бойынша тақырыптарға сәйкес іріктелген актив сөздер (2884 сөз) оқытудың лингводидактика қағидаларын басшылыққа ала отырып, жиілік сөздікте берілген сөздер тізбесінен алынды. Лексикалық минимумды анықтауда актив сөздерді іріктеудің бірқатар ұстанымдары негізге алынады. Олар: статистикалық, лингвистикалық және әдістемелік ұстаным бойынша іріктеледі. Бұл ұстанымдарды өзара тығыз байланыста қарастыру керек. [48]

6. Бастауыш мектептегі «Қазақ тілі Т2» пәні деңгейлік жүйемен құрылған. «Деңгей бойынша оқытудың ең негізгі бағыты – сөйлеудің ең қарапайым түрінен күрделіге жету жолдары, яғни, дайын үлгідегі жекелеген сөздер мен сөз тіркестері арқылы ойын айтудан бастап, өзі мәтін құрып, өз сөзімен белгілі бір тақырыпты кеңейтіп, дамытып айтуға жеткізу» [49].

Деңгейлік жүйемен оқыту мәселесі әлемдік әдістеме ғылымында 1960 жылдардан бастап назарға іліккен тармақ болып саналады. Ең алдымен, шет

тілдерін, әсіресе ағылшын тілін ересектерге үйретудің, жеке тұлғаға бағдарлы түрде оқытудың жүйесін зерделеуге арналған жұмыстар жүргізілді де, айтылған пікір-көзқарастар қорытыла келе, табалдырық деңгей талдамалары қалыптасты; осы мүдде де жаңа типтегі оқу құралдары білімді бағалау мен тексерудің кешенді үлгілері (тестілер жүйесі), өз бетінше үйренуге мүмкіндік беретін оқу материалдары жасалды.

Қазіргі кезеңде оқыту қазақ тілінде емес сыныптарда қазақ тілін үш деңгейде оқыту (бастапқы деңгей, орташа деңгей және жоғары деңгей) тәжірибесі көбірек игеріліп жүр. Деңгейлік оқыту – тілді үйренуге сұранысты қанағаттандыра алатын, бүгінгі күннің талаптарына толық жауап бере алатын айрықша тиімді әдістердің бірі.

7. Қазақ тілін грамматикасыз оқыту тәсілі басшылыққа алынады. Көрнекті ғалым, профессор Ә. Жүнісбеков тілді грамматикасыз оқыту әдістемесі бойынша әзірлеген арнайы семинар бағдарламасында қазақ тілін екінші тіл (ана тілі емес) ретінде үйретудің ерекшеліктеріне тоқталып, әдістемелік тұрғыдан сипаттап берген. «Қазақ тілін екінші тіл (ана тілі емес) ретінде үйретудің бір амалы грамматикасыз оқыту деп білемін. Себебі грамматикалық атаулар табиғатынан ойтөкті (абстрактілі) болып келеді де, оны түсіну үшін арнайы ереже керек болады. Ал арнайы ереже жаттау мен оны есте сақтау, ең бастысы оны пайдалана білу екінің бірінің қолынан келе бермейді. Және де өзінің ана тілінің грамматикасын зорға меңгеріп жатқан балаға қазақ тілінің грамматикасын үстемелейміз. Сондықтан, грамматикалық атау-ұғымдарды мотивациясы айқын, яғни, атауынан мағынасы аңғарылып тұратын сөздер және сөз оралымдарымен алмастыру керек. Басқаша айтқанда, грамматикалық ережені білмейтін, тіптен грамматикалық дайындығы жоқ кез келген адам атаудың қандай мағынаны білдіріп тұрғанын түсініп кете беретіндей деңгейге түсіру керек [13].

Күнделікті тұрмыс-тіршілікте, әлеуметтік ортада жиі қолданылатын сөздер, қалыптасқан үлгідегі сөйлеу түрлері мен этикет нормаларын жеткізетін сөйлеу бірліктерін қолдана білуге дағдыландыру өте маңызды. Грамматика – қазақ тілін үйрету объектісі емес. Жаңартылған бағдарлама бойынша қазақ тілін меңгерту кезінде грамматикалық терминдер қолданылмайды. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту – қазақ тілін меңгертудің бастапқы кілті.

8. Оқушыларға тілді меңгертуде мәтінді бейімдеп беру ұсынылады.

Мәтін қойылған тақырыбы мен ішкі мазмұны біртұтас, синтаксистік, композициялық және логикалық құрылымы жағынан жүйелі бірлік дегенді білдіреді». Ал оқулықтағы мәтіндер оқу мәтіні деп аталады, оған түрлі көркем, танымдық, ақпараттық мазмұндағы мәтіндер жатады. Оқу мәтіндерін оқушының жас ерекшеліктеріне сай бейімдеудің тіл дамыту үдерісінде маңызы зор. Белгілі бір тақырыпқа қатысты мәтінді бейімдеудің өзі мұғалімнен жан-жақты дайындықты, қосымша материалдарды дер кезінде жинап, оқушының білім деңгейіне сәйкес бейімдеуді, сұрыптауды қажет етеді. Осыған байланысты мұғалім әр тақырып бойынша мәтіннің мазмұнын сақтай отырып, оқушының тыңдап-түсінуін, өзара қазақша тілдесе алатын қабілетін қалыптастыру және дамыту үшін қажетті сөздер мен сөз орамдарын қолдануы керек.

Оқу мәтіндерін іріктеуде мәтіннің үйренушілердің білім деңгейіне қарай нақты өлшемдер болуға тиіс.

Осыған орай, мұғалім оқу мәтінін бейімдеу кезінде:

- 1) оқушының қызығушылығын оятатын, танымдық қабілеттерін арттыратын мәтіндер таңдау немесе әсерлі оқиғалар желісімен мәтін құрастыру;
- 2) мәтіннің түпнұсқасының мазмұнынан ауытқымау;
- 3) тақырыпқа қатысты лексика-грамматикалық минимумның бірнеше рет қайталануын қамтамасыз ету;
- 4) оқушының сөздік қорын ескеру;
- 5) оқу мазмұнына сәйкес грамматикалық формаларды қамту;
- 6) ауыспалы, көп мағыналы сөздерді, сол сияқты тұрақты сөз тіркестерін қолданбау;
- 7) сөздердің орын тәртібін қатаң сақтау талаптарын ескеруі керек.

Бір педагог – бір тіл қағидаты басшылыққа алынады, яғни тілдік ортаға енгізу сыныбында жұмыс істейтін педагог орыс тілін білсе де, балалармен тек қазақ тілінде сөйлеседі. Педагог балаларға материалды орыс тіліне аудармайды, өйткені балалар аудармаға арқа сүйеіп кетуі мүмкін. Бала педагогтің тіл қолданысына еліктейтін болады. Сондықтан да педагог эмоционалды болып, тілді үйретуде шығармашылық танытуы керек.

Мұғалімнің қолдауы (скаффолдинг) оқушының жалпы түсінігі мен ұғымы болған кезде айтарлықтай көмектесетін әдіс-тәсілдер арқылы оқу үдерісіне тартады, ынталандырады, қызығушылығын арттырады әрі сыни ойлау дағдысын дамытуға әсер етеді. Скаффолдинг дегеніміз – ересектердің бала дамуының жақын аймағын құратын іс-әрекеттері Скаффолдинг оқушының өздері істей алатын іс-әрекеттерінен артық іс-әрекеттерді істеуге көмектеседі [50].

Мұғалім ресурстар әзірлеу, оқушының деңгейіне сәйкес келетін тапсырмалар беру, мысалдар, үлгілер, нұсқаулар беру арқылы оқушыға қолдау көрсетуі керек.

Мұғалім күнделікті қолданған көрнекі құралдарды сынып қабырғасына іліп, «сөйлейтін қабырға» ұйымдастыру арқылы оқушыларға қолдау көрсете алады. Онда өткен материалды бекіту үшін сыныптың қабырғаларына сабақта қолданылған жеке парақшалар, постерлер, плакаттар мен түрлі көрнекі құралдар қолдану ұсынылады.

Мұғалім баланы тілді үйренуге мәжбүрлемей, үнемі үлгі көрсете отырып, ынталандыру керек. Мұғалімнің қазақ тілінде анық және баяу сөйлеп дағдыланғаны дұрыс. Қысқа, нақты жай сөйлемдер қолданылады. Оқушының жай ғана қайталап айтып көруін өтінеді. Тапсырма бергенде міндетті түрде (ауызша және жазбаша) тапсырманың орындалу үлгісін көрсеткен абзал. Ескерте кететін жағдай, жаңа сөзді меңгертуде әрі жалпы оқу мақсаттарын жүзеге асыру барысында жергілікті аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, әр мұғалім сабақты күрделендіріп немесе неғұрлым жеңілдетіп өткізуіне болады.

Мұғалім үнемі оқу материалдарын бейімдеп, қысқа сөйлемдер мен жиі қолданылатын сөздерді басшылыққа алуы керек, тапсырманың үлгісін бергенде

оқушының жас ерекшелігі, көңіл күйі, тілді игеру қабілеті, сөздік қорының дамуы мен қандай мақсатта жұмыс ұйымдастырылғаны ескеріледі.

Оқушының психологиялық қауіпсіздігі ескеріліп отырылуы керек. «Тілдік қатынастың психологиялық негізі – тілді оқыту барысында оқушының сана-сезіміне әсер етіп, пәнге деген оң көзқарасын, қызығушылығын арттыру өте маңызды.

Психологтардың ойынша, тіл дамыту әрекетінің барлық сатысында баланың тіл үйренуде қазақ тілінде сөйлесуге жасқанбауына мүмкіндік жасау – өті тиімді стратегия. Балалар сөйлеу тілінде қателіктер жіберсе, сөйлем мағынасы түсінікті болса, жіберілген қатесін түзетпегуге болады. Ең бастысы, бала тілді түсінсе болды, одан кейін біртіндеп сөйлейтін болады. Оқушының айтқан әрбір сөйлемін қате деп түзете берсе, оның бойында қателесу үрейі туындайды да, баланың сөйлегісі келмей қалады. Мұндай қателер күнделікті тіл дамыту арқылы біртіндеп түзетіледі. Ал жазылым дағдысын қалыптастыру кезінде қатені түзету – қалыпты құбылыс, әрі тілді дұрыс меңгеруге көмектеседі. Ең бастысы – баланың қазақша сөйлей алатынына деген сенімін ояту.

Төмендегі кестеде қолданыстағы оқу бағдарламасының кемшіліктері көрсетілген (2.1-кесте).

2.1-кесте – Бағдарламаның кемшіліктері мен жетілдіру бойынша ұсыныстар

Бағдарламаның кемшін тұстары	Берілген ұсыныстар
1-4 сыныптар	
3-сынып 1. Оқу мақсаты: 3.5.1.5 үлгі бойынша сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтап жай сөйлем және мұғалімнің қолдауымен құрмалас сөйлем құрастыру	Оқушының жас ерекшелігіне қарай қайта қарастыру.
4 -сынып 2. Оқу мақсаты: 4.3.3.1 мәтіннің жанрын (мақал-мәтелдер, бата, аңыз, мысал, өсиет әңгімелердің) жанрлық ерекшеліктерін және көмекші сөздердің қолдауымен пайымдау мәтінін анықтау	Оқушының жас ерекшелігіне қарай қайта қарастыру.
4.3.3.1 мәтіннің жанрын (мақал-мәтелдер, бата, аңыз, мысал, өсиет әңгімелердің) жанрлық ерекшеліктерін айыра білу және көмекші сөздер арқылы пайымдау мәтінін анықтау	Оқушының жас ерекшелігіне қарай қайта қарастыру.
5-сынып 1. М.Мақатаев «Тоқта, ботам!» өлеңі М. Мақатаевтың бұл өлеңі 5-сыныпта оқиты орыс тілді оқушылар үшін қиын. Себебі өлеңдегі астарлы мағынаны оқушылар түсінбейді, дүниетанымына сәйкес келмейді.	Бұл шығарманың орнына дастарқан басында, түрлі мерекелерде берілетін қысқа әрі жеңіл бата түрлерін беру. Өйткені бата беру дәстүрі де қазақ халқына тән дәстүрлерде жиі көрініс табады.

2.Ежелгі көшпелілер мәдениеті Көшпелі және көшпенді сөздері 2013 жылғы «Орфографиялық сөздікте» қатар қолданылады. Алайда «көшпенді» сөзі халық арасында кеңінен қолданылады деп санаймыз.	Ақселеу Сейдімбек еңбектерінде «көшпенді» сөзіндегі -нды-інді жұрнақтары жағымсыз мағынада қолданылатын сөздерде кездесетінін сөз етеді. Мысалы, жуынды, тастанды және т.б. Бірақ «көшпенді» нұсқасының қолдану.
3.Тұмар ханшайым туралы аңыз	Тұмар (Томирис) патшайым ба әлде ханшайым ба? Оның титулын нақты анықтауды ғалымдардан сұрау.
4. Қ. Сарин «Тәуелсіздік» өлеңі	Орыс тілді оқушылардың танымына қиындау. Шығармада оқушылар мән-мағынасын түсіне бермейтін бейнелі сөздер кеңінен қолданылады. Бұл өлеңнің орнына Серік Сейтманның «Тәуелсіздік» өлеңін беру.
5. Ғ. Мүсірепов «Қазақ солдаты» романы (үзінді)	Александр Бектің «Волоколамск тас жолы» шығармасын беру. Мақсат: Бауыржан Момышұлының әлемдік деңгейдегі тұлға екенін таныту.
6-сынып 1. «Менің туған өлкем өлеңдер мен прозада» бөлім атауы	Осы бөлім мен 14-бөлім тақырыбы «Өлкені сипаттау өнері» бір тектес болғандықтан өзгерту.
2. Ә. Ысқақ «Күн ұлымын» шығармасы	Қалқаман Сарин «Астанам! Ару қалам...» беру.
3. А.Машанов «Жер астына саяхат» шығармасы	Бөлім тақырыбына байланысты Ақжан Машановтың берілген шығармасынан үзіндіні қолдануға болады. Бірақ автор туралы қосымша ақпарат беру.
4.Ш. Айтматов «Ана - Жер Ана» шығармасы	Толымбек Әбдірайым / жазушы – балаларға арналған шағын әңгімелер авторы/ «Қайыңның көз жасы» шығармасын ұсыну.
5.Өлкені сипаттау өнері	Бұл бөлім Мағжан Жұмабаевтың «Түркістан» өлеңін оқытудан бастау.
7- сынып 1. М. Жұмабаев «Қазақ тілі» өлеңі	Тұманбай Молдағалиев «Үйретеді кім оған ана тілін» өлеңін ұсыну.
2. «Уақыт – ұлы күш» бөлімдегі Абай Құнанбаев «Сағаттың шықылдағы емес ермек» өлеңнің өлең жолдарын оқушыларға ұғыну қиынырақ	Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңін ұсыну.
3. Оқу мақсаты: 7.5.1.2 салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, жазба, ауызша жұмыстарда қолдану	Сын есім (толық берілсе)
4. Д. Дефо «Робинзон Крузо» романы (үзінді)	Айтуар Өтегенов О, Жер-Ана! шығармасын немесе Тұманбай Молдағалиевтің «Үйретеді кім оған ана тілін» ұсынуға болады ұсыну.
5.Б. Ұзақов «Жантаза» тақырыпты ашпайды. Бөлім тақырыбымен сәйкес емес.	Себебі: Бөлім «Жердегі климаттық өзгерістер» тақырыбы болғандықтан қазақ ақын-жазушыларының шығармалары да болғаны жөн. М.Шаханов «Отырар» дастаны, М.Жұмабаев «Түркістан» өлеңі

	Дүкенбай Досжанов «Жібек жолы» шығарамасын ұсыну.
6. Туған өлке публицистика беттерінде	Бұл бөлімді Сырбай Мәуленовтің «Менің республикам» бастау
7.13-бөлімде «Менің туған өлкем»	Электрондық энциклопедиясы ретінде тағы дақайталанған.
8.Т.Нұрмағанбетов «Он төрт жасар жігіт»	Қажымұқан Мұңайтпасов, Балуан Шолақ өмір жолдарынан шығарма ұсыну.
9.Ақан сері «Жігіт сипаты», «Қыз сипаты»	Қ.Қазыбек, Марат Омаровтың «Қыз сыны» әні. Оқушылар ұға алатындай шығарма (Қызықты шығарма табылса ғана ауыстыруды ұсынамыз).
10. Жюль Верн «Әлемді сексен күн ішінде шарлау» романы (үзінді)	Қызықты шығарма табылса ғана ауыстыру
11. Ғ.Мұстафин «Шығанақ» романы (үзінді)	Өтебай Тұрымжанов «Алып кетпен» аңыз поэмасынан үзінді беру. Өйткені бұл шығармада егіншілік пен төрт түлік мал тақырыбы қозғалады.
12. Жастықтың оты қайдасың? Жастықтың оты қайдасың?» атты бөлім тақырыбы 7-сынып оқушылары үшін сәйкес емес.	Бөлім тақырыбы оқушылардың жас ерекшеліген сәйкес емес. Басқа сыныпқа ауыстыру.
13. А. Нұршайықов «Аңыз бен ақиқат» (үзінді) (Б.Момышұлы туралы)	Рахымжан Қошқарбаев «Рейхстагқа алғаш ту тіккен» немесе Ж.Молдағалиев «Қырық бірінші жылдың күзі» шығармаларын ұсыну.
8-сынып 1. Оқу мақсаты: 8.5.1.1 болжалдық сан есімдерді жазба, ауызша жұмыс	8.5.1.1 Зат есімдер мен көмекші есімдерге жалғанған жалғаулардың қызметі
2. Ш.Айтматов «Кассандра таңбасы» шығармасы	М.Шахановтың шығармаларымен ауыстыру
3. Т. Айбергенов «Бір тойым бар» өлеңі	Бөлімге сәйкес келмейді. Басқа шығармамен ауыстыру.
4. Оқу мақсаты: 8.5.1.3 етістіктің шартты рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.3 Заттанған сан есімге жалғанған жалғаулардың қызметі.
5. Оқу мақсаты: 8.5.1.4 етістіктің бұйрық рай қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	8.5.1.4 Заттанған есімшеге жалғанған жалғаулардың қызметі
6.Ә. Нұрпейісов «Қан мен тер» шығармасы	Басқа тақырып
7.Т.Әлімқұлов «Қараой» әңгімесі	Махамбеттің өлеңі болса
8. Ринат Заитов пен Аманғазы Кәріпжанов айтысы	Манап Көкенов пен Әсімхан Қосбасаровтың айтысын беру. Қазақтың айтыс өнерінде өте танымал тұлғалар. Айтыстың мазмұны аймақтардың жетістіктері мен кемшіліктерін айтады. Айтыстың мазмұны терең.
9-сынып 1. Оқу мақсаты: 9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу	қайта қарастыру

2. Оқу мақсаты: 9.4.4.1 тақырып бойынша түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу	қайта қарастыру
3. Оқу мақсаты: 9.5.1.1 өздік етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	қайта қарастыру
4. Оқу мақсаты: 9.3.2.1 ғылыми стильде (пікір, мақала) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтап, талдау жасау	қайта қарастыру
5. Оқу мақсаты: 9.5.1.1 өзгелік етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.1 Етістіктің шақ+ жақ формаларының мәтіндегі қызметі
6. Оқу мақсаты: 9.1.3.1 әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну	қайта қарастыру
7. Оқу мақсаты: 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, аннотация жазу	9.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау
8. Оқу мақсаты: 9.5.1.1.ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.4 Көсемшелі етістіктегі жалғаулардың қызметі
9. Оқу мақсаты: 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, аннотация жазу	қайта қарастыру
10. Оқу мақсаты: 9.5.1.1.ырықсыз етістің қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1.4 Көсемшелі етістіктегі жалғаулардың қызметі
11. Оқу мақсаты: 9.3.4.1 мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін салыстырып, талдау жасау	9.1.5.1 Мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау
12. Оқу мақсаты: 9.4.1.1 мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, аннотация жазу	9.1.5.1 мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау
13. Оқу мақсаты: 9.4.2.1 эссе құрылымы мен дамуын сақтап, мәселе бойынша ұсынылған шешімнің артықшылығы мен кемшілік тұстарын салыстыра отырып, өз ойын дәлелдеп жазу	9.5.1.3 Тұйық райлы етістіктегі жалғаулардың қызметі
14. Оқу мақсаты: 9.5.1.2 мекен үстеулерді ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану	9.5.1. 6. Мекен, мезгіл, мөлшер, сын-қимыл (бейне), мақсат және себеп-салдар үстеулерін ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану.
15. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні – Тәуелсіз Қазақстанның айбынды мейрамы.	Тақырыпты қысқартып беру. Айбынды мереке дейтіндей әскери мереке емес.
16. М.Ыбыраевтың «Елбасыма» өлеңі	Н.Айтұлының «Бәйтерек» поэмасынан үзіндіні (IX бөлім) енгізсек немесе бөлімді «Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күні» тақырыбына өзгерту, көркем шығарма

	ретінде Т.Медетбектің «Тәуелсізбін», Қ.Сарин «Тәуелсіздік», А.Елгезек «Зандылық» өлеңдерінің біреуін ұсынуға болады немесе Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабын ұсыналық. Бұл авторға көпшілік наразы.
10-11-сыныптар	
10-сынып 1.Оқу мақсаты: 10.3.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау	10.3.2.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала) құрылымы бойынша сөйлесім әрекетін іске асыру
2.Оқу мақсаты: 10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау	10.3.1.1 мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факті мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау арқылы сөйлесім әрекетін іске асыру.
3.Оқу мақсаты: 10.1.4.1 прозалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқынд	10.1.4.1 драмалық шығарманы тыңдау, шығармада көтерілген жалпыадамзаттық мәселені айқындау арқылы қоршаған ортадағы мәселелер бойынша айту
4.Оқу мақсаты: 10.3.4.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, интервью) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау	10.3.4.1 ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (эссе) бойынша тілдесім әрекетін жүзеге асыру. жасау
5. Ыбырай Алтынсарин «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі	Тақырып төменгі сынып оқушыларына келеді.
6.Думан Рамазан «Соңғы дем» әңгімесі, Қайнар Олжай «Жер мен аспан арасындағы дастан» кітабы	Бір бөлімде 2 шығарма оқушыларға ауыр болады, біреуін ғана қалдыру
11-сынып 1. Ерболат Әбікенұлы «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі	С.Торайғыров «Бір адамға» өлеңі немесе «Кім жазықты» поэмасымен алмастыру. Себебі: бөлім тақырыптан «қазіргі» деген сөзді алып тастасақ, саяси астарын төмендетеді және барлық қоғамда орын алатын әлеуметтік теңсіздікті білдіреді. Аталған шығармалары қоғамда орын алатын әлеуметтік теңсіздікті атап көрсетеді. Тақырыпқа тікелей қатысы бар. Оқушы көркем шығарма ретінде қабылдайды.
2. Гауһар Сейітжан «Қара алтыны халқымның ...»	Медеу Сәрсек «Қаныш Сатпаев» роман-эссесін ұсыну
3.Ілияс Жансүгіров «Күй» поэмасы	Ахмет Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегімен ауыстыру
4. Қоғамдағы жұмыссыздық мәселесі	Қазіргі заманның жаһандық мәселелері
5.Дүкенбай Досжан «Төрт патшаны көрген кейуана» хикаяты	Төлен Әбдік. «Парасат майданы» хикаятымен ауыстыру.Т.Әбдіктің шығармасы тақырыпқа тікелей қатысты. Стилі және тілі жатық, оқырман жақсы қабылдайды.

6. Сәкен Сейфуллин «Көкшетау» поэмасы	Ш.Уәлиханов «Жоңғария очерктері» еңбегін ұсыну
7.Сайын Мұратбеков «Тел өскен ұл» шығарамасы	М. Мағауин «Бір атаның балалары» шығарамасын ұсыну
8.Несіпбек Айтұлы «Бәйтерек» поэмасы	Т.Медетбек. «Тәуелсіздік» өлеңі тақырыпқа сай. Ғ.Мүсіреповтің «Жапон балладасы» шығармасын ұсыну

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының артықшылықтары:

Қазіргі кезде табысты тұлға тәрбиелеу үшін білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет. «XXI ғасыр дағдысын» меңгерген, құзыретті тұлға қалыптастыру – жаңартылған білім беру мазмұнының негізгі басымдықтары.

Жаңартылған білім беру мазмұнының оқу мақсаттары пәндік мазмұн мен құрылымға негізделген. Білім алушылардың еркін оқуына және жазуына, мәдени, эмоциялық, зияткерлік, әлеуметтік және рухани жағынан дамуына мүмкіндік береді. Әлем әдебиеті мен ұлттық әдебиетті салыстырып, саралай алатын, қазақ әдебиетінің рухани мол мұрасын қадірлейтін, бойына сіңіретін, сыни тұрғыдан ойлайтын, туындаған мәселені шеше білетін, ізденгіш, бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға қалыптастырады.

1) «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға негізделген. Оқушыларды креативті ойлауға бағыттайды.

2) «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: «түсіну және жауап беру», «анализ және интерпретация», «бағалау және салыстыру», сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады.

3) «Алған білімін күнделікті өмірде қолданып, дұрыс шешім жасай білуге үйрету» міндетінің берілуі функционалдық сауаттылықты қалыптастырумен тікелей байланысты.

4) Көркем шығармаларды толық талдау арқылы білім алушыларда кең ауқымды дағдылар қалыптасады:

- өз көзқарасын дәлелдеу үшін шығарма үзінділерін орынды қолдану;
- шығармадан алған әсерін сипаттап жазу, оқиға желісін өз көзқарасы тұрғысынан дамытып жазу, үзінділерді қайта өңдеп, креативті жазу;
- кейіпкерлерді, эпизодтарды салыстыру және талдау;
- эпизодтар, кейіпкерлер, олардың іс-әрекеті, портреттік мінездемелер арқылы және басқа туындылармен, әлем әдебиетінің үлгілерімен салыстыру арқылы шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын бағалау.

5) «Әдебиет теориясы мен әдебиет сынының» ғылыми теориялық негіздерін бағдарламадағы оқу мақсаттары арқылы іске асыру көзделген.

6) Дағдылар мен оқу мақсаттары «Блум таксономиясы» негізінде жіктелген.

7) Теориялық материалдар оқушының қазақ әдебиеті туралы ұғымдарын кеңейтуге, әдебиет туралы дүниетанымын қалыптастыруға және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді.

8) Білімді өздігінен игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекетінің ұйымдастырылуына басымдық берілген.

Көркем туындыларды оқыту оның құрылымдық жүйесін, мазмұны мен пішінін талдаудан, сөз мағынасын танудан басталады. Көркем шығарма мазмұны мен пішіні, әдеби шығарманың тұжырымдамасы, көркем шығармадағы образ, шығарма үзінділерімен жұмыс, әдеби шығарманың композициясы, автор бейнесі, көркем шығарманың тілі, шығармашылық жұмыс, тарихи және көркемдік құндылығы, заманауилығы мен жаңашылдығы, әдеби эссе, әдеби сын оқу мақсаттары – әдебиетті оқытудағы әлемдік стандарт. Жаһандану дәуірінде Қазақстан оқушыларының да әлемдік білім беру талаптарына сай болуы және олардың білім деңгейі өзге елдің балаларынан кем түспеуі маңызды. Әдеби эссе, әдеби сын оқу мақсаттары – заман талабынан туған қажеттілік. Оқушы жай ғана оқырман емес, сыни оқырман болуы керек.

9) Пәннің оқу бағдарламасы «шиыршық» қағидаты негізінде әзірленген, яғни оқу мақсаттары келесі сыныптарда тереңірек, күрделірек деңгейде қайта қарастырылады.

10) Классикалық туындылармен қатар заманауи шығармалар енгізілген.

«Қазақ әдебиеті» пәні Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында міндетті оқу пәні ретінде айқындалып, «Тіл және әдебиет» білім саласына енеді.

Қолданыстағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұнын жаңартуда Қазақстанның тәуелсіздік жылдары қабылданған мемлекеттік маңызға ие, идеологиялық мәні бар «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры», «Тәуелсіздік бәрінен қымбат», «Елдіктің жеті тұғыры» бағдарламалық мақалаларының идеялары басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының «Патриотизм құндылықтарын дәріптеу» бөлімінде айтылғандай, өскелең ұрпақтың тәрбие процесі өз біліміне, салауатты өмір салты мен кәсіби жетістіктеріне, өзінің жеріне, ауылына, қаласына, өңіріне, атажұртына, мәдениеті мен тіліне деген сүйіспеншілікке баса назар аудара отырып, өмірге салиқалы көзқарас сияқты элементтерді қамтитын болады.

Адалдық, мейірімділік, әділдік, өзін-өзі дамыту сияқты дәстүрлі жалпыадамзаттық құндылықтар қазақстандық жастарда басым болуы тиіс [1].

3 «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдіснамалық негіздері

«Қазақ тілі» пәні бойынша

Оқу пәнінің мазмұнын жетілдірудегі заманауи тенденциялар мен трендтер, Қазақстандық білім беру саясатындағы басымдықтар мен міндеттер, заманауи білім беру парадигмасы қағидаттары

Бастауыш білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» пәні бойынша

Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

3. «Қазақ тілі» пәнін оқыту міндеттері:

1) тіл білімі бойынша бастапқы теориялық түсініктер беру;

2) сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;

3) білім алушылардың сөздік қорын толықтыру және сөздің грамматикалық құрылысын меңгерте отырып, тілін дамыту және жетілдіру;

4) тілдің қоғамдық мәнін түсінуге, қарым-қатынас жасау салалары мен түрлі жағдаяттарда өз ойларын сауатты және мәдениетті түрде жеткізе білуге дағдыландыру;

5) түрлі мәтіндер негізінде білім алушыларға адамдардың өзара түсінісуі, сыйластық, құрмет сезімдері, адамгершілік қасиеттері, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарай білуі сияқты ізгі қасиеттерді қалыптастыру;

6) түрлі қарым-қатынас жағдаяттарында сөйлеу этикетін қолдану;

7) ауызша және жазбаша сөйлеу нормалары мен тіл мәдениеті негіздерін меңгерту;

8) қарым-қатынас жасаудың түрлерін мақсатты түрде қолдануға, ойын жинақтауға, ауызша немесе жазбаша мәтіндерге сүйене отырып, өзіндік пайымдау жасауға үйрету.

«Қазақ тілі» пәні ҚР БҒМ 2018 жылғы 10 мамырдағы №199 бұйрығымен бекітілген (12-қосымша) «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

Бастауыш білім беру деңгейінің 2-4 сыныптарға арналған «Қазақ тілі» оқу пәнінің мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

Оқу жүктемесінің көлемі:

2-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 136 сағатты;

3-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 136 сағатты;

4-сыныпта – аптасына 4 сағаттан, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі – білім алушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарына басымдық беру.

Пән бойынша 2-4-сыныптардағы жазба жұмыстарының көлемі 1-кестеде көрсетілген.

1 - кесте. «Қазақ тілі» пәні бойынша жазба жұмыстарының түрлері және көлемі

Жазба жұмыстарының түрлері	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Сөздік диктант	5-7 сөз	9-12 сөз	12-15 сөз
Диктант	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз
Көшіру	25-30 сөз	35-50 сөз	55-70 сөз
Мазмұндама	40-60 сөз	60-80 сөз	80-100 сөз
Шығарма	25-35 сөз	35-55 сөз	55-70 сөз

«Қазақ тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: сөйлеудің адам өміріндегі маңызы мен қажеттілігі; ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсінік; дауыс күші, сазы – ауызекі сөйлеудің мәнерлеуші құралдары; ауызекі сөйлеу кезіндегі қимыл мен ым-ишара; диалог; монолог;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттарға байланысты сұхбаттасын тыңдау, сөйлеу мәдениетін сақтау; амандасу жағдаятында қолданылатын сөздер; амандасу, өтініш білдіру, алғыс айту жағдаятын құрастыру;

3) фонетика: У дыбысы; сөз ішінде у дыбысының бірде дауысты, бірде дауыссыз болып келуі; У әрпінің емлесі: дауыссыз дыбыстан кейін келген у әрпінің алдында ү, ұ дыбыстары естілгенімен, жазылғанда олардың орнына у-дың өзі ғана жазылатыны, дауысты ы, і әріптеріне аяқталған сөздерге у әрпі қосылғанда, ы, і әріптерінің түсіп қалатыны; И дыбысы. И – дауысты, й – дауыссыз дыбыс екені. И – дыбысының бірде жуан, бірде жіңішке болатыны; И, й әріптерінің емлесі; Я, ю әріптерінің жазылуы; дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетіні; Б, п дыбыстары; Б және п әріптерінің емлесі; Қ, ғ және к, г дыбыстары; Қ, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауысты ы, і дыбыстары жалғанса, олардың ғ, г дыбыстарына айналуы; Л, р дыбыстары. Л, р әріптерінің емлесі. Н, ң дыбыстары; олардың бір-бірінен айырмашылығы және емлесі; сөздерді, дыбыстарды орфоэпиялық нормаларға сәйкес дұрыс айту: бүгін – бүгүн, түгін – түтүн, көсек – көсеу);

4) мәтін, мәтін туралы түсінік: жеке сөйлемдерден мәтіннің өзгешелігі; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтінге, сюжетті суреттерге ат қою; тақырып (мәтіннің аты), тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау; тыңдаған мәтін бойынша түсінбеген сөздерін белгілеу; тыңдаған мәтін мазмұны бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру; тыңдалған материалға өз пікірін білдіру; оқыған мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру және жауап беру; берілген тірек сөздерді қолданып ауызша әңгіме құрау;

5) мәтіннің құрылымы (басы, ортасы (негізгі), соңы (қорытынды) туралы ұғым: негізгі ойды беру формасы сөйлем; мәтіндегі азат жолдың рөлі; мәтіндегі сөйлемдердің байланысы; дұрыс құрылмаған мәтінді қайта құру;

6) мәтін түрлері: әңгімелеу, сипаттау, пайымдау: заттар мен құбылыстар туралы әңгімелеу, сипаттап айту; мәтіннің тақырыбы және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

7) сөйлем: сөйлем туралы түсінік; сөйлемнің мәтіннен өзгешелігі; тұтас мәтінді сөйлемдерге бөлу, сөйлемдердің ара жігін ажырату; айтылу мақсатына қарай сөйлем түрлері: хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем; сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер (нүкте, сұрау, леп белгісі);

8) сөйлемдегі сөздердің байланысы: сұрақ қою арқылы сөйлемнің ішінен бір-бірімен байланысып тұрған сөздерді табу; сөздердің орналасу тәртібін ескере отырып, сөздерден сөйлем құрау; сұрақ бойынша сөйлемді толықтырып жазу; үлгі, сызба, суреттер бойынша сөйлем құрап жазу; дұрыс құрылмаған сөйлемді түзеп, қайта жазу;

9) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы түсінік; мәтіндегі синоним, антоним, омоним сөздердің мағыналарын ажырата білу; берілген тақырып, сұрақ бойынша қажетті ақпараттарды іріктеп алу үшін дереккөздерді (сөздік, анықтамалық, энциклопедия) қолдана білу;

10) сөз құрамы: сөздің түбірі мен қосымшасы туралы алғашқы түсінік; түбір мен қосымшаның бір-бірінен айырмашылығы; қосымша түрлері: жұрнақ пен жалғау, олардың белгіленуі;

11) сөз таптары: заттың атын, сынын, қимылын білдіретін сөздер туралы түсінікті қайталау; сөз табы туралы түсінік; зат есім, оның мағынасы, сұрақтары; жалқы есім және жалпы есім; жалқы есімнің жазылу емлесі; зат есімнің жекеше және көпше түрлері; зат есімнің көпше түрін сөз құрамына талдау, көптік жалғаулары, оларды дұрыс қолдану; етістік, оның анықтамасы, сұрақтары; дара және күрделі етістіктер; сын есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сын есіммен зат есімнің байланысы; дара және күрделі сын есімдер; сан есім және оның анықтамасы, сұрақтары; сан есімнің зат есіммен байланысып айтылуы; дара және күрделі сан есімдер;

12) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдарға байланысты сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұндама жазу; тірек сөздерді, суреттерді пайдаланып постер құрастыру; жеке сурет немесе сюжетті суреттер негізінде шағын сипаттау, әңгімелеу мәтіндерін құрап жазу; үлгі бойынша қарапайым хабарландыру, хабарлама және нұсқаулық жазу; құраған мәтінінде жіберілген қателерді (орфографиялық, пунктуациялық, әріптік) мұғалімнің көмегімен тауып түзету; дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп, қайта жазу; жазба жұмыстарын каллиграфиялық талаптарға сай жазу;

13) жыл бойы өткенді қайталау.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу ерекшеліктері;

2) сөйлеу мәдениеті: түрлі жағдаяттағы қатысымдық әрекеттерде өз сөзін жүйелі түрде жоспарлап, тілдік нормаларды сақтап сөйлеу; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, қаратпа сөздерді қолдана отырып, тыңдарманның назарын аудару; өзгенің пікіріне өз көзқарасын білдіруде тілдік және этикалық нормаларды сақтау;

3) мәтін: мәтін туралы 2-сыныпта өтілгенді қайталау; көмекші сөздердің көмегімен әңгімелеу, сипаттау, пайымдау мәтін түрлерін және құрылымдық бөліктерін анықтау; мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау; мәтін мазмұны бойынша пікір білдіруге бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерге салыстырмалы талдау; ұқсас тақырыпта берілген мәтін түрлерін, стилін салыстыру;

4) тыңдалған мәтін бойынша тірек сөздерді белгілеу; ашық және жабық сұрақтарға жауап беру; берілген тақырып пен суреттер, фото, диаграмма бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; берілген мәтіннің тақырыбы мен тірек сөздерді, жоспарды пайдаланып ауызша әңгіме құрау;

5) қаратпа сөз, оның тыныс белгісі; қыстырма сөз, оның тыныс белгісі;

6) фонетика: дыбыс туралы 2-сыныпта өткенді қайталау; Э, е, ф, в, ц, ч, ш, щ дыбыстарының ерекшеліктерін меңгерту; бұл дыбыстарды дұрыс айтып, сауатты жазуға дағдылану; В, ф дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктерін салыстыру; Ч, щ дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктері; Х, һ дыбыстары, олардың айтылу ерекшеліктері; Х, һ дыбыстарына қатысты сөздердің емлесі; сөз ішінде қатар тұрған дауыссыз дыбыстардың өзара үндесуін сақтап айту (сенбі – сембі, Жангүл – Жаңгүл);

7) сөз және оның мағынасы: сөз және оның мағынасы туралы берілген білімді еске түсіру; сөз мағыналарымен жұмыс: сөз өзінің тура мағынасынан басқа ауыспалы мағынада қолданылатынын және бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалатынын байқау; мәндес және қарама-қарсы мағыналы сөздер; тура және ауыспалы мағыналы сөздердің мағынасын мәнмәтінде түсіну, сөйлеу барысында пайдалану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, карта) берілген тақырып, сұрақ бойынша алған ақпараттарда кездесетін жаңа сөздердің мағынасын сөздіктер арқылы ашу, жүйелеу, мағлұматтардың маңызды тұстарын анықтау;

8) сөз құрамы: сөз құрамы жайында 2-сыныпта өтілген ұғымдарды қайталау; түбір сөз және туынды сөз; туынды сөз жасайтын жұрнақтар; түбірлес сөздер; қосымшалардың емлесі: буын үндестігін сақтау, қосымша жалғанғанда кейбір сөздердің соңғы дыбысының өзгеруі немесе түсіп қалуы туралы түсінік;

9) сөйлем: сөйлем туралы 2-сыныпта берілген білімді қайталау; сөйлем мүшелері; тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер; бастауыш пен баяндауыштың байланысы; бастауыш пен баяндауыштың арасына қойылатын сызықша; жалаң және жайылма сөйлем; үлгі сызба, сұрақ бойынша сөйлем құрау;

10) сөз таптары: сөз таптары туралы берілген ұғымды қайталау; зат есім туралы 2-сыныпта өтілген материалды еске түсіру; негізгі және туынды зат есім; туынды зат есім жасайтын жұрнақтар; зат есімнің тәуелденуі; тәуелдік жалғау, оның жекеше және көпше түрлері; тәуелдік жалғаудың емлесі; етістік туралы берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды етістік, болымды және болымсыз етістік; сөз таптары; сын есім жайында берілген білімді еске түсіру, негізгі және туынды сын есімдер; салыстырмалы шырай жұрнақтарымен таныстыру; сан есім туралы берілген білімді еске түсіру; есептік және реттік сан есімдер;

11) шығармашылық жұмыс: жоспар немесе сызба негізінде тірек сөздерді қолданып әңгімелеу, салыстыра сипаттау және көмекші сөздерді қолданып пайымдау мәтіндерін құрап жазу; оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама жазу; сызба, график, кесте, фотосуреттер қолданып мәтін (хат, шақыру, нұсқаулық, презентация) құрастырып жазу; өзіндік іс-әрекеті баяндалған күнделік, өмірбаян жазу; жіберілген қателерді (пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) тауып, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тіл және сөйлеу: ауызекі және жазба тілде сөйлеу туралы түсініктерін кеңейту; тірек сөздер мен жоспарды пайдаланып монолог құрау;

2) сөйлеу мәдениеті: сөйлеу мақсаты мен ортасына сәйкес белгілі бір тақырып аясында диалог құру; сұхбаттасының жасын, жай-күйін ескере отырып, сезімі мен көңіл күйіне әсерін ескеру; интонацияны, вербалды емес тілдік құралдарды (қимыл мен ым-ишара, және қыстырма, одағай сөздерді қолдана отырып, тақырыпқа тыңдарманды қызықтыру;

3) фонетика: буын үндестігі туралы ұғым қалыптастыру: дауысты дыбыстардың сөз ішінде жуан-жіңішкелігіне қарай үндесіп айтылуы және жазылуы; дыбыс үндестігі туралы түсінік; сөзге қосымшалар жалғауда дыбыс үндестігін ескеріп қолдану: түбірдің соңғы дыбысы қатаң болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы қатаң болып келетіні, түбірдің соңғы дыбысы ұяң немесе үнді болса, оған жалғанатын қосымшаның бірінші дыбысы да ұяң не үнді болып сәйкестенуі, дауысты дыбыстың әсерінен түбірдің соңындағы қатаң дыбыстың ұяң не үнді болып өзгеруі;

4) мәтін: мәтін түрлері (әңгімелеу, сипаттау, пайымдау) туралы берілген ұғымды кеңейту; мәтіннің құрылымын талдау; мәтіннің тақырыбы мен мазмұнының өзара сәйкестігін анықтау және ондағы негізгі ойды тұжырымдау; пайымдаудың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін (түсіндіру, дәлелдеу, қорытынды) анықтау; мәтін мазмұны бойынша шешім табуға бағытталған сұрақтар құрастыру және жауап беру; мәтіндерді салыстырмалы талдау: бір тақырыпта түрлі жанрда берілген мәтіндерді салыстыру;

5) тыңдалған материал бойынша негізгі тұсын түртіп алу және солардың негізінде мәтіннің мазмұнын айту; берілген мәтіннің тақырыбы мен диаграмма, сызба, кесте бойынша мәтіннің мазмұнын болжау және өз ойын дәлелдеу; аудио-бейне жазба мазмұнын өзіндік бағалау;

6) сөз тіркесі, сөйлем: сөйлемге қатысты өтілгенді қайталау; сөйлемдегі сөз тіркестерін табу; сөйлемнің бірыңғай мүшелері және олардың тыныс белгісі; жай және құрмалас сөйлем; құрмалас сөйлемді сызба бойынша құрау; құрмалас сөйлемнің тыныс белгісі;

7) диалогте қолданылатын тыныс белгілер;

8) күрделі сөз туралы жалпы түсінік: біріккен сөз; біріккен сөздің жасалуы және оның жиі кездесетін түрлері; қос сөз және олардың жасалуы; қос сөздердің

мәні және емлесі; қысқарған сөз; қысқарған сөздердің жасалуы және олардың емлесі; бірігу, қосарлану, тіркесу жолымен туынды сөздер жасау;

9) сөз және оның мағынасы: тұрақты сөз тіркестері туралы түсінік беру; мәнмәтінде тұрақты сөз тіркестері мен көпмағыналы сөздерді ажырата білу, мағынасын түсіну, сөйлеу барысында қолдану; түрлі дереккөздерден (мәтін, сөздік, сызба, кесте, диаграмма) берілген тақырыпты, қажетті ақпараттарды табу, кездескен жаңа сөздердің мағынасын мәнмәтін бойынша анықтап, ақпаратты қорытындылау, бағалау;

10) сөз таптары: зат есім туралы өтілгенді қайталау, зат есімнің септелуі; септік жалғауының аттары мен септелуі; септік жалғауының емлесі; тәуелденген сөздердің септелуі; көптік жалғаулы сөздердің септелуі; зат есімнің жіктелуі; жіктік жалғаулары, олардың жекеше, көпше түрлері; етістік, туралы өтілгенді қайталау; етістік, оның жіктелуі; жекеше және көпше жіктеу үлгілері; етістіктің шақтары: осы шақ, өткен шақ, келер шақ; сын есім; қарсы мәндес сын есімдер; сан есім, дара және күрделі сан есімдер, емлесі; есімдік туралы жалпы түсінік; жіктеу есімдіктері, олардың септелуі; үстеу туралы түсінік; шылау туралы түсінік, олардың мәні; шылау мен шылау тұлғалас қосымшалардың жазылуы; одағай сөздер және олардың емлесі; еліктеуіш сөздер туралы түсінік; олардың мәні мен емлесі;

11) шығармашылық жұмыс: оқыған, тыңдаған және аудиовизуалды материалдар бойынша жоспар құрып, мазмұндама және тірек сөздерді қолданып эссе жазу; берілген тақырыпта әңгімелеу, сипаттау және пайымдау элементтері бар мәтін құрап жазу; түрлі стильде мәтін жазу; қабырға газетіне мақала, жарнама, жаңалық жазу; мінездеме жазу; жіберілген қателерді (пунктуациялық, орфографиялық, грамматикалық, стилистикалық) анықтап, орфографиялық сөздік пен анықтамалық арқылы түзету;

12) жыл бойы өткенді қайталау.

Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің «Қазақ тілі» пәні бойынша

Болашақ қоғам иелерінің, бүгінгі мектептің 5-11-сынып оқушыларының бойында елжандылық, ұлтжандылық рух қалыптастыруда, олардың тұлғалық, коммуникативтік, мәдени-танымдық қабілеттерін қалыптастыру үдерісінде бүкіл білімді меңгертудің құралын беретін қазақ тілі пәнінің атқаратын рөлі ерекше. Сол себепті қазақ тілін оқыту үдерісінде білім алушылардың болашақта қоғамдық-әлеуметтік ортада өмір сүруіне қажетті, олардың интеллектуалдық деңгейінің көрсеткіші саналатын тілдік-танымдық, мәдени-қатысымдық құзыреттерді кешенді қалыптастыру міндеттеледі.

Әр пәннің білім мазмұнын жетілдіруде ескерілетін аса маңызды фактордың бірі – пәндік білімнің ғылым дамуымен сәйкестендіріліп отырылуы. Еліміз Жаңа Қазақстанды құруға бет бұрған кезеңде қазақ тіл білімінің салаларын функционалдық, прагматикалық, лингвофилософиялық тұрғыдан оқытудың жолын анықтап, оқушыға теорияны практикалық іскерлік пен өмірлік дағдының базасы болатындай етіп, жаңаша үйретуге басымдылық берілуі тиіс.

Жаңартылған білім беру мазмұнына жаңашыл идеяларды, тың тұжырымдар мен соны ізденістерді енгізу қажет. Сол себепті қазақ тілін ана тілі ретінде оқытудың теориялық негіздерін айқындауда лингвистикалық дүниетаным қалыптастыра оқыту, оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыра оқыту, тілдік қатынасқа негіздей оқыту, оқушылардың сөз мәдениеті мен функционалдық сауаттылығын қалыптастыра оқыту теориялары басшылыққа алынады.

1. *Лингвистикалық дүниетаным қалыптастыра оқыту* – тілдік білімді жүйелі меңгерту үшін әлемдегі бес мың тілдің ішіндегі қазақ тілінің даралығын: өзіне ғана тән мазмұндық-құрылымдық ерекшелігін, сөйлеу заңдылықтары мен сөз әдебі нормаларын таныта отырып, оқушылардың тіл туралы көзқарасын қалыптастырудың негізі. Оқушының тіл туралы дүниетанымы «тіл – жүйелі құбылыс», «тіл – ұлттық танымының айнасы», «тіл – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылық», «тіл – қоғаммен бірге дамып отыратын құбылыс», «тіл – субъективті әрі объективті құрылым», «тіл – аманат», «тіл – адамға бұйырған ұлы мүмкіндік», «тіл – ұлттың жаны», «тіл – тағдыр», «тіл – рухты шыңдау құралы», «тіл – сөз табиғатын танытатын біртұтас құрылым», «тіл – адам тіршілігінің негізі», «тіл – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі», «тіл – рух», «тіл – рухани қазына», «тіл – тұлға мәдениетінің көрсеткіші», «тіл – адамның өмір сүруінің шарты» және т.б. ұғымдардың бірлігінен құралады.

Мұндай жүйелі ұғымдар жаһандану жағдайында ұлттың өз бет-бейнесін сақтауының бірден-бір жолы, жас ұрпақ бойында мәдени иммунитетті күшейтудің кепілі саналады. Бұлар оқушының тіл тазалығын, тіл анықтығын тіл дәлдігін (А.Байтұрсынов) игеріп, сөйлеу мәдениетін, сөз шеберлігін жетілдіруіне айтарлықтай үлес қосады.

Ал, жалпы орта білім беру деңгейі сатысында оқушылардың тілдік білімі мен практикалық білігін сөз шеберлігіне үйретуге, шешен сөйлеуге төселдіруге бағыттау нәтижелі болмақ.

2. *Оқушылардың құндылықтық бағдарын қалыптастыра оқыту* – ана тілі туралы білімді ұлттық тәрбиемен ұштастырудың өзегін құрайтын теория. Өйткені оқушының адами қасиеттері мен тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған білімнің ғана құндылықтық мәні болады. Ал, ана тілі әр адам үшін – ең басты құндылық. Тілдің құндылықтық мәнін түсінген жағдайда оқушы оны өзге құндылықтарды меңгеру құралы ретінде саналы түрде қолданатын болады. Бұл теорияға сүйенген білім жүйесі оқушыны рухани жағынан байытып, оның салауатты өмір салтын қалыптастыруға қызмет етеді. Осы теорияға сүйене жасалған тілдік білім мен біліктер жас ұрпақтың интеллектуалдық әлеуетін, адами қасиеттері мен кісілік болмысын дамытуға мүмкіндік беретін бірегей білім көзіне айналады.

3. *Оқушының сөз мәдениетін қалыптастыра оқыту* тілдік білім мен коммуникативтік дағдыларды оқушы мүддесін ескере отырып, олардың дұрыс сөйлеуге, шебер сөйлеуге деген мотивациясын тудырудың басты негізі етіп алынуы шарт. Негізгі орта білім беру деңгейінде тіл салалары мен сөйлесім типтерін меңгертуге бағытталған білім мазмұнында оқушыға сөз мәдениетінің

нормативтік сапасы бойынша дұрыс сөйлеу амалдары үйретіледі. Ал, жалпы орта білім беру деңгейінде сөз мәдениетінің коммуникативтік сапасы сөз шеберлігі, шешендік сөз талаптарымен бірлікте ұсынылады. Осы арқылы болашақ кәсіби бағдарын анықтаған білім алушылардың өмірлік дағдыларын мәдени-қатысымдық тұрғыда жетілдіру көзделеді. Себебі сөздің түсініктілігі, тазалығы, жүйелілігі, дәйектілігі, анықтығы, дәлдігі, бедерлілігі туралы білім мен дағдыны дамытуға, сондай-ақ пікірталас мәдениетін, көпшілік алдында сөйлеу әдебін және т.б. игертуге басымдылық берілген жағдайда оқушылардың тілді қолдану құзыреттіліктерінің де сапалық деңгейі арта түсетіні сөзсіз.

4. *Тілдік қатынасқа негіздей оқыту* қазақ тілін оқытудың өзегін құрауы міндетті. Бұл теория бойынша қазақ тілінің өзіне тән сөйлеу амалдары мен тәсілдерін сапалы меңгертуге бағытталған оқыту жүйесінде практикалық дағдылардың барлығы тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым және тілдесім әрекеттері кешенді түрде жүзеге асады.

5. *Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыра оқыту* ана тілін оқыту үдерісінде тілдік қатынас теориясының ескерілуі заманауи білім беру кеңістігіндегі функционалдық сауаттылықты қалыптастыру талабының орындалуына алғышарт қалыптастырады. Сол арқылы теория мен практиканың бірлігін жүзеге асыруға қызмет етеді. Функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әлемдік білім беру кеңістігінде өріс алып отырған «дүниетанымнан сауаттылыққа қарай» тенденциясын басшылыққа ала отырып жүзеге асырылады. Себебі функционалдық сауаттылық оқушының білімді саналы меңгеруі мен практикалық іскерліктерді өмірлік дағды тұрғысынан қолдана алуына негізделеді.

Пән мазмұнын жетілдірудегі отандық және шетелдік тәжірибе

Ғаламдандудың әсерінен болып жатқан қазіргі қоғамдағы өзгерістердің салдарынан материалдық пен рухани құндылықтар арасындағы қайшылықтардың асқынып, ұлттық төлтумалыққа қауіп төндіруде. Сондықтан да дамыған елдер жаһандық өркениет құндылықтарының дағдарысынан шығудың жолын қарастыруда. Бұл орайда Францияның тілге, Жапонияның тіл мен оқу жүйесіне, Германияның этникалық тұтастануға, Англияның салт-дәстүр тазалығына, Қытайдың экономиканы экоэтникалық ерекшелікке бейімдеуіне қатысты мемлекеттік деңгейде жүргізіп отырған іс-шараларына ден қоюға болады. Әлемде бәсекелестік ерекше серпін алып, әрбір халықтың мәдени иммунитеті сынға түсіп отырған шешуші кезеңде аталған өркениетті елдер тәжірибесі еске алынуы шарт. Мәселен, халықтың тілін сақтау ғана оның басқа құндылықтар дүниесін сақтауға кепіл болатынын Жапония тәжірибесі мойындатып отыр. Атом бомбасынан зардап шеккен Жапон жұртында тілді оқытатын 170 институт ашылған. Соның нәтижесінде аз ғана уақыттың ішінде ол әлемдегі ең дамыған елдер қатарына көтерілді.

Қолданыстағы МЖМБС, ҮОЖ, оқу бағдарламасына талдаулар мен талқылаулар, мониторинг қорытындылары (артықшылығы, кемшілігі), педагогикалық кәсіби орта ұсынымдары

Қолданыстағы оқу бағдарламасының артықшылықтары:

Білім сапасын арттыру мақсатында жалпы орта білім беретін мектеп пәндері бойынша жаңартылған оқу бағдарламалары түзілді. Сол бағдарламалар негізінде 2016 жылдан бастап оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер әзірленді. Бүгінгі таңда олар мектептерде жаппай оқытылып отыр.

Жаңартылған оқу бағдарламаларында өркениетті елдер тәжірибесіне сүйене отырып, оқытудың формалары мен әдіс-тәсілдері бойынша инновациялар енгізілді. Білім ресурстарының аясы кеңейтілді. Ақпараттық коммуникативтік технологияларды қолдану өрісі ұлғайды. Соның нәтижесінде мектеп пәндерін оқыту үдерісінде әдістемелік тұрғыдан серпілістер жасалды. Қазақ тілін оқыту үдерісінде меңгертілетін білім нәтижелерін сөйлесім әрекетінің компоненттері: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым бойынша анықтауға қол жеткізілді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның ерекшеліктері:

1. Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) оқылым;
- 4) жазылым.

Грамматика «Әдеби тіл нормаларын сақтау бөлімінің» келесі бөлімшелерінде қарастырылады:

- 1) орфографиялық норма;
- 2) орфоэпиялық норма;
- 3) лексикалық норма;
- 4) грамматикалық норма;
- 5) пунктуациялық норма.

Грамматика бөлек қарастырылмай, лексикалық тақырыптар аясында әдеби тілдік норма арқылы функционалдық-коммуникативтік мәнмәтінде оқытуға бағытталған. Грамматикалық бірліктердің мәтінді құруға қатысуда қандай функционалдық мағыналық қызмет атқарғанын таныту міндеті жүктеледі. Бағдарлама оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни тұрғыдан ойлау дағдысын дамытуға ықпал етеді.

2. Пәндердің оқу бағдарламасы «шиыршық» қағидаты негізінде әзірленген, яғни оқу мақсаттары мен тақырыптардың басым көпшілігі белгілі бір оқу кезеңінен кейін (оқу жылы барысында немесе келесі сыныптарда) білім мен дағдының көлемі көбірек, тереңірек, күрделірек қайта қарастырылады.

3. Оқу бағдарламалары оқу жылы көлемінде бөлімдердің оқытылу ретін көрсететін ұзақ мерзімді жоспарларға сәйкес жүзеге асырылады.

4. Оқу бағдарламаларында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері құрастырылған.

5. Оқу бағдарламалары тек пәндік білім мен білікке ғана емес, сонымен қатар кең ауқымды дағдылардың қалыптасуына бағытталған.

6. Бағдарламада оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай қызықты болатын, өмірмен байланысты лексикалық тақырыптар ұсынылған. Мысалы, *«Ғарышты игеру»*, *«Қызыл кітапқа енген жануарлар»*, *«Энергия ресурстары»*, *«Туризм. Экотуризм»*, *«Театр»*, *«Заң»* бөлімдеріне қатысты лексикалық тақырыптар оқушының белсенді сөздік қорын байытуға, алған білімін күнделікті өмірде қолдана алуға, өз ойын ашық, еркін жеткізе білуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың болашақта мамандық таңдауына, дүниетанымын кеңейтуіне өз септігін тигізеді.

Қолданыстағы оқу бағдарламасының кемшіліктері:

«Қазақ тілі» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы мен оның жүзеге асырылуы нәтижесінде туындап отырған қиындықтардың себебі:

1. Жаңартылған бағдарламада ана тілі ретінде оқытылатын «Қазақ тілі» пәнінің өзіндік ерекшелігі ескерілмеген. Негізгі орта білім беру ұйымындағы тілді оқытудың мақсаты мен міндеттері оқу орыс тілінде жүретін мектепке арналған «Қазақ тілі» пәнінде де дәлме-дәл қайталанады. Екі пәннің екі бөлек мақсатта оқытылатыны да, оқу мақсаттарының бөлектігі де ескерілмеген. Нақты оқыту нысаны болмағандықтан, «Қазақ тілінің» пәндік миссиясы анықталмаған. Себебі «Қазақ тілі» пәнінің мазмұнын «Қиял әлемі», «Сән мен талғам», «Аспан денелері», «Көлік түрлері» деген сияқты жүйесіз берілген лексикалық тақырыптар құрайды.

2. Пәнді оқытудың концептуалдық бағыттарын айқындайтын Тұжырымдамасы дайындалмағандықтан оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерде де бірізділік сақталмаған, ортақ мақсат, ортақ мүдде назарға алынбаған.

3. «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасында әлемдік әдістеме ғылымында берік орныққан пәнді оқыту канондары (*оқыту мақсаты, білім мазмұны, оқыту формалары мен оқыту әдіс-тәсілдері, оқыту нәтижелері*) шатастырылған. Жаңартылған оқу бағдарламасында «Білім мазмұны» деп оқушының тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым әрекеттеріне қойылатын талаптар берілген. Олар мазмұнды құрамайды, оқушының пәнді оқу арқылы игеретін оқу нәтижелері болып саналады.

Әдістемелік канондар жүйесіндегі заман қалай өзгерсе де, өзгермейтін, қоғам қалай дамыса да, тұрақтылығын жоғалтпайтын бірден-бір тірек, негізгі ұйытқы – білім мазмұны. Қалғандары уақыт талабына сай үнемі дамып, жетіліп, өзгеріп отырады да, білім мазмұнын қоғамдық-әлеуметтік сұранымға сай игертуге қызмет етуі тиіс.

4. Жаңартылған оқу бағдарламасында білім берудің жүйелілік, ғылымилық, бірізділік, сабақтастық, оқушының жас және психологиялық ерекшеліктерін ескеру секілді классикалық ұстанымдары ескерілмеген. «Қазақ тілі» пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасында ұсынылған лексикалық тақырыптарды түзуде де, грамматикалық материалдарды беруде де шиыршық принципі мен сатылы-сабақтастық жүйе ескерілмеген. Мәселен, орфографияға

қатысты тақырып 5-сыныпта да, 10-сыныпта да бар. Не оқу мақсатында, не тілдік бағдарда олардың ара жігі ашып көрсетілмеген.

5. Жаңартылған оқу бағдарламасында білім мен ғылымның интеграциясы ескерілмеген, оның орнын «тақырыптық интеграция» алмастырған. Алуан түрлі тақырыптарды тізбелеу оқушының пәндік білім алуын қамтамасыз ете алмайды. Бағдарламада тілге қатысты теориялық материалдар сол тақырыптарға жапсырма ретінде «тілдік бағдар» деген бөлікте ғана, оның өзінде де жүйесіз, шашыраңқы түрде берілген. Тілдік жүйе сақталмаған. Бағдарлама түзушілердің жүйелі тілдік білім беруді ескілікті таптаурын оқытудың тәсілі деген түсінігінің салдарынан ұлттық сананы жаңғыртып, ұлттық болмысты қалыптастырудың шарты қағидасы назардан тыс қалып қойған.

Тіл заңдылықтары баланың логикалық ойлауын, таным-түсінігін дамыта отырып, олардың дұрыс сөйлеу амалдарын саналы меңгеруіне қызмет етеді. Ауызша және жазбаша тілдің өз ерекшеліктері бар. Сөйлеу тілінің талаптары мен нормалары, сөз саптау тәсілдері бар.

6. Жаңартылған оқу бағдарламасында тілді оқытудан күтілетін нәтижелерді құзыреттіліктер түрінде айқындау мәселесі толық шешім таппаған. Тілді оқыту бойынша меңгертілетін лингвистикалық-танымдық құзырет өзге құзыреттіліктердің өзегіне айналуы тиіс. Тілдік білімнен бас тартқан оқу жүйесінің күтілетін нәтижелері жеке-дара біліктердің қосындысы қалпында түзілген. Себебі білім саласында өзгенің үздік тәжірибесі тек өз топырағындағы озық дәстүрмен сабақтастық тапқан жағдайда ғана жаңару мен жаңғыруға жол ашатыны ескерілмеген. Сол үшін де дәл қазіргі таңда тілді меңгерту үдерісінде дәстүр мен өркениетті ұштастырудың моделін құру күн тәртібіне қойылуы тиіс.

Оқу пәнінің құрылымдық және мазмұндық ерекшеліктері

Бастауыш білім беру деңгейінде қазақ тілі пәні бойынша білім берудің мақсаты оқушының сауаттылығын қалыптастыру: оқу, жазу, ауызша сөйлеу, тыңдау, тілдесу дағдыларын меңгерту болмақ. Күтілетін білім нәтижесі оқушының сауаттылық мәдениеті деп саналады. Мәселен, қазақ тілі пәнінде орфографиялық, орфоэпиялық дағдыларға басымдылық беріледі, яғни ауызша және жазбаша сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру міндеттеледі. Бұл міндеттің орындалуы одан кейінгі білім беру кезеңінде (негізгі орта білім деңгейінде) игерілетін тілдік білім мен коммуникативтік дағдыларды құзыреттілік деңгейінде меңгертуге база қалыптастырады.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – тілдің құрылымдық жүйесі, сөз қолданудың нормативтік сапалары мен мәтін табиғаты туралы біртұтас білім бере отырып, ана тілі туралы дүниетанымы қалыптасқан, әдеби тілдің нормаларына сай дұрыс сөйлеу амалдары мен сөз саптау тәсілдерін меңгерген, елжандылық рухты бойына сіңірген шығармашыл тұлға қалыптастыру.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың міндеттері:

- қазақ тілінің құрылымдық жүйесін лингвомәденитанымдық тұрғыдан меңгерту арқылы оқушылардың лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыру;

- мәтін теориясы аясында сөйлесімнің типтері мен түрлері туралы жүйелі білім беру жолымен оқушыларға сөз саптау тәсілдері мен амалдарын прагматикалық тұрғыдан меңгерту;

- оқыту процесінде сөйлесім әрекетінің тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым компоненттерін кешенді қамти отырып, білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- қазақ тілінің сөйлесім заңдылықтарын өз табиғатына сай игертіп, оқушының тіл мен ұлттық танымның, ұлттық тіл мен ұлттық ділдің, ұлттық сананың бірлігі туралы түсінігін қалыптастыру;

- тілді оқыту үдерісінде тұлғаның құндылықтық бағдарларын дамыту.

Жалпы орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі» пәнін оқытудың *мақсаты* – тіл жұмсаудың коммуникативтік сапалары мен шешен сөйлеу қағидалары туралы білім бере отырып, бейіндік бағытының ерекшеліктеріне сәйкес монологтік, диалогтік және полилогтік сөйлеу шеберлігі мен қатысымдық мәдениеті қалыптасқан, ұлттық ділді бойына сіңірген, бәсекеге қабілетті, шығармашыл тұлға қалыптастыру.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың міндеттері:

- оқушыларға тіл жұмсаудың коммуникативтік нормаларын жүйелі меңгерту арқылы оқушылардың сөйлеу шеберлігін дамыту;

- қазақ тіліндегі шешен сөйлеу қағидаларын өз табиғатына сай, лингвомәдени және танымдық тұрғыдан оқыту арқылы оқушының ұлттық ділін қалыптастыру, олардың бойына ұлттық сананы, мәдени имунитетті, елжандылық рухты сіңіру;

- сөйлесімнің типтері мен түрлерін монологтік, диалогтік, полилогтік сөз мәдениетімен сабақтастықта оқыту арқылы оқушыларға сөз саптау тәсілдері мен амалдарын, шешен сөйлеу дағдыларын меңгерту;

- оқыту үдерісінде шешендік сөз бен пікірталас мәдениетін кешенді қамти отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту;

- қазақ тілін оқыту үдерісінде тұлғаның тілді антропоэзектік парадигмаларға сай тану және прагматикалық тұрғыдан қолдану мәдениетін қалыптастыру.

Білім беру деңгейлері бойынша оқу пәні мазмұнының бірізділігі мен сабақтастығы

Қазақ мектептерінде қазақ тілін ана тілі ретінде оқытқанда ана тілі ұғымының лингвистикалық мән-мағынасын ашатын төмендегі категорияларды басшылыққа алған орынды: қазақтың дінін, ділін, адамгершілік қасиеттерін, ұлттық сана-сезімін т.б. ұрпақтан-ұрпаққа үздіксіз ұластыруы; ұлтішілік әлеуметтік қарым-қатынасты қамтамасыз етуі. Бұл жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп, қазақтың ұлттық санасын, тәлім-тәрбиесін, имандылық, адамгершілік қасиеттерін бойына молынан сіңіріп, ұлтын сүйетін азаматтың өсуін қамтамасыз етеді.

Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту – қазақ халқының дамуының қуатты құралы. Ана тілі бір ұлтқа жататын адамдар арасындағы ортақ қатынас құралы

екенін ескерсек, қазақ пен қазақтың бір-бірімен қазақ тілінде сөйлесіп, қазақ әдебиетін, қазақ халқының тарихын, қазақ мәдениетін қазақ тілінде бойына сіңіруі қажет. Тұрмыстық, қоғамдық қарым-қатынаста ана тілін қолданып, ана тілінде білім алып, кітап, газет т.б. оқып, кино мен спектакль, т.б. көріп өскен жас ұрпақ қазақ тілін ұлттық тіл деңгейінде танып, ұлттық дүниетаныммен байланысты қырларын ашу мүмкіндігіне ие бола алады. Әлемдік өркениетте қазақ тілінің өзіндік орны бар екенін анықтай алады. Сондықтан қазақ тілін ұлт тілі ретінде оқытудың өзіндік ерекшеліктеріне де бас мән берілгені дұрыс.

Қазақ тілін ұлт тілі ретінде оқытқанда білім мазмұны халықтың ұлттық рухын қалыптастыруға, дамытуға бағытталған білімдер жүйесінен тұруы тиіс. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасында ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейтіп, ұлттық код, ұлттық мәдениетті сақтап, ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тартып, рухани жаңғырып, алға басу қажеттілігі көрсетілген [2].

Ұлт тілі– ұлттық кодты сақтаудың тірегі. Тілде ұлттың дүниетанымы, ұлттың интеллектуалдық қабілеті, ұлттың санасы, ұлттың рухани және материалдық мәдениеті айқын көрініс табатыны ғылыми тұрғыда жан-жақты дәлелденген.

Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқытқанда Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңда көрсетілген «Қазақ тілі Қазақстан халқын топтастыратын», «мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және ісқағаздарын жүргізу тілі» ретіндегі қызметі назарға алынуы тиіс» [5].

Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі іскерлік қатынастағы қолданысынан, ғылым-білім, заң, БАҚ тілі ретінде жұмсалудан көрініс табады. Сондықтан қазақ тілін іскери қарым-қатынас тілі, ғылым тілі, ресми іс-қағаздар тілі, бұқаралық ақпарат құралдары тілі, білім және ғылым тілі, заң тілі, дипломатиялық қарым-қатынас жасау тілі аясында зерделеп, оның өзіндік ерекшеліктеріне баса мән берілуі тиіс. Мемлекеттік тілдің ана тілі, ұлт тілінен айырмашылығы Қазақстан Республикасының әрбір азаматы білуге тиісті тілдік заңдылықтарға негізделуі. Ендеше, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгеру дегеніміз – әкімшілік-басқару орындарында, ресми іс-құжаттарда, өндірісте, құқық қорғау орындарында, білім саласында, ғылым саласында т.б. қоғамдық-саяси өмірдің барлық салаларында қазақ тілін қолдануға үйрету, іскери, дипломатиялық қарым-қатынасқа түсе білуге үйрету деген сөз. Оны қазақ тілі пәнінде оқыту мемлекеттің саяси-мәдени бірлігін қамтамасыз ету үшін аса қажет. Мемлекеттік тіл көпұлтты елдің күллі халқын саяси-мәдени бірлікке ұйыстырудың тиімді құралы болса, оның өлшеуіші, тірегі, өзегі, бастау көзі қазақ тілінің иесі қазақ халқы болып табылады. Сондықтан әрбір қазақ баласы қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қолданылу заңдылықтарын жете білуі тиіс.

Қазақ тілін оқытудағы «ана тілі – ұлт тілі – мемлекеттік тіл» ұштағаны тілдегі «адам факторын» анықтауға қызмет атқарып, тілді рухани-мәдени код ретінде қарастыратын антропоэлекті парадигма аясындағы білімдер жүйесін

құраса, олар белгілі бір тілдік норма арқылы жүйеленіп, қалыпқа түскендігін танытады.

Оқу пәнінің базалық мазмұнын айқындайтын қағидаттар мен ұстанымдар, құзыреттіліктер

Қазақ тілін оқытуда әлемдік тәжірибелерді саралай отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзара бірлікте басшылыққа алып отыру қажет. Сондықтан отандық білім беру жүйесінде қазақ тілін оқытуда инновациялық зерттеулерді, тәжірибелерді басшылыққа ала отырып жетілдіру мәселелері заманауи білім берудің төмендегідей тенденциялары мен парадигмаларын ұлт зиялылары негіздеген қағидалармен ұштастыру арқылы жүзеге аспақ:

1. Қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау.

Парадигмасы – қазақ тілін оқыту жүйесін қоғамдық-әлеуметтік сұраныммен сәйкестікте дамыту.

Қағидасы: «Мектептің тілі бола алмаған тіл мемлекеттің тілі бола алмайды» (Х.Досмұхамедұлы).

Бұл үдеріс мемлекеттік тілді оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарастырған жағдайда ғана жүзеге асады. Өйткені ақпараттар тасқыны мол, технологиялық қуаты зор бұл кезең әлем елдері арасында интеллектуалдық бәсекелестікті күшейтуде. Елдің бәсекеге қабілетті болуы оның әрбір мүшесінің интеллектуалдық деңгейіне тікелей тәуелді. Тілді меңгерту үдерісін ұлттық мүддемен жақындастыру ғана тілдік білімнің мемлекет дамуындағы стратегиялық рөлін күшейтеді, оның көптілді меңгерген тұлға дайындаудағы мәнін тереңдетеді.

2. Тілдік білім мен біліктерді ХХІ ғасыр адамының бойында ойлау мәдениетін, сөйлеу мәдениетін және еңбек мәдениетін қатар дамытуға бейімдеу.

Парадигмасы - тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға ғана емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау.

Қағидасы: «Нәрсенің затын алмай, атын ғана алып, құр сөз түрінде үйретуден бас тартып, алған білімі өзіне де, мемлекетке де пайдалы болатынын көздеп оқыту» (Ахмет Байтұрсынұлы).

Білім – интеллектіні дамытудың қайнар көзі. Тұлға мәдениетін қалыптастыру белгілі бір пәндік дағдыларды мәдени санаға, ұлттық санаға негіздей отырып меңгерткенде мүмкін болады.

3. Тілді меңгертуде дүниетанымнан функционалдық сауаттылыққа қарай оқытуға басымдылық беру.

Парадигмасы – оқыту әдістемесін өмірлік дағдылар мен тәжірибелік машықтарды қалыптастыру бағытында жетілдіру.

Қағидасы: «Оқыту оқулықтан өмірге қарай емес, өмірден оқулыққа қарай жүруі тиіс» (Ж.Аймауытов).

Бұл теориялық білім мен өмірлік дағдыны өзара сәйкестікте функционалдық тұрғыдан меңгерту жолымен шешіледі. Пән мазмұнына білім

алушыны кез келген өмірлік жағдаятта өз ойын жатық, анық, түсінікті, мазмұнды, көркем, жүйелі жеткізуге төселдіретін білім мен білікті қалыптастыратын теориялық, прагматикалық сипаттағы тақырыптарды енгізу қажет. Оқытудың басты міндеті болашақ ұрпақты қоғамдық өмірге дайындау болғандықтан, қазақ тілі пәні де түпкі нәтижеде оны әлеуметтік ортада тіл табыса өмір сүруге дайындауы тиіс. Бұл сөйлеу тілін коммуникативтік-функционалдық жүйе тұрғысынан таныта отырып, тілдік амал-тәсілдердің прагматикасын коммуникативтік жағдаятпен орайластыра ашу арқылы жүзеге асады.

4. Қазақ тілін оқыту үдерісінде тілдік білімді игертуді білім алушының өзіндік әрекеті мен ізденістеріне бағдарлау.

Парадигмасы – білім алушыны әрекет субъектісі деп танитын антропоэзектік ұстанымды басшылыққа алу.

Қағидасы: «Оқыту дегеніміз, асылында, баланы үйренуге үйрету» (А.Байтұрсынұлы). Бұл білім алушының өз өміріндегі тілдің, сөздің мәнін түсіну, сөйлеуге үйренудің тәсілдерін, амалдары мен жолдарын саналы игеру арқылы жүзеге асады. Бұдан білім мазмұнында ой-пікірді білдіруге қатысатын түрлі күрделі тәсілдер мен тіл бөлшектерін қамту қажеттігі туындайды. Осы орайда «тіл жұмсауға үйрету үшін коммуникацияның негізгі типтері, соған сай туатын коммуникативтік талаптар, мақсаттар туралы білімді жинақтап, түсінік беріп отыру орынды» (Р.Әмір).

5. Тілді оқыту жүйесіне енгізілетін инновациялардың ұлттық дәстүрлер мен ұлттық негіздерге қайшы келмеуі.

Парадигмасы – көп тілді меңгерген тұлға қалыптастыру үдерісінде мемлекеттік тілдің доминанттық рөлін күшейту.

Қағидасы: «Өз тілінді біліп барып, өзге тілді меңгеру - сүйініш, ал өз тілінді білмей тұрып өзге тілді білу – күйініш» (Халел Досмұхамедұлы).

Бұл тіл игертуді дәстүр мен өркениеттің бірлігіне негіздеуді талап етеді. Бұл орайда жаңа заманғы тілдік білім жүйесін ұлттық мүдде мен жалпыадамзаттық құндылықтардың бірлігіне негіздеу қажеттігі туындайды. Интеллектуалдық тұлға қалыптастырудағы басты фактор – білімді тиімді қолдана отырып, мәдениетаралық коммуникацияны меңгерту.

Бұл бағытта қазақ тілінің сөз шеберлігіне баулитын ішкі заңдылықтарын тұлғаның өмірлік мүддесімен бірлікте қарап, ұлттық әдеп нормалары мен жалпыадамзаттық құндылықтардың синтезіне құрылған жаңа технологияларды үйлестіре қолданудың жолдарын кеңейту маңызды.

6. Қазақ тілін оқытуда білім мен ғылымның интеграциясын жүзеге асыру.

Парадигмасы: тілді оқытуды Тарих – Білім – Мәдениет үштағанына негіздеу.

Қағидасы: «Мәдениетті тіл ғана мәртебелі» (Р.Сыздық).

Ғылым – ғаламды танудың кілті. Қазақ тілі пәнінің мазмұны да өзіне сәйкес ғылым дамуына сай жетілдіріліп отыруы шарт. Өйткені білім мазмұнын түзуде ескерілетін басты фактор ғылымның дамуы болып саналады. Тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін арттырудың маңызды жолы – ғылыммен

интеграцияланған білім беру. Олай болса, тілді оқыту үдерісінде де білім мен ғылымның сабақтастығын сақтау, тілді ғаламның бір бөлшегі ретінде таныту абзал.

Тілдің антропоэзектік парадигма аясындағы жаңа қағидаларынан хабардар ете отырып, тіл білімі дегеніміз қатып қалған қасаң заңдылықтар мен ережелер жиынтығы емес, ұрпақ пен ұрпақты жалғайтын, адамзат үшін қызмет ететін, әрбір халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан өміртанымының заңдылықтар жүйесі және көрсеткіші екенін таныту қажет. Тілдік тақырыптар аясында өз алдына жеке сала болып қалыптасқан сөз мәдениетін, шешендік сөз өнерін, этно-психо-прагматикалық, когнитивтік лингвистикадағы, лингво-мәдениеттанымдағы тілге қатысты қызықты әрі маңызды деректерді ендіру білім мазмұнын жаңартуда инновациялық серпіліс жасауға негіз болады.

7. Тілді ұлт болашағы - жастардың мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту.

Парадигмасы – «тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу», тілді оқытуда тұлғаның құндылықтық бағдарын қалыптастыру.

Қағидасы: «Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе болмасқа тиісті» (Мағжан Жұмабаев). Аталған үдеріс тілді интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың негізі ретінде меңгертудің жолдарын табуды міндеттейді. Тіл тек қана қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттық ділді сақтаудың кепілі, ұлттық сананы қалыптастырудың тетігі екендігіне назар аударылуы үлкен рөл атқарады. Бұл тіл туралы ақпараттардың білім алушының тек грамматикалық, пунктуациялық, орфографиялық сауаттылығын қалыптастыру үшін ғана емес, ең алдымен, тілдік дүниетанымының іргетасын қалауды, сол арқылы тілдің өзінің, ұлтының, мемлекетінің өміріндегі маңызы, әлеуметтік мәні туралы ұғым беруге бағытталуын қажет етеді. Оған қоса мұндай іргетасы берік білім, тұғыры биік тұжырым білім алушының санасында тілді жаһанданудан сол ұлтты аман алып өтетін ең маңызды ұлттық құндылық екендігі туралы ой тудырып, жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Пән салалары және білім беру деңгейлері бойынша қалыптасатын метапәндік және пәндік құзыреттіліктер

Қазақ тілін оқытудың түпкі нәтижелері ретінде ақпараттық, коммуникативтік, проблемаларды шешу және лингвомәденитанымдық құзыреттіліктерді қалыптастыру көзделеді.

Лингвомәденитанымдық құзыреттілік – қазақ тілін меңгеру барысында ұлттық тілдің өзіне ғана тән заңдылықтары мен қағидаларын білу, қатысымдық-сөйлесімдік ерекшеліктерін ескеру, тілдің лингвомәдени нормаларын сақтау, мәдениаралық қатынасты жүзеге асыру біліктілігі. Қазіргі таңда тілді оқыту барысында оқушының лингвомәдени құзыреттілігін қалыптастыруға да айрықша мән берілуде.

Орыс тілі әдістемесінде ғалым-әдіскерлер мәдениетпен байланысты бірнеше құзыреттіліктерді атап көрсетіп жүр. Олар: лингвоелтанушылық,

лингвомәдени, лингвомәденитанымдық, лингвоәлеуметтік мәдени (лингвосоциомәдени), т.б.

Лингвистикалық білімі мен қабілеті:

- ✓ тілдің жүйесі мен құрылымы туралы білімі;
- ✓ оны қарым-қатынаста пайдалана білу қабілеті;
- ✓ фонетикалық, лексика-грамматикалық, синтаксистік, стилистикалық нормаларға сай сөйлей және жаза білуі;
- ✓ грамматикалық құрылымдарды сөйлесім әрекетінде дұрыс пайдалануы;
- ✓ практикада ауызша және жазбаша сөйлеуді қолданбалы тіл білімімен байланыста жүзеге асыруы.

Лингвоелтанушылық білімі мен қабілеті:

- ✓ ұлттық-мәдени лексика-семантикалық бірліктер туралы білімі;
- ✓ оларды әртүрлі мәдениаралық қарым-қатынаста қолдана білу қабілеті.

Қатысымдық білімі мен қабілеті:

- ✓ нақты қатысымдық жағдайларда қарым-қатынас жасауға қабілеттілігі;
- ✓ қарым-қатынаста лингвомәдени нормаларды сақтай отырып, ұйымдастыру біліктілігі;
- ✓ мәдениаралық қарым-қатынаста дұрыс сұрақтар қоя білуі;
- ✓ әңгімелесушінің эмоционалды және ақпараттық деңгейін анықтауы;
- ✓ келіссіз жүргізе білу іскерлігі;
- ✓ тыңдаушыны сендіре білуі және шешендік дағдыларға ие болуы;
- ✓ пікірталасты міндетті түрде жүргізуі.

Әлеуметтік-психологиялық білімі мен қабілеті:

- ✓ вербальды, бейвербальды ұлттық-спецификалық модельдер мен лингвомәдени көріністер туралы білімі және оны пайдалана білуі;
- ✓ ұлттық қатысымдық сөйлесімді игеруі;
- ✓ қажетті тақырыптар туралы білімі.

Мәдени білімі мен қабілеті:

- ✓ тарихи-мәдени жағдайлар, оқиғалар туралы білімі;
- ✓ әлеуметтік-мәдени жағдайлар, оқиғалар жөніндегі білімі;
- ✓ этно-мәдени білімі;
- ✓ семиотикалық фон туралы білімі;
- ✓ осы білімдерді мәдениаралық түсіністікте қолдана білу қабілеті.

Танымдық білімі мен қабілеті:

- ✓ хабарды өздігінен өңдеуі;
- ✓ өз бетінше оқуы, үйренген материалдарын жаңа жағдайда қолдануы;
- ✓ пәнаралық байланысты жүзеге асыруы;
- ✓ хабардың шығу көзін табуы;
- ✓ өзін-өзі дамытуы;
- ✓ өзінің еңбегін бағалауы;
- ✓ жағдаяттарды шешудің тиімді жолдарын табуы;

- ✓ өз алдына мақсат қоя білуі және оны жүзеге асыра білуі;
- ✓ істеген әрекеттерінің нәтижесін ой елегінен өткізіп, бағалауы.

А.Сатбекова «мәдени-танымдық құзыреттілік – жаңа заман сұранымына сай оқушының болашақ өмірде өзге халықтың мәдениеті мен ұлттық болмысын тану арқылы олармен бірлесе қызмет ету дағдыларын» қалыптастыратынын, адами болмысты «жетілдіру, мәдени әлеуетін дамыту бағытындағы жұмыстар нәтижесінде қол жеткізілетін ерекше» құзыреттілік болып табылатынын, мәдени-танымдық құзыреттілікте «елжандылық рух қалыптастыру, өз елін сүйуге, мемлекеттік тіл иесі болып отырған халықты құрметтеуге үйрету» көзделетінін айтады [5].

Сонымен оқушының лингвомәдени деңгейінің төмендегідей бір-бірімен байланысты элементтерін атауға болады:

- тұлғалық сапа (оқушының өзіне тән қасиеттері);
- мәдени және әлеуметтік қабілеті мен тәжірибесі;
- тілді тұтынушы ретіндегі қатысымдық мінез-құлқы мен рухани құндылықтарды тілді қолдана білу дәрежесі;
- ұлт тіліндегі мәдени бірліктерді білу деңгейі;
- күнделікті жағдаяттарда білім, білік, дағдысын қолдана білу қабілеті;
- жалпы қабілеттері;
- теориялық және практикалық тұрғыдан дайындығы;
- әлеуметтік тұлға ретіндегі кәсіби дайындығы.
- тілді ұлттық құндылық, мұра ретінде, ал өзін сол тілдің иеленушісі ретінде сезінуі;
- тілді дамушы, қоғамдық, жүйелі құбылыс ретінде танып түсіне алуы.

Оқушы бойындағы бұл элементтер оны дара тұлға ретінде дамытуға көмектесе отырып, ұлттық құндылықтарды тани білуге, күнделікті жағдаяттарда орынды қолдана білуге жетелейді.

Мәтінмен жұмыс оқушыға ұлттың болмысын, даналығын, дүниетанымын танытады. Мәтін бойынша жұмыс оларға кейіпкерлер тілінің сөз қолданысындағы ерекшеліктерімен танысып, қажетті жағдаятта оны ұтымды қолдануға жетелейді. Мәтіннен кез келген ақпаратты алғаннан кейін оқушыда сол мәліметке қатысты өзіндік көзқарас туындайды. Яғни, мәтін адамның ішкі жан дүниесінде сезімдік, эмоционалдық із қалдырады. Сондықтан мұғалім берілетін ақпараттарды ерекшелеп, сұрыптап таңдап алуы қажет. Лингвомәдени құзіреттілік дегеніміз – оқушының ұлттық-мәдени мағынадағы сөйлеу және тілдік бірліктерді білуі, мәдени-тарихи және ерекше ұлттық ақпараттарды тілдік қарым-қатынаста пайдалана алуы.

Лингвомәдени құзіреттілік оқушының әлеуметтік және қоғамдық ортада өз орнын таба білуіне, өзгелермен тіл табысу арқылы белгілі бір мақсат үшін бірлесе еңбек етуіне қажетті дағдыларды дамыту нәтижесінде қалыптасады.

Әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілік. Оқушының әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру – бүгінгі заман сұранысынан туындап отырған мәселе. Әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілік оқушының әлеуметтік шындықты құндылық ретінде түсінуінің және белгілі бір әрекетті басқарудағы нақты

әлеуметтік білімінің сапалық қасиетін көрсетеді. Оқушының топ алдында рефератын қорғауы, баяндама жасауы, пікірталас, ойталқы, ойбөлісте өз ойын еркін, ұялмай жеткізе білуі оның әлеуметтік-тұлғалық құзыреттілігін жетілдіруге игі әсерін тигізеді.

Құзіреттіліктің қалыптасуына оқушының қоршаған ортасы, адамдармен қатынасы, игерген білімі, қабілеті мен дағдысы, іскерлігі мен біліктігі әсер етеді. Осылардың барлығын бір арнаға тоғыстырғанда синтаксисті қатысымдық-танымдық тұрғыдан меңгертуде оқушының құзыреттілігін белгілі бір дәрежеде қалыптастыруымыз ықтимал. Құзыреттілік оқушының білім мазмұнын сапалы меңгеруін, білім, білік, дағды, тәжірибесін, тұлғалық даму деңгейін және игерген білім, білік, дағдысының түпкі нәтижесін көрсетеді. Сондықтан да білімді құзыреттілік тұрғысынан игерту бүгінгі таңда өзекті болып отыр.

Ақпараттық құзыреттілік – оқушының қатысымдық және танымдық мақсатқа байланысты өзіне қажетті ақпаратты табу, түсіну, оның мазмұнын жеткізу, талдау, өңдеу, сақтау, тапқан ақпаратты өзінің қажетіне қарай пайдалана алу және жаңа ақпараттық технологияларды игеру біліктілігі.

Коммуникативтік құзыреттілік – әртүрлі өмірлік жағдаяттарда қазақ тілінде ауызша және жазбаша түрде қатысымға түсу, қатысымдық міндеттерді шешу, өзінің ойын, пікірін, көзқарасын білдіре алу және диалогтік, полилогтік тілдесімде тапқырлық көрсете алу, әлеуметтік ортада өзін таныта алу біліктілігі.

Проблемалардың шешімін табу құзыреттілігі – күнделікті өмір жағдаяттарында кездесетін проблемаларды оңтайлы шешу әдістерін игеру, өз алдына мақсат қойып, оны жүзеге асыруда меңгерген білім, білік, дағдыларын ұтымды қолдана алу біліктілігі.

Оқу пәні мазмұнының көлеміне қойылатын талаптар

3.1-кесте – 5-11-сыныпта «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат			
		Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Қазақ тілі	3	102	3	102
6	Қазақ тілі	3	102	3	102
7	Қазақ тілі	3	102	2	68
8	Қазақ тілі	2	68	2	68
9	Қазақ тілі	2	68	2	68
қоғамдық-гуманитарлық бағыт					
10	Қазақ тілі	2	68	2	68
11	Қазақ тілі	2	68	2	68
жаратылыстану-математика бағыты					
10	Қазақ тілі	1	34	1	34
11	Қазақ тілі	1	34	1	34

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру

Тұжырымдамада бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру деңгейлерінде ана тілі ретінде оқытылатын қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері *әлеуметтік, лингвистикалық, педагогикалық, психологиялық және әдістемелік* тұрғыдан айқындалды.

Қазақ тілін оқытудың әлеуметтік негізі. Адамға берілетін білім де, тәрбие де тек тіл арқылы меңгеріледі. Сол себепті тілдің адам өміріндегі маңызы пән мазмұнында жан-жақты қамтылуы абзал. Ол үшін теориялық тақырыптар аясында білімнің дүниетанымдық сипатына, әлеуметтік мәніне, практикалық қажеттігіне басымдылық беріледі. Оқыту барысында тілдің адамның өзін-өзі тануының, өзгені тануының құралы, адамның жалпы әлеуметтенуінің көрсеткіші екеніне жете көңіл бөлініп, тілдің жеке адам тағдырындағы ғана емес, жалпы мемлекет тағдырындағы орнын түйсінуге жол ашатын тағылымдық мәселелер қамтылады. Әрбір жаңа танымдық білім олардың ішкі қажеттіліктерін оятуға, ал әрбір жаңа сатыға көтерілетін рухани өсу шынайы дүниетаным қалыптастыруға жол ашады. Бұл орайдағы білім алушының ішкі рухани мәдениетін дамыту әлеуметтік талаптармен табиғи ұштастырылады.

Қазақ тілінің Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл мәртебесін иемденуі сыртқы және ішкі факторларға негізделеді. *Біріншіден*, мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңеюі. Бұл әлеуметті-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, іскерлік қатынас, білім-ғылым салаларында қазақ тілінің өз қызметіне сай қолданылуын білдіреді. *Екіншіден*, мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болу үшін, ең алдымен, сөз қолданым мәдениетінің меңгертілуі маңызды. Бұл тілдік тұлғаның жалпы мәдени құзыреттілігінің көрсеткіші ретінде қарым-қатынас әдебін, сөйлеу мәдениетін өзара сабақтастықта қалыптастыру арқылы жүзеге асады. Қазақ тілін меңгертуде осы факторлар оқушының әлеуметтік-қатысымдық құзыреттіліктерінің қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Тұлғаны әлеуметтендіруге, оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға ерекше мән беріледі.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі қолданбалы ғылым ретінде дәстүрлі үш сұрақтың шешімін шешуге тырысады:

Неге үйрету керек? Бұл сұрақтың жауабын қазақ тіліне арналған білім стандарттары, оқу бағдарламалары, оқулықтар мен оқу құралдарын және оқу-әдістемелік құралдарды дайындау және оны үнемі жетілдіріп, дамытып отыру, оның тиімділігін тексеру арқылы шешуге болады.

Қалай оқыту керек? Бұл сұрақтың негізінде оқыту әдістері мен тәсілдері, жаттығулар жүйесі, дидактикалық материалдар мен құралдарды, тапсырмаларды пайдалануға арналған кеңестер, сабақтарды қолданудың жолдары ұсынылады, әзірленеді.

«Неге осылай, неге басқаша емес?» сұрағына ұсынылған әдістеменің тиімділігі, оны басқалармен салыстыру, эксперименттік тәжірибе мәселелері жауап береді.

Әдістеме қолданбалы ғылым ретінде білім мазмұнын оқыту мақсатына сәйкестендіру, оқыту ұстанымдарын белгілеу, оқытудың тиімді әдістері мен ұйымдастыру формаларын анықтау, жаңа технологияларды жасап енгізу тәрізді

мәселелерді қарастырады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі әр сатыдағы оқушылардың білім деңгейін, білік, дағдыларын анықтайды, оқытудағы жетістіктер мен кемшіліктерді таразылайды, тілдік, орфографиялық, грамматикалық қателерді зерттейді, оны жібермеудің жолдарын ұсынады.

Уақыт педагогикалық ғылым ретінде әдістемеге өз мақсаты мен міндеттерін жүктеп отырады. Сондықтан да әдістеме ғылымы үнемі даму, жетілу үстінде болады. Білім беру үрдісі мен заман талабына сай әдістеме ғылымы да үнемі жаңарып, дамып, жетіліп отырады.

Тілді оқыту әр сатының (бастауыш, орта, жоғары) өзінің ерекшелігіне байланысты өзгеріп отырады. Бірақ негізгі талаптар сол қалпында қалады. Оқыту – оқушыны білімдендіру, тәрбиелеу, дамыту мақсатына бағытталған алдын-ала жоспарланған іс-әрекет. Оқыту мазмұны – өкімет арнайы таңдап анықтаған белгілі салада жұмыс істеу үшін қажетті адамзат тәжірибесінің бөлшегі деген мағынаны білдіреді. Яғни, ол – оқытудың нәтижесі болатын білім, білік, дағды, тұлғалық қасиеттер жиынтығы. Әдіскер-ғалымдар оқыту үрдісінің бірнеше мәнін айқындап көрсетеді:

Оқыту – мақсатты үдеріс. Оқытудың басты мақсаты, әдіс, тәсілдері мазмұны мен міндеттері қоғам талабынан туындап, ұдайы өсіп, жаңарады. Оқыту таныммен тығыз байланысты. Ол оқушыдағы білімге деген қызығушылықтың ұдайы өсіп арта түсуінен байқалады.

Оқушы қоршаған ортамен (табиғат, қоғам) және адам дамуының негізгі заңдылықтарымен қаруланады.

Оқытудағы басты мақсат – Қазақстан Республикасының бүгінгі білім сапасының деңгейі мен болашақ бағытын анықтауды, әлемдік өркениетке жетудің жолын айқындауды қамтамасыз етер білімді де мәдениетті, білікті де саналы дара тұлға тәрбиелеу.

Бұл – ұлттық мұраны жете меңгерген; ана тілінің сөздік қорын жетік игерген; адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды білетін; өз ұлты мен тілін қастерлейтін, жері мен елін қадірлейтін; Отанын сүйетін дүниетанымы кең, ізденгіш, іскер, еңбекқор, зиялы ұрпақ қалыптастыру деген сөз.

Мұндай тәрбиелі ұрпақтың негізі – бүгін, қазіргі білім беру мен оқу үрдісінде қаланады. Осы тұрғыдан келгенде, білімді де білікті дара тұлға қалыптастырудың көзі, арнасы адам мен адамды, ұлт пен ұлысты түсінісуге, пікірлесуге жетелейтін тіл болып табылады.

Тіл адамзаттың ерекше болмысымен қатар күрделі табиғатын да аңғартатын жаратылыс, құбылыс екені баршаға аян. Демек, бүгінгі күннің ізетті перзенті келешектің арқа сүйер өскелең ұрпағы болу үшін бүкіл адами құндылықтарды игеруі ләзім. Оқушы дүние тануда бұрын ғылымда белгілі болған, зерттеліп дәлелденген жаңалықтарды, заңдылықтар мен тұжырымдарды әрі қарай дамыта түседі. Ғылым негіздерін оқып үйренеді, ғылым тарихымен, оның әдістерімен танысады, ұлы ғалымдардың өмірі мен қызметі жайлы ақпарат алады, танымдық көкжиегін кеңейтеді.

Оқыту – даму негізі. Баланың өзіндік дамуына әсер ететін негізгі

фактордың бірі – өзара қарым-қатынас жасау іс-әрекеті. Сөйтіп, оқыту үрдісі мұғалімнің баламен үнемі рухани қарым-қатынаста, ынтымақтастық жағдайда болуын қажет етеді. Оқыту үрдісінде бала тек мұғалімнің әсерін қабылдаушы ғана емес, оның оқу іс-қимылы мен өзінің психикалық процестерін басқару, ұйымдастыра білуі (іс-әрекетін білуі, бағалауы, өзін-өзі басқаруы) оқытудағы субъекті болып табылады.

Оқыту оқушының дамуына тікелей әсер ететін құбылыс болғандықтан онда мынандай мәселелер назарда ұсталады: оқыту мазмұны оқушының санасезімін жан-жақты дамыта келіп, өмірге пайдалы, қажет материалдардан жинақталғаны тиімді.

Әр пән нысанасына байланысты қарастырылатын мәселелер ішкі бірлікте, жүйелілікпен оқытылғаны абзал; берілетін материалдар мазмұны коммуникативтік бағыттағы ұстанымдарға сүйенгені ұтымды. Өйткені сабақтың дені қоғамдық-әлеуметтік, адами қарым-қатынасқа негізделген тақырыптардан тұрса, оқытудың сапасы артады; материалдар бір-бірімен сабақтастық, жалғастырушылық ыңғайда, яғни алғашқы дәрісте өтілген мәселе кейінгі дәрістерде қайталанып, сабақтастырылып, жалғастырылып оқытылса, оқушының алған білімі нәтижелі болады және есте сақтау қабілеті өседі; оқу-әдістемелік кешендер (оқулық, мұғалімге керегі – әдістемелік оқу құралы, дидактикалық материалдар, хрестоматия, лабораториялық жұмыстар т.б.) өзара тығыз байланыста болып, оқушыны дамытатындай негізге құрылуы тиіс. Сондықтан оқу-әдістемелік кешендердің сапалы болғаны дұрыс.

Қазақ тілін оқытудың лингвистикалық негізі. Қазақ тілін ана тілі ретінде оқытуда қазақ тілі білімінде толық шешімін тапқан, берік қалыптасқан тіл жүйесі мен антропоэзектік парадигма негізінде жүргізіліп жақтан жаңа бағыттағы зерттеу нәтижелері басшылыққа алынуы тиіс.

Осы бағыттағы зерттеу қазақ тілінің табиғатын жан-жақты танытуға жол ашады. Негізгі мектепте тіл салалары бойынша ұсынылатын грамматикалық тақырыптар қазақ тілінің сөйлеу туралы заңдылықтары мен ережелерін, тілдік нормаларын меңгертуге қызмет етеді.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тіл біліміне сүйеніп оқытылады. Сондықтан лингвистикалық жүйе қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізі болып табылады.

Фонетика мен фонология – графикамен бірлікте тілді оқыту әдістемесінің басты тірегі, өйткені «Тіл дыбыстары – әрбір тілдің өмір сүруінің тәсілі. Егер сөздер дыбыстардың өзара тіркесі түрінде айтылмаса, тіл қатынас құралы да, пікір алысу құралы да бола алмас еді... Тілдің дыбыстық жағы – сөздер мен грамматикалық тәсілдердің өмір сүруінің формасы болып табылады» [22, 213].

Қазақ тілі дыбыс жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін, акустикалық және физиологиялық (артикуляциялық) жақтарына қарай дыбыстардың дауысты және дауыссыз болып екіге бөлінетіндігі, олардың өз ішінде жіктелуі, буын, екпін, дауысты және дауыссыз дыбыстардың бір-бірімен үндесу заңдылықтары сөздерді дұрыс оқып, дұрыс жазуға дағдыландыру мақсатында оқытылады. Сондықтан бағдарламаға сай жазылған 5-сыныпқа арналған оқулықта

фонетиканың негізгі зерттейтіндігінен бастап, тіл дыбыстарының қалай жасалатындығы, қазақ әліпбиі және ондағы әріптердің жазылуы, кіші және бас әріптер, дауысты және дауыссыз дыбыстардың түрлері жайында мәліметтер берілген.

Графика теориясының ережелері оқушыларды жазу каллиграфиясына үйретуде пайдалы болмақ.

Жалпы орта білім беретін мектепте оқушыларға қазақ тілінің дыбыстық жүйесін оқытуда дыбыстардың айтылуына да, жазылуына да мән беріледі. Өйткені оқушы дыбыстардың жеке тұрғанда айтылуын, басқа дыбыстармен бірге айтылуын, сөз құрамында, сөз тіркесінде айтылуларын айыра білулері тиіс.

Сөздердің айтылуы мен жазылуы үнемі бірдей бола бермейді. Осы ерекшеліктерге де көңіл бөлініп, түсіндірілуі қажет. Өйткені оқушыларда сөздерді естілуінше жазу немесе жазылуынша оқу жиі кездеседі. Сондықтан орфография мен орфоэпиялық заңдылықтарды оқушыларға меңгерту басты мақсат болуы тиіс. Орфографияны дұрыс, жүйелі меңгерген оқушы жазбаша жұмыста қате жібермейтін болады. Фонетиканы оқи отырып оқушы әдеби тілдің фонетикалық, орфоэпиялық нормаларымен де танысып, меңгеретін болады. Оқушы дыбыстарды, сөздерді, сөз тіркестерін дұрыс талапқа сай айтуға дағдыланады. Әдістемелік еңбектерде көрсетіліп жүргендей, «дыбыс жүйесі материалдарының орфографиялық тақырыптарға сабақтас екендігі аян. Мысалы, еріннің қатысына қарай еріндік (о, ө, у, ұ, ү) және езулік (а, ә, и, е, э, ы, і) болып бөлінетін дауыстылар жөніндегі теориялық мәлімет, осы дыбыс әріптерінің емлесімен жалғастырылады» [22, 22 б.].

Сол сияқты дауыссыз дыбыстардың түрлерімен таныстырғанда, олардың емлесіне де көңіл бөлінуі қажет.

Фонетика саласы бойынша осы сыныпта буын, тасымал, екпін түрлеріне қатысты материалдар да қамтылған. Бұл тақырыптардың оқушыларды оқу сауаттылығына да, жазу сауаттылығына да үйретуде мәні үлкен, «сөзді буынға бөліп жазу, тасымалдау, сөзді буынға бөлудің ерекшеліктерін, буын жігін игеруде, білімін бекітуде, сауаттылығын қалыптастыруда маңызы зор. Сөздерді оқып, екпінін қою екпіннің табиғатын, өзіндік ерекшеліктерін білуге, екпін түспейтін тілдік фактілерді есте сақтауға көмектеседі» [22, 104].

Тілдік нақты материалға сүйенбей, тілді оқыту мүмкін емес екені белгілі жайт. Сондықтан сабақта сөздік жұмысын жүргізуде, оқушының сөздік қорын толықтыруда, жетілдіруде лексикология саласының материалдары пайдаланылады. Өйткені сөздердің мағыналарын түсіндіру, жаңа сөздерді меңгерте отырып, сөздік қорды дамыту – қазақ тілін оқытудағы негізгі мақсаттардың бірі. Оқушылардың сөздік қорын байытып, тіл байлығын арттыруда жаттығу мәтіндеріндегі жаңа сөздерді түсіндіру, ол үшін омоним, синоним, антоним сөздермен салыстыру, сол сөздермен кешенді жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың санасында берік бекіп, жиі қолданылатын сөздік қорға енгізу басты назарда болуы тиіс.

Қазақ тілі сабақтарында пайдаланылатын жаттығу мәтіндерінде ауыспалы мағыналы сөздер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар жиі кездеседі.

Сабакта мұндай сөздердің мағыналарының түсіндіріліп отырылуы да үздіксіз жүргізілуге тиісті жұмыстар.

Жалпы орта білім беретін мектептің 5-сыныбының бағдарламасында «Сөз және оның мағыналары» деген тақырыппен сөздің тура және ауыспалы мағыналары, көп мағыналылық, омоним, синоним, антонимдер, табу, эвфемизмдер мен дисфемизмдер, тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер жайында мәліметтер көрсетілген. Сонымен қатар, бағдарламада сөздік қор және сөздік құрам жайындағы түсінік, қазақтың байырғы төл сөздері мен басқа тілден енген сөздер, көнерген сөздер және жаңа сөздер, жалпылама лексика мен диалект сөздер, кәсіби сөздер мен терминдер де оқушылардың сөздерді өмірде қолданатындай, яғни ауызша сөйлеуде де, жазба жұмыстарда да пайдаланатындай деңгейде меңгерту мақсатында берілген. Бағдарламада да, оқулықта да қамтылған лексикалық ұғымдар оқушының дүниетанымын кеңейтіп, тіл байлығын арттыруға мүмкіндік береді. Қазақ тілін оқыту әдістемесі лексикология саласының мәліметтерін пайдалана отырып, оларды түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушыларға үйретудің жолдарын қарастырады.

Лексика саласын оқыту арқылы оқушы сөздің лексикалық мағынасын түсініп қоймайды, сөздің қолданылу орнын білуге үйренеді. Сөйтіп, әдеби тіл нормасында сөйлеуге, мәдениетті жазуға дағдыланады.

Орта мектепте оқытылатын мәселелердің бірі – сөздердің жасалуы. Сөзжасам қазақ тіл білімінде кейінгі жылдарда өз алдына жеке сала болып танылды және зерттелуде. Соған байланысты мектеп оқулықтарында да сөзжасам жеке тақырып ретінде енгізілуде. Сөзжасамды оқыту арқылы тіліміздегі сөздердің сөз тудырушы жұрнақтар, түбірлердің бірігуі, қосарлануы, тіркесуі арқылы жасалатындығы жайында мәлімет беріледі.

Мектеп бағдарламасында сөз құрамы, сөздердің жасалу жолдарына да көңіл бөлінген. Мәселен, 5-сыныпта «Сөзжасам» жеке сала ретінде беріліп, лексикалық жолмен жасалған сөздер, жұрнақтар жалғану жолымен жасалған туынды сөздер, бірігу, қосарлану, қысқару, тіркесу жолдарымен жасалған туынды сөздер туралы мәлімет берілсе, 6-сыныпта «Сөз тұлғасы және емлесі» деген тақырыппен күрделі сөздердің жасалу жолдары және жазылу емлесі қамтылған.

Сөздердің жасалуы жайындағы теориялық мәліметтер оқушылардың жеке сөздердің тұлғаларына талдау жасауға, туынды түбір мен түбірлес сөздерді ажырата білуге, сөздердің қосарлану, бірігу, қысқару арқылы да жасалатынын түсінуге мүмкіндік береді, әрі оқушылардың ойлау қабілеттерін арттырып, сауаттылыққа да үйретеді. Олай болса, сөздердің жасалу жолдарын, сөзжасам арқылы жасалған туынды сөздерді, олардың түрлерін оқушыларға жүйелі түсіндіруде бұл күнде қазақ тіл білімінің жеке саласы болып танылған сөзжасамның өзіндік заңдылықтары, амал-тәсілдері әдістеме ғылымында басшылыққа алынуы қажет.

Морфологияға қатысты алғашқы мәліметтер бастауыш сыныптарда беріледі. Ал орта мектепте 6-7-сыныптарда сөздің түрлері, яғни атауыш сөздер, көмекші сөздер, одағай сөздер болып бөлінетіндігі жайында айтылып, сөз

таптарының барлық түрлері толық қамтылған. Морфологияның теориялық ұғымдарын меңгертуде әр сөз табының ерекшеліктері түсіндіріледі.

Қазақ тілінің грамматикасы морфология және синтаксистен тұратыны белгілі. Жалпы орта білім беретін мектепте қазақ тілі пәні бойынша грамматикалық ережелерді оқыту – негізгі міндеттердің бірі. Бұл жөнінде әдіскер-ғалым Б.Кәтенбаева мынадай талаптарды басшылыққа алуды ұсынған:

- ережелер мен анықтамаларды оқушыларға сапалы түсіндіру;
- түсіндірілген ережелер оқушылардың есінде сақталатындай болуы керек.

3. Оқушылар өтілген грамматикалық ережелерді түрлі жазу жұмыстары мен сөйлеу тілдерінде дұрыс қолдана алатындай болуы керек [7, 8]. Сонымен қатар «тілдік қатынас жасау, пікір алысу ой жұмысы нәтижелерінің сөйлемдердегі сөздер мен сөз тіркестеріне негізделіп, соларға орнығып тұрақталуы нәтижесінде ғана мүмкін болады. Грамматика ойды материалдық-тілдік қалыпқа енгізуге, өзара пікір алысуға мүмкіндік береді. Сөйтіп, грамматика тілде ұйымдастырушы қызмет атқарады» [24, 272].

Тіліміздегі сөздер белгілі бір ойды білдіруде түрлі тұлғада қолданылады, белгілі бір заңдылықтар арқылы түрленеді. Ал осы «тілдегі сөздердің түрлену заңдылықтарын сөйлемде, мәтінде түрлі тұлғалардың қандай мақсатпен түрленетінін, қолданылатынын зерттейтін» [7, 4] морфология саласының мәліметтерін пайдалану оқушының ана тілінің заңдылықтарын орынды пайдалана отырып, сөйлеу дағдыларын, қатысымдық іскерліктерін қалыптастыруға ықпал етеді.

Грамматикалық материалды оқу бағдарламасына енгізудің әдістемелік еңбектерде көрсетіліп жүрген өзіндік шарттары бар:

1) бұл оның сол тілдің жүйесінде алатын орны, толық грамматикалық сипатталуы, айтылуы, сөйлеудегі қатысымдық мәні;

2) грамматикалық құрылымның сөйлеу тіліндегі қызметі ескерілуі тиіс

Жалпы орта білім беретін мектептің қазақ тілі бағдарламаларындағы тақырыптар осы талаптарға сай келеді.

Сөздердің грамматикалық мағынасы да, олардың көрсеткіштері де белгілі бір сөз таптарына қатысты болады. Сол себепті морфология тарауында сөз таптары жайында мағлұматтар беріледі.

Орта мектеп бағдарламасында сөз таптарын оқыту – қазақ тілі грамматикасының ең негізгі және басқа тақырыптарды меңгертудің тірегі болатын ұғымдарды игерту екендігі, сондықтан олардың атауынан бастап реті мен жүйесінің морфологиялық заңдылыққа бағынатынын саналы түсіндіру қажеттілігі көрсетілген. Бағдарламалық талаптарға сәйкес оқулықтарда сөз таптарының әрқайсысына жеке-жеке орын берілген. Мысалы, зат есім туралы бастауыш сыныптарда берілген түсініктер орта сыныпқа келгенде күрделенеді, яғни зат есімнің деректі, дерексіз, топтау, жинақтау секілді мағыналық топтары, жалқы, жалпы есімдер жайындағы мәліметтермен жалғасады.

«Зат есім заттық ұғым атауларын білдіретін болғандықтан, олар сырт қарағанда біркелкі, бірыңғай сияқты болып көрінеді. Бірақ зат есімдерді іштей саралай келетін болсақ, зат есімдер нақтылы, абстрактылы, жалқылық пен

жалпылық, даралық пен жинақтылық, жекелік пен топтық тәрізді мағыналық категорияларға ие болатыны нақты мысалдардың мағынасын ашу процесінде түсіндіріледі» [24, 156]. Сөйтіп, оқушылар өздерінің бұған дейін зат есім туралы алған білімдерін толықтырып, ауызша сөйлегенде де, жазба жұмыстарда да зат есімдерді таңдап қолданатын болады. Сол сияқты зат есімнің түрленуі туралы мәліметтер де оқушылардың жазуда қате жібермей, оларда орфографиялық, пунктуациялық дағдылар мен шеберліктердің дұрыс қалыптасуына ықпал етеді.

Сын есімнің жеке сөз табы ретіндегі семантикалық мағыналары, сапалық және қатыстық сын есімдердің ерекшеліктері, сын есімнің шырайлары секілді мәселелер түрлі әдіс-тәсілдер арқылы оқушыларға түсіндіріледі. Әсіресе, сын есімдердің зат есімдермен тіркесіп қолданылатындығы сөйлем, мәтін құрастыруда айқындала түседі.

Сан есімдердің лексика-семантикалық мағыналары, морфологиялық қасиеттері және олардың сөйлемдегі қызметі жайындағы білім, дағдылар да оқушылардың ана тілінің ерекшеліктерін меңгеруге мүмкіндік береді.

1. Сөз таптарының ішіндегі нақты заттық мағынасы, өзіне тән морфологиялық категориялары жоқ есімдіктерді меңгертудің өзіндік қиындықтары да бар.

Қазақ тіліндегі есімдіктерді зерттеген А.Ибатов есімдіктердің қолдану ретіне қарай нақтылы мағыналарға ие болуы, олардың негізгі мағыналарының тым жалпылығынан туып отыратын заңдылық екендігін және олардың тағы бір ерекшелігі – субъектімен байланысты болатындығын, бірақ олардың заттар мен құбылыстарды да көрсете алатындығын, соларды меңзеу, нұсқау түрінде жүзеге асатынын дәлелдеген [8, 72]. Әсіресе, есімдіктердің мәтін сөйлемдерінде бір сөзді бірнеше рет қайталамауға мүмкіндік беретіндігі, ауызекі сөйлеудегі есімдіктердің сілтеулік және нұсқаулық қызметтері түсіндірілуі қажет. Орта мектепте есімдікті жеке сөз табы ретінде оқытқанда тіл біліміндегі осындай зерттеу еңбектері негізге алынады.

Қазақ тіліндегі сөз таптарының ішіндегі ең күрделісі – етістік, сондықтан да етістікті түсіндіруде олардың грамматикалық белгілеріне терең үңіліп, оларды жан-жақты талдауға, қалай ұтымды жолдар арқылы меңгерту керек екендігіне шығармашылық ізденіс жасалу қажеттігін әдіскерлер ескертіп отырған [24, 174].

Етістік туралы мәлімет те бастауыш сыныптардан басталады. Тіліміздегі қимылды білдіретін сөздер, олардың сұрақтарынан басталған етістік туралы білім, білік, дағдылар сынып жоғарылаған сайын күрделенеді. Орта мектеп бағдарламасына сәйкес етістіктің мағыналық топтары, болымды, болымсыз, салт, сабақты, есімше, көсемше, тұйық етістіктер оқытылады. Сонымен бірге етістіктің шақтары, райлары және етіс түрлері жайында мәліметтер беріледі. Бұл тақырыптардың барлығы да оқушының ойын ауызша да, жазбаша да толық, жүйелі жеткізе білуі үшін мәні үлкен. Қазақ тілін оқыту әдістемесінде етістікке қатысты мағлұматтарды оқушыларға түрлі жолдармен, әдістермен меңгертуде лингвистикалық еңбектер басшылыққа алынып, тіл теориясының негізінде түсіндірілуі қажет.

Орта мектепте сөз таптарының қай-қайсысын оқытуда да грамматикалық

зандылықтарға сүйеніліп жұмыстар жүргізілуге тиісті, яғни оқушы меңгерген ережелерін іс жүзінде қолдана білуі қажет. Ол үшін сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлемдерді дұрыс құрастырып дағдыланулары керек. Бұл ретте сөздердің байланысы, сөз тіркестері, сөйлем түрлері жайындағы қазақ тіл біліміндегі зерттеулер негізге алынып, меңгертіледі. Олай болса, тіл білімінің синтаксис саласына қатысты ғылыми еңбектер қазақ тілін оқытудың әдістемелік деңгейінің жоғары болуына мүмкіндік береді.

2. Грамматика сондай-ақ тіл дамыту жұмыстарында да ерекше орын алады, өйткені тілді қарым-қатынас құралы ретінде оқытуда, үйретуде грамматика тілдік қатынасты жүзеге асыратын тетік қызметін атқарады. Сондықтан қазақ тілінен меңгертілетін білімді ауызекі сөйлеуде де, жазба тілде де тиімді, орынды пайдалана білуге дағдыландыру – тілді оқыту әдістемесінің негізгі міндеті. Қазақ тілінің салалары бойынша орта мектеп бағдарламасының талабына сай білім беру тіл дамыту жұмыстарымен бірлікте жүргізілгенде ғана нәтижелі болады. Білімді сапалы меңгеру мен сөйлеу шеберлігін мектептен бастап қалыптастырудың қажеттілігі «ғылым салалары мен тіл дамыту арасында тұрақты әрі табиғи байланыс болуы тиіс. Бұл – өскелең өмір мұқтаждығы» [26, 77], – деген ғалым пікірін нақтылай түседі.

Оқушыларды тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларын дәлме-дәл сақтап, айтпақ ойды көркем, әсерлі етіп жеткізе білуге дағдыландыру тіл мәдениетімен, сөз этикетімен де тығыз бірлікте жүргізілсе, білім беру нәтижелері ретіндегі құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік болады.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі стилистика ғылымының да жетістіктеріне сүйенеді. Стилистика – стиль туралы ғылым.

«Стиль» - белгілі бір жалпы халықтық, жалпы ұлттық тілдің ауқымындағы тілдік қатынас құралдарының қолданылу, сұрыпталу және тіркесу тәсілдерінің қоғамдық айқындалған, қызметі жағынан сәйкестендірілген, іштей топтасқан жиынтығы [26, 206].

Сөздерді орынды қолдана білуге үйрететін стилистика ғылымының стилистикалық мағына, бояу, мәтін және стильдер түріне байланысты ұғымдары мен заңдылықтары байланыстырып сөйлеуде синтаксистік құрылымды дұрыс сақтауда, сөздерді орынды таңдауда тиімді болады. Зерттеушілердің көрсетуінше, «тілдің лексика-грамматикалық қасиеті оның құрылымдық ерекшелігі болса, стилистикалық қасиеті оның функционалды ерекшелігіне байланысты болып табылады. Сөйлеудің ерекшелігін танытуға, сөз өнеріне машықтануға үйретуге бейімделген стилистика ғылымының өзіндік ішкі ерекшелігін ескеретін болсақ, сөз жұмсау шеберлігіне дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, күрделі синтаксистік тұтастықты стилистикалық біртұтастықта тану арқылы қол жеткізуге болады» [25, 13]. Олай болса, қазақ тілін оқыту үдерісінде стилистикалық ұғымдарды қажетіне қарай пайдалана білу қажет.

Оқушыларды сауаттылыққа үйретуде қазақ тілін оқыту әдістемесі орфография теориясын басшылыққа алады. «Дұрыс жазу нормаларының көздейтін негізгі мақсаты – айтылмақ ойды жазба түрде дәл, айқын жеткізіп

беру» [22, 3], оның сүйенетін негізгі емлелік заңдылықтары, ұстанымдары бар екендігі белгілі. Сондықтан мектепте қазақ тілі сабақтарында емлелік ережелер меңгертіледі. Мысалы, кейбір дыбыстардың емлесі, үндестік заңына қатысты түбір сөздер мен қосымшалардың жазылуы, сөздерді тасымалдау, бас әріптің жазылуы, сөздердің бірге, бөлек және дефис арқылы жазылуы, шылаулар мен одағайлардың жазылуына қатысты заңдылықтар ескеріледі. Осы заңдылықтарды жүйелі түрде қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен меңгерту қажеттігі әдістеме ғылымында анықталуы тиіс.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың дұрыс сөйлеп, әдеби тілдің орфоэпиялық нормаларын да игерулеріне назар аударылады. Бұл ретте қазақ тілін оқыту әдістемесінде орфоэпиялық заңдылықтар басшылыққа алынады. Ғалымдардың көрсетуінше, сөйлеудегі кемшіліктерді жою үшін оқушыға дыбыстардың жасалу жолын, адамның дыбыстау мүшелерінің дыбыс жасаудағы қызметін түсіндіру, сондай-ақ оқушы тіліндегі жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты қателіктерге жол бермеу секілді жұмыстар жүргізілуі қажет [22, 26.].

Мектепте оқушы емлелік ережелермен қатар тыныс белгілерінің де қойылатын орындарымен таныс болуы тиіс, сондықтан пунктуацияны оқытудың басты мақсаты – оқушыны жазу сауаттылығына дағдыландыру. Сол себепті мектепте шәкірттердің бойынша пунктуациялық іскерлік пен дағдыны қалыптастыру қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Қазақ тілі сабақтарында бағдарламаға сай оқушыға берілетін білім, дағды пунктуациялық ережелер негізінде жүзеге асады.

Сонымен, қорыта келгенде, қазақ тілін оқыту әдістемесі лингвистика ғылымының жетістіктерін, ғылыми зерттеулерді басшылыққа алады, өйткені тіл білімінің заңдылықтарынсыз тілді оқытып меңгерту мүмкін емес.

Мәтін талдау әдістемесі. Мәтін лингвистикасы және прагматикалық лингвистикасындағы сөйлесім типтері мен түрлері туралы, тілдік қатынас теориясындағы сөйлесім әрекетінің компоненттері туралы жүйелі білім беріледі.

Жалпы орта білім деңгейінде сөз мәдениеті, пікірталас мәдениеті секілді тақырыптар, көпшілік алдындағы монологтік, диалогтік, полилогтік сөз түрлері мен өзге де лингвофилософиялық қағидалар, лингвомәдениеттану саласындағы тілдің құндылықтық мәні туралы, сөз мәдениеті мен қарым-қатынас әдеби жөніндегі білімдер оқушының жасы мен психологиялық ерекшеліктеріне сай ұсынылып, олардың тіл туралы лингвистикалық дүниетанымын қалыптастыруға тірек болады да, коммуникативтік дағдыларын дамытуға база қалыптастырады. Себебі лингвистика тіл туралы ілім болса, тілдік қатынас қағидалары сол тілдің қарым-қатынасқа байланысты қолданымдық ерекшеліктеріне негізделеді.

Тілді коммуникативтік тұрғыдан оқыту қатысымдық бірліктер арқылы жүзеге асатыны белгілі. Қатысымдық бірліктер тіл ғылымының салалары лексикология, грамматиканың, стилистиканың зерттеу объектілері болып саналады. Сонымен қатар тілдік қатынастың негізі сөйлеу, сөйлесу болса, олар тікелей тілдік бірліктердің қатысымымен іске асады да, қатысымдық қызмет атқарады. Тілді оқыту үдерісінде тілдің лингвистикалық заңдылықтары мен

грамматикалық ережелерін білмейінше, сол тілде сауатты сөйлеуге үйрету мүмкін емес. Яғни тілдік білімсіз сауатты тілдік коммуникация жүзеге аспайды.

Білім беру барысында тілдік қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру оқушының сөздік қорының мол болуын талап етеді. Сондықтан грамматикалық тақырыптар бойынша оқушының жас ерекшеліктеріне қарай құндылықтық сипаты мен эстетикалық деңгейі жоғары көркем сөз үлгілері қамтылған оқу мәтіндері ұсынылады. Мәтін талдау жұмыстарында сөйлеу үлгілерін таныту, тілдік құбылыстарды талдату арқылы оқушылардың тілдік талғамы дамытылады. Сол себепті грамматикалық тақырыптар аясында ұсынылатын мәтін талдау және мәтін түзу бағытындағы тапсырмалар бір-бірімен сабақтасып жатқан екі бағытта ұйымдастырылады:

1) оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай тіл мен сөздің бірлігі мен арақатынасын таныту жолымен сапалы білім беру;

2) арнайы іріктелген теориялық ұғымдарды коммуникативтік-функционалдық тұрғыдан меңгерту жолымен өмірлік дағдыларын шыңдау. Мұндай сабақтастық оқушының коммуникативтік, ақпараттық, проблеманы шешу, мәдени-танымдық құзыреттіліктерін кешенді қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Мәтін талдау үлгілері:

1) *Мәтіндердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра талдау*

- төменде берілген мәтіндердің бірі – Міржақып Дулатовтың 1926 жылы «Ауыл мұңы» газетіне жарияланған «Қазақ тілінің мұңы» мақаласынан үзінді. Ал екіншісі – Н. Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауынан үзінді.

- мәтіндер Негізгі мектептің (6-10 сыныптар) «Қазақ тілі» (Т1) пәні бойынша оқу бағдарламасынан («Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Білім беру бағдарламасы – NIS-Programme), оның ішінде 10-сыныптың 1-бөлімі: «Тіл және алаш идеясынан» алынған;

- тапсырма оқушылардың келесі оқу мақсаттарын меңгергенін тексереді:

- 10.02. Қазақ тілі стильдері мен шешендік сөздің түрлерін қолданылған тілдік құралдар арқылы тану;

- 10.03. Қоғамдық-саяси мәтіндер (жолдау, заңнама, мемлекеттік бағдарламалар, әскери-патриоттық) арқылы мәтіндердің жанрлық түрлерін ажырату;

- 10.04. Әртүрлі стильдегі мәтіндердің тақырыбын, қызметін, құрылымын, тілдік ерекшелігін салыстыра талдау.

А мәтіні	
Қазақ тілінің мұңы Мен заманымда қандай едім? Мен ақын, шешен, тілмар бабаларыңның бұлбұлдай сайраған тілі едім. Мөлдір судай таза едім. Жарға соққан толқындай екпінді едім. Мен наркескендей өткір едім.	5

Енді қандаймын? Кірленіп барамын, былғанып барамын. Жасыдым, мұқалдым. Мен не көрмедім? Маған әкеліп араб пен парсыны қосты. Бертін келе шүлдірлетіп ноғайды, былдырлатып орысты араластырды. Бір күндерде мені мүлде жоқ қылғысы келгендер де болды. Әлі де Абайға өкпем жоқ. Тіріде маған ара түсушілер аз болды. Мен жылы сөзді, алдымен айналып кетейін, осы күнгі Ахмет деген кісіден ғана естідім. Төңкеріске шейін көрмегенім қалған жоқ. Төңкеріс болмаса, бейшара қазақ менен айырылатын да шығар деп едім. Төңкеріс болды. Қазақтың көзі ашылды. Қазақтың көзі ашылған соң, менің де күнім туды ғой деп қуанушы едім. Жаны жәндем кеткір миссионерлердің, молдалардың, тілмаштардың қолжаулығы болудан құтылдым ғой деп ойлаушы едім. Оның үстіне қазақ тілі мемлекеттік тіл болсын деген заң шықты. Төбем көкке төрт елі жетпеді. Бірақ, не керегі бар, босқа қуанған екенмін... http://akikat.kazgazeta.kz/?p=804	10 15 19
Ә мәтіні <i>Қазақ тілі бүгінде ғылым мен білімнің, интернеттің тіліне айналды. Қазақ тілінде білім алатындардың саны жыл өткен сайын көбейіп келеді. Еліміз бойынша мемлекеттік тілді оқытатын 57 орталық жұмыс істейді. Олардан мыңдаған азаматтар қазақ тілін үйреніп шықты, әлі де үйренуде. Былтырғыға қарағанда биыл қазақ тілін білемін деген өзге ұлт өкілдерінің саны 10 пайызға өскен. Бұл да біраз жайыттан хабар береді. Тек соңғы 3 жылда мемлекеттік тілді дамытуға республика бойынша 10 миллиард теңге бөлінді. Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар. Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік тіл болды! Оны даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн.</i> <i>Қымбатты отандастар!</i> <i>Біздер, қазақстандықтар – бір халықпыз!</i> <i>Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпы қазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы.</i> <i>Әсіресе жастарымызға мынаны айтамын. Бұл Стратегия сіздерге арналған.</i> <i>Оны жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер. Өз жұмыс орындарыңызда отырып, осы жұмысқа әрқайсысыңыз атсалысыңыздар. Немқұрайлылық танытпаңыздар.</i> <i>Астана, 2014 жылғы 17 қаңтар</i> http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakistan-halkyna-zholdauy-2014-zhylgy-17-kantar қысқартылды	5 10 15 18

Мәтіндердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын салыстыра талдау

Мәтіндердің ұқсастықтарына тоқталар болсақ, екеуі де тіл туралы, алайда бірі XX ғасырдың басындағы тіл жағдайын қозғаса, екінші мәтінде қазіргі таңдағы тілдің қанат жаюы туралы айтылады. Екі мәтіннің авторлары – танымал тұлғалар, А мәтінінің авторы – бес арыстың бірі Міржақып Дулатов болса, Ә мәтінінің авторы – Елбасы Н.Ә. Назарбаев. Мәтіндер жазбаша формада берілген, себебі әдеби нормалар қатаң сақталған. Стилдері – публицистикалық,

өйткені қалың көпшілікке ой салады, санасына ықпал етуді көздейді. Екеуінде де үзінді берілген, сондықтан құрылымдары сақталмаған: А мәтінінде қорытынды берілмесе, Ә мәтінінде кіріспе бөлімі жоқ.

Мәтін айырмашылықтарына келер болсақ, А мәтіні – пайымдау, себебі автор қазақ тілінің сол кездегі жай-күйін талқылайды. Ал Ә мәтіні – әңгімелеу, себебі автор қазақ тілінің қазіргі жағдайын көрсетеді. Мәтіндердің көзделген аудиториясы әртүрлі: алғашқысы – қазақ тілінің мүшкіл халіне бейжай қарамайтын халық болса, кейінгісі – қазақстандық азаматтар, әсіресе жастар. Мәтін мақсаттары бойынша да ерекшеленеді: А мәтіні тіл атынан монолог құру арқылы тілдің халіне назар аудартуды көздесе, Ә мәтіні тыңдарманға әсер ету, тілді дамытуда бірлесе әрекет етуге шақырады.

Мәтін тақырыбы мен мазмұндары бойынша да айырмашылық бар. Біріншіден, А мәтінінің тақырыбы бар болса, Ә мәтінінде ол берілмеген. Сондай-ақ бірінші мәтіннің тақырыбы мен мазмұны арасында тығыз байланыс бар, себебі қазақ тілінің төңкеріске дейінгі, төңкерістен кейінгі «мұңы» «тіл» атынан баяндалады. Ал екінші мәтінде тілді дамытуға бөлінген қаржының жұмсалуды, тілді дамытатын орталықтардың, қазақ тілін білушілердің саны, қазақ тілінің жағдайының көш ілгерілегені, бірлесе отырып, қамалды бағындыруға болатыны әңгімеленеді. А мәтінінің жанры – мақала, себебі мәтінде бір ғана нақты ойды дамыта түсуде, логикалық ой мен дәлелдердің мақсаттылығы, сөйлемдер мен түйіндердің нақтылығы басты назарда. Ә мәтінінің жанры – Жолдау, өйткені халыққа жолданып отыр әрі бірлесе жасалатын жұмыстар талқылануда.

Авторлардың тілдік қолданысында ерекшеліктер байқалады. А мәтінінде автор ойды образды жеткізу үшін *«бұлбұлдай», «судай», «толқындай», «наркескендей»* сынды теңеулерді; оқырманға әсерін ұлғайту үшін *«кірленіп барамын, былғанып барамын»* сияқты морфологиялық қайталаманы; тілдің шұбарланғанын жеткізу үшін *«араб, парсыны қосты, ноғайды былдырлатып, орысты араластырды»* деген метонимияны; тілді кім көрінгеннің өзгерткенін көрсету үшін *«... қолжаулығы»* деген метафораны; тілдің үстемдік алғанын жеткізуде *«көзі ашылған», «күнім туды»* фразеологизмін; Тіл туралы Заңның шыққанына қатты қуанғанын жеткізуде *«төбем көкке төрт елі жетпеді»* тұрақты тіркесін; оқырманға әсерін күшейту үшін *«жасыдым, мұқалдым»* деген синонимдерді, қазақ тілінің жайын бейнелі жеткізу үшін, *«өткір едім», «жылы сөз»* ауыспалы мағынадағы сөзін қолданады. Ал Ә мәтіні ресми түрде берілгендіктен, көркемдегіш құралдар аз кездеседі. Алайда Жолдау ерекше пафоста айтылатындықтан, *«ұлттың ұйытқысы», «шаңырағымыз»* метафорасы, тыңдарманға ықпал ету үшін *«жемісін көретін»* фразеологизмі пайдаланылады.

Ә мәтінінде автор тілді дамытуға мемлекет тарапынан жағдай жасалып жатқанын оқырманға жеткізу мақсатында, нақты, дәл ақпарат беру үшін *«57 орталық», «10 пайызға», «3 жылда», «10 миллиард»* сынды есептік және *«2014 жылғы 17 қаңтар»* деген реттік, *«мыңдаған»* болжалдық сан есімдерін қолданады. Ал А мәтінінде сан есімдер мүлде кездеспейді.

А мәтініндегі «*төңкеріс*» тарихи сөзі арқылы бұл мәтіннің біраз уақыт бұрын жазылғанын аңғара аламыз. Осы мәтіндегі «*тіріде ...*» деген ауыспалы мағынадағы сөзі арқылы тіл өзін «өлдіге» санап отырғанын, осы арқылы сол кезеңдегі тілдің ауыр халін байқай аламыз. Ә мәтініндегі «*былтырғыға қарағанда биыл*» күрделі мезгіл үстеулері арқылы автордың өткен мен бүгінгі жағдайды салыстырғанын көреміз. Сонымен қатар А мәтінінде автор қолданылу аясы шектеулі сөздерді, оның ішінде -*бей* кері мәнделес ұғымды білдіретін парсы тілінің негізінде енген қосымшасы бар «*бейшара*» дисфемизмін қазақ тілінің мүшкіл халін көрсету мақсатында қолданады. Ал Ә мәтіні халық назарын өзіне аудартуды көздегендіктен, онда қаратпа сөздер кездеседі (10-қатар).

Бірінші мәтіндегі «*бірақ*» қарсылықты мәнді шылауы арқылы автордың тілдің дамуына қатысты күткен үміті ақталмағанын білеміз. Ал Ә мәтінінде автор «*әсіресе*» жалғаулық шылауы арқылы тілді дамытуда жастарға иек артатынын атап өтеді. Сондай-ақ автор «*біздер*» жіктеу есімдігін қолдану арқылы Отанымыздың, тіліміздің ортақ екенін көрсеткісі келеді.

Мәтіндерді синтаксистік тұрғыдан талдар болсақ, Ә мәтінінде көбінесе анық және құрылымы көпшілікке ұғынықты сөйлемдер берілген, себебі Жолдау қалың көпшілікке арналған. Сондай-ақ мұнда шақыру, насихаттау, үндеу мақсатындағы лепті сөйлемдер (8-қатар) басым. Ал А мәтінінде талқылау, пайымдау басым болғандықтан, риторикалық сұраулары көп әрі автор осы арқылы оқырманға ой салғысы келеді, аудитория назарын аудартуды көздейді. Мысалы, 1,4,6-қатарлардағы сөйлемдер. Бірінші мәтін газетке (қалың көпшілікке) арналғандықтан, сөйлемдері толымсыз (5-қатар) формада, көбінесе жай сөйлемдермен (14-қатар) берілген.

А мәтініндегі мақалада автор өткенге шолу жасағандықтан, ойын тек етістіктің жедел өткен шақ формасында жеткізеді. Мысалы, «*бұлбұлдай сайраған тіл едім*», «*таза едім*», «*екпінді едім*», «*өткір едім*», т.б. Ал Ә мәтінінде қазіргі уақытта қазақ тілінің кең етек жайып отырғанынан хабардар ету үшін, ауыспалы осы шақ етістіктері жиі қолданылды. Мысалы, «*көбейіп келеді*», «*жұмыс істейді*», т.б. Бірінші мәтінде автор тіл монологін ұсынғандықтан, ой І жақтан айтылады. Мәселен, «*Мен ақын, шешен...*». Ал екінші мәтінде халыққа Жолдау айтып отырғандықтан, І, ІІ жақтағы сөйлемдер басым. Мысалы, автор мәселені шешу үшін, бірге әрекет ету керектігін айтып, «*Біздер ... бір халықпыз*» деген І жақ көпше түрі жіктік жалғауын қолданса, «*жүзеге асыратын да, жемісін көретін де сіздер*» деп жастарға үміт артып, жіктік жалғауының ІІ жақ көпше түрдің сыпайы формасын қолданады. А мәтінінде автор даусы айқын, эмоция-экспрессияға толы. Ал Ә мәтінінде ықпал ету сарыны басым болғандықтан, ерекше пафос аңғарылады [27, 13].

2) Мақала мазмұнын талдау.

Пайдалы қазбалар - қазіргі техниканың даму деңгейінде, табиғи түрінде немесе өңделгеннен кейін шаруашылықта пайдалануға болатын минералдар мен тау жыныстары. Әдетте таулы аймақтарда (қатпарлы және қатпарлы-жақпарлы аудандар) және шөгінді қабығынан айрылған платформаларда рудалы қазбалар

кені көп кездеседі. Ал шөгінді түріндегі пайдалы қазбаларды (мұнай, газ көмір, уран және т.б.) шөгінді қабығы бар платформаларда кездестіруге болады.

1919-1923 жылдардың өзінде Қарағанды тас көмір алабының өнеркәсіптік мүмкіндіктері анықталды. Содан бері Қазақстанда геологиялық пайдалы кендер ашылып, жоспарлы зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Қазақстанда аса маңызды минералдық шикізат түрлерінің барлығы бар. Еліміздің жер қойнауынан Менделеев кестесіндегі 105 элементтің, оның ішінде 70-інің мол қоры барланған және 60-тан астамы өндіріледі. Алты мыңға жуығы пайдалы қазба кен орындары ашылған. Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мамандарының мәліметі бойынша (2007) республика дүниежүзі бойынша уран, хром және марганец қоры жөнінен 2-орында, мырыш, молибден, қорғасын, мыс, вольфрам және алтын қорынан – алғашқы бестікте, ал мұнай, темір және қалайы қорынан алғашқы он орынның біріне ие. Қазақстан – Еуразия континентінде хром қорынан ең бай ел, ал марганец қорынан бүкіл ТМД-да басым ел. Алтын қорынан Қазақстан дүниежүзі бойынша 5-орында, ал ТМД бойынша Ресей мен Өзбекстаннан кейінгі 3-орында. ТМД көлеміндегі мыс пен қорғасын қорының жартысынан астамы, мырыштың 70%-ынан астамы Қазақстанда шоғырланған. Пайдалы қазба орындары: жанатын, кен және кен емес болып үш топқа бөлінеді.

Жанатын пайдалы қазбаларға мұнай мен газ, көмір, уран және т.б кен орындары жатады.

Мұнай мен газдың мол қоры Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Ақтөбе және Батыс Қазақстан аймақтарында шоғырланған. Мұнай елімізде бірінші рет 1899 жылы Қарашүңгілдегі Ембі кен орнындағы мұнай ұңғысынан атқылады. Ал 1911 жылы Доссор, 1915 жылы Мақат кен орны пайдалануға берілді. Бұл кен орындарына 60-жылдары Маңғыстау түбегіндегі Өзен мен Жетібай қалды. Кейінірек олардан да қуатты Қаражамбас пен Қаламқас, Теңіз, Кеңкияқ және Жаңажол, Қарашығанақ пен Құмкөл кен орындары ашылды. Қазір Қазақстанда мұнай мен газ шоғырланған 14 алап және 207 кен орны бар. (295 сөз)

Ә мәтіні жазбаша формада берілген және Қазақстандағы пайдалы қазбалар туралы ғылыми мәліметтер қамтылған.

Ә мәтінінің түрі – баяндау.

Ә мәтінінің мақсаты – еліміздегі пайдалы қазбалар туралы оқырманды жан-жақты ақпараттандырып, олардың түрлері мен таралуы туралы баяндау.

Мәтін мазмұнында пайдалы қазбалар туралы анықтама; олардың түрлері; Қазақстандағы кен орындарын зерттеу; минералды шикізат түрлеріне мысалдар; дүниежүзіндегі пайдалы қазбалардың түрлері; олардың шоғырлануы мен таралуы туралы ақпараттар қамтылған.

Ә мәтінінің көзделген аудиториясы: геологтар, химиктер, жоғарғы сынып оқушылары мен ЖОО студенттері.

Мәтін – ғылыми стильде жазылған ғылыми мақала. Мәтінде «пайдалы қазбалар», «шөгінді», «кен орындары», «шикізат», «мұнай мен газ», «минералдық ресурстар» сияқты т.б. сөздер мен сөз тіркестері жиі қолданылып, тақырыпты ашуға тірек сөз қызметін атқарып тұр.

Ә мәтініне ғылымилық сипат беріп тұрған төмендегідей тілдік аспектілерді атап өтуге болады. Мәтінде «Қазақстан», «Еуразия континеті», «Ресей мен Өзбекстан», «Атырау», «Маңғыстау» сияқты т.б. жалқы есімдер пайдалы қазбалардың дүниежүзі және елімізде таралу аймақтарын көрсету үшін қолданыс тапқан. «Минералдар», «тау жыныстары», «шөгінді қабық», «платформа», «руда» сияқты терминдер мәтіндегі ақпараттардың география және химия ғылымдары саласына қатысты екендігіне айғақтайды.

Мәтіннің 2-абзацындағы «105», «70», «60-тан астам» сияқты есептік және болжалдық сан есімдер еліміздегі шикізат көздерінің нақты санын көрсетсе, 3-абзацтағы «екінші», «үшінші», «бесінші» реттік сан есімдері Қазақстанның пайдалы қазбалар қоры жөнінен дүниежүзінде алдыңғы орында екендігін аңғартады.

Мәтіндегі «қатпарлы-жақпарлы» қос сөзі кен орындарының орналасу аймағын білдірсе; «дүниежүзі» біріккен сөзі мәтінде жиі кездесіп, Қазақстанның пайдалы қазбалар қоры жөнінен әлем аренасындағы беделін; «ТМД» қысқарған сөзі еліміздің марганец қоры жөнінен алдыңғы қатарда екендігін таныту мақсатында қолданылған.

Мәтінде ғылыми стильге тән «жүргізіліп келеді», «кездестіруге болады», «өндіріледі» тәрізді ауыспалы осы шақ формасындағы етістіктер жиі кездеседі.

Мәтін айтылу мақсатына қарай хабарлы сөйлемдермен берілген. Құрылысына қарай 3,5-абзацтарда бірыңғай мүшелермен берілген жай және құрмалас сөйлемдер ақпаратты кеңейту мақсатында қолданыс тапқан. Мәтіннің 2-абзацындағы қимыл-сын бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем елімізде пайдалы қазбаларды зерттеу жүйелі түрде жүргізілетінін дәлелдеу мақсатында берілген. 3-абзацтағы бірыңғай мүшелермен берілген сөйлемдер Қазақстандағы пайдалы қазбалардың түрлері жөнінде нақты деректер береді.

Мәтін құрылымы сақталған: кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімі толық қамтылған; логикалық бірізділікпен байланысқан 5 абзацтан тұрады. Мәтіннің кіріспе бөлімінде пайдалы қазбалар терминіне анықтама беріліп, оның түрлеріне тоқтаған. Автор мәтіннің негізгі бөлімінде кен орындарының ашылуы мен мүмкіндіктері; минералды шикізат түрлерінің қоры; Қазақстанның кен қоры жөнінен дүниежүзінде алатын орны; қорытынды бөлімінде бүгінде өзекті болып отырған мұнай мен газдың мол қоры жөнінде мәліметтер нақты мысалдармен берілген.

Мәтін ғылыми стильде жазылғандықтан, автор үні байқалмайды. Айтылатын ой дәлелді, зерттелген, нақты мысалдармен III жақтан баяндалған. (Құрастырғандар: А.О. Есенжолова, А.Е. Нурмуханова, Ж.Қ. Қырықбаева).

3) Оқылым сабағында мәтін талдаудың маңызы.

Қарастырылатын сұрақтар:

- Мәтін дегеніміз не?
- Мәтіннің қандай түрлері бар?
- Оқылым сабақтарында мәтін талдаудың қажеттілігі неде?

А) Мәтін дегеніміз не?

Сөз өнерінен жасалып шығатын нәрсенің жалпы аты шығарма сөз, ол аты

қысқартылып «шығарма» деп айтылады. Ауызша шығарған сөз болсын, жазып шығарған сөз болсын бәрі шығарма болады (*А.Байтұрсынұлы*).

Мәтін деп сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немесе бірнеше сөйлемдер тізбегін айтады (З.Ш. *Ерназарова*).

Мәтін – аяқталған толық мазмұнды білдіретін қарым-қатынастың, әсер етудің ерекше бірлігі. Ол - хабарды сақтаушы және жеткізуші болып саналады (М.К. *Ахметова*).

Мәтін – бұл жалпы (бір) тақырып төңірегіндегі біріккен, сабақтастық пен тұтастық тән, ақпаратты жеткізетін мазмұнды (мәнді) сөйлемдердің тізбегі.

<https://kk.wikipedia.org>

Мәтіннің ұсынылу формасына қарай: ауызша, жазбаша болып бөлінеді. Олар өз ішінен: монолог, диалог, полилог.

Мәтін көлеміне қарай: *макромәтін* (дара сөйлем, мағыналық және интонациялық жағынан аяқталған сөйлемдердің тізбегі); *микромәтін* (тұтас шығарма).

Макромәтін (көлемді мәтін) Газет, ғылыми журнал мақалалары, монография, оқулық, ресми-іс қағаздары, роман, повесть, поэма т.б. Микромәтін (шағын мәтін) афоризмдер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, әзіл әңгімелер (қысқа анекдоттар) жұмбақтар, жаңылтпаштар т.б.

Мәтіннің баяндау қабаты немесе мәтін түрлері: әңгімелеу мәтіні, суреттеу мәтіні, пайымдау (ойталқы) мәтіні.

Мәтін жанрлары: поэзия, проза, драма.

Мәтіннің композициялық құрылымы: бастауы, дамуы, қорытуы (Бұл бөліктер мәтіннің тұтасымын құрайды).

Ал мәтіндегі сөйлемдердің көлденеңінен өзара байланыста келуін мәтіннің байласымы дейміз. Мәтін байласымына қатысатын тілдік амал-тәсілдерге: есімдіктер, зат есім мен сан есімдер, шылаулар т.б. жатады. Олардың түрлі қолданыста жұмсалыуынан стильдік айшық пайда болады.

Мәтін және стиль (стиль – сөйлеушінің, жазушының белгілі бір тақырыпқа қатысты сөз саптауы). Түрлері: ауызекі сөйлеу стилі, ғылыми стиль, ресми іс-қағаздар стилі, публицистикалық стиль, көркем әдебиет стилі.

Мәтіннің жұмсалымдық (функционалдық) қызметіне неліктен назар ауды?

Мәтін (структуралық лингвистика) бұрынғы; (функционалдық лингвистика) – қазіргі.

Мәтін талдауда қолданылатын ұғымдар:

- мәтін тудырушы адам – автор, адресант, таңба иесі
- мәтін – таңба, тілдік таңба
- мәтінді оқитын адам – адресат
- әсер ету күші бар тіл құралдары – прагматикалық тіл құралдары
- таңбааралық қарым-қатынас – адресант пен адресат қарым-қатынасы
- Сөздің мақсатқа сай қызметін өзгертіп қолдану – сөз ойнату

Мәтін талдаудың маңыздылығы:

1. Оқыған немесе тыңдаған мәтін арқылы білім игеру жүзеге асады.

(автордың жеке тәжірибесінен өнеге алу, ақпаратқа қанық болу, ойын

әсерлі жеткізу мақсатында сөз ойнату тәсілдерін игеру т.б.)

2. Алдыңғы қадамда игерген білім қорын пайдаланып жазу немесе ауызша айту (қолдануға тырысу) әрекеті жүзеге асады.

3. «Көсемсөз шебері» деңгейіне жету немесе талпыну «әрекеті орындалады.

Оқыған немесе тыңдаған мәтінге талдау жасау арқылы:

- мәтіннің көмегімен автордың айтпақ ойы ұғынылады;

- мәтін арқылы белгілі бір мәселеге автор көзқарасын анықтау мүмкін болады;

- мәтін арқылы адресант пен адресаттың қоғамдағы әлеуметтік орны, тұлғалық ерекшелігі анықталады;

- адресанттың тілді қолдану шеберлігі өлшенеді;

- адресант пен адресаттың арасында қарым-қатынас орнайды;

- адресант пен адресат арасындағы қарым-қатынас нәтижесі көрінеді (оқырманға әсері бағаланады);

- мәтін көлемінде қоғамдағы саяси ахуал, өмір шындығы бейнеленеді.

Көркем шығарма мәтінін талдау.

Мидай жазық, кең дала, жел жоқ. Күн шуақ. Аспанда ақ сабынның көбігіндей, ақ мақтадай бұлттар. Шеке қызар, ми қайнар уақыт. Инелік, шегіртке, бөгелек, масаның қалың шөптің арасынан ұшып, әуені қаптап, шарықтап, олай-бұлай жүйткіп шыр-шыр етіп, қанаттары дырылдап, ызылдағаннан басқа, екі аттың пысқырып, құйрығы суылдап, аяғын тебініп, бөлек жасқағаннан басқа, анда-санда шық-шық еткен торғайдың даусынан басқа жаңғырыққан ешбір тықыр не бір үн естілмейді. Қартқожа сайын далада киімін шешіп, жайрап, көйлекшен, жалаң бас, көк шөпке бауырын төсеп, күнге қарап, қошқыл маңдайынан тері шып-шып шығып, кітабын оқып жатыр. Оның кітапқа ынталанғаны сонша, ...демін де білдірмей алады.

Ж.Аймауытов шығармалары. II том, 194-бет.

Талдау нәтижесі (Автор туралы мәліметті мәтіннен оқи білу)

Адресант ауылда өскен адам, қарапайым отбасынан шыққан. Оған ауыл өмірі етене таныс.

Адресант таза қазақы ортада тәрбиеленген. Ол өсімдіктер мен жәндіктер атауын жақсы біледі.

Адресант оқыған, білімді жан. Ол оқырманын қызықтыра алады. Теңеу және эпитетті қолданып, шығарманы көркем баяндайды.

Автор морфологиялық қайталаманы қолданып (сөйлем ішінде -ып/-іп құрылымы) шығарма тілінің оқырманға әсер ету күшін арттырады. т.б.

Публицистикалық стильдегі мәтін талдауы

Тіл шұбарлығы деген не?

Әуелден “аяғы былғаныш жерді былғаса, аузы былғаныш елді былғаған”. Әзір де солай әрі бүгінде оны *тайлы-таяғымызбен*, жабыла жүзеге асырудамыз. Айталық, түбінде Ақаң айтқан «асыл да, түзу тілімізді» *тығырыққа тіреп тынатын тіл шұбарлығы* біз үшін қалыпты құбылысқа айналды. Екі сөздің бірін орысша шатып, осы күнгі тіліміз шуарала жыландай және мұндайды *есіте-есіте*

етіміз де өліп қалғандай. Ал ең бастысы – бұлай жөн сөзге жүрмей, сөз арасына су жүгіртіп, сына салып отырған тілазар телілер ғана емес. «Тілді бұзатын оқығандары» демекші, сөздің сұраушы-сынаушысы саналатын жазушы-ғалымның да, өзгеге мәдениетті сөйлеуді үйретуші мұғалымның да күнделікті тірліктерінің бірі – тіл шұбарлау болуда. Тіпті тілдің, сөздің соңғы сақшысы, сақтаушысы – ауыл ақсақалы, ақ басты әженің өзі: баламның вышший абразаванійесі бар, вышший ішколада оқығам, абыласной бәлнійсе, кәндиләт нәуік, крәсній дйіплөм, пәрөг сердсә екен деп отырады. Иә, тіл шұбарлығы қазақтың үлкен-кіші, жақсы-жалбайының бәріне ортақ, аршып алып тастауға да болмайтын, қарғамасыңа тағы болмас жалмауызына айналды және бір қызығы – мұндай сөздерді қазақша айтса, ә дегеннен түсінбей қалатын да халға жеттік. Мысалы, біреу: – бұрылыстан түсемін десе, –повороттан ба? немесе «-шәй с молоком ба?» – деп қайта сұрап, сенбі, сәрсенбі десе, тағы да – не дедің, ол қай күн еді, орысшасы қалай? – деп қаламыз. Яғни дұрыс сөзден жағымыз ғана жаңылып қоймай, құлағымыз да тана бастады.

Сірә, қайдан құлақ шығарса да, қазанишының өз еркі, ауыз да, сөз де өзімдікі, қалай айтқанымда кімнің, не жұмысы бар деуге де болар! Дегенмен, аңдамай сөйлеген ауырмай өледі. Аңдаусыз ауыздан ары да бері айтыла берген соң, көңілдегі көрікті ойдан не қалмақ? Сөйлер сөз қалай түзелмек? Бір-екі ауыз сөзді түзу, түгел айта алмай тұрып, мемлекеттік тіл туралы мәселе көтеріп, заңды өзгертейік, қазақшаға көшейік деп көсемсуде не мән болмақ? ...

<http://ult.kz/post/til-shubarlygy-degen-ne>

Талдау нәтижесі (Автор туралы мәліметті мәтіннен оқи білу)

Адресант зиялы таптың өкілі, оқыған адам. Мұғалім, тілші немесе зерттеуші болуы ықтимал.

Автор өзінің мақсатты аудиториясын нақты біледі және соған сай тілдік деңгейде сөйлейді.

Ол өз оқырманына әсер ету мақсатында тіл құралдарын (дыбыстық қайталаманы, прецеденттік сөйлемдерді, этнолексемаларды, кальканы) ұтымды қолданып, жиіркеніш сезімін (интенциясын) жеткізеді.

Автор көтерілген мәселеге өзіндік көзқарасын анық білдіреді. Оқырманды соғынан ерту мақсатын көздейді.

Қорытынды

Мәтін – адресант пен адресат туралы мәлімет беретін ең маңызды тілдік таңба. Адресант пен ақпаратты қабылдаушы тұлғаның арасындағы қарым-қатынас мәтін ішіндегі тіл құралдарының мақсатты әрі сәтті жұмсалыуымен түсінікті болады.

Адресант пен адресат туралы ақпарат беруге қабілетті тіл құралдарына:

- фонология деңгейінде – дыбыстық қайталамалар (анафора, эпифора);
- морфология деңгейінде – морфологиялық қайталамалар (-ғай/-гей/ып/-іп, -са/-се т.б.);
- лексикология деңгейінде – лексикалық қайталамалар (барлық сөз табынан болған сөздер);
- прецедент сөздер мен этнолексемалар (фильм не шығарма атаулары);

- калька және термин сөздер, өзге тілден енген сөздер;
- синтаксис деңгейінде – прецеденттік сөйлемдер, жағдаяттар (фразеологиялық тіркестер, мақал-мәтелдер, танымал ән жолдары, шығарма үзінділері т.б.);

- көркемдегіш (әдеби-теориялық ұғымдар) құралдар (стильдік тұрғыда).

Қазақ тілін оқытудың педагогикалық негізі. Тілді меңгертудің педагогикалық негізі лингводидактикалық ұстанымдар мен қағидаларға, білімді тәрбиемен ұштастыру арқылы тұлғаның қасиеттері мен қабілеттерін қалыптастыру мәселелері білім беру философиясының парадигмаларына сай анықталады. Оқытудың мақсатын дұрыс айқындау, білім мазмұнын жүйелі құрылымдау, оқу үдерісін оңтайлы ұйымдастыру, оқыту әдістері мен технологияларын ұтымды сараптау, күтілетін түпкі нәтижелерді сауатты анықтау – тілді оқыту үдерісінің сапалылығын қамтамасыз ететін аса мәнді факторлар.

Тілдік білімнің құндылықтық сипатқа ие болуы, нәтижеге бағдарлай оқыту талаптарына сәйкестендірілуі пән мазмұнында ұлттың мәдениетін, тарихын, әдебиетін, өркениетін кешенді қамту арқылы жүзеге асырылады.

Қазақ тілін оқытуда осы мақсаттар кешенді жүзеге асу үшін төмендегідей дидактикалық ұстанымдар басшылыққа алынады:

Тілді оқыту мақсаты мен қоғамдық-әлеуметтік сұранымның үйлесімділігі ұстанымы бойынша «Қазақ тілі» пәні оқушыға тіл туралы құрылымы жағынан жүйелі, өмірлік қажеттілік тұрғысынан пайдалы білім берумен қатар жас ұрпақтың бойында функционалдық сауаттылықты, мемлекетшілдік рухты, елжандылық қасиеттерді қалыптастыруға да басымдық беруі тиіс. Сондықтан қазақ тілінің табиғатын танытатын теориялық тақырыптар аясындағы оқу материалдары оқушылардың әлеуметтенуін, жылдам өзгермелі қоғамдық ортада өмір сүруге бейім және бәсекелестікке қабілетті болуын қамтамасыз ете келіп, олардың өмірлік дағдыларды саналы меңгеруіне мүмкіндік тудыруы маңызды. Бұл орайда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі маңызын түсінуге, оны сауатты қолдануға деген жауапкершілікті қалыптастыру да шешуші мәнге ие. Бұл талаптар өз кезегінде қазақ тілі пәнін оқыту үдерісінде оқушының жеке мүддесі мен елдік мүддені ұштастырып, білімнің субъективтік және объективтік маңызын да түсінуге себеп болады.

Ғылымилық ұстаным – негізгі негізгі орта білім беру деңгейі мен жалпы орта білім беру деңгейінің бейіндік бағытында мектепте қазақ тілін оқытудағы ең басты ұстаным. Өйткені бұл кезеңдерде оқушы тілді ғылыми тұрғыдан танып біледі. Ғылым – адамзат баласының ғасырлар бойы қоршаған дүние, рухани әлем туралы жинақтаған қорын танудың кілті. Ал, білім – сол қорды болашақ ұрпақтың жасы мен танымына сай етіп берудің тетігі.

«Қазақ тілі» пәнінде оқытылатын тіл білімінің іргелі ұғымдары А.Байтұрсынұлының еңбектерінен алынып, күні бүгінге дейін оқытылып келеді. Сол білім арқылы оқушы қазақ тілінің өзіндік заңдылықтарын меңгеріп, тіл туралы білімдері жүйеленіп, лингвистикалық дүниетанымдары қалыптасады. Алған білімін қолданып, сауатты сөйлеуге машықтанады. Ал жалпы орта білім

беру деңгейінің бейіндік бағытында сол білімдері сөз мәдениетінің коммуникативтік сапалары мен шешен сөйлеу тәсілдері арқылы толығып, жетілдірілуі керек. Ғылыми білім оқушының теориялық ойлауын дамыту арқылы оның сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Жүйелілік, сабақтастық ұстанымы – лингводидактиканың басты ұстанымы. Сондықтан қазақ тілінен меңгертілетін білім мазмұнын құруда да, оқу әрекетін ұйымдастыруда да бұл ұстаным оқушының дамуын сапалық тұрғыда нәтижелі етеді. Сыныптан сыныпқа тілдік тұлғаны қалыптастыруға бағытталған тілді оқытудың біртұтас жүйесін бірізділікпен, өзара сабақтастықта, қарапайымнан күрделіге қарай үнемі жетілдіру жолымен ұйымдастыруға тірек болды.

Әрбір сатыда берілетін білім оқушының келесі сатыдағы білімді меңгеруіне алғышарт жасайтындай, соны қамтамасыз ететіндей болып құрылуы тиіс. Сол сатылы таным жүйесі, бастауыш білім беру деңгейі – негізгі орта білім беру деңгейі – жалпы орта білім беру деңгейі болып жалғасады.

Ана тілін оқыту жүйесі бойынша бастауыш сатыда бала әріп танып, сауатын ашады, оқи білуге, жаза білуге, тыңдай білуге, өз ойын дұрыс жеткізе білуге үйренеді. Сол дағдыларды меңгеру арқылы бала келесі сатыда, яғни мектептің негізгі сатысында берілетін ғылыми білімді қабылдауға дайын болады.

Мектептің негізгі сатысындағы (5-9-сыныптарда) басты мақсат: белгілі бір ғылым негіздеріне сүйеніп, жасөспірімді тілдің жүйесі арқылы аса маңызды рухани құндылықтың – ана тілінің маңызын түйсінуге, ерекшелігін тануға, сөз арқылы ойды жеткізудің сыры мен қырын зерделеуге үйрету. Сондықтан бұл сатыдағы оқу пәндері белгілі бір ғылым саласының заңдылықтары мен мәтін теориясына сүйенген, баланың қабылдауына, өресі мен танымына лайықталып жүйеленген ғылыми білімге негізделеді. Мысалы, математика пәнінің білім мазмұны математика ғылымына, биология пәні биология ғылымына, тарих пәні тарих ғылымына, сол сияқты қазақ тілі пәнінің мазмұны қазақ тіл біліміне сүйеніп, анықталуы қажет.

Негізгі орта білім беру деңгейінде оқушыға ана тілінің ерекшелігін таныту үшін қазақ тіліндегі сөз туралы қағидаларды, сөз, мәтін құрау заңдылықтарын, дұрыс сөйлеуге үйрететін әдеби тіл нормалары мен стиль түрлері туралы ұғымдар беріледі. Осы сатыда оқушы әдеби тіл нормаларына, сөз дұрыстығына қатысты білімді толық меңгереді. Ал, жалпы орта білім беру деңгейінде сөз шеберлігіне төселдіретін сөз мәдениеті, пікірталас мәдениетіне қатысты өмірлік дағдыларды игеруге, ұғымын кеңейтуге дайын болады. Мұндай мектепте үш деңгейдің әрқайсысының мақсаты айқын, міндеті нақты болып, білім де өзара сабақтас, өзара тығыз байланыста жүйелі меңгертіледі.

Білімді ізгілендіру ұстанымы мемлекеттік, жалпыадамзаттық және қазақ халқының ұлттық құндылықтарына құрметпен қарау, тілдік қарым-қатынаста адамгершілік қасиет пен өзара сыйластықты сақтау, ана тіліне, әлем тілдеріне, отанына деген жауапкершілікті сезіндіру арқылы қазақстандық патриотизмді қалыптастыру міндетін іске асыруда жетекші рөл атқарады.

Қазақ тілін оқытуда білім алушының тұлғалық-интеллектуалдық әлеуетін арттыруға мүмкіндік тудыратын ұстанымының бірі – *тіл туралы дүниетаным қалыптастыра оқыту*. Бұл ұстанымға негізделген оқыту білім алушының тіл туралы өзіндік саналы көзқарасын, тұжырымын қалыптастыруға бағытталады. Тілдік дүниетанымға негізделген оқыту үдерісінде тіл білім алушы үшін жеке тұлғалық, жалпыадамзаттық маңызы зор құндылық ретінде танылады. Жаңа бағытта қазақ тілін оқытудың ең маңызды концептуалдық бағыты саналатын тіл туралы дүниетаным «тіл – жалпыадамзаттық және ұлттық құндылық» екенін түсінуден бастап тіл – мемлекет қауіпсіздігінің кепілі» дейтін көзқарасқа дейінгі аралықтағы объективті пікірден, «бабамның тілі – маған аманат» екенін сезінуден бастап, «ана тілім – менің тағдырым» деген түйінге, субъективтік тұжырымға дейінгі аралықтағы ұғымдардың бірлігінен құралады.

Қазақ тілін оқытудағы негізгі ұстанымның бірі – *тілдік білімді оқушының сөйлеу дағдысының базасы ретінде игерту*. Бұл білім алушының ойлау қабілеті мен сөйлесім дағдысын өзара бірлікте дамыту жолымен жүзеге асады.

Негізгі сатыда мәтінді талдауда тілдік тұлғалардың барлық деңгейлерін – лексикалық, фонетикалық, сөзжасамдық, морфологиялық, синтаксистік, стилистикалық, пунктуациялық қырларын кешенді қамтыған жағдайда оқушы қазақ тілінің нормативтік сапасына қатысты білімдерді жүйелі меңгерумен қатар, сөйлеу амал-тәсілдерін де үйренеді.

Бейіндік сыныпта кез келген кәсіби мамандық бағытын таңдаған оқушының өміріне қажетті монологтік, диалогтік, полилогтік сөз мәдениеті, пікірталас мәдениеті, көпшілік алдындағы шешен сөйлеу талаптары туралы білімнің өзі де тілді практикалық тұрғыдан меңгертуге арналады. Қай мамандықты таңдаса да, тілді әлеуметтік-мәдени тұрғыдан қолдануға бағытталған білім мазмұнында теория мен практика тең қабысып жатады. Мұндай кешенділік жүйелі және функционалдық тұрғыдан тілдің өз табиғатына сай меңгертілгенде оң нәтижеге қол жеткізіледі. Тілдік білімді сөйлесім әрекетімен бірлікте меңгерту қазақ тілі пәнін оқытудың мотивациялық сипатын арттырады. Мұндай позиция оқу пәнінің білім мазмұнын жаңғырта жетілдіруде негізгі шарттың бірі болып саналады.

Қазақ тілін «Рухани жаңғыру» идеясы негізінде тілді жанаша оқытуға тірек етіп алынған ұстанымның бірі – *білімді оқушының интеллектуалдық әлеуетін қалыптастырудың қайнар көзі ретінде игерту*. Оқушыға тілдің табиғатын таныта отырып меңгерту мақсаты тұтастай алғанда дара тұлғаның интеллектуалдық әлеуетін дамытумен өзектесіп жатыр. Тілдік білім мазмұны аясындағы оқу материалдары, оқушыға дүниелік білім берумен қатар өздігінен шешім жасауға үйрететін шығармашылық, ізденімдік жұмыстар тілдік, қарым-қатынастық дағдылары мен құзыреттіліктерін жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Қатысымдық (коммуникативтік) ұстаным оқушының қазақ тілін әлеуметтік ортадағы өмірлік жағдаяттарда тілдесім мәдениеті нормаларына сай ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын меңгертуде басшылыққа алынады. Ол сөйлесім әрекетінің компоненттерін: тыңдалым, оқылым, айтылым,

жазылымды кешенді камту арқылы оқушының коммуникативтік құзыреттіліктерді меңгеруіне бағытталады.

Тілді оқыту үдерісінің түпкі нәтижеге бағдарлануын қамтамасыз ету үшін сабақ барысында сөйлесім әрекетінің түрлерін қолданумен қатар, оларды сабақ мақсаты мен күтілетін нәтижелерде нақты көрсетіп отыру тиімді. Себебі оқушы тыңдалым мен оқылым арқылы білім қорын жинақтаса, айтылым мен жазылым әрекеттерінде сол жинақтаған білімін өздік әрекет түрінде қолданады. Сондықтан оқушының айтылым және жазылым жұмыстарын өзіндік ізденіс жасау, шығармашылық тапсырмалар арқылы ұйымдастыру маңызды. Оқушының алған білімін әлеуметтік ортада орынды қолдануға үйрету мақсатында арнайы ұйымдастырылатын тілдесім түріндегі тапсырмалар құзыреттілік қалыптастырумен сабақтастырылып отырады.

Қазіргі көп тілді меңгерген тұлға қалыптастыру жағдайында балаларға қазақ тілінің ана тілі, мемлекеттік тіл ретіндегі маңызын, оның доминанттық рөлін жіті танытуда оқыту үдерісінің эмоционалдық әсерлі болуы айрықша мәнге ие. Оқыту үдерісіндегі жағымды атмосфера, жайлы қатынас маңызды орын алады. Сондықтан *оқытудың жағымды эмоционалдық әсерлілігін күшейту ұстанымы* білім алушының ішкі сезіміне қозғау салып, саналы түсінігін қалыптастыруға бағытталады. Қазақ тілін оқыту барысында өз тілін сүйеге, өзге тілге құрметпен қарауға үйрететін білім тұлғаның мәдени-құндылықтық бағдарын күшейте отырып, патриоттық сезімді дамытуға жол ашады.

Білім алушылардың лингвистикалық дүниетанымы мен қатысымдық мәдениетін қалыптастыру міндетінің орындалуы олардың тілдік талғамын жетілдіруге тікелей байланысты. Сондықтан да *тілдік талғам қалыптастыра оқыту ұстанымы* қазақ тілі сабақтарының түпкі нәтижесімен тығыз бірлікте жүзеге асырылады. Сабақтағы эстетикалық талғам мәселесі оқушының өз ой-пікірін жеткізу амалдарын үйренуімен шектеседі. Оқушыны тіл сабақтарында ойын мазмұнды, бедерлі, дәйекті, көркем, сұлу сөйлеуге талпындыру білімнің мотивациялық мәнін арттыра оқытуды талап етеді. Бұл негізгі орта білім беру деңгейінде тіл дамыту, тіл ұстарту аясындағы барлық жұмыс түрлерінде негізгі талап ретінде үзбей жүргізіледі. Ал, жалпы орта білім беру деңгейінде білім мазмұнында оқушының сөз мәдениетін қалыптастыру нақты тақырыптар аясында үздіксіз жүріп отырады. Бұл екі сатыда да тілдік талғам қалыптастырудың элементтері: тілге, сөйлеуге эстетикалық қатынас; сөйлеу нормасы, сөйлеу мәнері, сөз шеберлігіне үйрену амалдары қолданымдық тұрғыда меңгертіледі.

Заманауи білім беру талаптарына сай қазақ тілін оқытудағы басты ұстанымның бірі – *түпкі нәтижеге бағдарлай оқыту*. Түпкі нәтиже оқушының білімін құзыреттіліктер деңгейінде қалыптастыру болып саналады. Қазақ тілін меңгертудің негізгі орта білім беру деңгейіндегі нәтижесі – оқушының әдеби тіл нормаларын игеріп, дұрыс сөйлеуге үйренуі. Ал, жалпы орта білім беру деңгейіндегі түпкі нәтиже - оқушының сөз шеберлігін қалыптастыру, шешен сөйлеу талаптарын меңгерту. Сонда ғана лингвистикалық, коммуникативтік,

проблеманы шешу, ақпараттық, мәдени-танымдық құзыреттіліктер білім нәтижесіне айналады.

Креативтілік ұстанымы қазақ тілі сабақтарында оқушының бәсекеге қабілеттілігін дамыту, өздігінен шешім жасау, тапқырлық таныту секілді өмірлік дағдыларды қалыптастыратын тапсырмаларды іріктеуде басшылыққа алынады. Креативтілік ұстанымы білім алушылардың өздігінен шешім жасау, шығармашылық қабілетін жетілдіруде басшылыққа алынады. Білім алушының сын тұрғысынан ойлауға төселуі инновациялық технологиялар асында берілетін тапсырмалар арқылы дамытылып отырады.

Қазақ тілін оқытудың психологиялық негізі. Мектеп оқушысының даму жүйесі классикалық психологияда үш кезеңге бөлінетіні белгілі. Олар: кіші оқушылық кезең, жасөспірім кезең, жеткіншек кезең. Қазіргі білім сатыларының бастауыш білім, негізгі орта білім, жалпы орта білім болып жіктелуі де осы кезеңдермен сәйкес келеді. Бала дамуында олардың әрқайсысының атқаратын рөлі ерекше. Сондықтан тілдік білім мен біліктің түпкі нәтижеде құзыреттілікке айналуы үшін әр сатының өзіндік мәні неде деген сауалға жауап іздестірілуі заңды.

Мектептің негізгі орта және жалпы орта деңгейлерінде оқушы бойында кездесетін сапалық өзгерістер психофизиологиялық жағынан ғана емес, алдымен жекелік қасиеттерінің жетілуімен де тікелей байланыста қаралады. Жасөспірім кезеңде оқушының интеллектісі, даралық қабілеттері, әлеуметтік қатынастары өзгереді. Оның таңдауы мен талғамы өседі, мақсатты қабылдау дағдысы жетіледі, логикалық есі мен ерікті зейіні тұрақтанады. Жасөспірімнің абстрактылы, теориялық ойлауы дамиды, гипотетикалық-дедуктивтік ойлауы артады, болжамдар жасауға және оны тексеруге бейімделеді. Сондықтан сөз дұрыстығы мен әдеби тіл нормаларына қатысты білім, біліктерді меңгерту осы аралықта қамтылады.

Сөзді лексикалық, грамматикалық, стильдік нормаларға сай қолдану заңдылықтарының мәнін түсінуге, одан өзіндік ой-қорытындыларын жасауға әкелетін оқу материалдары осы кезеңде берілуі ұтымды.

Жасөспірімдік кезеңде оқушыға берілетін қазақ тілінің ғылыми жүйесі баланың дұрыс сөйлеуіне қажетті білімдерді тиянақтайды.

Сөйлеу барысындағы тілдік құбылыстардың ерекшелігін таныта оқыту баланың логикалық ойлауына оң әсер етеді. Дәл осы ойлау жүйесінің дамуы, ең алдымен, оның өзін-өзі тануына алғышарт қалыптастырады. Бұл өз кезегінде оқушының рефлексиясын дамытады, яғни өз ортасындағы орнын тани бастауы оның өзіндік санасының қалыптасуына мүмкіндік береді. Осы жастағы балаларға талдамалық сипаты басым жұмыстарды ұсыну, өзіндік ой қорытындыларын жасату тиімді болмақ. Қатысымдық бағыттағы сөз мәдениеті оқушылардың өзара ой алмасу, пікірталастыру жұмыстарында жүргізіледі.

Жасөспірімнің жеке тұлғалық дамуындағы өзгерістің тетігі оның өзіндік санасының «Мен-концепциясының» деңгейіне көтерілуі болып табылады. Мұнда оқушы өзін, өзінің мүмкіндігін, өзгеге ұқсамас даралығын тануға ұмтылады. Өзінің қиялындағы менің шындық өмірдегі менімен салыстыру

нәтижесінде ішкі дүниесі қалыптасады.

11-12 жас – баланың танымдық белсенділігі мен қызығушылығының ерекше серпінмен дамиды кезеңі. Осы жастағы бала үшін оқу, білімнің жекелік мәні артады. Ол оқуға сыртқы мотивтердің (баға үшін, мұғалімді не ата-анасын ренжітпеу үшін) әсерінен гөрі оны өзінің ішкі қажеттігінен туындаған мотивтердің ықпалымен меңгеруге тырысады. Грамматикалық тақырыптардың дүниетанымдық қырлары мен практикалық жағын сөз мәдениетімен бірлікте қарастыру оқудың мотивациялық қырын арттыра түсері сөзсіз.

Жеткіншек кезең (14-18 жас арасы) – балалық пен ересек кезең аралығындағы «үшінші әлем». Биологиялық жағынан баланың әбден қалыптасып болатын шағы. Жеткіншектің әлеуметтік мәртебесі әр қилы. Жеткіншек шақ – алғашқы әлеуметтенудің аяқтаушы сатысы. Бұл жастағы басты әлеуметтік міндет – мамандық тандау. Жалпы білім алуға енді мамандыққа бейімделу мәселесі қоса жүктеледі. Сондықтан білім беруді реформалаудағы жаңашылдық жалпы білім беретін мектептің жоғары сатысын 10-11-сыныптарды бейіндік мектеп деп бөлуден анық көрінеді.

Бұл жастағы өзгермелі көзқарастар жеткіншектердің зерделік қызығушылығының кеңеюіне жол ашады. Зердені дамыту оқушының шығармашылық қабілеттерін дамытумен бірге жүреді. Мұнда баланың айтылған ақпараттарды жай түсінуі я меңгеруі емес, сол ақпаратқа зерделік қызығушылық танытуы, өзінше жаңа жол табуы маңызды болып саналады. Өзіндік сананың дамуы – өтпелі кезеңдегі ең негізгі психикалық процесс. Жеткіншек ең әуелі өзін тануға, өзінің ішкі әлеміне үңілуге бейімделеді. Сыртқы дүниенің бәрін өз сезімі арқылы бағалауға ұмтылады. «Ішкі» мен «сыртқының» байланысына мән береді. Бұл жерде олар сыртқы нәрселерді тек көріп немесе баяндап қоймайды, барлық жағдайда оның ішкі сырын тануға бейімделе бастайды. Сондықтан жаттығу материалдарын, мәтіндерді орындатқанда, сөз болып отырған оқиғаның немесе баяндаушы автордың әрекеті мен сезімінің астарына мән бергізу оқушы үшін қиындық келтірмейді, қайта оның пәнге қызығуын тудырады.

Жеткіншек жаста бала кез келген тапсырманы емес, өз жанына жақын, болашақ мамандықтарына қатысты қабілеттерді шыңдауға көмегі бар деп есептейтін жұмыстарды орындағанды ұнатады. Сол себепті де жоғары сатыда қазақ тілінің білім мазмұнында сөз мәдениеті қамтылуы маңызды. Өйткені жеткіншек қандай мамандықты қаласа да, оның өміріне қажетті шарттың бірі өзін дұрыс ұстау, айналасымен тіл табысу, көпшілік алдында өзін-өзі дәлелдеу болып табылады. Мұндай дағдыларды қалыптастырудың жолдарын ол қалай да меңгеруге тырысатыны сөзсіз. Сондықтан сөз мәдениеті қатардағы оқу пәні ғана болып қоймай, оның өмір қажетінің алғышартына айналады.

Осы кезде ұсынылатын білім де құрылымы мен мазмұны жағынан күрделеніп келуі керек. Оған өздігінен шешім жасау, өзіндік даралыққа қол жеткізу түріндегі тапсырмаларды орындау қызықтырақ көрінеді. Міне, бұл орайда да сөз мәдениеті тақырыбындағы оқу материалдары жеткіншектің ішкі қажетімен үндесіп жатады. Бұл сатыда оқушы үшін білімнің өмірлік мәні өзгереді, ол білімді өзінің болашағын дұрыс құрудың басты кепілі деп түйсінеді.

Тек мектептік біліммен шектелмей, түрлі ақпарат көздерінен қосымша білім жинауға ұмтылады. Олардың танымдық қызығушылығы кеңейіп, тұрақтанады, барлық іске саналы қарауға тырысады. Қызығушылықтың бағыттары мен таңдамалық сипаты оның өмірлік жоспарымен тікелей байланысады.

Сонымен, 5-11-сыныптағы балалардың даму кезеңдерінің – жасөспірім, жеткіншек кезеңдердің – өзіндік ерекшеліктерін білу оқу үрдісін ұйымдастыруға және білім сапасын арттыруға тірек болатыны сөзсіз. Өзіне деген құрмет пен сенімді сезінгенде ғана оқушы мектептің, оқудың, білімнің мәнін дұрыс түсінетін болады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша

Әдебиет пәні адамзаттық өркениетке бет түзеген егемен елдің мүддесіне сай асқақ руханият пен мәдени-эстетикалық мұраны игеру мен дамыту бағдарында терең танып білу және қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында белсенді, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, әдеби көркем туындыда бейнеленген құбылысты эстетикалық тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларымен қаруланған, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған, өзіндік көзқарасы қалыптасқан дара тұлға қалыптастыру мақсатына жұмылдырылады.

Әдебиет пәнін оқытудың әдіснамалық негіздері білім беру философиясы мен психологиясы, педагогикалық ұстанымдарымен айқындалып, танымдық-гносология, логика, аксеология, өнер философиясы (эстетика) теорияларына арқа сүйейді. Қазақ әдебиетін оқыту әдебиеттану ғылымының даму үрдісіне бағдарланып, мәдениеттану, тарих, әлеуметтану, тіл білімі, семиотика сияқты бірқатар ғылым салаларының интеграциясында жүргізіледі. Білім берудің халықаралық тенденциясына сәйкес білімнің интеграциялық сипатына бағытталады.

Қазақ әдебиетін оқытуда ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді таныту, оқушылардың тілдік қорын байыту, әдеби білімнің жүйелілігі мен үздіксіздігі, сабақтастығы, білім мазмұнының тарихилық сипаты және пәнаралық, пәнішілік байланыс ұстанымдары негізге алынады.

Пәннің мазмұны келесі *құндылықтарға* негізделуі тиіс:

- рухани-адамгершілік құндылықтар (*адалдық, әділеттілік, әділетсіздікке төзбеушілік, шыншылдық, ізгілік, мейірім, достық, махаббат, жанашырлық, қамқорлық, парасаттылық, құрмет, сенім, ынсап, үнемділік, қанағат, рақым, жомарттық, қайырымдылық, намыс, жігер, қайраттылық, қайсарлық, сергектік, ар-ождан, ұят, талап, ізет, қарапайымдылық, кішіпейілділік, жауапкершілік, парыз*);

- отбасылық құндылықтар (*жеті ата (ұрпақтар сабақтастығы), қара шаңырағы, тектілік, ата-ана қадірі, отбасы жауапкершілігі, еңбекқорлық, тазалық, отбасы әл-ауқаты, ұл тәрбиесі, қыз тәрбиесі, отбасылық әдеп,*

отбасы берекесі, қонақжайлылық, бауырмалдық, әке жолы, ананың ақ сүті, дәстүрлі туыстық қарым-қатынас);

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік құндылықтары (туған жерге сүйіспеншілік, туған жерді, елді бағалай білу, ұлтжандылық, азаматтық борыш және т.б.);

- жалпыадамзаттық құндылықтар (ашықтық, тұлғааралық қарым-қатынас, ынтымақтастық, достық т.б.);

- адами құндылықтар (өмірді бағалау, денсаулық мәдениеті, уақыт менеджменті, өзін-өзі басқару, қауіпсіздік, белсенділік, дене мәдениеті, психикалық саулық, позитивтік ерік-жігер, эмоционалдық-әлеуметтік интеллект, сабырлылық, төзімділік, ұстамдылық, икемділік);

- әлеуметтік-мәдени құндылықтар (мемлекеттік тіл, білім, ғылым, сананың тәуелсіздігі, сананың прогрессивке ашықтылығы, ұлттық рух, ұлттық бірегейлік, мәдени мұралар, ұлттық құндылықтар, ұлттық дәстүрлер, тәлімдік, тағлымдық сөздер байқампаздық, талғампаздық, оқуға құштарлық, сезімталдық, зейінділік, өнер, әдебиет, мәдениет туындылары, іскерлік этикет, тыңғылықтылық);

- зияткерлік құндылықтар (жаңашылдық, ізденімпаздық, жасампаздық, шығармашылық, прагматизм, эвристикалық, ұшқыр ойлылық, тапқырлық, әуестік);

- эстетикалық құндылықтар (әдемілікті бағалау, махаббаты қадірлеу, сұлулықты сезіну).

Отандық тәжірибе

Қазақ мектептеріндегі «Қазақ әдебиеті» дербес пән ретінде оқытылып, алғашқы оқу бағдарламасы жасалған 1932 жылдан бері үнемі жетілдіру үстінде болды. Өзге елдердің тәжірибелеріне сүйене отырып, «Қазақ әдебиеті» пәні әдебиеттанудың негізгі даму арналарына, өсу, кемелдену үдерісіне қарай жетілдірілді.

Әдебиетті оқыту тарихына көз жіберсек, «Қазақ әдебиеті» пәнінің алғашқы бағдарламасын әзірлеуші М.О. Әуезов, С.С. Сейфуллин қатарлы зиялы қауым әдебиеттің қоғамдық-әлеуметтік сипаты мен танымдық, тәрбиелік күшіне аса мән берген.

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдардағы (1997, 1999) «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламаларында ұлттық әдебиетіміздің таңдаулы үлгілерін сұрыптап беру арқылы ұлттық құндылықтарға бағдарлау үрдісі сақталды, сөз өнерінің эстетикалық қуатын сезіндіру, тұлғаны дамыту мақсатында шығармашылық бағдар ұстану көзделді.

Әр жылдардағы оқу бағдарламаларын сараптап қарасақ, алғашқы бағдарламаларда саяси мәселелер ықпалының басым болғанын, 60-жылдардан кейінгі оқу бағдарламаларында әдебиеттану ғылымының өсу, кемелдену кезеңін, жыл сайын жаңа мазмұндағы әдеби материалдармен толығып отырғаны аңғарылады. 1990 жылдары репрессиядан ақталған тұлғалар – Алаш арыстарының шығармалары мектеп бағдарламаларына енгізілді.

«Пәннің алдына қоятын мақсаты – оқушылардың рухани дүниесін байыта отырып эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, сезімдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру, әдеби мұраны және онда бейнеленген құбылысты эстетикалық қабылдауына қажетті білім және біліктілікпен қаруландыру, логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру» деп көрсетілген [39].

Ал қалыптастырылатын білім, білік, дағдыларда «әдебиетті өнер табиғатына сай оқи білуі», «туған әдебиеттің ұлттық сипатын, ондағы халықтың әдет-ғұрып, салт-санасының көрінісін, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін», «жеке тұлғаның эмоциялық мәдениетін дамыту, әдебиетті оқытудың шығармашылық сипатын күшейту», «көркем шығарманы оқуға қызығушылығын ояту», «жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті туғызу», «шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде, көркемдік тұтастықта қабылдай білу», «оқушылардың образды ойлау, қайта елестете алу қасиеттерін дамытуға ықпал ету» т.б. міндеттер қойылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 09.07.2010 жылғы №367 бұйрығымен бекітілген «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы оқушылардың оқырмандық мәдениетін жетілдіру, қазақ халқының әдеби мұралары туралы жүйелі түсінік беру, ізгілік, адамгершілік, әсемдік, отансүйгіштік және іскерлік құндылықтарын оқушы бойына сіңіру сияқты пәннің қызметі мен мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған.

Оқу бағдарламасын әзірлеуде білім мазмұнын ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді таныту, оқушылардың тілдік қорын байыту, әдеби білімнің жүйелілігі мен үздіксіздігі, сабақтастығы, білім мазмұнының тарихилық сипаты және пәнаралық, пәнішілік байланыстар сияқты ұстанымдар басшылыққа алынған.

Сөз өнерін адамзаттың көркем тарихы ретінде мәдени мұра, ұлттық құндылық деп бағалап, құрметтей алатын елжанды азамат тәрбиелеу; оқушыларға әдеби туындылар арқылы көркемдік, интеллектуалдық, адамгершілік тәрбие беру; оқырмандық талғам мәдениетін қалыптастыру; әдеби шығармада бейнеленген құбылысты көркемдік тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларды меңгерген, алған білім негіздерін өмірлік жағдайларда қолдана білетін жеке тұлға қалыптастырып дамыту міндеттерін қояды [39].

«Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұнын жетілдірудегі қоғамдық талқылаулар, ғалымдар мен педагогтердің, сарапшылардың ұсыныс-пікірлері

Жаңартылған мазмұнға дейінгі 2010-2013 жылдардағы оқу бағдарламалары: «Әдебиет» пәнінің қызметі мен мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған, атап айтқанда, ол оқушылардың оқырмандық мәдениетін жетілдіруді, қазақ халқының әдеби мұралары туралы жүйелі түсінік беруді, ізгілік, адамгершілік, әсемдік, отансүйгіштік және іскерлік құндылықтарын шәкірт бойына сіңіруді көздейді. Бағдарламаны түзуде білім мазмұнын

ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді таныту, оқушылардың тілдік қорын байыту, әдеби білімнің жүйелігі мен үзіліссіздігі, сабақтастығы, *білім мазмұнының тарихилық сипаты және пәнаралық, пәнішілік байланыс сияқты ұстанымдар басшылыққа алынды*» деп көрсетіледі әрі бағдарламаның мазмұны да айтылған мақсаттарды толық қуаттайды [39.]. Соның ішінде «сөз өнерін адамзаттың көркем тарихы ретіндегі *мәдени мұра, ұлттық құндылық* деп бағалап, құрметтей алатын *елжанды азамат тәрбиелеу*; оқушыларға әдеби туындылар арқылы көркемдік, интеллектуалдық, адамгершілік тәрбие беру; *оқырмандық талғам мәдениетін қалыптастыру*; әдеби шығармада бейнеленген құбылысты *көркемдік тұрғыда қабылдауға* қажетті білім, білік, дағдыларды меңгерген, алған білім негіздерін өмірлік жағдайларда қолдана білетін жеке тұлға қалыптастырып дамыту» міндеттері де қойылған.

Мектепте оқытылатын пәндер жүйесінде орны ерекше «Қазақ әдебиеті» пәні адамның өмірге деген көзқарасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыруға үлкен үлес қосады.

Қандай пән болсын сол пәннің негізін құрайтын ғылым саласына жүгіндірілуі заңдылық. Әдебиет пәнінің әдіснамасында әдебиеттану ғылымы негіз болуы керек.

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының кемшіліктері

1) Жаңартылған білім мазмұнында әдеби білім мазмұнын қалыптастыру мақсаты үстірт қалды. Себебі ұлттық әдеби білімнің мазмұнын құрайтын бірліктер мен ұғымдарды, әдеби үдерісті таныту мақсаты шет қалған. Оқу бағдарламасының I тарауындағы «Жалпы ережелерінде»: «*Қазақ әдебиеті*» бағдарламасының мақсаты – *оқушыларды креативті ойлауға бағыттау*» деп берілген. Әдебиетті оқытудың негізгі мақсаттарын айқындамай тұрып, бірден креативті ойлауға бағыттау жалпылама түсінік.

2) «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сағаттың сыныптар бойынша бөлінуі пәннің ішкі бірлігіне қатыссыз, ғылыми-әдіснамалық тұрғыда негізделмеген. Мысалы, 5-6-7-сыныптарда «Қазақ әдебиеті» пәні аптасына 2 сағаттан оқытылады. Әдебиеттік оқу курсы бастайтын, мәтіндік талдаулар жасайтын және білім алушының көркем әдебиетті оқуға қызығушылығы оянатын бұл кезеңде пән мазмұнын 2 сағаттан оқыту жеткіліксіз. Егер PISA зерттеулеріне қатысты болса, функционалдық сауаттылықты 15 жаста ғана емес, 5-сыныптан бастап қалыптастыру қажеттігі ескерілмеген.

3) Оқу материалдары шектен тыс қысқартылған. Мысалы, 5-сыныпта 68 сағатқа көлемі шағын 14 шығарма (1 ертегі; 1 жыр; 1 аңыз; 3 өлең; 8 әңгіме) берілген, көркем шығармалар бұрынғыдан 75% қысқарған. Бір тоқсанға бір ғана шығарма ұсынылған. Оқу материалының шектен тыс қысқаруы әдебиеттік оқу сыныптары үшін қажетті білім мазмұнын игеріп, әдеби білім қалыптастыруда аздық етеді.

4) 10-11-сыныптарға арналған жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында бұған дейін қалыптасып жүйеленген жалпы орта білімді құрайтын әдебиеттің қысқаша тарихи курсы мүлде ескерілмеген.

5) Ұлттық әдеби білімнің мазмұнын ашатын мақсаттар айқындалмаған.

6) Қазақ әдебиетінің оқу пәні ретіндегі миссиясын атқаратын халық ауыз әдебиетінің үлгілері (тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтел, жаңылтпаш, айтыс, эпсана, миф, жыр-дастандар) қамтылмаған.

7) Әдебиеттің тарихи даму кезеңдеріндегі көрнекті тұлғалар мен тандаулы туындылар: А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, Б. Майлин, С. Сейфуллин сияқты алаш қайраткерлерінің шығармалары мен ұлттық танымдық, тағылымдық материалдар аз қамтылған және қазақ әдебиетінің өзегіндегі М.Ж. Көпеев, Қ. Мырзалиев, Ж. Нәжімеденов, Т. Айбергенов қатарлы авторлар қамтылмаған.

8) Жалпы орта білім беру деңгейінде әдеби жанрлардың еркін қамтылмауы, ағымдар мен бағыттар, әдеби мектептер, дәстүр мен жаңашылдық үрдісі жөнінде бастапқы болса да жүйелі білім қалыптастыру мақсаты көзделмеген.

9) Әдеби туындылардың көркемсөз қуатын танытудан гөрі оқушының оқу-әрекетін ұйымдастыру құралы (оқу мақсаты) ретінде ғана жұмсалып, әдеби-теориялық ұғымдарға қатысты тапсырмаларға басымдық берілген.

10) Оқу бағдарламасы Блум таксонимиясының бұрынғы жүйесіне бағдарланған. Оқу-таным процесі «түсінуден» басталған. Б.Блумның алғашқы «білу» сатысы ескерілмеген. Яғни мәтінді оқу арқылы қалыптасатын алғашқы таным процесі назардан тыс қалған.

2001 жылы Андерсен мен Кратвол жасаған жүйе бойынша жоғары деңгей жаңа өнімге (әдебиетте «шығармашылық өнім») бағытталуы керек.

11) «Түсіну және жауап беру» бөлімінде білім алушының мәтінді қалай қабылдағаны, қалай түсінгені, қандай тілдік бірліктердің лексикалық, поэтикалық мәнін түсінгені бағаланбайды.

12) Білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін күрделі оқыту мақсаттары берілген. Мысалы: 6-сыныптағы «кейіпкерлерді тек тұрғысынан сипаттау» үшін әдебиеттің тегі мен түрін жете меңгеру керектігі ескерілмеген.

13) Жыраулар поэзиясының 6-сыныпқа берілуі әдебиеттанымдық, теориялық негіздерді ескермеуден туындаған.

14) Оқу материалдарын тақырыптарға топтастыру салдарынан әдеби материалдарды сұрыптауда әдебиеттің дәуірлеу кезеңдері ескерілмеген.

15) Әдебиеттің, әсіресе, негізгі орта білім беру деңгейінде оқырмандық мәдениетті қалыптастыру функциясы жоғалған, мәдени мұра, өнер пәні ретіндегі рөлі көрінбейді. Оқушылардың эмоционалдық зиятын қалыптастырмайды [<https://qazaqadebieti.kz/23836/zh-jesiz-t-zilim-isynsyz-ba-darlama>].

Сонымен қатар пән мазмұнын жетілдіру 2021 жылғы 21 желтоқсанда өткен «Қазақ тілі мен әдебиеті: оқыту мәселелері және жаңа көзқарас» тақырыбында өткен қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері съезінде кәсіби орта педагогтері, сарапшылар, әдіскерлер, ғалымдармен кеңінен талқыланды.

Съезд делегаттары «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудан және жаңартылған білім мазмұнынан туындаған өзекті мәселелерді, «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» пәндерінің оқу бағдарламаларын, қазақ тілі мен әдебиетін

оқытудың әдістемелік мәселелерін жетілдіруді, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерін даярлау және олардың кәсіби біліктілігін арттыру мәселелерін талқылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұны бойынша келесі шешімдер қабылданды:

1) «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасын қайта зерделеу, жаңа материалдармен толықтыру, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге негіздеу;

2) оқу бағдарламасының мақсаттары қайта қаралып, негізі сақтала отырып, қабылдауға жеңіл тілде беру;

3) әдебиеттің даму кезеңдерінің сабақтастығын сақтай отырып, оның мазмұнына енгізілетін шығармаларды сараптамадан өткізіп отыру;

4) пәннің мазмұнын құрайтын оқу материалдарын ұлттық рухани құндылық пен адамгершілік қағидаттары тәрбиесіне негіздеу;

5) мұғалімдердің жаңартылған білім мазмұны бойынша пәндік мазмұнға сәйкес біліктілігін арттыру, қайта даярлау курстарынан өткізу;

6) қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологияларын, жаңа дидактикалық әдістерін қолдану, әртүрлі жобалар арқылы білім беруді (PBL) қарастыру;

7) мұғалімдердің әдістемелік жұмыстарын жетілдіру үшін арнайы тест жүйесін енгізу (ағылшын тіліндегі ТКТ (Teaching Knowledge Test үлгісімен);

8) қазақ тілі мен әдебиетінен бар цифрлық контенттерді жинақтап, бір жерге топтау, жаңа контенттер дайындау, мұғалімдерге қолжетімді болу үшін қажетті портал құруды қамтамасыз ету.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұнын жетілдіру

Осы орайда білім саласындағы қазіргі басым бағыттардың бірі – орта білім беру мазмұнын жетілдіру. Білім беру мазмұнын жетілдіру республика көлемінде жалпы білім беретін мектептердегі білім сапасын анықтайтын білім мазмұны мен құрылымына өзгеріс енгізу, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін бағалау жүйесін тиімді іске асырумен сипатталады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың басты ерекшелігі – әдеби білім мазмұнын беруде логикалық бірізділікті, жүйелілікті, сабақтастықты сақтай отырып, білім алушылардың бойына ұлттық-рухани, адамгершілік, мәдени-эстетикалық құндылықтарды дарыту; оқу материалдарын жүйелі және бірізділікпен ұсыну; білім алушылардың ой-танымын кеңейту, тілдік қорын байыту арқылы олардың шығармашылық қабілетін дамыту.

Негізгі орта білім беруде оқушылардың оқырмандық қызығушылығын оятып, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру мақсатында оқу материалдарының басым бөлігі оқушылардың жас ерекшелігіне қарай, фольклорлық мұралар, халық прозасы (ертегі, аңыз, миф, эпсана, хикая) мен балалар әдебиетінің қызықты нұсқалары беріледі. Қазақ әдебиетінің бай қоры – шағын жанрлардан басталып, танымдық, тағылымдық жағынан үздік туындылар (ауыз әдебиеті мен авторлық әдебиеттің классикалық үлгілері) қамтылады. Ұлттық әдебиеттің әр дәуірінен жүйелі түсінік беріледі. Шығарма арқылы ұлттық әдет-ғұрып пен салт-сананы таныту, этномәдени ақпаратты игеру

көзделеді. Негізгі орта білім мазмұнында қаламгерлердің өмірбаяндық деректері жеке қарастырылмай, оқу мазмұнын ашу мақсатына қызмет етеді.

Жалпы орта білім беруде оқу материалдарын әдебиеттану ғылымына негіздей отырып, филологиялық білім кәсіби бағдар аясында әдебиеттің қысқаша тарихи курсымен қатар көлемді туындылар оқытылады.

Оқу пәнінің құрылымы мен мазмұнына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

Жалпы бағдарлама құруда ең алдымен «Нені оқытамыз?», «Қалай оқытамыз?», «Қандай мақсатта оқытамыз?», «Оқушылардың бойында қандай білік, құзырет қалыптастыру керек?» деген мәселелерге назар аударған жөн.

Оқу бағдарламасын түзу үш бағытты қамтиды:

1. Базалық білім мазмұнын құру (оқу материалының мазмұны мен құрылымы);

2. Әдеби білім мазмұнын әдіснамалық негіздерге сүйеніп ұсыну (әдістемелік жүйеге бағыттау);

3. Оқу мазмұны мен әдіснамалық жүйе бірлігінде оқушыда қалыптасатын құзыреттерді болжау.

Оқу бағдарламасын әзірлеудің маңызды бөлігі – оқу материалын сұрыптау. Бұған дейінгі бағдарламаларда сөз өнері ұлттық, мәдени құндылық бағдарда, яғни халықтың ғасырлар бойы қалыптастырып келген ұлттық мұрасын екшеп, оқушы танымы мен даму өрісіне ыңғайлап саралап беру, сөз өнерінің қуатын таныту мақсатында оқытылды. Ауыз әдебиетінен бастап бүгінгі кезеңге дейінгі қазақ әдебиетінің таңдаулы үлгілері сұрыпталып ұсынылды. Оқу материалы әр сынып сайын спиральді даму бағытын ұстанды. Бағдарламаға енген әр шығарма бойынша қысқаша аннотация беріліп отырды. Ұсынылып отырған туындының қандай аспектіде қарастырылатыны, қандай қырлары назардан тыс қалмау керектігі оқу-талдау жұмыстарын ұйымдастыруда мұғалімдерге көмек болды.

Әдебиет өнердің бір түрі ретінде арнайы оқытылып, тұлғаның әдеби-эстетикалық талғамын, эмоционалды зиятын, рухани әлемі мен тұлғалық болмысын дамытуға, сыни пайымы мен өзіндік көзқарасын қалыптастыруға негіз болады.

Әдеби білім әуелі отбасы ортасында, балабақшада, бастауыш білім беру деңгейіне арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінде, екінші кезең – негізгі орта білім беру деңгейіне және үшінші кезең – жалпы орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламалары арқылы беріледі.

Әдебиеттің оқу пәні ретіндегі мазмұнына фольклорлық мұралардан басталатын көркем әдеби шығармалар, олардың тарихы мен теориясына қатысты ұғымдар, әдебиеттен ауызша, жазбаша тіл дамыту жұмыстарының жүйесі, оқушының сөздік қоры мен тұлғасын дамыту бағытындағы оқу-танымдық материал, тұлғаның оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, сөйлеу мәдениеті мен өзіндік пікірін, шығармашылығын дамыту мақсатындағы оқу-таным үдерісі кіреді. Мұның бәрі әдебиетті оқытудың функционалдық міндеттерін құрайды.

Әдебиетті оқыту оқушының жас ерекшелігін, физиологиялық даму кезеңдерін, қабілеті мен мүмкіндігін, психологиялық жетілу деңгейін есепке ала жүргізіледі.

Әдебиетті оқыту әдебиеттану ғылымында жүйеленген, айқындалған тұжырым-деректерге, эстетикалық-этикалық, философиялық негіздерге сүйенеді. Ең алдымен, оқушының бастауыш сыныптан қалыптастырған әдебиеттік оқу дағдылары мен білімі тірек болады. Бастауыш сыныптарда шығарманы жүгіртіп оқуды үйренген білім алушылар оқу материалын еркін түсінетін орта білім деңгейінде көркем шығарманы түрлі мақсатта (мәнерлеп оқу, пайымдап оқу, зерделеп оқу, шолып оқу т.б.) оқып түсіну дағдыларын, талдау, сараптау, ой қорыту, бағалау, шығармашылық қабілеттерін дамытады.

5-сыныптан бастап сынып жоғарылаған сайын әдебиетті өнердің бір түрі – сөз өнері ретінде, оның тарихи негізін танып, қоғамдық мәні мен жеке тұлға қалыптастыруға тигізетін ықпалын, барлық адамзаттық мәселелерді қамтитын биік болмысын таныту көзделеді.

Әдебиет пәні арқылы оқушы көркем өнердің ерекшелігін танып, сөз өнерінің танымдық, тағылымдық мәнін түсінеді. Көркем шығармалардағы бейнелер арқылы адамдар болмысын танып, сол арқылы өзін-өзі тануға талпыныс жасайды. Қоршаған әлем сырларына қанығып, адамзат қауымына тән құндылық бағдары, туған тілі мен еліне деген құрмет сезімі, рухани болмысы, қазақстандық патриотизм қалыптасады.

Әдебиет пәні арқылы білім алушы туған елінің тарихын, ғасырлар қойнауынан бергі асыл сөзді бағамдап, туған халқының арманы мен қиялын, болашақтан күтер үміті мен сенімін түсінеді.

Сонымен бірге оқушының танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәнінің мүмкіндігі мол. Шығарманың терең астары, тағдырлар тартысы, идеялар тартысында оқырманның өзіндік пікірі мен сыни көзқарасы қалыптасады. Көркем шығарма әр қырынан қарастырылып, талданады.

Әдеби талдаулардағы басты міндет – әр оқушының өз қабылдауын ескере отырып, бірте-бірте ұғым, түсінігін кеңейту. Әдеби шығарма мазмұнындағы алуан түрлі ақпарат арқылы таным-белсенділігін арттыру. Поэтикалық сөз қуатымен оқушының эмоциясы мен эстетикалық таным-талғамына ықпал ету көзделеді. Әдеби шығарманы түсініп оқу, бейнеленген көркем шындықты пайымдап, көркем мәтінді тұтастықта қабылдауға дағдыландыру әдеби білім берудің негізін құрайды. Сондықтан көркем туындыны қабылдау мен игеруде шығарма тұтастығы мен бөлігі, репродуктивті білім мен өзіндік түсінік, анализ бен синтез, эмоциялық әсер мен теориялық байлам, субъективті көзқарас пен объективті таным кешенді қамтылады. Әдеби шығармалармен жүргізілетін практикалық жұмыстар дидактикалық тапсырмалармен бекітіліп, оқушының талдау мен шығармашылық машығын қалыптастырады.

Қазақ әдебиеті пәнін оқыту білім берудің аксеологиялық негіздеріне сай жүргізіледі. Қаламгерлердің озық туындысы алдымен әдеби және ұлттық құндылық саналады, Ал көркем шығарма ауқымында қамтылатын адами құндылықтар идеялық мазмұнды құрайды. Яғни қазақ әдебиетінің тарихи,

қоғамдық-әлеуметтік мәнін түсініп, құндылық бағдарын игеру, білімді даралық және мемлекеттік құндылық ретінде бағалап, ұдайы жетілуге құлшындыру, оқушылардың ақыл-ой, танымдық және эмоционалды-эстетикалық зиятын көтеру мақсаты көзделеді.

Білім мазмұны жетілдірілген «Қазақ әдебиеті» пәнінің **мақсаты** – әдеби шығармалар арқылы оқушының ой-танымын кеңейту, сөз өнерінің өзіндік ерекшелігін танытып, тұлғаның рухани-адамгершілік әлемін, ұлттық рухын, эстетикалық танымы мен талғамын, эмоционалды зиятын, сыни ойлауы мен өзіндік көзқарасын қалыптастыру, әдеби шығармада бейнеленген құбылысты көркемдік тұрғыда қабылдауға және бағалауға қажетті білім, білік, дағдыларды меңгерген, алған білімін өмірлік жағдайларда қолдана білетін шығармашыл тұлға қалыптастыру.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің **міндеттері**:

- көркем өнер түрлері ішіндегі сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін өнер түрлерімен салыстыра отырып ашу;
- әдеби шығарманың көркем эстетикалық, рухани-мәдени, дүниетанымдық сипатын айқындау;
- көркем шығарма арқылы білім алушылардың образды ойлау жүйесі мен шығармашылық қиялын, ұлттық таным-түсінігін, рухани болмысын шындау;
- білім алушының бойында рухани-адамгершілік құндылықтарды дарыту;
- әдеби-теориялық білімді тереңдету барысында әдебиеттану ғылымының негіздерін түсінуге, мазмұндық, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін тануға үйрету;
- көркем шығарманы ұлттық және көркемдік сипаты, мазмұндық жаңалығы мен дәстүрлік жалғастығы тұрғысынан тануға және бағалауға бағдар беру;
- көркем шығарманың теориялық негіздерін практикалық әрекеттер арқылы бекіту, әдебиетті оқытуды функционалды сауаттылыққа бағыттау;
- ұлттық әдебиеттің өзіндік сипатын туыстас әдебиет пен әлемдік әдебиеттің озық үлгілерімен салыстыру арқылы әдеби және мәдени мұра байланысының тарихи-типологиялық, ұлттық ерекшелік тұрғысында тануға және бағалауға бағыттау;
- тұлғаның танымдық-эмоционалды зиятын, сыни ойлауы мен өзіндік көзқарасын, сөйлеу тілі мен жазба тілін дамыту;
- сөз мағынасы мен көркем сөздің мәнін түсініп, қазақ әдеби тілін сауатты қолдана білу құзыретін қалыптастыру;
- креативті ойлайтын, өз ойларын ауызша және жазбаша еркін жеткізетін, интеллектуалдық-эстетикалық деңгейі, адамгершілік ұстанымы жоғары шығармашыл тұлға қалыптастыру.

«Қазақ әдебиеті» пәні арқылы білім алушылардың оқырмандық мәдениетін жетілдіру, қазақ халқының әдеби мұралары туралы жүйелі білім беру, әдеби-эстетикалық талғамдарын, ізгілік және іскерлік құндылықтарын дамыту көзделеді.

Әдеби және теориялық материалдар оқушының әдеби білім мен дүниетанымын кеңейтуге және адамзатқа ортақ ойларды, дилеммаларды, мінездерді зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазақ әдебиеті білім деңгейі, ой-өрісі дамыған, әдеби тіл және әдеби формалар арқылы өз ойын еркін жеткізе алатын және көркем тілмен шұрайлы сөйлей алатын, өзіндік ұстанымы бар, туындаған мәселелерді шеше білетін өмірге бейім ұрпақ тәрбиелейді.

Білім алушылардың танымын қалыптастыруда әдеби білімді жүйелеп, түрлі жанрдағы мәтіндерді талдауға, сыни тұрғыдан бағалауға арналған әдеби концептілерге негізделген оқытудың әдістемелік ұстанымдары белгіленеді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасын әзірлеуде және материалды іріктеуде мынадай ұстанымдар негізге алынуы тиіс:

- 1) сөз өнеріндегі логикалық бірізділікті сақтау;
- 2) ауызша жеткен рухани жәдігерлерден бастап жаңа заман әдебиетіне дейінгі аралықтағы балаларға арналған классикалық шығармаларды оқытуда әдеби білімнің жүйелі берілуі;
- 3) білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, шындықты қарапайым күйінде нанымды бейнелеген қазақ, туысқан елдер мен әлем балалар әдебиетінің үздік туындыларын ұсыну;
- 4) оқу бағдарламасының мазмұны аясында білім алушылардың бойында адами және ұлттық құндылықтарды қалыптастыру;
- 5) пәнішілік және пәнаралық (философия, тарих, тіл білімі, эстетика, педагогика, психология, т.б.), интеграциялық байланыста функционалдық сауаттылықты дамыту;
- 6) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінде қарапайымнан күрделіге қарай оқытылатын көркем шығармалар арасындағы сабақтастықты сақтау;
- 7) хронологиялық жүйеде ұсынылған оқу материалдары арқылы бала бойындағы гуманистік сезімді ояту, оларды еңбекке, адалдыққа, достыққа, сыйластыққа үйретудің ұлттық негізін сақтау;
- 8) көркем әдебиеттегі халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, мәдениетін оқытуда ұлттық құндылыққа деген жаһандану дәуіріндегі жаңа көзқарасты қалыптастыру;
- 9) қазақ халқының классикалық туындылары арқылы өскелең ұрпақ бойында этнографиялық, мәдени-тарихи құндылықтарды қалыптастыру;
- 10) теориялық білімдерін күнделікті өмірде қолдана алатын, шешім қабылдай алатын сауатты, білікті, шығармашыл тұлға қалыптастыру;
- 11) тұлғаның әдеби-эстетикалық талғамын, эмоционалды зиятын, рухани әлемі мен тұлғалық болмысын дамытудағы сыни пайымы мен өзіндік көзқарасын қалыптастыру.

Төмендегі кестеде қолданыстағы оқу бағдарламасындағы кемшіліктер, қоғамдық талқылаулардағы ұсыныстар және енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар келтірілген (3.1-кесте).

3.1-кесте – Оқу пәнінің мазмұнына енгізілетін басты өзгерістер мен толықтырулар

	Қолданыстағы бағдарламада	Съездер, басқа талқылаулар ұсыныстары	Енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар
1	1-тарау. Жалпы ережелер. - пәннің мақсаты дұрыс айқындалмаған; - пәндік нақтылық жоқ; - пән міндеттері көрсетілмеген.	1) Қазақ әдебиеті пәнінің оқу бағдарламасын жаңа материалдармен толықтыру, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерге негіздеу.	1) Оқу бағдарламасының мазмұнын толықтыру; 2) Әдеби білімнің жүйелілігі мен сабақтастығын сақтау; 3) Әр сыныпта шығармалардың көлеміне, жеңіл-күрделілігіне, білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай оқытылатын шығармалар санын арттыру: - фольклор, ауыз әдебиеті үлгілерін; - классик ақын-жазушылардың шығармаларын; - заманауи үздік туындыларды; - балалар әдебиетінің үлгілерін енгізу.
2	3-тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі «Анализ және интерпретация» бөліміндегі <u>автор бейнесі</u> деген бөлімше; - «Авторға хат жазу» деген оқыту мақсаты 5-6-сынып білім алушылары үшін ауыр;	2) Пәннің мазмұнын құрайтын оқу материалдарын ұлттық рухани құндылық пен адамгершілік қағидаттары тәрбиесіне негіздеу. 3) Оқу бағдарламасының мақсаттарын қайта қарап, негізі сақтала отырып, қабылдауға жеңіл тілде беру.	4) Пән мазмұнына ұлттық, рухани-мәдени, адамгершілік, эстетикалық, патриотизм құндылықтарын енгізу; 5) Теориялық материалдарды мектеп оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес ұсыну; 6) Шетел әдебиеті үлгілерін «Әлем әдебиеті» пәні ретінде жеке оқытуды қарастыру; 7) Оқыту мақсаттарын білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай жеңілдету. 8) Зерттеу, жобалар орындау
3	Оқытылатын шығармалар бойынша: - 5-11-сыныптарда оқытылатын шығармалар саны шектелген. Заманауи шығармалар аз және білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келмейді. Мысалы: 5-сыныпта: - Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі (<i>психологиялық тұрғыдан ауыр</i>); - Нұрдәулет Ақыш. «Нағыз әже қайда?» әңгімесінде қазақы әженің образы жоқ; 7-сыныпта: М.Шаханов «Нарынкұм зауалы (<i>күрделі</i>)»; 8-сыныпта:	4) Әр сыныпта оқытылатын шығармаларды білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай қайта іріктеу	

М.Дулатов «Бақытсыз Жамал» романы (<i>күрделі</i>); 9-сыныпта: Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романы (<i>күрделі</i>); Қажығали Мұхамбетқалиев «Тар кезең» романы (<i>күрделі</i>); 10-сыныпта: Оразақын Асқар «Шетте жүрген бауырларға» өлеңі (<i>жеңіл</i>); Ш. Мұртаза «Тәуекел той» әңгімесі (<i>тәрбиелік мәні төмен</i>); М.Мағауин «Шақан-Шері» шығармасы (<i>психологиялық тұрғыдан ауыр</i>); 11-сыныпта: Е. Әбікен «Пәтер іздеп жүредік» әңгімесі (<i>әлеуметтік теңсіздікті көрсетеді, білім алушылардың қабылауына ауыр</i>); С. Балғабаев «Тойдан қайтқан қазақтар» комедиялық драмасы; С. Сейфуллин «Сыр сандық» өлеңі (<i>жеңіл</i>)		
Шетел әдебиетінің үлгілері енгізілген	Шетел әдебиетін алып тастау ұсынылады, себебі пәннің атауы – «Қазақ әдебиеті». Шетел әдебиетінің орнына барлық сыныптар бойынша қазіргі заман ақын-жазушыларының шығармаларын, балалар әдебиетін енгізу	

Әдебиеттің танымдық, тәрбиелік, тұлға қалыптастырушылық рөлі басым. Әдебиет – өнер пәні, адамтану пәні. Сонымен бірге оқушының танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәнінің мүмкіндігі мол. Шығарманың терең астары, тағдырлар тартысы, идеялар тартысында оқырманның өзіндік пікірі мен сыни көзқарасы қалыптасады. Көркем шығарма әр қырынан қарастырылып, талданады.

Әдеби талдаулардағы басты міндет – әр оқушының өз қабылдауын ескере отырып, бірте-бірте ұғым, түсінігін кеңейту. Әдеби шығарма мазмұнындағы алуан түрлі ақпарат арқылы таным-белсенділігін арттыру. Поэтикалық сөз

қуатымен оқушының эмоциясы мен эстетикалық таным-талғамына ықпал ету көзделеді.

Әдеби шығарманы түсініп оқу, бейнеленген көркем шындықты пайымдап, көркем мәтінді тұтастықта қабылдауға дағдыландыру әдеби білім берудің негізін құрайды. Сондықтан көркем туындыны қабылдау мен игеруде шығарма тұтастығы мен бөлігі, репродуктивті білім мен өзіндік түсінік, анализ бен синтез, эмоциялық әсер мен теориялық байлам, субъективті көзқарас пен объективті таным кешенді қамтылады. Әдеби шығармалармен жүргізілетін практикалық жұмыстар дидактикалық тапсырмалармен бекітіліп, оқушының талдау мен шығармашылық машығын қалыптастырады.

Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

1) әдебиет дамуындағы негізгі үрдістерді, оның қоғам дамуымен байланысын; әдебиет саласындағы көрнекті қайраткерлердің биографиялық деректерін; әлемдік әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін; әдебиет теориясы туралы негізгі түсініктерді; толық және шолып оқу бағытында олардың нақты мазмұнын айту үшін, (басты кейіпкерлерді, негізгі сюжеттік желісі мен оқиғаларды) шығарманың мазмұнын біледі;

2) тарихи-мәдени және әдеби процестегі шығармалардың орны мен рөлін; көркем әдебиетте көрсетілген ұлттық құндылықтарды, оның тарихи дамуында әдебиеттің қалыптасу процесін; шығармалардың идеясын және оны жеткізе білудегі автордың шеберлігін, қолданған әдістерін; шығармадағы құрылымдық элементтердің мағынасын (сюжет және композиция, көпқырлы көркем детальдар мен оның мәтінде берілген проблемамен астарласуы, көркем сөзді бейнелеуіш құрал ретінде тиімді пайдалануы); автордың негізгі ойын, жазушының өз шығармасындағы кейіпкерлері мен оқиғаларға көзқарасын, авторлық ұстанымды; шығарма арқылы берілетін көңіл-күйді түсінеді;

3) әдеби тақырыпқа ауызша немесе жазбаша пікір дайындау барысында, өзінің талдамалы сипаттағы мәтінін құруда, зерттелген мәтінді түсіндіруде; өзі үшін оқуға белгілеген идеялық-тақырыптық тұрғыдан алуан түрлі өнер туындыларын және көркем шығармаларды бағалауда; пікірталастарда, жұрт алдында сөз сөйлеуде белсенді азаматтық ұстанымы мен рухани-адамгершілік қасиеттерін білдіруде, көркем әдеби шығарманы өзіндік талдауда жинақтаған білімі мен дағдысын қолданады;

4) әдеби шығарманы оның мазмұнын тұжырымдай отырып, әңгімелеу арқылы; әртүрлі жанрдағы шығармаларды талдай отырып, шығарма желісінде оқиға болған уақытты, жалпыадамзаттық құндылықтар туралы түсінікті, нақты тарихи және өзекті мәселелерді; автордың шығарма негізіне алған идеясы бойынша ой қозғайды, талдайды;

5) аннотация, пікір жазу үшін оқыған шығарманың мазмұнын; түрлі ақпарат көздерінен, оның ішінде Интернет желісінен алынған ақпараттарды шығармашылық жұмыстарға негізге алу үшін, өзінің жеке көзқарасы мен алынған ақпаратты; қазақтың және өзге ұлттардың құндылықтарымен

байланыстырудағы әдістерді; көркем шығарманың жанрлық шығу тегіне сәйкес талдаудың әдістерін жинақтайды;

б) көркем шығармалардың құндылығын; ұлттық әдебиеттің өзіндік ерекшелігін және оның әлем мәдениетінің контексіндегі алатын орнын; көркем шығарманың мазмұны жағынан өзектілігін және оның адамның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастырудағы мәнін; шығарманың композициялық және стильдік тұрғыдан үйлесімін, тілінің байлығын, қойылған коммуникативтік міндеттерге жетудегі тиімділігін ауызша және жазбаша жеткізуді; басқа да көркем шығарма құралдары арқылы көркем мәтінді әңгімелеуді бағалайды.

«Әлем әдебиеті» пәнін енгізу

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2020 жылғы 22 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің төртінші отырысында берген тапсырмаларын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 14-тармағына сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердің әдебиеттік оқу бағдарламаларына әлем әдебиеті классиктерінің туындыларын оқыту бөлігінде өзгерістер енгізу, 12 жылдық білім беруге көшу шеңберінде қазақ, орыс әдебиетінің оқу бағдарламаларын қайта қарау» қажет делінген.

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасына шетел әдебиетінің үлгілері енгізілген:

5-сыныпта: Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі;

6-сыныпта: Р. Ғамзатов «Ана тілі» өлеңі, «Менің Дағыстаным» әңгімесі;

7-сыныпта: А.С. Пушкин «Ескерткіш» өлеңі;

11-сыныпта: Эрнест Хемингуэй «Шал мен теңіз» повесі.

Қазақ, орыс және әлем әдебиетінің тақырыптарына жақын үзінділерін салыстыру қабілеттерін қалыптастыру үшін «Орыс тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасында *У. Шекспир, Жюль Верн, Р. Брэдли, Ш. Айтматов* және т.б. туындыларын оқыту қарастырылған.

«Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі мен әдебиеті» пәндерінің оқу бағдарламаларының мазмұнын қайта қарап жетілдіруде әлем әдебиеті классиктерінің заманауи туындыларын оқыту мақсатында 5-11-сыныптарда «Әлем әдебиеті» жеке пән ретінде оқытылады. Жаңартылған білім беру мазмұнында орыс тілімен кіріктірілген «Орыс әдебиеті» пәнінен әдеби туындылар мәтін деңгейінде, тілді меңгерту құралы ретінде оқытылуда. Сондықтан орыс әдебиетінің туындылары «Әлем әдебиеті» пәнінің мазмұнына кіреді.

Шетел әдебиетінің туындылары «Қазақ әдебиеті» пәнінің мазмұнына кірмейді. «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда көркем туындыларда көрінетін көркемдік-эстетикалық принциптер мен заңдылықтарды айқындауға, қазіргі ұрпақтың ұлттық әдебиеттің қыр-сырына терең бойлап, оның тарихы мен көркемдік сипатын жаңаша пайыммен, тың көзқараспен меңгеруіне мән беріледі.

Қазақ әдебиетінің мәдени мұра, ұлттық құндылық, ұлттық код ретіндегі рөліне басымдық беріледі.

Қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұны көркем мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдауға, көркем сөздің ерекшелігін танытуға, мәтіндерді талдауға және салыстыруға, әдебиеттегі образдылықты анықтауға, стильдік даралықтарды ажыратуға, дәстүр мен жаңашылдықты айқындауға құрылады.

Ал «Әлем әдебиеті» пәнін оқыту арқылы білім алушылардың түркі өркениеті мен әлем әдебиеті және кеңестік әдебиет классиктерінің шығармаларын зерделеу, оқушылардың әдеби образдарды жасау кезінде салыстырмалы талдау жүргізу, қазақ, орыс және әлем әдебиетінің тақырыптарына жақын үзінділерін салыстыру, көркем-эстетикалық заңдылықтардың үндестігін айқындау қабілеттерін қалыптастыру көзделеді.

«Әлем әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты – білім алушыларды креативті ойлауға бағыттау, әдеби шығармаларды оқу ынтасын ояту. Олардың ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын қалыптастыру, білім алушыларға жанрларды меңгерту.

«Әлем әдебиеті» оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

- заманауи әлемге сай өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға ынтық рухани жағынан дамыған тұлға тәрбиелеу;

- гуманистік дүниетаным, ұлттық таным, азаматтық позиция, патриоттық сезім, әлемдік және отандық мәдениетке, әдебиетке сүйіспеншілік пен құрметін қалыптастыру;

- өзге өнер түрлерімен бір қатарда әдебиеттің де өзіндік ерекшеліктері туралы түсініктерін дамыту;

- көркем мәтінді қабылдауды, оқырмандық мәдениетті қалыптастыру;

- оқушылардың эстетикалық талғамын қалыптастыру;

- туындының мазмұнын түсініп, мәнін ұғуға баулу, көркемдік құндылығын таныту;

- ақын-жазушылардың әдебиеттегі алатын орнын, азаматтық тұлғасын таныту;

- шығарманың көркемдік ерекшелігіне, композициялық-сюжеттік желісіне талдау жасатып үйрету.

«Әлем әдебиеті» пәнін оқу арқылы білім алушылар:

5) әлем халықтарының әдебиеті туралы түсінік алады;

6) әлем халықтарының тұрмысы, тарихы, әлеуметтік жағдайы туралы танымдық деректермен таныс болады;

7) әлем әдебиетінің жалпыадамзаттық құндылық ретіндегі болмысын, адамзат мәдениетіндегі маңызды орнын құрметтейді және бағалайды;

8) әлем әдебиетінің мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін, әлем халықтарының тарихы, мәдениеті және руханиятымен танысады; жақсы мен жаманды айырып үйренеді;

9) түрлі жағдайларға бейімделе білу және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастырады;

10) заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытады.

«Әлем әдебиеті» пәнінің базалық мазмұнын түркі өркениеті мен әлем әдебиеті және кеңестік әдебиет классиктерінің туындылары құрайды. Әдеби туындыларды білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай іріктеу көзделеді.

Негізгі және жалпы орта білім беруді аяқтағанда пән бойынша білім алушылардан күтілетін нәтижелер түрінде қалыптасатын метапәндік құзыреттіліктер:

ғылыми-танымдық құзыреттілік:

- сөз өнерінің өзіндік ерекшеліктерін меңгеру;
- функционалдық сауаттылығының қалыптасуы;
- көркем мәтін мазмұнын, мәнін игеру;
- көркем шығарманың идеясы мен пафосын, көтерілген мәселелерді анықтау;
- көркем шығарманы талдай отырып, өзін қоршаған әлемді тану;
- әр халықтың өзіндік ерекшелігі, ұлттық болмысы мен мәдениетін салыстыру;
- әдебиетті ұлттық, әлемдік мәдениеттің феномені, адамгершілік құндылықтарды, дәстүрлерді сақтау мен жеткізу құралы ретінде түсіндіру;
- қазақ және әлем әдебиетіндегі ортақ үндестікті салыстыру.

мәдени-әлеуметтік құзыреттілік:

- оқу материалдарындағы рухани-мәдени құндылықтарды ажырата алу;
- әлем әдебиетін оқи отырып, туған елінің рухани мәдениетін салыстыру;
- жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды салғастыру;
- әр халықтың өзіндік ерекшелігін, ұлттық болмысы мен мәдениетін білу;
- рухани-адамгершілік құндылықтардың мәнін және адами ізгі қасиеттерді бағалау;
- әлеуметтік-қоғамдық, табиғи ортаға бейімделіп, оның мүшелерімен ізгілікті қарым-қатынас жасау.

тілдік-коммуникативтік құзыреттілік:

- ана тілінде сөйлеудің қажеттілігін түсінуі, өмірлік жағдаяттарда қолдана алу;
- сөз әдебі талаптарын сақтап, қарым-қатынас жасай алу;
- ойын ауызша және жазбаша жүйелі, дәлелді жеткізе білу;
- жұптық және топтық жұмыстарда, түрлі жағдаяттарда басқалармен ой бөлісу, пікірлесу, қарым-қатынасқа түсе алуы.

ақпараттық-технологиялық құзыреттілік:

- электронды оқулықтар мен оқу ресурстарын қолдана алуы;
- дереккөздерден қажетті мәтінді іздеп табуы, өңдей алуы, қолдана алуы;
- электрондық анықтамалықтарды мақсатына сай қолдануы;
- шығармашылық жұмыстарын цифрлық сауаттылық талаптарына сай рәсімдей білуі;
- АКТ, медиақұралдардың мүмкіндіктерін пайдалана алуы.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда «Қазақ тілі» бастауыш сыныптарда, 5-11 сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні ретінде оқытылады [8].

Білім алушылардың инвариантты және вариативтік компоненттерден тұратын оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің жалпы көлемі үлгілік оқу жоспарына (бұдан әрі - ҰОЖ) сәйкес белгіленеді.

«Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін) 1-4 сыныптар

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

Қойылған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттердің шешілуі көзделеді:

- 1) тілдік дағдыларды (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) дамыту;
- 2) қазақ тіліндегі сөздік қорды үздіксіз дамыту әдістерін меңгерту;
- 3) тұрмыста, қоғамдық орындарда, мәдени орталарда қазақ тілінде қарым-қатынас жасау қабілеттері мен дағдыларын дамыту;
- 4) қазақ тілінде меңгерген білім, білік, дағдыларын күнделікті өмірде өз бетінше қолдануға дағдыландыру;
- 5) шығармашылықпен жұмыс істеуді, сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамыту.

Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Мемлекеттік тіл – еліміздегі халықтар бірлігінің негізгі факторы, ұлтаралық қарым-қатынастың ұйытқысы. Бүгінгі қоғам еліміздің білім беру жүйесінен көп тілді меңгерген дара тұлғаны қалыптастыруды талап етуде.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрықтармен бекітілген) жүзеге асырылады [8].

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болады (7.1-7.2-кесте).

7.1-кесте – 1-4-сыныпта «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
1	Қазақ тілі	2	66	2	66
2	Қазақ тілі	3	102	2	68
3	Қазақ тілі	3	102	3	102

4	Қазақ тілі	4	136	3	102
---	------------	---	-----	---	-----

7.2-кесте –1-4-сыныпта оқыту өзбек, ұйғыр, тәжік тілдерінде жүргізілетін мектептерде «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
1	Қазақ тілі	2	66	2	66
2	Қазақ тілі	2	68	2	68
3	Қазақ тілі	3	102	2	68
4	Қазақ тілі	3	102	2	68

Жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу пәнінің мазмұны бойынша ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу бағдарламасы жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытуды, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынасқа түсуін жетілдіруді және дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді.

«Қазақ тілі» пәні (оқыту қазақ тілінде емес) бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар «Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) ескере отырып құрастырылды; білім алушылар бастауыш сыныпты аяқтағанда, қазақ тілін қарапайым A1, A2 (бастапқы) деңгейінде меңгереді [8].

Жаңартылған бастауыш білім беру мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушылардың дайындық деңгейі «Тіл және әдебиет» сияқты бірнеше мәндес оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім беру саласының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

7.3-кесте. Жазба жұмыстарының нормалары

Жазба жұмыстарының түрлері	Сыныптар			
	1-сынып	2-сынып	3-сынып	4-сынып
Сөздік диктант	3-5 сөз	5-7 сөз	7-9 сөз	9-10 сөз
Диктант	-	15-20 сөз	20-30 сөз	30-40 сөз
Көшіріп жазу	9-12 сөз	12-16 сөз	16-20 сөз	20-25 сөз

Мұғалім пән аясында білім алушының сөздік қорын кеңейту үшін үлгілік оқу бағдарламасында берілген лексикалық-грамматикалық минимумды негізге алады. Әр сабақта 2 лексикалық минимумды меңгерту ұсынылады. Лексикалық минимумда ортақ тақырыптар бойынша сонымен қатар күнделікті тұрмыс-тіршілікте, әлеуметтік ортада жиі қолданылатын сөздер, қазақ тілін меңгерудің әрбір деңгейіне сәйкес келетін (1-4-сыныптар үшін А 1 қарапайым деңгей) шектеулі сөздер мен сөз тіркестері қамтылған. 1-4-сынып білім алушылары үшін

лексикалық минимумдар саны: 752 сөз, оның ішінде: 1-сыныпта – 120 сөз, 2-сыныпта – 188 сөз, 3-сыныпта – 188 сөз, 4-сыныпта – 256 сөз.

Пән бойынша оқу бағдарламасын жүзеге асыру үшін «НЗМ» ДББҰ әзірлеген «KazLingua» электронды қосымшасын сабақтан тыс уақытта қолдану ұсынылады. Бұл қосымша кез келген Android ұялы телефондарына және компьютерге ақысыз жүктеліп, offline режимде қолданылады.

Оқушы ойын түрінде берілген тапсырмаларды орындау арқылы қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға, суретті сөздіктер арқылы сөздік қорларын көбейте отырып, синтаксистік конструкциялар құруға дағдыланады.

Сонымен қатар оқушы өзінің тілді меңгеру деңгейін әр тақырыптың соңында берілген тест сұрақтары арқылы үнемі қадағалап, бағалап отырады.

7.5-кесте. Қазақ тілін меңгерудің лексикалық деңгейі (T2)

Сыныптар	Қазақ тілін меңгерудің деңгейлері	Жылдық оқу жүктеме-сінің көлемі	Бір сабақта меңгерілетін сөз саны	T2 меңгерудің лексикалық деңгейі							
				Бір аптада	Оқу жыл-ында	Актив сөздер саны				Норма	
						Тоқсан бойынша					
						1	2	3	4	min	max
1	А 1	66	2	4	120	32	32	36	32	120	132
2		102	2	6	188	48	48	54	48	188	196
3		102	2	6	188	48	48	54	48	188	196
4	А 2	136	2	8	252	64	64	72	64	252	264
Ескертулар			* 12 сағат (Жиынтық бағалау)								*Барлығы 2974/3098

«Қазақ тілі» пәні бойынша білім алушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар «Тілдерді меңгерудің жалпыеуропалық құзыреті» (CEFR) деңгейлерін (A1, A2, B1, B2, C1) ескере отырып құрастырылды; білім алушылар бастауыш сыныпты аяқтағанда, қазақ тілін қарапайым A1, A2 (бастапқы) деңгейінде меңгереді [8].

Оқу бағдарламасында үш тілде білім беруді жүзеге асыру қарастырылған, онда үш тілді меңгертіп қана қоймай, сондай-ақ білім алушылардың сыныптан тыс жұмыстарын да үш (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде) тілде ұйымдастыру қарастырылған.

Жеке тұлғалық қасиеттердің кең ауқымды дағдылармен бірлесе дамытылуы білім берудің «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «күрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты құндылықтарын бойына сіңіруіне, Отанына риясыз қызмет ететін, білімді, білікті, рухани терең азамат болып қалыптасуына көмектеседі.

8. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 1-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым: жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, қарапайым

тақпақтар мен санамақтар, шағын мәтіндегі жаңа сөздер, қарапайым нұсқаулар, құттықтау, пікірлер, хабарламалар, сұрақтар, затты көрсету, суретті таңдап алу, қимыл мен ым-ишара арқылы түсінгенін білдіру;

2) айтылым: танысу, өзі туралы айту, затты сипаттау, сурет/иллюстрация/постер бойынша сөйлеу, жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, қарапайым сұрақ-жауап, қысқаша диалог, монолог, жағдаяттар, қарапайым («иә/жоқ», «ұнайды/ұнамайды»), «дұрыс/дұрыс емес» пікірлер;

3) оқылым: оқудың түрлері, жиі қолданылатын сөздерді тұтас оқу, қарапайым фразалар, тақпақтар мен санамақтар, иллюстрация/постер бойынша қарапайым сұрақтар мен жауаптар (кім? не? қандай? қанша?), сөздік, анықтамалықтармен жұмыс, орфоэпия;

4) жазылым: жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, сөйлемнің соңында қойылатын тыныс белгілері, азат жол, тасымал, төл әріптердің каллиграфиясы, айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздер, орфография;

5) сөйлеу әрекеттері аясындағы тілдік дағдылар (лингвистикалық терминдер қолданылмайды) бойынша: фонетика: артикуляция, орфоэпия, қазақ тілінің төл дыбыстары, буын, интонация, сингармонизм заңы; лексика: тақырыпқа қатысты лексикалық минимум, жиі қолданылатын сөздер, бейтарап сөздер, репликалар, қаратпа сөздер; грамматика: зат атауын білдіретін сөздер (жекеше/көпше), тәуелдік жалғауы, ілік, барыс, жатыс септігі жалғаулары, заттың сынын, түрін, түсін білдіретін сөздер, заттың есебін, ретін білдіретін сөздер, жіктеу, сілтеу, сұрау мағынасындағы сөздер, бұйрық рай, болымды/болымсыз етістік, мезгілді білдіретін сөздер, модаль сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, жалаң және жайылма сөйлемдер.

9. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 2-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым: тақырыпқа байланысты шағын диалог/монологтің мазмұнын түсіну, тыңдау/көру материалдарындағы негізгі ойды анықтау, тірек сөздер бойынша тақырыбын болжау, кесте толтыру және суреттерді орналастыру арқылы түсінгенін білдіру, тыңдалым бойынша жағымды/жағымсыз кейіпкерлерді ажырату;

2) айтылым: тақырып бойынша шағын диалог/монолог, сұрақтар құрастыру, пікір айту, жағдаяттарды талдау, этикет сөздерді қолдану, шағын мәтінді мазмұндау, кейіпкерлерді сипаттау, сурет/иллюстрация/постер бойынша сөйлеу, оқиғаларды және кейіпкерлерді салыстыру;

3) оқылым: оқудың түрлері, шағын мәтінді рөлге бөліп, мәнерлеп, түсініп оқу, қарапайым фразалар, мәтіннің жанрын (өлең, жаңылтпаш, жұмбақ, ертегі, әңгіме) ажырату, сөздікпен, анықтамалықтармен жұмыс;

4) жазылым: сурет/комикс/иллюстрация бойынша мәтін құрастыру, тыңдау/көру материалдарының мазмұны, төл әріптердің каллиграфиясы, айтылуы мен жазылуында айырмашылығы жоқ сөздер, орфография, тасымал;

5) сөйлеу әрекеттері аясындағы тілдік дағдылар (лингвистикалық терминдер қолданылмайды) бойынша: фонетика: төл дыбыстардың артикуляциясы, орфоэпия, дауыс ырғағы, буын, интонация, буын және дыбыс

үндестігі; лексика: тақырыпқа қатысты лексикалық минимум, жиі қолданылатын сөздер, бейтарап сөздер, репликалар, қаратпа сөздер, антонимдер; грамматика: заттың атын (жалпы/жалқы) білдіретін сөздер, ілік, табыс, жатыс септіктері, көмекші есімдер, ауызша/жазбаша тілдегі етістіктің шақ, рай формалары, қалып етістіктері, сұрау есімдіктері, мекен үстеулер, жалғаулық шылаулар, әдеп сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдер.

10. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 3-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым; тақырыпқа байланысты шағын диалог/монологтің мазмұнын түсіну, тыңдау/көру материалдарындағы негізгі ойды анықтау, таныс сөздер мен қысқа фразаларды ұғу, күнделікті өмірде жиі қолданылатын сұхбаттарды пікірлесуді түсіну, таныс тақырыптар бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру;

2) айтылым; сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, үлгілерді/жоспарларды пайдаланып, тақырып көлемінде сөйлесу, әдеп сөздер мен сөз тіркестерін қолдану, тақырып бойынша шағын диалог/монолог, сұрақтар құрастыру, пікір айту, жағдаяттарды талдау, таныс атауларды, сөздерді оқып, түсіну, үлгі бойынша тапсырмаларды орындау;

3) оқылым; оқудың түрлері, шағын мәтінді рөлге бөліп, мәнерлеп, түсініп оқу, қарапайым фразалар, мәтіннің жанрын ажырату, мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау, мәтінге, сюжетті суреттерге тақырып қою, тақырып (мәтіннің аты), тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау;

4) жазылым; сурет/постер/комикстер бойынша шағын мәтін құрап жазу, оқыған, тыңдаған материалдары, сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұнын жазу, дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп қайта жазу;

5) сөйлеу әрекеттері аясындағы тілдік дағдылар (лингвистикалық терминдер қолданылмайды) бойынша; фонетика: төл дыбыстардың артикуляциясы, орфоэпия, дауыс ырғағы, буын, интонация, дауыссыз б-п, қ-ғ, к-г дыбыстары кездесетін сөздердің емлесі; лексика, тақырыпқа қатысты лексикалық минимум, жиі қолданылатын сөздер, бейтарап сөздер, репликалар, қаратпа сөздер, антонимдер; грамматика: ауызша/жазбаша тілдегі біріккен сөздер мен қос сөздер, деректі/дерексіз зат есімдер, шығыс, көмектес септіктері, заттың қасиеттерін, сапасын білдіретін сөздер, болжалдық сан есімдер, өздік, жалпылау есімдіктері, көмекші етістіктер, етістіктің шақтары, тұйық етістік, шартты рай формалары, мөлшер үстеулер, жалғаулық шылаулар, сөз тіркестері, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, жай сөйлемдер мен салалас құрмалас сөйлемдер.

11. «Қазақ тілі» оқу пәнінің 4-сыныпқа арналған базалық мазмұны:

1) тыңдалым; әңгімелер мен ақпаратты тыңдау және негізгі ойды түсіну, мәтінді көркемдеу үшін қолданылған жеке сөздерді өз бетімен түсіне алу, жиі қолданылатын кейбір сөздерді өз бетімен түсіне алу;

2) айтылым; берілген тақырып бойынша пікір алмасу, айтылған немесе тыңдау/көру материалдарындағы әңгіме немесе ақпараттағы негізгі ойдың сипаттамасы, әдеп сөздер мен сөз тіркестерін қолдану, тақырып бойынша

диалог/монолог құрастыру, жағдаяттарды талдау, шағын көркем шығармаларды оқып түсіну, үлгі бойынша тапсырмаларды орындау, сөйлеу стилін сақтау;

3) оқылым; мәтіннің түрлері, шағын мәтіндегі негізгі ойды түсіну, қарапайым фразалар, мәтіннің жанрын ажырату, мәтіннің тақырыбын және ондағы негізгі ойды анықтау, мәтінге сұрақтар (қандай? қай? қашан? қайда?) құрастыру және оған жауап беру, тірек сөздер арқылы мәтіннің мазмұнын болжау;

4) жазылым; шағын сюжетті комикс/буклет/коллаж/жарнама/презентацияны сөйлемдермен толықтыру, оқыған, тыңдаған, тыңдау/көру материалдары, сұрақтар мен жоспар бойынша мазмұнын жазу, дұрыс құрылмаған мәтінді түзеп қайта жазу, жазу емлесі;

5) сөйлеу әрекеттері аясындағы тілдік дағдылар (лингвистикалық терминдер қолданылмайды) бойынша; фонетика, төл дыбыстардың артикуляциясы, орфоэпия, дауыс ырғағы, буын, интонация, үндестік заңы. Лексика; тақырыпқа қатысты лексикалық минимум, жиі қолданылатын сөздер, бейтарап сөздер, репликалар, қаратпа сөздер, антонимдер; грамматика; ауызша/жазбаша тілдегі сөз таптары, көмекші сөздер, ауызша/жазбаша тілдегі көптік/тәуелдік/жіктік/септік жалғаулар, етістіктің ауыспалы осы шағы, жедел/бұрынғы өткен шақ, ортақ етіс, ауыспалы келер шақ, қалау рай формалары, жіктеу/сұрау/сілтеу есімдіктері және олардың септелуі, үстеу және оның түрлері, одағай, модаль, еліктеуіш сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі, қарсылықты және себеп-салдар жалғаулық шылаулар, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, жай сөйлемдер мен себеп-салдар құрмалас сөйлемдер.

Оқу мақсаттарының жүйесі бағдарламада кодтық белгімен белгіленді. Кодтық белгідегі бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан бөлім мен бөлімшенің ретін, төртінші сан оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1 кодында «1» – сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

Осы оқу бағдарламасы 1-қосымшада келтірілген бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады [8].

Тілдерді игеру деңгейін бағалаудың жалпыеуропалық жүйесіне сәйкес білім алушылар А1, А2 деңгейлеріне жету үшін осы үлгілік оқу бағдарламасының 2-қосымшасында келтірілген лексикалық-грамматикалық минимумды игереді.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласы бойынша бастауыш білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер.

Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда):

1) тыңдалым:

білім алушылар қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салалары үшін өзекті аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсінеді; мәтіннің тақырыбын, негізгі идеясын, мәтіндегі басты және қосалқы ақпараттың мағынасын барынша толыққанды, терең және дәл түсіне

алады; қарым-қатынас жасау жағдаяттарына, қарым-қатынас орнына және қарым-қатынасқа (коммуникацияға) қатысушыларға қарай сөйлеу стильдерінің қалай өзгеретінін түсінеді; түрлі пікірлерді ескере отырып, оқиғаның/әңгіменің мазмұнын болжайды;

2) айтылым:

білім алушы алдын ала дайындалған жазбалар мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіменің, оқиғаның мазмұнын жеткізеді; оқығаны, естігені жөнінде сұрақтар құрастырады және көзқарасын білдіреді; ұсынылған тақырып пен белгіленген коммуникативтік тапсырма бойынша өзара байланысқан, логикалық жүйеге құрылған хабарламаны құрастырады; қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени саласында түрлі тілдік жағдаяттарға сай өзінің коммуникативтік ниетін білдіре отырып, диалогқа қатысады;

3) оқылым:

білім алушы оқу түрлері мен стратегияларын пайдалана отырып, мәтіндерді оқиды; таныс емес сөздері бар мәтіннен негізгі ақпаратты, автордың тұжырымы мен бағасын түсінеді; көркем және көркем емес мәтіндерді ажыратып таниды; алуан түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табады; идеяны, оқиғаларды және кейіпкерлер іс-әрекеттерінің себептерін түсінетінін көрсетеді; сөздіктер мен анықтамалықтарды пайдаланып, таныс емес сөздер мен фразалардың мағынасын анықтайды; қазақ және әлем әдебиетінің көркем туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын айқындайды;

4) жазылым:

білім алушы тыңдалған мәтіннің, оқылған ақпараттың және көрген оқиғаның (тақырыптар, жекелеген деректер, пікірлер) қысқаша жазбаларын жасайды; орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық нормаларды ескере отырып, баяндау (баяндаусыз) сипатындағы мәтіндерді құрастыру үшін тиісті лексикалық бірліктерді пайдаланады.

Негізгі орта білім беру мазмұнында айқындалған негізгі құндылықтар:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу.

Білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың мынадай қабілеттері дамуы тиіс:

- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының нормаларын құрметтеу және сақтау;
- 3) әлеуметтік жауапкершілік және шешім қабылдай алу;
- 4) мемлекеттік тілді меңгеруге ынталану;
- 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттік алуан түрлілігін құрметтеу;
- 6) рухани келісім және толеранттылық идеяларын қолдау;

7) қоршаған ортаға және экологиялық тұрақтылықты сақтауға оң қарым-қатынас;

8) шығармашылықпен және сын тұрғысынан ойлау;

9) коммуникативтілік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білу;

10) өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге талпыну.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін)

5-9-сыныптарда:

Негізгі орта білімнің мақсаты – тұлғаның жалпы мәдениетін қалыптастыру, тұлғаны қоғам өміріне бейімдеу, кәсіпті, мамандықты саналы түрде таңдауға және меңгеруге негіз жасау, оның ішінде білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескеру.

Негізгі орта білім берудің негізгі міндеттері білім алушылардың:

1) рухани-адамгершілік қасиеттерін;

2) ғылым негіздері бойынша базалық білім жүйесін;

3) өздігінен білім алу және тұлғалық өзін-өзі дамыту дағдыларын;

4) оқу, жобалау, зерттеушілік іс-әрекеттерін жүзеге асыру дағдыларын;

5) сын тұрғысынан және шығармашылық ойлау дағдыларын;

6) қауымда өзін-өзі іске асыру және өзара әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі билеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады.

Негізгі орта білім білім алушының базистік ғылым негіздерін меңгеруін, жоғары рухани-адамгершілік және тұлғааралық, этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің қалыптасуын, тұлғаның өмірде өз орнын табуын және өзін-өзі билеуін, функционалдық сауаттылығының қалыптасуын, бейіналды дайындықтың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту мақсаты: негізгі орта білім беру деңгейіне арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» бағдарламасының мақсаты – оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту, қазақ тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру, тіл нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу бағдарламасының негізгі міндеттері:

1) шыармашылық тұрғыда жұмыс істеуге, сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру;

2) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлға қалыптастыру;

3) туындаған мәселелерді шеше білетін, шынайы өмірге бейім жаңашыл ұрпақ тәрбиелеу;

4) оқушыларды сөйлесім әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдана білуге үйрету;

5) оқушылардың тілдік дағдысы мен ойлау қабілетін дамыту;

6) оқушыны қазақ халқының мәдениетімен, әдебиетімен, ұлттық салт-

дәстүрімен таныстырып, мәдени ортада пайдалануға баулу, қазақ еліне, мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін тәрбиелеу.

Негізгі орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары «Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті» деңгейлерін (B1, B2) негізге ала отырып, айқындалған [8].

Негізгі орта білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты көптілді тұлғаны – кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің әртүрлі салаларында үш тілде еркін диалог жүргізе алатын, өз халқының мәдениетін бағалайтын, басқа халықтардың мәдениетін түсінетін және құрметтейтін Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді.

«Тіл және әдебиет» білім беру саласының мазмұны басқа тілдік және тілдік емес оқу пәндерімен пәнаралық байланысты пайдалануды; білім алушылардың ойдағыдай әлеуметтенуін; білім алушылардың жас ерекшеліктеріне, қажеттіліктері мен қызығушылықтарына сәйкес тілдік дағдыларын дамытуды; қазіргі әлемде тілдерді оқытудың маңыздылығын түсінуді; рухани-адамгершілік құндылықтардың дамуын; көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын түсінуді; қарым-қатынас процесінде тұлғаарлық және мәдениетаралық байланыстарды орнатуды; өзге елдердің мәдениетімен танысу арқылы әртүрлі көзқарастарды сыйлай білуге тәрбиелеуді; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, оның ішінде интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істей білуді; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту және пайдалануды қамтамасыз етеді.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу процесі ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарларымен (өзгерістер мен толықтырулар 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен бекітілген) жүзеге асырылады [8].

Үлгілік оқу жоспарының түріне байланысты негізгі орта білім беру деңгейінде «Қазақ тілі» пәнін оқытуға бөлінген оқу жүктемесінің көлемі әртүрлі болады (7.6-кесте).

7.6-кесте – 5-11-сыныптар «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәні Үлгілік оқу жоспары

Сынып	Оқу пәнінің атауы	Үлгілік оқу жоспары		Үлгілік оқу жоспары (төмендетілген оқу жүктемесімен)	
		Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
5	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	170	4	136
6	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	170	4	136
7	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	170	3	102
8	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	170	3	102
9	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	170	3	102
10 (ҚГБ, ЖМБ)	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	170	3	102
11 (ҚГБ, ЖМБ)	Қазақ тілі мен әдебиеті	5	170	3	102

«Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығына сәйкес білім беру ұйымдары меншік түрі мен оқыту нысанына қарамастан, үлгілік оқу жоспарын дербес таңдайды.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесі 5-6-сыныптарда 1 сағат, 7-11-сыныптарда 2 сағат көлемінде төмендетілген. (ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық). Оқу жүктемесі төмендетілген сыныптарға вариативті компоненттен сағат алуға мүмкіндік берілген.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасының (оқыту қазақ тілінде емес) ерекшеліктері оқу мақсаттары жеңілдетіп берілген. Кейбір оқу мақсаттарына түсініктеме ретінде ұсынымдар беріліп, оқу мақсаттарына өзгерістер енгізілген.

Жалпы білім беретін мектептеріндегі оқу пәнінің мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәні бағдарламасы оқушының тіл сауаттылығы мен сөз байлығын дамытуды, әлеуметтік ортада еркін қарым-қатынасқа түсуін жетілдіруді және дүниетанымдық дағдыларын кеңейтуді көздейді. Бағдарламаның білім мазмұны қазақ тілі арқылы оқушыларға қазақ халқының материалдық және рухани құндылықтарын, қазақ халқының салт-дәстүрін құрметтеуді, қазақша сөйлеу әдебі мен әдетін дағдыландыруды және қазақ әдебиеті үлгілерін терең меңгертуді мақсат етеді және алған білімдерін өмірде қолдана білуге үйретеді.

Жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары CEFR -Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті деңгейлерін (B2-C1) негізге ала отырып айқындалған [8].

7.8 - кесте. Қазақ тілін меңгерудің лексикалық деңгейі

Сы- нып- тар	Қаз- ақ тілін мең- геру- дің дең- гей- лері	Жыл- дық оқу жүк- теме- сінің көле- мі	Бір саб- ақта мең- гері- летін сөз саны	Т2 меңгерудің лексикалық деңгейі							
				Бір апта- да	Оқу жыл- ында	Актив сөздер саны				Норма	
						Тоқсан бойынша					
						1	2	3	4	<i>min</i>	<i>max</i>
5	В 1	170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
6		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
7		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
8		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
9		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
10	В 2	170	3	10	318	80	80	90	80	318	330
11		170	3	10	318	80	80	90	80	318	330

Ескертулар		* 12 сағат (Жиынтық бағалау)	*Барлығы 2974/3098
------------	--	------------------------------	-----------------------

Оқыту процесіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің тәрбиелік әлеуетін арттыру үшін «Рухани адамгершілік» мен «Қазақ әдебиетінің антологиясы» әлеуметтік жобалары, «Қазақтың салт-дәстүрлері», жобасын іске асыруды жалғастыру ұсынылады.

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- мекемелерде, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу;
- мерейтой иелеріне арналған тәрбие сағаттарын, әдеби кештер, мәнерлеп оқу сайыстарын, эссе, мазмұндама, шығарма жазу сайыстарын және т.б. ұйымдастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз. Мерейтой тізімі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтына орналастырылған.

Орта білім мазмұнының инварианттық компоненті үлгілік оқу жоспарларында, ал вариативтік компоненті оқу жұмыс жоспарларында жүзеге асырылады.

Орта білімнің іргелілігін сақтау және негізгі орта білімнің базалық мазмұнына қойылатын мемлекеттік талаптарды орындау мақсатында инварианттық компонент жалпы сағат көлемінен кемінде 85% мөлшерде белгіленеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) оқылым;
- 4) жазылым;
- 5) тілдік бағдар.

«Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) болжау;
- 2) назарын шоғырландырып тыңдау;

- 3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
 - 4) көркем шығармаларды тыңдау;
 - 5) негізгі ойды анықтау;
 - 6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.
- «Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;
 - 2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;
 - 3) көркем шығармаларды оқу;
 - 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
 - 5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
 - 6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.
- «Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;
 - 2) эссе жазу;
 - 3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;
 - 4) мәліметтерді жинақтау;
 - 5) орфография және пунктуация.
- «Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 1) сөздік қорының алуандығы;
 - 2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
 - 3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
 - 4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
 - 5) сенімді және еркін жауап беру;
 - 6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.
- «Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:
- 1) сөз таптары;
 - 2) сөйлем.

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

тірек сөздер арқылы болжау, негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпаратты анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну, негізгі тақырыпты анықтау, сұрақтарға жауап беру;

2) айтылым:

жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формалары, қазақ тіліндегі төл дыбыстары мен үндестік заңы, мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, берілген сұраққа лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу, иллюстрацияларды сипаттау;

3) оқылым:

негізгі ақпаратты анықтау, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау, көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын

салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру;

4) жазылым:

ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарына сай хабарлама, хабарландыру, хат жазу, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты, белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдары ау, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында н қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жас қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

тілдік бағдар:

сөз таптары: жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау, заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін орынды қолдану, болымды және болымсыз етістіктер, мекен және мезгіл үстеулер, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

сөйлем:

хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру.

6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну, әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау, тыңдалым материалдары бойынша шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру;

туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды білу;

2) айтылым:

тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу, тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау, диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білу; Мәтіннің ақпараттылық сипаттамаларын талдау;

3) оқылым:

мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме, орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау, мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы ақпараттарды анықтау, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу;

4) жазылым:

мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу, эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастыру, жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау, үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

олардың шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау. Өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді қолдана білу, өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін орынды қолдану, етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді орынды қолдану, талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

6) сөйлем:

жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру. мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдау.

7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

- мәтін үзінділері арқылы оқиганың дамуын болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну, повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардың тақырыбы мен идеясын талдау, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру;

- өңірде шығатын газет-журналдарды білу;

- энциклопедия ұғымын түсіну, өлкетанудың бағыттарын анықтау;

2) айтылым:

- мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдану, мәтін мазмұнын дамыту, кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту, шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау, коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші → тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру, кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдау;

өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) оқылым:

кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, ресми-іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін талдау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау, мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді оқу;

Энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер), оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, топтау сан есімдерін, одағай түрлерін орынды қолдану, етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, мақсат және себеп-салдар үстеулерді орынды қолдану, септеулік шылаулардың қызметін білу;

сөйлем: жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау, тірек сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

2) айтылым:

тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісін салыстыру және талдау, тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру, кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру;

3) оқылым:

перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау, публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізу, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырып, баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: болжалдық және бөлшектік сан есімдерді орынды қолдану, еліктеу сөздерді орынды қолдану, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, күшейткіш үстеулерді орынды қолдану, демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану;

сөйлем: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру, мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру;

2) айтылым:

мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс тандай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым:

мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жазу, жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, мекен және мезгіл үстеулерді орынды қолдану, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану;

сөйлем: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

Оқыту процесіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің тәрбиелік әлеуетін арттыру үшін «Рухани адамгершілік» мен «Қазақ әдебиетінің антологиясы» әлеуметтік жобалары, «Қазақтың салт-дәстүрлері», жобасын іске асыруды жалғастыру ұсынылады.

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- мекемелерде, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу;
- мерейтой иелеріне арналған тәрбие сағаттарын, әдеби кештер, мәнерлеп оқу сайыстарын, эссе, мазмұндама, шығарма жазу сайыстарын және т.б. ұйымдастыру.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз. Мерейтой тізімі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтына орналастырылған.

Орта білім мазмұнының инварианттық компоненті үлгілік оқу жоспарларында, ал вариативтік компоненті оқу жұмыс жоспарларында жүзеге асырылады.

Орта білімнің іргелілігін сақтау және негізгі орта білімнің базалық мазмұнына қойылатын мемлекеттік талаптарды орындау мақсатында инварианттық компонент жалпы сағат көлемінен кемінде 85% мөлшерде белгіленеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мазмұны 5 бөлімге бөлінеді. Бөлімдерді бөлімшелер құрайды, олар сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқыту мақсаттарынан тұрады.

Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:

- 1) тыңдалым;
- 2) айтылым;
- 3) оқылым;
- 4) жазылым;
- 5) тілдік бағдар.

«Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) болжау;
- 2) назарын шоғырландырып тыңдау;
- 3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;
- 4) көркем шығармаларды тыңдау;
- 5) негізгі ойды анықтау;
- 6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;

- 2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;
- 3) көркем шығармаларды оқу;
- 4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;
- 5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;
- 6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

«Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;
- 2) эссе жазу;
- 3) көркемдегіш құралдарды қолданып жазу;
- 4) мәліметтерді жинақтау;
- 5) орфография және пунктуация.

«Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөздік қорының алуандығы;
- 2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
- 3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
- 5) сенімді және еркін жауап беру;
- 6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

«Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөз таптары;
- 2) сөйлем.

5-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

тірек сөздер арқылы болжау, негізгі мазмұнын түсіну, нақты ақпаратты анықтау, күнделікті тұрмыстық тақырыптарға байланысты сөздердің мағынасын түсіну, көркем әдеби мәтіндердің мазмұнын түсіну, негізгі тақырыпты анықтау, сұрақтарға жауап беру;

2) айтылым:

жаңа сөздерді олардың синонимдерімен, антоним, омонимдерімен қатар қолдану, ойын жеткізе білу, амандасу мәнері мен ұлттық этикет формалары, қазақ тіліндегі төл дыбыстары мен үндестік заңы, мәтіндердің мазмұнына жоспар құру, берілген сұраққа лайықты жауап беру, шағын диалогке қатысу, иллюстрацияларды сипаттау;

3) оқылым:

негізгі ақпаратты анықтау, хат, хабарлама, жарнама мазмұнын түсіну, стильдік ерекшелігін анықтау, көркем әдеби шығармаларды түсіну, тақырыбын анықтау, мәтіндердің тақырыбын, мазмұндық құрылымын салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді ала білу, тақырып бойынша үйренген сөздерін қолдана отырып, мәтінде көтерілген мәселеге өз көзқарасын білдіру;

4) жазылым:

ресми стильдің тілдік ерекшеліктері мен талаптарына сай хабарлама, хабарландыру, хат жазу, эссе құрылымын сақтай отырып, адамды, табиғатты,

белгілі бір оқиғаны сипаттап жазу, жазба жұмыстарында сипаттау, бейнелеу құралдары ау, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында н қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер жас қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

тілдік бағдар:

сөз таптары: жалпы және жалқы есімдерді ажырата білу, жалғау түрлерін дұрыс жалғау, заттың түрін, түсін сапасын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, сан есім (бірліктер, ондықтар, жүз, мың) атауларын білу, жіктеу, сілтеу, сұрау есімдіктерін орынды қолдану, болымды және болымсыз етістіктер, мекен және мезгіл үстеулер, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

сөйлем:

хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдердің жасалу жолдарын білу, құрастыру.

6-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтіннің бастапқы бөлігін тыңдау арқылы тақырыпты және көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, негізгі және қосымша ақпараттарды анықтау, тұрмыстық-әлеуметтік тақырыптарға байланысты жаңа сөздер мен тірек сөздердің мағынасын түсіну, әңгіме, хикаялардың және шағын поэзиялық шығармалардың мазмұнын талдай отырып кейіпкерлерге сипаттама жасау, мәтін тақырыбы арқылы негізгі ойды анықтау, тыңдалым материалдары бойынша шынайы өмірмен байланыстырып жауап беру;

туған өлкенің табиғаты және тарихы сипатталатын поэтикалық және прозалық шығармаларды білу;

2) айтылым:

тура және ауыспалы мағынадағы сөздерді қолдану, ойын әсерлі, мазмұнды жеткізу, тақырып бойынша диалогті бастау, жалғастыру, аяқтаудың ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын білу, сұраулы, хабарлы, лепті және бұйрықты сөйлемдердің интонациялық ерекшелігін ескеріп айту, шағын көлемді мәтіндегі жеке эпизодтарды сипаттау және тілдік ерекшелігіне салыстыру жасау, диалогке қатысушылар өзара түсінісіп, ойларын толықтырып отыру, сюжетті суреттердің желісі бойынша әңгіме құрастыру;

туған өлкенің ақындары мен жазушыларының шығармашылығын білу; Мәтіннің ақпараттылық сипаттамаларын талдау;

3) оқылым:

мәтіндегі негізгі және жанама ақпаратты анықтау, ресми стильдегі мәтіндердің стильдік ерекшелігін анықтау (күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян, түйіндеме, орта көлемді шығармаларды түсіну, тақырыбы мен негізгі ойды анықтау, мәтіндердің тақырыбына, мазмұндық құрылымына сүйене отырып, түрлерін салыстыру, қосымша ақпарат көздерінен тақырыпқа байланысты мәліметтерді мәтін мазмұнымен салыстыру, қарама-қайшы

ақпараттарды анықтау, мәтінде көтерілген мәселені шынайы өмірмен байланыстыру;

туған өлкеге арналған бір өлеңді жатқа мәнерлеп оқу;

4) жазылым:

мәтіндердің стильдік ерекшелігін сақтай отырып, күнделік, мінездеме, түсініктеме, өмірбаян жазу, эссе тақырыбының желісінен шықпай, әрбір абзацты жүйелі құрастыру, жазба жұмыстарында теңеу, эпитет сөздерін қолданып жазу, мәліметтерді жинақтай отырып, тақырып бойынша постер, сызба-кестелер жасау, үндестік заңын ескеріп, орфографиялық нормаға сай дұрыс жазу, сөйлем соңында қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

олардың шығармашылығы туралы деректер жинау және презентация дайындау. Өлкетану аясында прозалық үзінділер жазудың алғашқы дағдыларын меңгеру;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: деректі және дерексіз зат, көптік мәнді есімдерді ажырата білу, жазбаша, заттың сипатын, көлемін, салмағын, аумағын білдіретін сын есімдерді ажырата білу, реттік сан есімдер мен жинақтық сан есімдерді қолдана білу, өздік, болымсыздық, белгісіздік, жалпылау есімдіктерін орынды қолдану, етістіктің шақтарының (нақ осы шақ, ауыспалы осы шақ, жедел өткен шақ, ауыспалы келер шақ) қызметін білу, сын-қимыл (бейне) және мөлшер үстеулерді орынды қолдану, талғаулықты немесе кезектестік мәнді білдіретін және себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу;

6) сөйлем:

жазба жұмыстарында сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін сақтай отырып жай сөйлем құрастыру. мәтіннің ақпараттылық, оның көркемдік, тілдік ерекшеліктері негізінен өлкетану сипаттамаларын талдау.

7-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

-мәтін үзінділері арқылы оқиғаның дамуын болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың өзектілігін анықтау, әлеуметтік-мәдени тақырыптарға байланысты қажетті сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну, повестердің және лирикалық поэзиялық шығармалардың тақырыбы мен идеясын талдау, сөйлеушінің дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтау, өз пікірін өзгелердің пікірімен салыстыра отырып жауап беру;

- өңірде шығатын газет-журналдарды білу;

- энциклопедия ұғымын түсіну, өлкетанудың бағыттарын анықтау;

2) айтылым:

- мақал-мәтелдер, терминдер мен неологизмдерді орынды қолдану, мәтін мазмұнын дамыту, кеңес беру, ұсыныс жасау, өтініш, талап, ету, бұйрық берудің түрлі формалары мен жағдаяттарына сай ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, екпін түрлерін сөз және сөйлем ішінде орынды қолданып айту, шығармадағы кейіпкерлерге автор берген мінездеменің тілдік құралдарын талдау, коммуникативтік жағдаяттың талаптарына сай «сөйлеуші

→тыңдаушы» позицияларын еркін ауыстыру, кесте, диаграмма, шартты белгілер, суреттер мен сызбаларда берілген ақпаратты сипаттау;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді ақпараттылығы, мазмұнының тереңдігі, эмоционалдық әсері тұрғысынан талдау;

өлкетанудың бағыттары бойынша электрондық энциклопедия құрастырудың ұжымдық жұмысына қатысу;

3) оқылым:

кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде берілген ақпаратты түсіну, ресми-іскерлік (өтініш, нұсқаулық, ресми құттықтаулар, ұсыныстар) салаға қатысты мәтіндердің тілдік ерекшелігін талдау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образын талдау, мәтіндердің идеясын, мақсатты аудиториясын салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді кесте, диаграмма, сызба, шартты белгілер түрінде ұсыну, мәтінде көтерілген мәселеге өз ойын дәлелдеп жеткізу;

туған өлке туралы, шындық көзқарас тұрғысынан адамдар туралы мақалалар мен очерктерді оқу;

Энциклопедияға қажетті материалдарды іріктей білу;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, өтініш, түйіндеме, ресми құттықтаулар жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, көтерілген мәселе бойынша келісу-келіспеу себептерін айқын көрсетіп жазу, жазба жұмыстарында теңеу мен метафораны қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, презентация түрінде ұсыну, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (күрделі сөздер), оқшау сөздерге қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: мәтіндерден көмекші есімдерді ажырата білу, салыстырмалы, күшейтпелі, асырмалы шырайлардың қызметін білу, топтау сан есімдерін, одағай түрлерін орынды қолдану, етістіктің шақтары (бұрынғы және ауыспалы өткен шақ, мақсатты және болжалды келер шақ) мен қалау райдың қызметін білу, мақсат және себеп-салдар үстеулерді орынды қолдану, септеулік шылаулардың қызметін білу;

сөйлем: жазба жұмыстарында ыңғайлас, қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

8-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

мәтін тақырыбы, тірек сөздер, иллюстрациялар арқылы көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, детальді ақпараттарды анықтау, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты күрделі сөздер мен тұрақты тіркестердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, драмалық және поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, тақырыбы мен идеясын талдау, тірек

сөздер, автор көзқарасы мен көңіл күйі арқылы негізгі ойды анықтау, деректер келтіре отырып, дәлелді жауап беру;

2) айтылым:

тұрақты тіркестер мен көркемдегіш құралдарды қолданып, ауызша мәтіндер құрау, көңіл-күйді білдіруде ұлттық сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын қолдана білу, сөз ішіндегі және сөз аралығындағы ілгерінді, кейінді және тоғыспалы ықпал заңдылықтарын ескеріп айту, идеялық жағынан ұқсас мәтіндердегі оқиғалар желісін салыстыру және талдау, тақырып бойынша өз пікірлерін сенімді дәлелдеу және қойылған сұрақтарға еркін жауап беру, кесте, диаграмма, нұсқаулық шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпаратты талдау, баға беру;

3) оқылым:

перифраз түрінде берілген сұрақ арқылы қажетті ақпаратты анықтау, публицистикалық стильдің (мақала, интервью, қысқа очерк, жолдаулар) тілдік ерекшеліктері арқылы мәтіндердің жанрын анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардың композициялық құрылымын анықтау, кейіпкердің іс-әрекетіне немесе лирикалық кейіпкердің образына баға беру, мәтіндердің түрлерін, тілдік ерекшеліктерін салыстырып талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді қолданып, мәтінге өзгеріс енгізу, тақырып бойынша бірнеше мәтінде көтерілген мәселелерді салыстырып, баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, пікір, интервью жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, берілген мәселенің оңтайлы шешілу жолдарын ұсыну, жазба жұмыстарында символ мен кейіптеу түрлерін қолданып жазу, тақырып бойынша мәліметтерді жинақтап, эссе жазуда тиімді қолдану, тақырып бойынша сөздердің маңызды бөліктерін дұрыс жазу (жеке сөздер, бірге, бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздер), сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: болжалдық және бөлшектік сан есімдерді орынды қолдану, еліктеу сөздерді орынды қолдану, етістіктің шартты рай және бұйрық рай қызметін білу, күшейткіш үстеулерді орынды қолдану, демеулік шылаулардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарында орынды қолдану;

сөйлем: жазба жұмыстарында себеп-салдар, талғаулы, кезектес салалас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

9-сыныпқа арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

1) тыңдалым:

тыңдалатын мәтіндегі фразалар мен дәйексөздерді талқылай отырып, тақырып пен көтерілетін мәселені болжау, мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, ақпараттың шынайылығы мен нақтылығын анықтау, әлеуметтік-қоғамдық тақырыптар аясында айтылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, орта көлемді прозалық, поэзиялық шығармалардан үзінді тыңдау, көтерілген (тұрмыстық, әлеуметтік, қоғамдық) мәселені анықтап, өз пікірін білдіру,

мәтіннің мақсатты аудиториясын, автордың негізгі ойы мен көзқарасын анықтау, көтерілген мәселеге сыни көзқарасын білдіру;

2) айтылым:

мақсатты аудиторияға арналған ауызша мәтіндер құрау, коммуникативтік жағдаяттарға байланысты сөйлеу этикеті формаларын дұрыс тандай білу, сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп, өз ойын жеткізу, шығарманың идеясы мен мазмұнына байланысты «автордың ойын» бағалау, тақырып бойынша қажетті аргументтерді орынды қолдану, диалогте, полилогте сенімді сөйлеу, кесте, диаграмма, шартты белгілер мен сызбаларда берілген ақпараттарды өзара салыстырып бағалау;

3) оқылым:

мәтіндегі ақпараттың өзектілігін анықтау, қорытынды жасау, ғылыми стильде (аннотация, пікір, тезис, мақала, баяндама, презентация) жазылған еңбектердің тілдік және жанрлық ерекшелігін анықтау, прозалық және поэзиялық шығармалардағы автордың ойы мен көтерілген мәселені анықтап, оқырманға әсерін бағалау, мәтіндердің стилін, жанрлық ерекшеліктерін талдау, қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерден қорытынды жасау, өз көзқарасын білдіру, мәтінде көтерілген мәселені ғаламдық мәселелермен байланыстыра отырып сыни тұрғыда баға беру;

4) жазылым:

мәтіндердің жанрлық және стильдік ерекшелігін сақтап, шағын мақала, аннотация, шолу, нұсқаулық жазу, эссе құрылымы мен дамуын сақтап, өз ойын дәлелдеп жазу, жазба жұмыстарында афоризмдерді тиімді қолданып жазу, түрлі стильдегі мәтіндер құрауда мәліметтерді жинақтап, дереккөздеріне сілтеме көрсетіп жазу, тақырып бойынша бас әріппен жазылатын күрделі, құрама атауларды дұрыс жазу, сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерді орынды қолдану;

5) тілдік бағдар:

сөз таптары: өздік, өзгелік, ортақ және ырықсыз етістің қызметін білу, мекен және мезгіл үстеулерді орынды қолдану, ыңғайластық қатынасты білдіретін және қарсылықтықатынасты білдіретін жалғаулықтардың қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда орынды қолдану;

сөйлем: жазба жұмыстарында (шартты, қарсылықты, мезгіл, себеп, қимыл-сын, мақсат бағыныңқы) сабақтас құрмалас сөйлемдерді құрастыру.

Жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған білім мазмұны

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып жалпы орта білімнің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар

Жалпы орта білім беру білім берудің барлық деңгейлеріне ортақ болып табылатын және білім алушы тұлғасының мінез-құлқы мен қызметін ынталандыратын өмірлік тұрақты бағдарлары болуға арналған білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған.

Жалпы орта білім беру мазмұнында базалық құндылықтар ретінде:

- 1) қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу айқындалған.

Білім берудегі құндылықтарды дарыту негізінде білім алушылардың бойында:

- 1) Қазақстан мүдделеріне қызмет етуге дайындығын;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясының нормалары мен заңдарын құрметтеуді және сақтауды;
- 3) әлеуметтік жауапкершілікті және шешім қабылдау білігін;
- 4) мемлекеттік тілді меңгеруге ынталануды;
- 5) Қазақстан халқының мәдениеті мен дәстүрлерін, әлемнің мәдениеттілік алуан түрлілігін құрметтеуді;
- 6) рухани келісім және толеранттылық идеяларына бейімділікті;
- 7) қоршаған ортаға және экологиялық тепе-теңдікті сақтауға оң қарым-қатынасының болуын;
- 8) шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды;
- 9) коммуникативтік және ақпараттық-коммуникациялық құралдар мен технологияларды тиімді қолдана білуді;
- 10) өмір бойы білім алуға және өзін-өзі жетілдіруге ынталануды дамыту қажет.

Жалпы орта білім берудің мақсаты: кең ауқымды дағдыларды дамыту негізінде білім алушылардың жоғары оқу орындарында білімін жалғастыруы және кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін академиялық дайындығын қамтамасыз етуге қолайлы білім беру кеңістігін жасау болып табылады:

- 1) білімді функционалдықпен және шығармашылықпен қолдану;
- 2) сын тұрғысынан ойлау;
- 3) зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;
- 5) коммуникацияның түрлі тәсілдерін қолдану;
- 6) топта және жеке жұмыс жасау білігі;
- 7) мәселелерді шешуі және шешім қабылдау.

Жалпы орта білім беру деңгейінің нәтижесі ретіндегі кең ауқымды дағдылар білім алушыларға ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды өзіне үйлесімді үйлестіруге, кез келген өмірлік жағдайларда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсетуге, сондай-ақ оқу және қолданбалы тапсырмаларды шешуге мүмкіндік береді.

Жалпы орта білім берудің базалық мазмұны үштілді білім беру саясаты шеңберінде іске асырылады. Үштілді білім берудің мақсаты кемінде үш тілді меңгерген, қызметтің әртүрлі саласында үш тілде диалог жүргізе алатын, өз халқының мәдениетін бағалайтын, басқа халықтардың мәдениетін түсінетін

және құрметтейтін көптілді тұлға – Қазақстанның азаматын қалыптастыруға негізделеді.

Пән мазмұны түрлі салалар мен қарым-қатынас жасау барысында тілді еркін меңгеруін қамтамасыз ету үшін коммуникативтік дағдыларын дамытуға; сыни ойлауы мен ауызекі сөйлеуін дамытуға; ақпаратты іздей алу біліктілігін дамытуды жүзеге асыруға; қажетті ақпаратты алу, өңдей алуға бағытталады. Тілді оқу процесінде алған білімін өмірдің түрлі жағдайында қолдана білу және ақпаратты бағалау, жинақтау, талдау, салыстыру сияқты ойлаудың жоғары деңгейіндегі дағдылары қалыптасады.

Пәннің мазмұны образдық және талдамалық ойлауды дамытуға, шығармашылық қиялдауға, оқырман мәдениеті және автор ұстанымын түсінуге; білім алушылардың ауызша, жазбаша сөйлесімін дамытуға; әдебиет теориясының түсініктерін және негізгі тарихи-әдеби мәліметтерді, көркем шығарма мәтінінің мазмұны мен түрін бірлікте түсінуге бағытталады. Әдебиет тарихына қажетті мәліметтерді және әдебиеттану түсініктерін қатыстыра отырып пәнді оқыту процесі барысында көркем шығармаға терең талдау жасау.

Оқу пәндерін оқыту сөздік қорын байыту мен қолданылатын грамматикалық құралдардың аумағын кеңейтуді, стилистикалық ресурстарды, сөйлеу этикеті мен әдеби тілдің негізгі талаптарын, тілдің қызметі мен қолданылуын түрлі қарым-қатынас аялары мен жағдайларында білім спектрін кеңейтуді қарастырады. Білім алушылардың тілді оқу процесінде алынған дағдыларды тиімді пайдалану тілдік бірліктер талаптарына, қарым-қатынас жағдайына сәйкестігі деңгейін бағалау.

Тұлғаны рухани жағынан тәрбиелеуді дамыту, гуманистік дүниетанымын, азаматтық сана-сезімін, патриоттық сезімін, әдебиетке және отандық құндылықтарға, отандық және әлемдік мәдениетке деген сүйіспеншілігі мен сыйласымдылығын қалыптастыру пән мазмұнының маңызды бөлігі болып саналады;

Пәннің мазмұны қазақ тілі шартты түрде мемлекеттік тіл мәртебесінде қолданылады және орыс тілі мәртебесі ресми тіл және мемлекеттік тілмен бірдей қолданылатын ұлтаралық қарым-қатынас тілі мақсатын көздейді.

Аталған оқу пәндерін оқыту тілді оқу іс-әрекетінде және күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік жасауды, білім алушылардың Қазақстан халықтарының мәдениетімен араласуы олардың ұлтаралық қарым-қатынасқа дайын болуын қамтамасыз етеді.

Оқу мазмұнының негізі тәжірибе мен қызығушылыққа сәйкес қарым-қатынастың кез келген саласы мен жағдайындағы сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін және ауызша, жазбаша сөйлеу мәдениетінің негіздерін, тілді қолдануда білік пен дағдыны меңгеруге бағытталған.

Тіл мен әдебиетті оқыту процесінде білім алушылар тіл туралы тілдің таңбалық жүйесі және қоғамның құбылысы ретінде, оның құрылысы, дамуы мен қызметі туралы білім алады.

Тіл мен әдебиетті оқыту әдеби тіл нормаларын меңгеру деңгейін жетілдіре түсуге, білім алушылардың сөздік қорын молайтуға және сөйлеу тілінің

грамматикалық құрылымын байытуға, тілдік құбылыстар мен фактілерді және әдеби шығармаларды талдау және оларға баға беру қабілеттерін дамытуға бағытталған;

Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

Білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылардың дайындық деңгейі жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытудың міндетті оқу пәндері мен бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

Білім алушылардың дайындық деңгейі үш аспект бойынша бағаланады:

- 1) тұлғалық нәтижелер;
 - 2) жүйелік-әрекеттік нәтижелер;
 - 3) пәндік нәтижелер.
- Тұлғалық нәтижелер:

1) Қазақстан Республикасы Конституциясына, тәртіп сақтау ережелері мен заңдарына құрмет көрсетуінен;

2) белсенді азаматтық ұстанымын, жоғары патриоттық сезімін көрсете білуінен, өз Отанына қызмет етуге және оның мүддесін қорғауға дайын болуынан;

3) мемлекеттік тілді және өз ана тілін білуінен, қазақ халқының және Қазақстан аумағында өмір сүріп жатқан басқа да ұлыстардың тарихына, мәдениетіне, салт-дәстүріне және басқа құндылықтарына құрметпен қарауынан;

4) өз елінің, туған өлкесінің табиғатын сақтауға және көркейтуге ұмтылуынан, қоршаған ортаны қорғауда белсенділік танытуынан;

5) салауатты өмір салтын ұстануынан, өз қауіпсіздігі мен айналасындағы адамдарды қауіпсіздігін сақтауға үйренуінен;

6) адамдармен қарым-қатынаста жоғары мәдениеттілік танытуынан, этикалық нормаларды сақтай білуінен;

7) өздігінен білім алуға, өмірден өз орнын табуға және жасампаз еңбекке қабілеттілігінен;

8) үлкендерге құрметпен, кішілерге қамқорлықпен қарап, айналасына мейірімді, кішіпейілді бола білуінен;

9) әлеуметтік ортаның ерекшеліктерін дұрыс бағалай алуынан, қоғамға жат құбылыстарға, идеологиялық, құқыққа қайшы келетін және діни сипаттағы деструктивті әрекетке қарсы тұра білуінен көрініс табады.

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің оқу мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту негізінде білім алушылардың тілдік дағдыларын жетілдіру, тіл нормаларын сақтап, еркін сөйлеу және сауатты жазу дағдыларын дамыту, мемлекеттік тілге құрметпен қарауын қалыптастыру.

2. «Қазақ тілі мен әдебиеті» оқу пәнінің негізгі міндеттері:

7) білім алушының мемлекеттік тілге деген құрмет сезімін қазақ халқының мәдениетімен танысу арқылы тәрбиелеу;

8) адамзаттық ойдағыдай кірігу үшін қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде

оқыту;

9) қазақ тілі мен әдебиеті пәніне құндылық ретінде қарауды қалыптастыру;

10) коммуникативтік оқыту негізінде барлық сөйлеу әрекетінің түрлерін әлеуметтік ортада қолдану дағдыларын дамыту;

11) қазақ әдебиетінің стилистикалық және жанрлық ерекшеліктерін тану негізінде шығармашылық тұрғыда жұмыс істеу, сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

12) көпмәдени ортада лингвистикалық қажеттілікті іске асыруға дайын жеке тұлғаны тәрбиелеу;

13) білім деңгейі жоғары, ой-өрісі дамыған тұлғаны қалыптастыру.

4. Жалпы орта білім беру деңгейіндегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша білім алушылардың білім, білік және дағдыға қойылатын талаптары CEFR -Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреті деңгейлерін (B2-C1) негізге ала отырып айқындалған.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәні бойынша оқу жүктемесінің жоғары шекті көлемі:

1) 10-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты;

2) 11-сынып – аптасына 5 сағат, оқу жылында 170 сағатты құрайды.

Оқыту мақсаттары арқылы мұғалімдер сөйлеу қызметінің төрт дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) қалыптастырады, сонымен қатар, оқушылардың жетістігін бағалайды және оқытудың келесі кезеңі туралы ақпарат береді.

Оқыту пәнінің мазмұнын 5 бөлім құрайды:

1) тыңдалым;

2) айтылым;

3) оқылым;

4) жазылым;

5) тілдік бағдар.

«Тыңдалым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) болжау;

2) назарын шоғырландырып тыңдау;

3) сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын түсіну;

4) көркем шығармаларды тыңдау;

5) негізгі ойды анықтау;

6) тыңдалым материалдары бойынша жауап беру.

«Оқылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) мәтіндегі ақпаратты анықтау;

2) стильдік ерекшеліктерді анықтау;

3) көркем шығармаларды оқу;

4) мәтіндерге салыстырмалы талдау жасау;

5) қосымша ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді оқу;

6) өзіндік көзқарасын білдіру және бағалау.

«Жазылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

1) әртүрлі стильде мәтіндер құрастыру;

- 2) эссе жазу;
- 3) шығармашылық жазба жұмысы;
- 4) мәліметтерді жинақтау;
- 5) жинақы мәтін құрастыру;
- 6) орфография және пунктуация.

«Айтылым» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөздік қорының алуандығы;
- 2) сөз мәнері мен сөйлеу этикеті;
- 3) орфоэпиялық нормаларды сақтау;
- 4) мәтіннің негізгі аспектілерін анықтау және талқылау;
- 5) сенімді және еркін жауап беру;
- 6) визуалды материалдар арқылы тілді дамыту.

«Тілдік бағдар» бөлімі келесі бөлімшелерден тұрады:

- 1) сөз таптары;
- 2) сөйлем.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің 10-сыныптағы білім мазмұны:

1) тыңдалым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тыңдалған мәтіндегі негізгі ақпараттарды түртіп жазу, оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында қолданылған сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, драмалық, прозалық, поэзиялық шығарманы тыңдау, мәтіннен автордың көзқарасын (негізгі ойын) негіздейтін аргументтерді талдай отырып, астарлы ойды анықтау, көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз көзқарасын аргументтер негізінде дәлелдеу;

2) айтылым: ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндерден күрделі сөздердің жасалу жолын анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық мәтіндерге сүйеніп, монолог және диалог құрау, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушыға әсер ету, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, мәтіндегі абзацтардың, бөлімдердің орналасу тәртібін, ақпараттың тақырыппен байланысын анықтау, пікірталастың «пікірталас-монолог», «пікірталас-диалог», «пікірталас-полилог» түрлерінде сенімді және еркін сөйлеу, әртүрлі графиктік мәтіндердегі (иллюстрация, фотосурет, сызба, шартты белгі) ақпараттарды салыстыру, негізгі идеясын түсіндіру;

3) оқылым: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды анықтай отырып, факт мен көзқарасты ажырату, мәтін идеясымен байланысын анықтау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені талдау және кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау, ғылыми-көпшілік және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, эссе, тезис, интервью, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (жанры, құрылымы, тілдік құралдары, мақсатты аудиториясы) талдау жасау, мәтін тақырыбына

байланысты қосымша материалдарды энциклопедиялардан тауып, ортақ қорытындылар жасау, мәтін мазмұнындағы деректі ақпаратты толық анықтап, негізгі ойға өз көзқарасын білдіру және оны бағалау;

4) жазылым: публицистикалық стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, баспасөз парағы, тезис, интервью жазу, қажетті клишелер мен лексикалық құрылымдарды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе), шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу, тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтап ұсыну, ғылыми-көпшілік және көркем мәтіндердегі негізгі ұғымдарды анықтай отырып, жинақы мәтін құрастыру, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу, сөйлем деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

5) тілдік бағдар: сөз таптары, тәуелдік жалғауды (оңаша және ортақ тәуелдеу) және көптік мәнді есімдер мен көптік жалғауларды ажырата танып дұрыс қолдану, сын есімнің жасалу жолдарын білу, сан есімнің жасалу жолдарын білу, есімдіктердің жасалу жолдарын білу, мәтін құрауда есімше сөздерді стильдік қызметіне сай орынды қолдану, үстеудің жасалу жолы мен сөйлемдегі қызметін білу, шылаулардың сөйлемдегі қызметін білу, мәтін құрауда орынды қолдану, сөздердің байланысу түрлері мен тәсілдерін орынды қолдану, құрмалас сөйлемдердің (аралас) жасалу жолдарын білу.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің ІІ-сыныптағы білім мазмұны:

1) тыңдалым: мәтін үзінділері бойынша болжам жасау, тиісті ақпаратты анықтай білу, тыңдалған мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды түртіп жазу және ақпараттарды жүйелеу, оқу-кәсіби, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-мәдени тақырыптар аясында және мамандандырылған тар аядағы арнайы мәтіндердегі сөздер мен термин сөздердің мағынасын түсіну, көркем шығарманы тыңдау, басқа өнер туындыларымен (кино, театр, музыка, би, сурет-мүсін өнері, сәулет) салыстырып, тақырып ортақтығына сипаттама жасау, мәтін бойынша автор позициясын және көтерілген мәселеге қарым-қатынасын, тыңдаушыға ықпал ету тәсілін талдай отырып, негізгі ойды анықтау, көтерілген мәселе бойынша әртүрлі дереккөздерден алынған мәтіндерді тыңдау және салыстыру, өз ойын логикалық дұрыс, аргументті және айқын жеткізу;

2) айтылым: ғылыми және кәсіби мәтіндердегі күрделі сөздер мен терминдердің жасалу жолын анықтау, ауызша мәтін құрауда орынды қолдану, ғылыми және кәсіби мәтіндерге сүйеніп, монолог пен диалогті үйлестіре қолдану, сөз әдебі мен сөйлеу этикеті формаларын орынды қолданып, тыңдаушылармен қарым-қатынас орнату, сөйлеу ағымындағы интонацияның құрамдас бөліктері: әуен, әуез, тембр, қарқын, кідірісті сөйлеу мәнеріне сай қолдану, кәсіби бағыттағы түпнұсқа мәтіндерден қажетті ақпаратты (деректерді, сипаттамаларды, сандық көрсеткіштерді, сілтемелерді) анықтау, олардың қолданылу мақсатын талдау, көпшілік алдында сөз сөйлеуде маңызды орын алатын тілдік (вербалдық) және бейвербалдық элементтерді қолданып, сенімді

және еркін сөйлеу, әртүрлі графиктік мәтіндердегі (кесте, диаграмма, сызба, шартты белгі) мәліметтерді салыстырып талдау, негізгі үрдістерді анықтау;

3) оқылым: мәтіннен детальді ақпараттарды, факті мен көзқарасты, астарлы ойды анықтау, ақпараттың оқырманға әсерін және автор позициясын талқылау, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндердің (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) құрылымы мен рәсімделуін білу, жанрлық және тілдік ерекшеліктерін талдау, әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселеге баға беру және әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыру, ғылыми және публицистикалық стильдегі мәтіндер (мақала, аннотация, үндеу, очерк, дәріс, баспасөз парағы) бойынша салыстырмалы (құрылымы, қызметі, мақсатты аудиториясы, оқырманға әсері) талдау жасау, қосымша ғылыми-анықтамалық ақпарат көздерінен алынған материалдар негізінде мәтін мазмұнына сыни тұрғыдан талдау жасау, мәтінді негізгі мәселеге баға бере отырып, өзіндік көзқарасын жүйелі, дәлелді жеткізу;

4) жазылым: ғылыми стильдің жанрлық және стильдік ерекшеліктеріне сай тілдік құралдарды орынды қолданып, мақала, аннотация, баспасөз парағы, тезис, үндеу жазу, қажетті ақпараттарды орынды қолданып, көтерілген мәселе бойынша өз ойын дәлелдеп эссе жазу («келісу, келіспеу» эссесі, дискуссивті эссе, аргументативті эссе), шығармашылық жазба жұмыстарында көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарын тиімді қолданып жазу, тақырып бойынша мәтінге жоспар құрып, әр тармақшаға қажетті негізгі және қосымша мәліметтерді жинақтау, дереккөздерге сілтеме көрсетіп таныстыру (тірек-схема, менталды карта, презентация), кәсіби және публицистикалық бағыттағы мәтіндердегі басты лексикалық бірліктерді нақтылап, мәтіннің ақпараттық-маңызды фрагменттерін анықтап, (компрессия) жинақы мәтін құрастыру, мәнмәтін бойынша тілдік бірліктерді орфографиялық нормаға сай жазу; мәтін деңгейінде тыныс белгілерін қолдана білу;

5) тілдік бағдар: сөз таптары, ғылыми және кәсіби мәтіндер құрауда грамматикалық омонимдерді ажырата танып, ауызша және жазбаша дұрыс қолдану, сын есім сөздердің синонимдік қатарын стильдік ерекшеліктеріне сәйкес қолдану, мәтін құрауда сан есімнің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, есімдіктердің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай қолдану, мәтіндерден көсемше оралымды сөйлемдерді анықтап, оларды ауызша және жазбаша мәтіндер құрауда орынды қолдану, үстеудің мағыналық түрлерін стильдік ерекшеліктеріне сай орынды қолдану, мәтін құрауда шылаудың мағыналық түрлерін стильдік қызметіне сай орынды қолдану, сөйлем, оқшау сөздердің қызметін білу, айқындауыш мүшелер (қосалқы, қосарлы, оңашаланған) жасалу жолдарын білу, жазба жұмыстарында орынды қолдану.

Міндетті оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер жалпы орта білім берудің базалық мазмұнын анықтау үшін негіз болып табылады.

Әр бағыттағы бейіндік оқу пәндері бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер тиісінше оқытудың стандарттық және тереңдетілген деңгейлері

бойынша көрсетілген және олар оқыту бейінінің ерекшелігін ескеріп оқу пәндерінің мазмұнын анықтауға негіз болады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптар үшін)

1) тыңдалым: білім алушы қарым-қатынастың әртүрлі аяларындағы мәтіндердің мазмұнын, коммуникативтік ниетін, сонымен қатар, сөйлеушінің әлеуметтік және эмоционалды-экспрессивті сөйлесім ерекшеліктерін толық түсінеді; ақпаратты сыни тұрғыдан түсіну деңгейінде қабылдайды; тыңдалған мәтінді айқындылығы мен бейнелілігі жағынан бағалайды;

2) айтылым: дәлелді монологтік немесе диалогтік сөз дайындай отырып, коммуникативтік мақсатқа сәйкес түрлі тіл құралдарын тиімді қолданады; көркем шығармалардың тақырыбы бойынша пайымдайды, шығарма кейіпкерлеріне және олардың әрекеттеріне деген өзінің қатынасын білдіреді; әртүрлі айтылған сөздерді сыни тұрғыдан бағалайды; тіл нормаларын, сөйлеу тәртібі мен әдеп нормаларын сақтайды; проблеманың себептері мен салдарларын болжайды; мәселелерді шешу жолдарын ұсына отырып, қоғамның әлеуметтік-экономикалық, адамгершілік-рухани, патриоттық, тарихи-мәдени дамуымен байланысты идеяларды жинақтайды;

3) оқылым: жасырын мағынасын таба отырып, тұтас және тұтас емес мәтіндердің мазмұнын толық түсінеді; мәнмәтіннен таныс емес сөздердің мәнін анықтайды; оқытылатын тақырыптар шеңберінде академиялық мәтіндердің ерекшеліктерін айқындайды; түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды іріктейді; көркем шығармаларда және фольклорда қазақтың және өзге де ұлттардың өнегелік идеалы туралы түсінігін талдай отырып, әдебиет туындыларын өнердің басқа түрлеріндегі бейнесімен салыстырады; қойылған міндеттерге байланысты оқылымның әртүрлі стратегияларын қолданады;

4) жазылым: тақырып, мақсат, мәселелер және тілдесу жағдаятына сәйкес орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтай отырып, түрлі типтегі және стильдегі мәтіндерді құрастырады; алынған ақпаратты зерттеу және жинақтау негізінде түрлі тақырыпта тұтас немесе тұтас емес мәтіндер құрайды; мәтіндерге әртүрлі жоспарлар құрастырады; мәдениет пен тілдің көпқырлылығы, патриотизм және тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы мәселелерін қарастыра отырып, көркем әдебиет шығармалары бойынша шығармашылық жұмыстар жазады; ойы мен сезімін анағұрлым дәлме-дәл жеткізу үшін көркемдеу құралдарын – троптар мен стилистикалық тәсілдерді қолданады.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» (Т2) пәнін оқыту жүйесін жетілдіру

«Қазақ тілі мен әдебиетін» оқытудың мақсаты «Жаңартылған оқу бағдарламасында» жете қамтылады. Оның негізгі құндылығы пәннің коммуникативтік тәсілге негізделіп берілуі. Демек, «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін оқыту әдістемесі бойынша мұғалімдерге коммуникативтік тәсілді, атап айтқанда, сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым дағдыларын қалыптастырудың жолдары туралы (тыңдалым мен оқылым,

айтылым, жазылымға дейінгі, кейінгі жұмыс түрлерін орындау), оның қатарында, қолдау көрсету мақсатында, тілді оқыту дағдыларымен қоса лингвистиканың салалары болып табылатын фонетика, лексикология, морфология, синтаксисті астастыра қолданыстық дәрежеде игертудің әдіс-тәсілдерін ұсыну қажет. Яғни, оқушыға кез келген ақпаратты тыңдап, оқып түсіну және ауызша, жазбаша алған ақпараты бойынша жауап беру, талқылауға қатысу арқылы қарым-қатынасқа түсе білуді игерту оқытушы тарапынан мақсат етіп қойылады.

Осы орайда тілді меңгертуге өнімді қызмет ететін тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым оқу дағдылары қызмет етеді. Ал әдеби тілдік норма (көпшілік іздейтін фонетика, грамматика, синтаксис) оқушыға ұсынылған лексикалық тақырып аясындағы мәтінмен астастырыла үйретіледі. Демек, бұрынғы қолданыста болған оқу бағдарламасындағыдай фонетика, грамматика, синтаксис жалаң меңгертілмейді. Мысалы, 6-сынып оқушыларына қазіргі қолданыстағы оқу бағдарламасында «Астана – мәдениет пен өнер ордасы» атты бөлім бойынша ұйымдастырылатын сабақтың бірінде «Астананың көрікті жерлеріне саяхат» сабағын ұйымдастырып, осы лексикалық тақырып аясында етістіктің нақ осы шағын (*«6.5.1.5 етістіктің шақтарының (нақ осы шақ) қызметін білу, ауызша және жазба жұмыстарда қолдану» оқу мақсатын таңдай отырып*) қоса игертуге болады. Мәселен, оқушыларға мұғалім астана қонағының Бәйтерек монументінде тұрып жолдаған бейнежазбасын тыңдауға ұсынады. Оқушылар кейін тыңдаған мәтіннен нақ осы шақта тұрған етістіктерді тауып, теориялық білімдерін бекітеді. Ал одан әрі ұсынылатын жағдаяттық тапсырма орындау кезінде өздері оқып, танысқан грамматикалық білімдерін қолдана білуге үйренеді.

Сонымен қатар аталған ұсыныстар қатарында оқу бағдарламасында атап көрсетілген «Лексика-грамматикалық минимумды» игертудің жолдарын нақты көрсетіп, әдіскер мамандар тарапынан мұғалімдерге оқу мақсаттарын, бөлім тақырыптарын жоспарлау (күнтізбелік-тақырыптық жоспар), сабақ жоспарының құрастырылу алгоритмін түсіндіру шараларын ұйымдастыру қажет.

Жоғарыда аталған нақты түсіндіру және әдістемелік көмек көрсету жұмыстарының нәтижесінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнін жоғарғы дәрежеде оқыту қолжетімді болады.

Оқыту қазақ тілінде емес мектептердің қазақ тілі бойынша әр оқу жылынан кейін тілді меңгеру деңгейіне қойылатын талаптар анықталатын болады.

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қалыптастыру-заман талабы. Тіл-халықтың жаны, ұлтымыздың құжаты. Тіл құрыса, халық та жер бетінен жоғалады. Орыс сыныптарында оқылатын қазақ тілі пәнінің көздейтін негізгі мақсаты – оқушыларды белгілі дәрежеде қазақша сөйлеуге, өз ойын басқаға жеткізе алатын бірудің сөйлеген сөзін, жазғанын түсіне алатын дәрежеге жеткізу. ХХІ ғасыр табалдырығын еркін аттаған азат ұрпаққа тәлім-тәрбие және білім беруді жетілдірудің басым бағыттарын

айқындау педагогика тәжірибесінің көкейкесті мәселелерінің бірі болып отырғаны анық.

Қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Қазақстан Республикасында өмір сүріп жатқан әрбір өскелең ұрпақтың ертеңгі күні үлкен өмірге араласқанда оның қоғамдағы қызметіне көмегін тигізетін, жұмысында күнделікті өмірінде қажетіне жарайтындай білім бере алатын маңызды пәндердің бірі. Қазақ тілі – құрылымы мен жүйесі дамыған, сөз байлығы аса мол, ұлттық тілде деңгейіне көтерілген қазақ халқының ұлттық тілі,

Республикада мемлекеттік қазақ тіліне мемлекеттік тіл ретінде конституциялық мәртебе беріліп отыр. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері қазақ тілін оқыту, оның әдістемесін жетілдіру мәселесі күн тәртібінен түспей келеді. Еліміздің осындай мақсат-ұстанымдарына қарай «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды. Мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты – Қазақстанда тұратын барлық этностардың тілін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде саналатын мемлекеттік тілді балабақша, мектеп, жоғары оқу орындарында, мемлекеттік қызмет пен қоғамдық- саяси, әлеуметтік кәсіпкерлік саласында батыл қолданысқа енгізіп, қазақстандықтардың өмірлік қажеттілігіне айналдыру болатын. Бұл бағдарламада «Қазақстанның барша азаматтарының мемлекеттік тілді меңгеру жүйесін құру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру көзделеді. Бұл жүйенің өзегінде үшқұрамды негіз бар - мемлекеттік тілді оқыту әдіснамасын жетілдіру, оқытудың инфрақұрылымын кеңейту және мемлекеттік тілді меңгеру процесін ынталандыру» делінген [1].

4. «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдістемелік жүйесі

«Қазақ тілі» бойынша

Бастауыш білім беру деңгейінде

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда мынадай педагогикалық тәсілдемелер мен технологияларды қолдануға болады:

оқытудың коммуникативтік (қарым-қатынастық) тәсілдемесі – әрекеттік тәсілдеме (сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша дамыту);

дамыта оқыту технологиясы (білім алушылар оқу әрекетінің жүйесін игереді, өзінің іс-әрекетін жоспарлауды және оны басқаруды үйренеді);

зерттеушілік тәсілдеме (білім алушылар «нені білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);

саралап оқыту технологиясы (білім алушыларды қабілетіне, мүмкіндігіне, ерекшелігіне қарай оқыту міндетін қою);

жүйелі-әрекеттік тәсілдеме (білім алушы білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруден, өз оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынудан, оның ережелер жүйесін түсіну мен қабылдаудан, жетілдіруге белсенді қатысудан тұрады).

Тілдің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық, орфографиялық құбылыстары мен фактілері өзара байланыста оқытылады және олар білім алушылардың сөйлеу практикасында қолдануға бағытталады.

Оқу мақсаты бір тоқсан ішінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша үйлестіріледі. Сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша оқу мақсаттарын біріктіре алады. Бір сабақта әртүрлі негізгі дағдылардың 2-3 оқу мақсатын біріктіруге болады. Білім

алушылардың оқу мақсатын меңгеру деңгейіне қарай мұғалім сағат санын өзі бөле алады.

Мұғалім жазбаша жұмыстарды өткізуде дескрипторлары бар критерийлер құрастырады. Жазбаша жұмыстардың дескрипторлары анық және нақты болуы тиіс. Олар тапсырманы орындаудың қай кезеңінде білім алушы қиындыққа және оларды түзетуге тап болды дегенді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл білім алушылар мен ата-аналарға конструктивті кері байланыс беруге мүмкіндік береді. Төменде критерийлермен жұмыс жасаудың үлгілері ұсыным сипатында берілген (3.2-кесте).

Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінде

Оқу пәні бойынша білім мазмұнын меңгеру нәтижелері келесі деңгейлерді қамтуы тиіс:

1. Қазақ тілін оқытуда білім мазмұнын меңгерту (әдістемелік жүйесі) пәнді оқытудың мақсаты, білім мазмұны, оқыту формалары, оқыту әдіс-тәсілдері, оқыту құралдары, оқыту нәтижесі бірлігінде: *білу; түсіну, білімді үлгі бойынша қолдану; білімді жаңа жағдайда қолдану; білімді шығармашылықпен қолдану* бойынша жүзеге асады.

2. Білім беру жүйесінде қазақ тілін меңгертуге құрылған білім мазмұны сатылай дамып отыратын коммуникативтік-функционалдық тұрғыдан

жүйеленген грамматикалық тақырыптар, сөйлеу типтері мен түрлері, сөз мәдениеті мен шешендік сөз негізінде түзіледі.

3. Білім мазмұнында оқушының өміріне етене жақын, күнделікті өмір жағдайларын басшылыққа ала отырып айқындалған тілдік, лексикалық, қатысымдық-сөйлесімдік және мәдениетаралық қарым-қатынас заңдылықтары ескеріліп отырады. Білім мазмұнын анықтауда оқу материалдарының оқушының ойлау, сөйлеу және еңбек ету мәдениетін өзара бірлікте қалыптастыру басты ұстаным ретінде жүзеге асырылады.

4. Оқыту формалары білім алушының логикалық ойлауын, тіл туралы саналы түсінігін қалыптастыратын, қатысымдық-мәдени дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік беретін, олардың түсінікті, таза, анық, дәйекті, жүйелі, бейнелі, шешен сөйлеуге мүдделілігін тудыратын өмірлік жағдаяттарға барабар дербестік, жұптық, топтық, ұжымдық тапсырмаларға лайықталып ұсынылады. Мұнда тілдік қатынастың ауызша және жазбаша түрлері сөйлесімнің типтеріне, сөйлеу актілеріне сәйкестендіріліп, коммуникацияның монологтік, диалогтік, полилогтік формаларында жүзеге асырылады. Ол білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай сараланып отырады.

5. Қазақ тілін меңгертуде ой қорыту, талдау, саралау, жинақтау, сонымен бірге қатысымдық әдістер басшылыққа алынады. Білім алушының коммуникативтік-әрекеттік әдіс арқылы тілді сауатты қолдануына түрткі болатын мотивтерді, игерілуге тиіс білім мазмұнын өз қабілеті мен дағдысына сай саналы меңгеруі оның қатысымдық мәдениетінің қалыптасуына әкеледі. Сондықтан тілді оқытуда интербелсенді әдістер мен инновациялық технологиялар қолданылады. Бұл орайда ұлттық тілдің өзіндік табиғатын ашуға, білімді саналы игертуге бағдарланған жаңа технологиялар: «мән бере оқыту», «сатылай кешенді оқыту» технологияларын қолдану маңызды.

6. Қазақ тілін оқыту нәтижелері бір-бірімен астасып жатқан екі бағыт, *танымдық және практикалық* бағыттар бойынша нақтыланады. Әр бағыттың көрсеткіштері өзінің ерекшеліктеріне қарай сараланып беріледі. Танымдық бағыт бойынша оқушы игеруі тиіс дүниетанымдық компоненттер жүйесі құралса, практикалық бағыт бойынша меңгертілетін білім нәтижелері сөйлесім әрекетінің бес түрі бойынша (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) айқындалады. Ең соңында осы білім біліктердің құзыреттіліктерге ұласуы білім мен дағды тоғысында нақтыланады.

Тілді қатысымдық тұрғыдан оқыту

Тілді қатысымдық тұрғыдан оқыту мәселесінде басты орын алатын оның теориялық жағымен қатар тілді оқытудың практикалық жағы. Тілдік әдістемеде мәселе оқытудан гөрі үйретумен тікелей байланысты. Яғни, белгілі бір тілді, мәселен, қазақ тілін меңгерту үшін, сол тілде сөйлесе білу үшін, оны оқыту аз, тілді жай ғана оқыту нәтиже бермейді. Сондықтан тілді оқытып қана қоймай, ең бастысы сол тілде сөйлеу мен жазуды үйрету керек.

Тілді үйрету мәселесі ең алдымен тілді игеруді іске асырумен,

практикалық тұрғыдан жетілдірумен байланысты. Тілді практикалық тұрғыда игеру оны оқытумен қатар үйрету де оқушылармен жұмыс жүргізудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін білуді қажет етеді. Мұндай әдіс-тәсілдер әсіресе қазақ тілін оқытуда айырықша рөл атқарады және өзіндік ерекшеліктерге ие болады.

Қазақ тілін оқытудың негізгі ерекшелігі сөйлеу іскерлігін, оның түрлерін, ауызша және жазбаша қалыптарын меңгерумен байланысты. Сөйлеу іскерлігі сөйлесімнің түрлерін оқытудың қай-қайсысы болсын сапалы әдіс пен жалпы әдістеме мәселесіне келіп тіреледі.

Оқытудың тиімді әдістерін қарастыrmас бұрын лингвистикалық тұрғыдан әдіс, тәсіл, амал, құрал деген сөздердің ара жігін ажыратып, айқындап алған жөн.

Көптеген әдебиеттерде әдіс әдістеме ғылымына тән бүтіндей жеке бағыт, сала ретінде танылған. Оның әдістемедегі аса қажетті де маңызды ұғым екендігіне ешкім де шүбә келтірмейді. Мәселе тек әдіс /метод/ деп кім нені белгілейді, қандай өлшемді таниды дегенде, бір жүйеге түскен ортақ көзқарас керек. Өйткені әдіс деген сөздің білдіретін нақтылы мәнін, мазмұнын айқындап алмаса, ол кейде тәсілмен /способ/, кейде амалмен /прием/ араласып, олар бірінің орнына бірі қолданыла береді. Мұның өзі бұл сөздердің әрқайсысына тән өзіндік белгілерді тануда қиындық туғызады және олардың бір-бірінен айырмашылығын анықтауға мүмкіндік бермейді.

Осыдан барып әдіс, тәсіл, амал сөздерінің ара жігі айқындалмағандықтан, олар бірінің орнына екіншісі жұмсалып, әр түрлі мәселелер өздеріне тиісті нақтылы атаулармен бірыңғай аталудың орнына, біресе әдіс деп, біресе тәсіл т.б. деп айтылып, түрленіп қолданылып келеді. Бұл әдістеме іліміндегі негізгі ұғымдар болғандықтан, олардың ғылымдағы негізгі мәні анық болғаны дұрыс, ол әдістеме іліміндегі түсініктердің қалыптасуына да әсер етеді.

Бұл сөздердің мағынасын нақтылап алу үшін, түсіндірме сөздіктегі олардың түсініктемесіне назар аударайық. Мысалы: әдіс – зат. Қоғам өмірі мен табиғат құбылыстарын зерттеудің, танып білудің методы, жолы. «Әдіс-тәсіл-зат. Әр түрлі амал, жол. Конференцияда еңбек жолына жаңа түскен жас мұғалімдерге сабақтың құрылысы, кластан, мектептен тыс жүргізілетін жұмыстардың әдіс-тәсілдері туралы нақты кеңестер берілді» [32]. «Амал ар. зат. Тәсіл, айла, жол, әдіс. Ер-тоқым, атымен, қарумен, Ер шеркешті әкелген амалым бар» /Абай/.

«Тәсіл – зат. Белгілі бір істі орындап шығу үшін қолданылатын әдіс, амал, айла. Зерттеу әдістерінің мұндай тәсілін кез келген жерде қолдана бермейді» [32]. «Метод – зат. Бір нәрсені зерттеу мен тексерудің әдісі, тәсілі, айласы. Метод дегеніміз объективтік дүниенің құбылыстарын білудің, зерттеудің әдісі /Марксистік филос». Орыс тілі методикасына қатысты еңбектерде де жоғарыда аталған ұғымдар бір-бірінен толық ажыратылмаған. Мәселен, Е.И.Пассов тілді оқыту проблемасына байланысты әдіс /метод/, амал /прием/, құрал /средство/ ұғымдарын былайша анықтайды:

«Метод есть система функционально взаимообусловленных частнометодических принципов, направленных на обучение какому-либо виду речевой деятельности. Итак, прием обучения есть интегративная единица обучающего воздействия, представляющая собой определенное сочетание

операционных и материальных средств и способов их использования при учете условий обучения и направленная на достижение какой-либо конкретной цели» [33].

Әдісті оқытудағы принциппен тікелей байланысты қарастыру бұл автордан басқа Л.П.Федоренконың көзқарастарынан да байқалады [29]].

Кейбір әдебиеттерде әдістің негізгі ерекшеліктері зерттеу объектісімен байланыстырылады. Мысалы: «Метод – это форма практического и теоретического освоения действительности, исходящего из закономерностей, присущих изучаемому объекту» [32].

Кей авторлар әдісті оқытудың мақсаты, мазмұны және принциптерінің бірлігіне қатысты анықтайды. «Методом называют принципиальное направление в обучении иностранным языкам, характеризующееся определенными целями, содержанием и принципами обучения». Методы указывают на деятельность, организуемую учителем и осуществляемую учащимся в обучении иностранному языку, они носят универсальный характер и могут быть представлены в любой системе, поскольку они отражают естественный ход учения» [37] – десе, қазіргі мектептердегі оқыту әдістерін қарастырушы АД. Климентенко әдісті оқытушының арнайы бір бағыттағы жұмысының жүйесімен қатысты деп есептейді: «В данной работе под методом понимается система целенаправленных действий учителя, организующих познавательную и практическую деятельность учащихся, обеспечивающих усвоения или содержания обучения. Метод обучения предполагает взаимодействие учителя и ученика, и в результате этой деятельности реализуется процесс усвоения учеником содержания образования» [37].

Жоғарыда келтірілген тілшілер мен әдіскерлердің көзқарасынан әдіс туралы пікірлердің біржақты емес екенін аңғаруға болады. Дегенмен, тілді оқытумен айналысушы авторлардың көпшілігі әдісті кейде ұстаныммен (принциппен) байланыстырса, кейде оқытушы мен оқушы арасындағы ортақ мақсатқа бағытталған жұмыс жүргізу үлгісімен қатысты қарастырады. Алдыңғы айтылған анықтамалардың негізі осыған келіп саяды.

Тілді оқыту әдістемесіне сай әдістер тәсілмен бара-бар деген ойлар да кездесіп қалады. Бұндай пікір әсіресе әдістің түрлері мен тәсілдерін ажыратуда жиі ұшырасады.

Оқыту үрдісіне қатысты әдісті анықтай отырып, оны оқытудағы белгілі бір мақсатты жүзеге асырушы тәсіл не айла, амал деп түсіндіру де мол орын алғаны берілген анықтамалардан көрінеді.

Енді лингвистикалық энциклопедиядағы әдіс ұғымына арналған түсініктемеге көңіл аударсақ, ол мынадай: «Метод /от греч. methodes – путь исследования /в языкознании – 1/ обобщенные совокупности теоретических установок, приемов, методик исследования языка, связанные с определенной лингвистической теорией и с общей методологией, – наз.общие М. 2/ Отдельные приемы, методики, операции, опирающиеся на определенные теоретич.установки, как технич, средство, инструмент для исследования того или иного аспекта, – частные» [38].

Әдіске қатысты анықтама беруде әр автор әр түрлі белгілерді негізге алғандықтан, бұл ұғым туралы түсінік те біресе тәсілмен байланыстырылып, біресе амалмен теңдес деп, түрліше тұжырымдалған. Сондықтан әр автор басты өлшем етіп нені алса, әдісті түрлерге жіктеуде сол бағытқа сүйенген. Осыдан келіп оқыту әдісінің классификациясы да бірнеше түрлі болып келеді. Мәселен, орыс тілін оқыту әдістерін И.Р. Палей үшке, Е.А. Баринаова төртке, А.В. Текучев жетіге бөледі. Мұнда әдістің ауызша, жазбаша үлгілері, көрнекілік, мұғалімнің сөзсаптауы – бәрі айтыла келіп, әр түрлі ерекшеліктер арқылы жіктеліп беріледі. Мысалы: И.Р. Палей оқытудың кезеңдерін негізгі өлшем ретінде алады [32], Е.А. Баринаова оқушы мен оқытушының іс-әрекетіне сүйенсе, [33], А.В. Текучев оқып-үйренудің негізіне жан-жақты көңіл аудара келіп, әдісті бірнеше түрлерге /сөво учителя, беседа, анализ языка, упражнения, использование наглядных пособий, работа с учебной книгой, экскурсия/ бөледі. [28].

Методика ілімінде «әдіс» сөзіне байланысты түсініктемелердің түрліше берілуімен қатар тәсіл, амал, құрал сөздері де кейде синонимдес жұмсалып, кейде бір мағынада пайдаланылады. Мәселен, Е.Н.Қабанова-Меллер оқыту процесінде қолданылатын амалды оқушылардың сабақта пайдаланылатын тәсілі деп санайды: «Приемы учебной работы – это те способы, которыми она выполняется учащимися и которые могут быть объективно выражены в виде перечня действий, входящих в состав приема» [30]. Әдіс сияқты амалды да оқушы мен оқытушының іс-әрекет бірлігі деп тану басқа да бірнеше авторлардан кездеседі. Г.В.Рогова: «приемы – это конкретное содержание действий с учебным материалом» [30] - деп, оны нақтылы мазмұнмен байланыстырса, М.И.Махмутов: «...приемы – это обусловленные не решение частной задачи обучения» - деп әдісті нақтылы іс-әрекетпен қатысты қарастырады [36].

Оқытуда қолданылатын амалды оқушы мен оқытушының іс әрекетімен қатар қарастыру оқыту әдісінің дидактикалық негіздерін зерттеуші И.Я. Лернерде де ұшырасады [37].

Оқыту үрдісінде қолданылатын әдіс, тәсіл, амал, құрал сөздерінің кейде сәйкес мағынада жұмсалып, кейде әрқайсысы өзіндік ерекшеліктерді білдіретінін берілген түсініктемелерден айқын аңғаруға болады. Сондықтан да бұл сөздердің ара жігі анықталмаған. Қалай болғанда да, әдістеме ілімінде осы сөздердің барлығы қатар пайдаланылады. Демек, олардың әрқайсысының өзіндік ұғымы мен орны бар. Сол себепті мүмкіндігінше әр сөзді өз орнымен қолданып, білдіретін мағыналарының ара жігін ажыратып алған дұрыс. Онсыз оқытушы тілді оқытудың негізгі жолдарын саралап ала алмайды және сабақ оқытудың тиімді жақтарын меңгере білмейді.

Оқу жүйесінде ең алдымен бұл сөздердің орыс тілінен аудармасын нақтылап алу керек. Жалпы, *әдісті – метод, тәсілді – способ, амалды – прием, құралды – средство* деп аудару керек деп есептей келіп, біз жұмыста әр терминнің мән-мағынасын осы ретпен қолданамыз.

Дидактикалық дәстүрлі ерекшелігі бойынша әдіс дегеніміз – оқытушы жүргізетін іс-әрекеттің жинақталған жүйесі. Осы тұрғыдан келгенде, әдістің

негізгі оқушы мен оқытушының қарым-қатынасындағы әрекеттерге келіп тіреледі. Мұндай іс-әрекеттердің жиынтығы әдістеме ілімінде қолданылатын амал ұғымына тікелей байланысты. Сондықтан да тілші-методистер әдіс сөзіне анықтама берген кезде көбінесе оны әдістемелік амалмен қатар түсіндіреді.

Біздің пікірімізше, әдіс-белгілі бір ғылымның теориясын сапалы және тиімді түрде жүзеге асыру үшін іс жүзінде қолданылатын іс-әрекеттердің жинақталған жүйесі. Қандай болмасын әдістің бәріне тән ортақ қасиет: ол – оның практика арқылы жүзеге асуы.

Жалпы әдіске қатысты негізгі ерекшеліктер жіктеліп, бөлінуі тиіс. Өйткені ғылым дамыған сайын жаңа әдістер пайда болып, өз-өзінен қалыптасып келеді.

Ғалымдардың міндеті – оларды танып, өзіндік ерекше белгілеріне байланысты жіктеп, ажыратып алу. Тілді үйретуге қатысты әдісті сөз еткенде, арнайы қарастырылуға тиісті мәселенің бірі – қатысым әдісі. Қарастырылып отырған «коммуникативный метод» «коммуникация» сөзімен байланысты шыққан. «Коммуникация» – «қатынас, байланыс» деп жоғарыда атап өтілді. «Коммуникативный метод» дегенді «қатынастық әдіс» дегеннен гөрі қазақтың ұлттық сөздік қорындағы «қатыс», «қатысу» сөзін жаңғыртып, «қатысым» деп алған ұтымды деп ойлаймыз. Өйткені бұл – әріден келе жатқан түбір. Қазақ «бір-бірімізбен араласпай қалдық, байланыспай қалдық, арамызда байланыс жоқ, қарым-қатынас үзілдің деген ұғымды білдіргісі келсе, «көптен қатыспай қалдық» дейді. Демек, «қатыс» – біріншіден, қазақтың байырғы сөзі, екіншіден, «байланыс, қатынас» дегеннің баламасы. Ал – «ым» – еңбекте сөз болып отырған проблеманың бәріне ортақ алынған, бірізді сөз жасауды көздеген жұрнақ.

Қатысымдық әдісті зерттеу орыс және шет тілдерін оқыту әдістемелерінде бірсыпыра жетістіктерге жеткенін атап айту керек.

Тілді оқыту жүйесінде қатысымдық әдіс туралы мәселені арнайы қарастырған тілші-әдіскер – Е.И.Пассов. Ол қатысымдық әдісті сөз етпестен бұрын, жалпы оқыту әдісіне тән бірнеше белгілерді бөліп шығарды. Мұндай белгілер мыналар:

1. Әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады. Қатысымдық әдістің негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін /айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім/ меңгерте білу.

2. Әдіс оқыту процесіндегі тактиканы емес, стратегияны анықтайды, сондықтан да ол /әдіс/ оқытудың шартына тәуелді болмайды.

3. Оқыту әдісінің аумағы өте кең, сондықтан сөйлеу әрекетінің қай түрінде болсын оқытудың барлық жақтары қамтылады.

4. Әдістеме барлық қағидалардың басын біріктіретін ең басты, негізгі идея болады. Басты идея методологиялық роль атқара келіп, әдістің жүзеге асуы үшін барлық мәселелердің басын біріктіреді.

Оқыту әдісіне қатысты осы соңғы белгіні М.В. Ляховицкий басты әдістемелік міндетті шешуші доминант немесе доминантық идея деп атайды [38]. Сөз болып отырған әдіске қатысты негізгі идея, басты өзек – қатысым болып табылады.

Жалпы Е.И. Пассов оқыту методы дегенде көбінесе сөйлесім әрекетінің

белгілі бір түрін /виды речевой деятельности/ айтады. Автордың барлық пікірлері, негізінен, осы мәселелерге келіп саяды.

Әдіс туралы анықтаманы тұжырымдағанда, басқа тілші ғалымдар, көбінесе қарым-қатынаста қолданылатын амалдарға сүйенсе, Е.Пассов әдіске қатысты басты өлшем етіп әдістемелік принциптерді алады және әдіс дегеніміз – әдістемелік принциптердің өзара байланысты жүйесі деп қорытады. Мәселен, «Метод есть система функционально взаимообусловленных методических принципов, объединенных единой стратегической идеей и направленных на обучение какому-либо веду речевой деятельности» [28].

Қатысымдық әдіс оқыту әдісінің барлық түрлеріне қатысты ерекшеліктерді меңгереді. Сонымен қатар оның өзіне қатысты айырықша белгілері де жоқ емес. Бұндай өзгешелік оның басқа әдістің түрлерінен артықшылығында немесе алатын орнының маңыздылығында емес, өмірдегі тілді оқыту, үйрету мәселелерінің өзі қатысымдық әдіске сай қасиеттерді саралап шығуында.

Бұл қасиеттердің ең басты айырмашылығы қатысымдық әдістің екі үлкен ғылымның басын біріктіріп отыруына байланысты. Оның бірі – лингвистика да, екіншісі – әдістеме ілімі. Әдістеме ілімінде әдістің қаншалықты маңызды рөл атқаратынына ешкім шүбә келтірмейді. Тілдік қатынас туралы мәселе соңғы жылдары тіл білімінде жеке сала ретінде бөлініп шығып, арнайы категория тұрғысынан қарастырыла бастады. Тіптен осының негізінде қатысымдық лингвистика, қатысымдық әдістеме тәрізді ұғымдар да пайда болды.

Қатысымдық әдіске анықтама беру үшін негізгі белгілерін айқындау жолында тілдік қатынастың ерекшеліктерін де ескеруге тура келеді. Тілді үйрету мен оқытуда жан-жақты пайдаланылатын қатысымдық әдістің өзіндік белгілері мыналар:

1. Қатысымдық әдіс кем дегенде екі адамның немесе бір адам мен топтың, бір топ пен екінші топтың арасындағы тығыз қарым-қатынастың немесе белсенді іс-әрекеттің жүзеге асуы нәтижесінде болады.

2. Қатысымдық әдіс оқушы мен оқытушының әрқайсысының өзіне тән міндеттері бөлек болып, ал олардың алдарына қойған мақсаттарының ортақ болуын талап етеді.

3. Қатысымдық әдіс үйренуші мен үйретушінің бір-бірімен пікір алмасуын, тіл арқылы сөйлесуін қамтамасыз ете келіп, адам мен адамның, бір ұлт пен екінші ұлттың өзара түсінісуіне жол ашады.

4. Қатысымдық әдіс оқыту жүйесіндегі бірнеше тиімді тәсілдерді және амалдарды біріктіреді. Солардың ішінен бәріне ортақ қасиетке ие болатын біреуі басты өзек, жетекші кілт болады.

5. Қатысымдық әдістің басты белгісінің бірі – тілді үйретуді күнделікті өмірде жүзеге асыру, сабақты практикалық жағынан жан-жақты қамтамасыз ету. Мұнда оқу сырттай немесе жеке дара күйде іске аспайды, адамдардың іс жүзіндегі өзара іс-әрекеті үстінде, ауызба-ауыз сөйлесуі, тілдесуі арқылы болады.

6. Қатысымдық әдіс арқылы белгілі бір тіл туралы білім

берілмейді. Қарым-қатынас құралы тілдің өзін қалай қолдану керек, сол жөнінде оқытылады, яғни сол тілде сөйлеу үйретіледі.

Сонымен қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын; тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі [28].

Білім алушылардың қарым-қатынасқа түсуде көп кідіретінін, айтайын деген ойын қазақша дұрыс жеткізе алмайтынын және қажет емес сөздерді көптеп қолдану тәрізді т.б. кемшіліктерін болдырмау үшін, олардың коммуникативтілік қабілетін дамыту қажет. Яғни, қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолдана білу қабілеттерін бүгінгі қоғам талабына сай дамыту қажеттігі туындап отыр. Сонымен бірге қатысымдық әдіс сөйлесім әрекетінің барлық түрін жүзеге асыруға мүмкіндік тудырады. Қатысымдық әдіс жұптық, топтық, ұжымдық формада іске асырылады. Студенттерге қатысымдық жаттығулар, жағдаяттар ұсынылады. Басты мақсат – оларды өз ойын нақты, дәлелді, жүйелі, еркін түрде жеткізе алуға үйрету.

Жалпы қатысымдық әдіс – қазіргі таңдағы ең тиімді әдістердің бірі. Қатысымдық әдіс оқытушы мен студент арасындағы байланысты нығайтып, бір-бірімен еркін тілдесуге жол ашады. Топта жақсы көңіл-күй орнайды. Студенттер бір-бірімен пікір таластырады. Білмегендерін топтық, ұжымдық жұмыста білуге, толықтыруға мүмкіндік алады.

Қатысымдық әдіс арқылы студент тілдік әрекеттің барлық түріне жаттықтырылады. Мәселен, сұрақ қоя білу, сұраққа жауап беру, көрген, білген жайларды әңгімелеп айтып беру, суреттің мазмұнын әңгімелеу, өз қиялын, арманын айта білу, экскурсияларда көргенін әңгімелеу, оқылған әдеби шығарма мазмұнын баяндау, достарымен, оқытушымен әңгімелесу секілді сөйлеу әрекеттеріне студент қатысымдық әдіс арқылы үйретіледі.

Қатысымдық әдіс сөйлесім әрекетінің бес түріне негізделеді. Мысалы, оқушыларға мынандай тапсырма ұсынуға болады. Үш жүз: *Ұлы жүз; Орта жүз; Кіші жүз*. Үш тәтті: *Жан; Мал; Жар*. Үш қуат: *Ақыл; Жүрек; Тіл*. Үш жұрт: *Өз жұртың – күншіл, Қайын жұртың – мінішіл, Нағашы жұртың – сыншыл*. Үш тоқтам: *Ой; Ақыл; Шешім*.

Оқушыларға тапсырма бойынша сөйлесім әрекетінің түрлерін қамтитын жұмыстар беріледі: **айтылым**. Қасиетті сандарға байланысты айтылған сөздерді пайдаланып, бірнеше сөйлем құрастырыңыз. Қасиетті сандар туралы тағы не білесіз, баяндаңыз. **Жазылым**. «Білім – ақыл-ойдың кеніші» тақырыбында ой толғау жазыңыз. **Тілдесім**. *Тіл және ой* туралы мақал-мәтелдерді айтып, көршіңізбен сұхбат құрыңыз.

Қазақ тілін үйретуде қатысым әдісінің ең негізгі ұстанымының бірі – жағдай тудыру. Сабақта, сабақтан тыс уақыттарда тудырылған жағдайлар сөйлесім, оқылым, тыңдалым, жазылым, тілдесім әрекеттерін жүзеге асырады. Күнделікті өмірде және күтпеген жерде кездесетін әртүрлі жағдайларда

студенттер тілдік-қарым қатынастың барлық түрлерін пайдаланады. Олар осындай дайындықсыз жағдайларда мүдірмей, еркін жауап беріп жатса, онда оқытушының мақсатының орындалғаны.

Сөйлесім әрекеттерін тиімді, орынды қолдану тілдік қарым-қатынасты дамытады. Бір-бірімен еркін түсінісуге мүмкіндік жасайды. Мұғалім әр сабақты түрлендіріп өтіп отырса, соғұрлым оның студенттер үшін тиімділігі артатыны белгілі. Қатысымдық әдістің студент тілін дамытуда мынадай пайдалы, тиімді жақтары бар:

1. Қатысымдық әдіс екі-үш, одан да көп адамдардың тіл арқылы қатысуын талап етеді. Қатысымдық әдістің осы талабы, белгісі студенттердің оқу үрдісінде тілдік қатысымға дәл келеді. Соған қарап, қатысымдық әдісті табиғатында студент тілін дамытуға арналған деуге де болады.

2. Қатысымдық әдістің негізгі нысаны, негізгі әрекеті – сөйлесім. Ал, сөйлесім, тыңдалым, оқылым, жазылымсыз ешбір оқыту жүйесі іске аспайды. Оқытушы мен студент қарым-қатынас жасау үшін сөйлеседі, сөйлесімсіз адам өмірін елестету қиын. Сондықтан қатысымдық әдіс оқытуда, тіл дамытуда негізгі әдіс болып саналады.

3. Оқыту жүйесінде оқытушы жаңа білімді ауызша айтады, түсіндіреді, студент оны тыңдайды, қабылдайды, ұғады, есіне сақтайды. Мұғалім білім алушының ұққанын сұрақ арқылы тексереді. Мұның бәрі оқытушы мен студент арасындағы тілдік қатысым арқылы іске асады, яғни қатысымдық әдіске жатады.

4. Оқушы тілін дамытуда мұғалім мен білім алушының міндеттері түрліше, бірақ мақсаттары бір болғандықтан, әрқайсысы өз міндетін дұрыс атқаруға да қатысымдық әдіс арқылы бейімделеді.

5. Қатысымдық әдіс тіл дамытудың түрлі әдістерін түйістіріп, тіл дамытудың сапасын арттырады. Қатысымдық әдістің өзі де бірнеше тәсілдерден тұратын күрделі құбылыс. Ол басқа тәсілдердің басын қосып, сапаны арттырады, басқа әдістер қатысымдық әдіссіз іске аса алмайды.

6. Қатысымдық әдіс тек оқыту үрдісінде ғана қолданылатын әдіс емес. Ол адам өмірінде үлкен қызмет атқарады.

7. Оқыту технологиялары өзгеріп, жаңа оқыту технологиялары қосылып жатса, қатысымдық әдіс оның бәрімен қолданыла алатын қабілетімен жүзеге асырылады [29].

Сөйлесім әрекеті және оның түрлері

Сөйлесім әрекеті – әртүрлі ғылым өкілдерін қызықтырған күрделі мәселе. Көптеген ғалымдар зерттеу объектісіне қарай оның ерекшеліктерін әр қырынан қарастырған. Мәселен, лингвист ғалымдар сөйлесім әрекеті мен тілдің ара қатысын, ортақ заңдылықтарын, тілдік қатынастың лингвистикалық негізін қарастырады. Психолог-ғалымдар сөйлесім әрекетінің ойлау, пайымдау, қабылдау, сезіну, түйсік, зейін т.б. процестермен байланысын, олардың сөйлеу кезінде сана арқылы өту ерекшеліктерін зерттейді. Физиологтар тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекетінің жүзеге асуына ықпал ететін дыбыстау мүшелерінің жұмыс істеу механизмдерін, қызметін тексереді. Психолингвист сөйлесім әрекеті іске асу үшін жұмсалатын тілдік-қатысымдық тұлғалардың

санамен байланысын, сөйлеу кезіндегі ойға қатысты түрлі процестерді қарастырады. Әдіскер болса, ол осы салалардың барлық заңдылықтарын ескере отырып, сөйлеуге үйретудің тиімді үлгілерін табуды және ұйымдастыруды, жалпы сөйлеу әрекетін жүзеге асыруды көздейді. Бұл саладағы ғалымдар кімді оқытатынын; оларды неге үйрету керектігін; не үшін, не мақсатпен және қалай оқытатынын; оларды неге және қалай оқыту қажеттігін қарастырады. Тілші-әдіскерлердің ең бірінші мақсаты – сапалы оқытудың жолдарын табу, яғни қалай оқытсақ, ісіміз жақсы нәтиже береді деген сауалға жауап іздеу. Соны практикалық жағынан дәлелдеп, теориялық тұрғыдан жүйелеп көрсету.

Сөйлесім әрекетін көптеген авторлар белгілі бір хабарды, ойды, информацияны баяндау, яғни екінші біреуге жеткізу деп түсіндіреді. Немесе тілдік қарым-қатынас дегеніміз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы белгілі бір ақпаратпен пікір алмасуы деген пікірді айтады. Рас, адамзат тілінің ең басты қызметінің өзі - ойды, хабарды жеткізу.

Сөйлеу кезінде адам қалай болса солай тіліне келгенін айта салмайды, ол ең алдымен ойлауды басынан өткереді, сырттағы объективтік шындық санаға, ойға әсер етіп, пайымдау туғызады. Сол адам миының ойлау процесі арқасында нені айту керек, не туралы сөйлеу қажеттігі жөнінде нақтылы сөз жасалады.

Бұл – тек адамның ойлау жүйесіне ғана тән күрделі процесс. Адам не туралы сөйлейтінін, тіл арқылы нені жеткізетіндігін білгенмен, яғни сөйлесім әрекеті, адамның сөйлеу тілі өзіне тәуелді емес, ол – табиғат берген, жаратылыстан туған күрделі процесс. Адам сөйлеуді жетілдіріп, дамытады, оның заңдылықтарын қарастырады, бірақ сөйлеу тілін өзі жасай алмайды. Осыдан сөйлеудің, тілдің қоғамдық-әлеуметтік сипаты аңғарылады. Хабардың қай түрі болса да шындыққа құралу керек, сонда ғана тілдік қатысым өз бетінше дамиды және сөйлеу /информацияны қабылдау, оған жауап қайтару, қайта жауап алу/ қатысымдық құбылыстың қоғамдық мәнін ашады, адамдар арасындағы әлеуметтік көпір бола алады. Демек, адамдар бірінің айтқан сөзін екіншісі жай білу үшін ғана емес, олар бір-бірімен өзара түсінісу үшін, өзара қарым-қатынаста болу үшін қарым-қатынастық бірлікке ұмтылады. Осыдан келіп тілдік қатынастың қоғамдық-әлеуметтік мазмұны, мәні шығады.

Лингвистикалық, әдістемелік әдебиеттердің көпшілігінде сөйлесім әрекетін төрт түрге бөліп қарастыру тұрақты орын алған. Олар: сөйлеу, оқу, жазу, түсіну.

Біз жан-жақты тәжірибелерге сүйене келіп, сөйлесім әрекетін бес түрге бөліп қарастырамыз. Олар: *оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім*. Бұлардың барлығы – әдістемелік ізденіс жолындағы жаңаша терминдер. Қазақ тілінде бұл мәселе бұрын-соңды арнайы сөз болмағандықтан, сөйлесім әрекетінің түрлері де бір жүйемен аталып, өзіндік терминдер әлі қалыптаспаған. Шетел және орыс тілдерінде қолданылған жоғарыда атап өтілген терминдер: «говорение» – «сөйлеу», «аудирование» – «аудиолық», «чтение» – «оқу», «письмо» – «жазу» деген сияқты әртүрлі сөздермен айтылып жүр.

Біз бұл ғылыми ұғымдарды қазақша бірыңғай оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім деп атауды жөн деп санаймыз. Өйткені олар, біріншіден, тілдік қатынастың басты ерекшеліктеріне сәйкес келеді; екіншіден,

олар – қазақ тілінің сөздік қорына тән, қолданыста өзіндік орындары бар түбір сөздер. Үшіншіден, олар зерттеу мәселемізге сай теориялық және әдістемелік ғылыми ұғымдарды білдіреді; төртіншіден, қазақ тілінің сөзжасам жүйесіне сәйкес бірізбен жасала келіп, біртұтас қатысымдық қызмет атқарады.

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлеріне тән ең басты көрсеткіш: ол – түсіну. Бір адам екінші адамның айтқанын түсінбесе, ұқпаса, онда пікірлесу мен сөйлесу де жүзеге аспайды. Біздің ойымызша, сөйлесім әрекетіне қатысты айту да, оқу да, жазу да, есту де, тілдесу де белгілі бір хабарланған, баяндалған ойды түсінуге негізделеді. Сондықтан «аудирование» дегенді біз түсіну емес, «тыңдалым» деп атаймыз да, түсіну процесін осы әрекеттердің бәріне ортақ ұстаным ретінде танымыз.

Сөйлесім әрекетінің барлық түрлері сөйлеу үшін қажет. Тілдік қатынасқа байланысты іске асатын сөйлесім әрекеті бес түрге бөлінеді.

1. *Оқылым.*
2. *Жазылым.*
3. *Тыңдалым.*
4. *Айтылым.*
5. *Тілдесім.*

Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу.

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың бірлескен жұмысына байланысты болады, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін дұрыс танып білуге қатысты. Үшіншіден, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің ролі зор. Осындай ерекшеліктер іске асқан жағдайда ғана оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынып, оқушының қажетіне жарайды.

Тіл үйрету сапалы болу үшін, оқылым процесі мен дауыстап оқуды ажырата білген жөн. Оқылым – берілген материалды түсініп, ұғу ғана емес, ондағы әрбір тілдік-қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалана білу.

Ал дауыстап оқу – ішкі мазмұнды толық ескере бермей, графикалық таңбаларды танудың нәтижесінде оны дыбыстау аппаратының қимыл-қозғалысына салу, сөйтіп, сөйлеу мүшелерінің көмегімен оқып шығу. Мұндай дауыстап оқу кезінде кейде мәтіннің мазмұны түсініксіз болып қала беруі де мүмкін. Ой мен ми жұмыстарын толық атқармай, адамға қажет хабар алынбауы ықтимал.

Мұндай оқудың акустикалық қасиеті басым болады. Дауыстап оқу акустикалық мақсаттың шеңберінен шығып, сөз, тіркес, сөйлемдердің мағынасын түсінуге, оны сана арқылы қабылдауға, мәтіннің ішкі мазмұнын баяндауға бағытталса, онда ол жай оқудың үлгісінен өтіп, мазмұнды оқуға айналады. Бұндай жағдайда дауыстап оқу оқылымның тиімділік жағын арттырып, оның қажетті компоненттерінің біріне айналады. Сөйтіп, оқу

оқылымның құрамына кіреді.

Сөйлесім әрекетінің ерекше бір түрі ретінде оқылымның маңызы мынада:

1) Тіл үйренуші оқылым арқылы бүкіл тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады және оны тілдік қарым-қатынаста керегіне жаратады.

2) Оқылымның нәтижесінде әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы жылдар бойы жиналған адамзаттық тәжірибелер бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, адамдардың қарым-қатынасын жетілдіреді, білімін арттырады, ішкі ой-санасын байытады. Ойлау қабілеті мықты дамыған адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады.

3) Оқылым әрекеті арқылы көңілге түйгенін тіл үйретуші жинақтайды, сұрыптайды, тұжырымдайды. Мұның өзі уақыт өте келе сарапқа түсіп, өмірде, ғылым мен техникада жаңа ізденістердің шығуына жол ашады. Адамның қоғамдағы ролі артады, коммуникация процесі дамиды.

Оқылым процесінде төрт негізгі компонент үздіксіз қатысып отырады:

1. Көру мүшелері.

2. Ойлау мүшелері.

3. Тілдік тұлғалардың таңбалық тізбегі.

4. Қатысымдық тұлғалардың мағыналық тізбегі.

Сонымен қатар бірнеше қосымша компоненттер қатар жұмыс істейді:

1. Дыбыстау мүшелерінің қимыл-қозғалысы.

2. Дауыстап оқу.

3. Есту мүшелерінің жұмысы.

4. Тілдік материалдар жиынтығы.

Тілді үйрену барысында жүргізілетін оқуды әдіскерлер бірнеше түрге бөледі: *аналитикалық оқу, синтетикалық оқу, дайындықты оқу, дайындықсыз оқу, аударма арқылы оқу, аудармасыз оқу, негізгі оқу, қосымша оқу т.б.*

Бұлардан басқа соңғы жылдары тіл үйретуге байланысты тұрақты орын тауып, жиі айтылып жүрген оқылымның түрлері мыналар:

- танымдық оқылым
- зерделік оқылым.
- ізденімдік оқылым.
- көрсетімдік оқылым.

Ал кейбір әдіскер тілшілер /Е.И. Пассов, С.К. Фоломкина/ оқуға үйрету дегеннің өзі оқылымға тән барлық қасиеттерді жете білу, жан-жақты меңгеру деген сөз, сондықтан оқуды жіктеп, ажыратып түрлерге бөлу тиімді емес, қазіргі өлшемдер бойынша оны ана түр, мына түр десек, әркім оның елеусіз ерекшелігіне қарап жіктей береді деген пікір білдіреді. Олар белгілі бір тілде оқудың бір ғана түрі болуға тиіс екендігін дәлелдейді.

Оқылымның түрлері методикалық еңбектерде тұрақты орын алып, бекітіліп қана қойған жоқ, сонымен қатар әлі де ізденіс үстінде болғандықтан, олардың әрқайсысына қысқаша шолу жасаған дұрыс.

Жоғарыда атап өтілген оқылымның бұл түрлері көбінесе қолданылу мақсаты мен тапсырмалық көрсеткішке қарай бөлінген.

Танымдық оқылым дегеніміз – тіл үйренушінің кез келген қызықты,

танымдық мәні бар мақала, кітап, пікір, газет-журнал т.б. материалды оқып-түсінуі. Танымдық оқуда арнайы ізденушілік, сол материалды зерттейін деген мақсат бірде болса, бірде болмауы мүмкін.

Мұндай оқылым белгілі бір информацияны зерттеуден гөрі, жалпы өмірден хабардар болу үшін жүргізіледі.

Танымдық оқылымда шығарманың, текстің барлық мазмұны тұтас есте қалмайды, соның ішінен автор өзінің қабілеті мен қажетіне қарай ең маңыздысын ұғып пайдаланады.

Әдіскерлердің айтуынша, мұндай жағдайда текст мазмұнының 70 пайызы есте сақталып, негізгі айтылар дәйекті ой соның құрамына енуі тиіс.

Танымдық оқылым кезінде оқушы бір минутта 90-105 сөз оқып шығуы керек.

Зерделік оқылым бойынша оқушы берілген материалды, не тексті басынан аяғына дейін толық түсініп оқу керек. Тексттің барлық мазмұнын тәптіштеп біліп, ондағы информацияның бірде бірін ескерусіз қалдыруға болмайды. Сонымен бірге үйренуші шығармаға, яғни текске анализ жасай отырып, ондағы әрбір бірліктерді талдайды. Сөйтіп бүкіл материалды жан-жақты зерттейді.

Кей ретте зерделік оқылым арнайы жасалған схема, таблица, сурет, жоспар, көрнекіліктермен қатар жүргізіледі.

Қажетіне қарай тексттің /шығарманың/ кейбір тұстары қайта оқытылып, сөйлемдерге айрықша назар аударылады немесе олар арнайы белгілермен ажыратылып, дауыстап айтылады.

Зерделік оқылым асықпай, ойлы қалыппен өткізіліп, оқушының бар көңілін баулып алуды қажет етеді. Бұл оқу бойынша минутына 50-60 сөз оқылуы тиіс.

Ізденімдік оқылым – берілген материалдың /текст, шығарма, кітап т.б./ ішінен автор өзіне керекті фактіні, хабарды, сілтемені, көрсеткішті т.б. іздеп тауып, пайдалана білу. Біріншіден, мұндай оқу жылдамдықты қалайды, екіншіден, көлемді текстен әркім өз қажетін таңдап алуға мүмкін болатын тапқырлықты қажетсінеді.

Ізденімдік оқылымда оқушы кітап пен тұтас материалды түгел оқып не қарап жатпайды, тек өзіне керектісін мазмұннан, жоспардан, схемадан т.б. іздестіріп, тауып алады және нені іздеп табу керектігін алдын ала біледі.

Ізденімдік оқылым оқушының көру қабілетін ұштайды, қажет материалға бірден назар аудара білуге баулиды. Бұл оқу тапсырма мен жаттығу арқылы да жүзеге аса береді. Мысалы: мәтіннен қажет анықтаманы тауып оқу, берілген ережеге сай мысалдарды табу, шығармадан Абайдың табиғат лирикасына арналған өлеңдерін, қара сөздерін іздеу, абзацтың қалай аяқталатынын іздеп табу т.б. деп іске қосыла береді.

Көрсетімдік оқылым – берілген материалды жүйеліп қарап шығып, оның не туралы екенін қысқаша анықтап беру, оның тақырыбын айқындау, ең басты мәнін, ерекшелігін танып көрсету.

Мұнда оқушы барлық материалды ежіктеп оқымаса да, оның тарауларын, абзацтарын, ережелерін, тұжырымдарын жеке-жеке қарап шығып, оларға

қатысты негізгі ойды көрсетеді, тақырып қояды.

Автор мұндай оқу арқылы текспен қалай жұмыс істеу керек, оның мазмұнын қалай ашу қажет, түсініктеме, қорытынды, ескертпе, сөз тізбектеріндегі қандай мәселелерге ден қою керек т.б. деген сияқты сауалдарды шешуге үйренеді, ең негізгі проблеманы көрсете біледі.

Оқушы әр тарауды тақырыпқа бөліп көрсету арқылы қайсысына айрықша назар аудару керектігін, қандай ақпарат маңызды роль атқаратындығын тануға мүмкіндік алады. Сол үшін әр текст ішкі-сыртқы құрылысына қарай дайындалып беріледі. Көрсетімдік оқылымда оқушы тексті қалай оқып, қандай форманы тандап алады, оны өз еркіне жіберген тиімді.

Аналитикалық оқылым – шығарманың мазмұнымен қоса лингвистикалық ерекшелігіне талдау жасап оқу; тілдік единицалар мен формаларды оқыту, салыстыру, талдау. Бұл оқылым сөйлеуге үйретуден гөрі тілдің лингвистикалық базасын жасауға, оқушының филологиялық білімін тереңдетуге көп септігін тигізеді.

Таңбалық және мағыналық ерекшеліктеріне қарай оқылымның екі жағы болады: бірі – техникалық, екіншісі – мазмұндық.

Оқылымның мазмұндық ерекшелігі оның басты белгісін танытады. Барлық оқылған мәтіндер, материалдар тек белгілі бір мағынаны білдіріп, ол түсінікті болғанда ғана осы басты қасиетке ие болады.

Оқылымның техникалық жағын құрайтындар – дыбыстардың таңбалық комплексін мағынасыз, жаттанды қайталау. Оларға сана мен ойдың қатысы болмай, дыбыстардың өздері әртүрлі единицалардың жиынтығын құрастырса, онда олар техникалық қасиетке ие болады.

Оқылым екі түрлі формада жүзеге асады. Бірі – іштей оқу, екіншісі – дауыстап оқу. Дауыстап оқу жылдамдығына қарай тез оқу және баяу оқу деп те бөлінеді.

Іштей оқу – берілген материалды не тексті үн шығармай, сөйлеу мүшелерін қимылдатпай, не сәл ғана қозғалту арқылы көзбен оқу.

Іштей оқу оқылымның негізгі формасы, қалпы болып саналады. Ол, біріншіден, монологтық сипатта болып, көбінесе бір адамға қатысты болады. Екіншіден, іштей оқығанда, адам текстен информацияны өзі үшін алады. Үшіншіден, ол информация алудың ең тиімді де төте жолы болып табылады. Төртіншіден, бұл оқушыға түсінетін жүктеменің көлемін кемітеді.

Дауыстап оқу – материалды қатты, мәнерлеп, барлық сөйлеу аппаратын іске қосып, айналасындағы адамдарға естіртіп, үнмен оқу.

Мәтінді дауыстап оқу арнайы мақсаттарға сай жүргізіледі. Дауыстап оқу белгілі бір хабарды адам өзі үшін ғана емес, екінші адамға жеткізгісі келгенде орындалады. Дауыстап оқу қашанда диалогтық сипатқа ие, өйткені бір адам оқиды, екінші адам оны тыңдайды, процесс екі адамның арасында жүреді.

Дауыстап оқу дыбыстарды дұрыс айтуға, сөйлеу мәнерін жетілдіруге, оқығанды есте сақтауға негіз бола келіп, іштей оқуға үйрететін алғашқы қадам болып табылады.

Сөйлеуге үйретуде, тілді меңгеруде дауыстап оқу бірінші кезең деп

есептелсе, іштей оқып, түсіну одан кейінгі кезең деп танылады.

Тілді үйрену кезінде оқылым процесі жете меңгерілу үшін төмендегідей дағдыларды игеру керек.

1. Адамның көру қабілетін жетілдіру. Сол үшін көздің жазба бірліктермен тікелей байланысын қамтамасыз ету.

2. Оқылған материалды кедергісіз есту, тыңдау қабілетін жетілдіру.

3. Оқудың техникасын жан-жақты меңгерту мен қызметін дәл танып білу және жете меңгеру.

Жалпы оқылымға қатысты қалыптар да, дағдылар да мұнымен шектеліп қоймайды, оның ерекшеліктері тіл үйренудің барысында толыса береді.

Сонымен қатар оның мәтінді толық түсініп оқу, жартылай түсініп оқу, интенсивті және экстенсивті оқу, сөздікпен және сөздіксіз оқу, күрделі және жеңіл оқу т.б. деген сияқты түрлері де бар. Мұның өзі оқылымның күрделі сөйлесім әрекеті екендігін көрсете келіп, әлі де уақыт елегінен өтіп, жан-жақты қарастырылуға тиіс мәселе екенін дәлелдейді.

Жазылым. «Жазылым» термині «жазу» (жазудың түрлері, әріптің жеке өзі т.б.) деген мағынаны емес «жаза білу», «ойынды басқа біреуге түсінікті болу үшін, қағаз бетінде сауатты жеткізе білу» дегенді білдіреді.

Жазылым – тіл үйренуге қатысты қиын да күрделі жұмыс. Жазылым – тілдік тұлғалардың графикалық, фонемалық жүйесіне негізделген; лингвистикалық, психологиялық, физиологиялық, әдістемелік ерекшеліктерге қатысты тілдік материалдың мазмұны мен формасын бірдей қамтитын, адамдардың ұзақ мерзімдегі қарым-қатынасына мүмкіндік жасайтын күрделі тарихи әрекет.

Жазылым біріншіден, әріптің, сөздің графикалық таңбасы арқылы іске асады; екіншіден, бұл графикалық таңбалар белгілі бір фонемалық, мағыналық қасиетке ие болады; үшіншіден, жазылым құбылысында сөйлесім әрекетінің барлық түрі қатысады; төртіншіден, жазу үстінде тіл үйренуші адам сөйлемнің мазмұн-мағынасына ғана емес, формасына да көңіл аударуға мәжбүр болады, бесіншіден, жазылым қағаз бетіне түскен материалдың түсінікті, жүйелі болуына тікелей байланысты жүзеге асады.

Жазылым графикалық таңбалардың мағыналық жүйесі мен тізбегі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді. Жазылым арқылы адам айтайын деген ойын қағазға түсіріп, екінші бір адамға, жалпы адамзатқа жеткізуді мақсат тұтады, яғни адам ойын басқаға жеткізу үшін жазуды үйренеді.

Ғалымдардың қалыптасқан пікірі бойынша, жазылым үш бөліктен құралуы тиіс. Олар: *себеп-салдарлық, аналитикалық-синтетикалық, орындалымдық*. Яғни жазылым әрекеті, біріншіден, белгілі бір әсерді екінші адамға жеткізудің нәтижесінде ойға келеді, алдымен оның себебі пайда болады.

Екіншіден, аналитикалық-синтетикалық кезеңде сөйлем құрылымы жасалады, сөздер бір-бірімен тіркеске түседі, сөздің қызметі мен орны белгіленеді.

Үшіншіден, графикалық таңбалар арқылы жазбаша мәтін /текст/ құрастырылып, жазу орындалады.

Біздің пікірімізше, тілдік қатысымға байланысты жазылым бірнеше құрылымдық кезеңнен тұрады да, көпсалалы болады:

1. Қажеттіліктен пайда болатын себеп.
2. Себептің ойда, санада бейнеленуі.
3. Ойдың сөз арқылы тізбектелуі.
4. Сөздің графикалық әріптермен таңбалануы.
5. Жазудың екінші адамға түсінікті болып, берілген хабарды білдіруі.

Себептік кезеңде адам жазумен шұғылдану үшін белгілі бір себеп-салдарлар пайда болып, соның әсерінен ойын қағазға түсіруді ойлап, оны іске асырғысы келеді. Адам өмірінде кездесетін әртүрлі деректі, ақпаратты басқа біреуге жеткізу қажеттілігінен жазғысы келеді; бірдеңені айтуды, жазуды қалайды, сол арқылы адамдар арасындағы қарым-қатынастың алғы шарттары іске аса бастайды.

Екінші кезеңде жаңағы өмірден туған қажеттілік, яғни белгілі бір хабар миға ауысады, адамның санасында бейнеленеді, ой туғызады.

Үшінші кезеңде адам санасындағы қалыптасқан ой сөзге, сөйлемге айналады. Сол ойды дұрыс жеткізу үшін тіл үйренуші тиімді сөздерді іздейді, айтқысы келетін хабардың ең басты мәнін дәл, нақты жеткізуді қалап, сөздердің мағынасын ойластырады.

Төртінші кезеңде ойда жинақталған сөздер графикалық таңбалар арқылы тізбектеліп, белгілі бір ережелер заңдылығымен қағазға түсіп, жазуға айналады. Ол жазудың үлгісімен ғана емес, білдіретін мазмұндық сипатымен де ерекшеленеді.

Бесінші кезеңде қағазға түскен сөйлемдер тұтас жүйесімен бірлесіп, белгілі бір хабардың толық мазмұнын оқушыға жеткізеді.

Жазуды оқыған екінші адам ондағы берілген деректі қабылдайды, соған қарап жауап қайтарады.

Жазылымның лингвистикалық ерекшелігі – ол әріптік таңбадан бастап алфавитке дейінгі тілдің дыбыстық жүйесін, олардың жазылу ережесін, жазбаша сөйлеу үлгілерін қамтиды.

Жазылымның лингвистикалық мазмұнын белгілейтін мәселелер мыналар:

1. Графика.
2. Орфография.
3. Жазып алу.
4. Жазбаша сөйлеу.

Бұл салада үйретілетін ең басты мәселе – жазылымның графикасы. Графика, яғни жазу таңбалары – жазу үшін қолданылатын барлық әріптердің таңбалық жиынтығы. Әріптік таңбалар екі түрде жазылады: баспа түрінде және жазба түрінде. Әрбір әріп бас әріп және кіші әріп болып таңбаланады. Барлық әріптердің жүйелік жиынтығы тілдің алфавитін құрайды. Қазақ тілі графикасының ерекшелігі – әріптер қалай жазылса, солай оқылады және басқа тілден енген дифтонг /қосарланған/ дыбыстардан басқалары құрамына қарай бір таңба бір әріпті білдіреді де, бір әріп бір дыбысты көрсетеді.

Жазуды меңгеруде лингвистикалық жақтан үйретілетін келесі мәселе –

орфография. Ол – белгілі бір сөзді әріптік таңбалар арқылы дұрыс жаза білудің ережесі. Мұндай ережені оқытпай тұрып, жазуды да, тілді де сауатты меңгеру мүмкін емес.

Тілді үйретуде орфографияға қатысты кездесетін қиындықтар да баршылық. Олар:

1. Фонетикалық, морфологиялық, тарихи принциптердің өзгешеліктері мен ерекшеліктерін жан-жақты ескеру.

2. Екпін түсіп айтылған буындардың дұрыс жазылуын қадағалау.

3. Қазақ тіліндегі еріндік, езулік дауыстылардың жазылуына ерекше мән беру.

4. Жуан, жіңішке дыбыстардың фонемалық қасиетін есте сақтау.

5. Дауыссыз дыбыстардың айрықша белгілерін дұрыс меңгерту т.б.

Жалпы орфографиялық білім екі саланы қамтиды:

- жеке лексикалық бірліктерді, сөздерді дұрыс жаза білу ережесі;

- грамматикалық заңдылықтарды білу арқылы тіркесті, сөйлемдерді байланыстырып, дұрыс жаза білу.

Жазып алу немесе қысқаша жазу – жеке сөздерді, сөз тіркесін, бір-бірімен мағыналық байланысы жоқ сөздер мен сөйлемдерді дұрыс жаза білу. Сол сияқты қысқаша тезистер, жоспарлар, қысқартылған сөздер мен ойларды белгілеп, жазып алу да осыған жатады. Айтайын деген ойын тіл үйренуші өзінің қалауына қарай қысқаша жазып алады немесе біреудің айтқанын қағазға түсіріп алады да, қажетіне жаратады. Тілді меңгеруде бұндай амалды қолдана білу жазуда да, сөйлеуде де тиімді. Бұл жазу әсіресе, тілдік тұлғаларды жетік үйрету үшін қажет.

Жазбаша сөйлесім – лингвистикалық ерекшеліктерді толық меңгерудің көрінісі және ең күрделі тілдік құбылыс. Жазбаша сөйлесім дегеніміз – оқушының айтар ойын тілдік-қатысымдық тұлғаларды қолданып, басынан аяғына дейін толық жаза білуі, көзқарасын, пікірін қағазға түсіріп, жеткізуі. Мәселен, тілді үйренуге қатысты жазбалардың қатарына хат жазу, пікір жазу, түсініктеме, қатынас қағаз, реферат т.б. жазу жатады. Мұнда сөздер мен сөз тіркесі, сөйлемдер бір-бірімен байланысты болады. Ойдың жүйесі үзілмей, келесі сөйлемдерде жалғасып, толығып отырады. Сол себепті жазба материалдар тұтас бүтіндігімен көзге түсіп, басқа адамдарға түсінікті болады.

Жазылымның психологиялық ерекшелігі – жазбаша тапсырмаларды дұрыс пайымдап, логикалық жағынан меңгеру және графикалық, орфографиялық дағдылар мен шеберлікті ұштау. Сонымен қатар жазба жұмысы тіл үйренушінің ойлау жүйесіне тиімді, есте сақтауға жеңіл болуға тиіс. Мәселен, сөздер мен тіркестерді аударып жазу, әңгіменің жоспарын құрап жазу, сұраққа қысқаша жауап жазу, сөздермен сөйлем құрастырып жазу т.б. Ең бастысы, берілген тапсырмалар тілдік қарым-қатынаста ұтымды болу керек.

Жазылымның әдістемелік ерекшелігі – графика мен орфографияны, жазу мен жазбаша сөйлемді жетік білудің, үйренудің амалдары мен жолдарын іздестіре отырып жазғызу, оқыту. Жазылым процесін тез әрі сауатты үйренудің ұтымды тәсілдерін пайдалану.

Жазылымның физиологиялық ерекшелігі – жазу кезінде дене мүшелерінің

қимыл-қозғалысын дұрыс игеруді үйрету. Қолдың, саусақтың іс-әрекеті, көз бен бастың қозғалысы, отырыстың пішіні т.б. – барлық адамның физиологиялық түр-түрпатының жазылымда алатын орны мен маңызы, қызметі ескеріп отыруды қажет етеді.

Жазуды үйретудің басты алғышарттары:

1. Қазақ алфавитіндегі әріптердің таңбасын дұрыс жазуға үйрету, яғни каллиграфияны жете меңгерту.
2. Әріптік таңба мен фонеманың қазақ тілі жазуында алатын орнын білу.
3. Жеке тілдік единицалардың дұрыс жазылу ережесін білу.
4. Қазақ тілі грамматикасына сәйкес сөз тіркестері мен сөйлемдердің байланысу заңдылықтары мен дұрыс жазылу ережелерін игеру.
5. Ойды жазбаша жеткізудің ең қарапайым және қысқа түрін меңгеру.
6. Шағын мәтін мен сөйлемшелерді /фраза/ құрастыра білу.
7. Хат жазу үлгісін меңгеру.
8. Ісқағаздарды дұрыс толтыра білу.

Жазуды терең меңгеру оның басты ерекшеліктерін білумен, оған дағдыланумен қатар, материалдың мазмұнын түсінумен, жазба жұмысқа автордың көзқарасын білумен байланысты. Сонымен бірге оның /автордың/ затты, істі, оқиганы тану үстінде қандай көңіл-күйде болғандығы, оған деген қызығушылығы, ынтасы де ескеріледі.

Жазуды үйретуде әріпті, сөзді, тіркесті, сұрақ-жауапты және автордың ойын жеткізетін қысқаша сөйлемдерді құрастырып, соларды меңгеру де оңай емес. Сондықтан алғашқы кезеңдегі барлық жұмыстарды осыған бағыттау керек болады.

Қазақ тілінде реферат, мақала, баяндама, ғылыми еңбек т.б. жазу, әрине, бірнеше салаларға тарамдалған оқу бағытын, арнайы оқу бөлімдерін бітіруді қажет етеді. Сондықтан, жазылым, негізінде, тілдік қарым-қатынастағы сөйлесім әрекетін, тілдесудің басты элементтерін үйрету үшін бағытталады.

Жазылымның өзгешелігі: бір қарағанда мұнда қатысымдық байланыс жоқ сияқты болып көрінуі мүмкін. Өйткені тіл үйренуші азды-көпті ойын қағазға түсіреді, бірақ онда екінші адаммен тікелей тілдесу іске аспайды. Жазылымның қиындығы да осында: жазу үстінде адам ойын тиянақты, жүйелі, бас-аяғын түгендеп; басқа біреуге ұғынықты болатындай етіп, екінші адамға ыңғайлап жазады, тілдік қарым-қатынастың жазбаша түріне бейімдеп орындайды. Тұжырымдап айтқанда, жазу оны жазған адамның ыңғайынан гөрі, жазуды оқитын, қабылдайтын басқа, екінші біреудің ыңғайына қарай, екінші адамның талап-тілегін ескеріп, сол үшін де жазылады.

Жазу кезіндегі қатысым аз уақыт мөлшерінде де, немесе арасына көп уақыт салып барып та іске асуы мүмкін. Қалай болғанда да, мұндай тілдік қатынас өміршең болып, ұзаққа сақталады.

Қазақ тілін сауатты үйрету үшін, оқушыларға берілетін жазба жұмыстарын дұрыс жоспарлаудың маңызы зор. Мұндай жазба жұмыстарына жататындар:

1. Жазбаша жаттығулар
2. Қысқа мәтіндер

3. Жүйелі жазба жұмыстары
4. Жазбаша бақылау жұмыстары
5. Диктанттың түрлері
6. Жазбаша ойындар
7. Ісқағаздардың үлгілері т.б.

Бұл жұмыстардың бәрі арнайы зерттеуді қажет ететін мәселелер бола келіп, жалпы қазақ тілін терең үйретуге пайдасын тигізеді.

Қатысымдық қызметке сәйкес жазба жұмыстары төмендегідей бағытта жүргізілуі керек:

1. Берілген жазба жұмыстар мен тапсырмалар өмірге сай бола келіп, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, түсіністік пен пікір алысуды қамтамасыз ету керек.

2. Кейбір жұмыстар алдын ала ауызша орындалып, үлгісі көрсетілген жөн.

3. Тапсырманың аумағы мен жұмыстың көлемі шағын, нақты, түсінікті бола келіп, 10 минуттан аспағаны ұтымды.

4. Берілген тапсырмалар жеңілден қиынға, аздан көпке қарай ауысып, барлық материалды түгел қамтығаны абзал.

5. Ұсынылған жұмыстар қателерді меңгеруге бағыттала келіп, оқушылардың үйрену дағдысын жетілдіріп отыруы керек.

6. Жазба жұмыстарында берілген сөздердің саны қатысымдық минимумды меңгеретіндей дәрежеде болып, орындалу барысында сөздік қордың дамуына бағытталғаны дұрыс.

7. Жазба жұмыстары үздіксіз тексеріліп отыруы қажет.

8. Тіл үйренушінің жазба жұмыстарын орындау мүмкіндігі жеке сөздерге қарап емес, тұтас мәтіннің не тапсырманың мазмұн-мағынасын түсіну дәрежесіне қарай бағалану керек.

Жазбаша жұмыстардың орындалуы барысында және жазылымға қатысты тілді оқыту кезінде үйренушілер мына мәселелерді білу керек:

1. Тілдік таңбаларды бір-бірінен ажырата білулері қажет.

2. Графикалық жүйе бойынша каллиграфияны жете меңгерулері тиіс.

3. Айтайын деген ойын, сұрағын жазбаша түрде құрастыра білу керек.

4. Суреттерді, заттарды, кейбір іс-әрекеттерді бейнелеп жазып, қысқаша әңгімелеп бере білгені жөн.

5. Естігенін не оқығанын қысқаша жаза білуі қажет.

Тыңдалым. Бұл атаудың ең басты мәні – адамдар арасындағы қарым-қатынасты жүзеге асыратын тілдік тұлғаларды тыңдау, есту арқылы қабылдау және ұғу.

Тыңдалым процесін тілдік қарым-қатынастағы сөзді қарапайым есту құбылысымен алмастырмау керек. Есту – дыбысты акустикалық жағынан қабылдау, ал тыңдалым тек есту ғана емес, сонымен бірге мағыналы, маңызды хабарды ұғып алып, қажетке жарату.

Тыңдалымды жете меңгеру оған қатысты мынадай белгілерді:

- басқа дыбыстардан тілдік дыбыс толқынын, олардың ерекшеліктерін ажырата білу;

- аудиолық тілдік тұлғалардың мағынасы мен мәнін дұрыс қабылдай білу;
- мәтіннен қажетті деректі тауып, пайдалана білу;
- тыңдалымға қатысты негізгі көрсеткіштерді жан-жақты меңгеру.

Тілді үйренуде тыңдалымның маңызы мен ерекшелігін белгілейтін ең басты көрсеткіш – тыңдалымға арналған мәтін, яғни аудио мәтіндерді үйретумен байланысты.

Аудиомәтінді меңгеру барысында тыңдалымға тән мынадай басты белгілер: мәтіндегі қатысымдық және тілдік тұлғаларды есту, қабылдау, түсіну және қолдану іс жүзіне асады және сөйлесім әрекетінде үздіксіз жетіліп отырады.

Тілді үйрену барысында тыңдалымның сапалы болуы екі факторға байланысты:

1. Объективтік фактор.
2. Субъективтік фактор.

Объективтік фактор тілді меңгеруге үшін ұсынылған аудиомәтіннің ерекшелігінен және оны қабылдау үшін қамтамасыз етілген жағдайдан тұрады. Объективтік фактор – негізінен мәтінге байланысты факторлар.

Субъективтік фактор тыңдаушының, яғни тіл үйренушінің, тыңдалым процесін меңгеруге арналған дайындық деңгейімен және психологиялық ерекшелігімен анықталады.

Тыңдалымға арналған мәтін әртүрлі ерекшелігіне сай таңдалады:

- 1) Үйренетін тілдің айрықша белгілері мен тілдік ерекшелігіне қарай;
- 2) Тақырыбына қарай;
- 3) Мазмұнына қарай;
- 4) Қатысымдық тұлғалардың құрылымына қарай.

Жалпы аудиомәтінді дұрыс таңдап алу – бүкіл тыңдалым процесінің сапалы өтуіне әсер ететін бірден-бір пайдалы алғышарт. Мәтін өте қиын болса, ол оқушылардың түсінбеуіне әкеліп соғады. Егер өте жеңіл болса, тіл үйренушілердің қызығушылығын жойып, оларды жалықтырып жібереді.

Мәтінмен жұмыс хабарды түсіну дәрежесіне қарай әртүрлі мақсатты көздейді:

1. Мазмұнды толық түсіну.
2. Ең басты ойды түсіну.
3. Бөлшектеп түсіну.
4. Ақпаратты өз қажетіне қарай нақтылап түсіну.

Мәтіннің мазмұнын толық түсіну оның құрамында таныс емес, күрделі лексикалық бірліктер мен тіркестердің аз болуын қажет етеді. Жалпы мәтіннің мағынасы оқушыға тұтас ұғынықты болып, оқушы оны бүтіндей сөйлеу процесінде қолдана білуі қажет. Мәтінді толық түсіну үшін арнайы тапсырмалар беріледі, ол тұтас оқылады, бақылау жүргізіледі, жіберген қателер үнемі түзетіліп отырады.

Мәтіндегі негізгі ойды түсіну кезінде оқушы кейбір білмейтін сөздерге /таныс емес сөздер 2 проценттен аспау керек/ көңіл аудармай-ақ, онда айтылуға тиісті ең маңызды ойды меңгеруге тырысады. Үйренуші мәтінді тыңдап отырып, оның не туралы екенін есте сақтауға көңіл бөледі.

Мәтіндегі басты айтылар ойды толықтыру үшін берілген жекеленген деректерді нақтылап, талдап түсіну – бөлшектеп түсіну деп аталады. Мұндағы әрбір ақпаратты оқушы қажетіне сай пайдаланып, сөйлесім әрекетінде қолданады, жаттайды, жазып алады т.б.

Тыңдалым процесінде оқытылатын мәтін мазмұны мен композициялық құрылым жағынан жүйелі, тұтас түрде ұсынылуы қажет.

Мазмұндық ерекшелігіне қарай:

- а) берілген тақырып оқушыға таныс материалдан жинақталғаны жөн;
- ә) ойдың логикалық жүйесі сақталып отыру керек;
- б) мәтінге қатысты орындалатын жұмыстар нақтылы, анық болып беріледі;
- в) көмекші материалдар, көрнекілік қатар қолданылады;
- г) негізгі ой түйінделіп, оның төңірегіндегі қосымша, қосалқы ойлар соған қатысты жүйелі түрде баяндалады.

Сол сияқты тыңдалым нәтижелі болу үшін, акустикалық ережелерді дұрыс меңгеру де аз рөл атқармайды:

- а) Сөйлемнің фонетикалық норманы сақтап айтылуы.
- ә) Сөз бен дауыстың ырғағы.
- б) Екпін мен дауыс ырғағын дұрыс қою.
- г) Сөйлем мен сөйлем аралығындағы үзіліс.

Сонымен қатар әртүрлі жағдайларға қатысты ерекшеліктердің де әсері бар:

- а) Айтылар ойдың ым, қимыл-қозғалыс сияқты қосымша әрекеттермен толықтырылып отыруы.

- ә) Мезгіл мен орынды дұрыс тандап алу.

Тыңдалымға арналған мәтінмен жұмыс оқытушы мен оқушы арасында жоспарлы іс-әрекет болуын қажет етеді:

1. Жұмыс істеу ережелерімен таныстыру.
2. Тапсырмаларды жүйелі тәртіппен орындау.
3. Аудиохабарды тыңдап, қабылдай білу.
4. Түсінуді қамтамасыз ету және бақылау.

Мәтінді жан-жақты меңгеру үшін берілетін тапсырмалар бірнеше түрге жіктеледі:

1. Мәтіннің мазмұнын түсінуге арналған тапсырмалар;
2. Мәтіннен алынған ақпаратты творчестволық ізденістермен толықтыруға арналған тапсырмалар;

3. Мәтіндегі хабарларды адамдармен қарым-қатынаста, сөйлесуде қолдана білуге арналған тапсырмалар.

Объективтік факторға жоғарыда сөз болған мәтіндік ерекшеліктермен бірге түрлі ортаның жағдайлары да жатады.

Қамтамасыз етуге тиісті жағдайлар мәтінді оқыған дауыстың ырғағы дұрыс, байыпты болуына байланысты. Сонымен бірге дауыстың фонетикалық нормаларға сәйкес, темпі орташа, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы үзілісі анық, сөздің екпіні айқын қойылуын талап етеді. Сол сияқты тыңдалым процесі өтетін дәрісхананың, орынның жақсы болуы да оған әсер етеді.

Субъективтік фактор тыңдаушыға қатысты көптеген ерекшеліктерден

тұрады. Ең алдымен, тыңдаушы әртүрлі ойлау операцияларын басынан өткізеді: талдау, жинақтау, салыстыру, қарсы қою, жалпылау, нақтылау т.б. осы сияқты әрекеттер тыңдау арқылы тілді үйрену әрекетімен қатар жүреді.

Бұл әрекеттердің бәрі тыңдаушыда белгілі бір психологиялық қасиеттердің жетілуін қажет етеді. Осы ерекшеліктерге сай тіл үйренушілерге мынадай қасиеттерді меңгерту керек.

1. Есту қабілетін дамыту.
2. Айрықша ынта мен есте сақтауды қалыптастыру.
3. Сөздің мәнін тез болжап, тануға деген бейімділік.
4. Ішкі сөйлеудің даму деңгейі.

Осы қасиеттер тыңдаушыда тыңдалымға қатысты ерекше ынталылық, қажеттілік ояғанда жетіледі. Мұндай кезде адамның есту қабілеті күшейеді, сезім мүшелері әсерлі болады, бар ынта-жігері бір нәрсеге бағытталады, ойлау жүйесі дамиды. Сөйтіп, оқушының барлық қабілеті бір мақсатта жұмыс істейді.

Сонымен қатар негізгі мақсат орындалу үшін, төмендегідей факторларға назар аударуға тура келеді:

1. Ойлау жүйесінің белсенді қызметі.
2. Жалпы білім жүйесі.
3. Ана тіліне қатысты білім деңгейі.
4. Үйренетін тілге қатысты білім деңгейі.
5. Тіл үйренудің себеп-салдары, қажеті.

Ақпараттың жеке адам үшін, қоғам үшін бағалы болуы жаңа мотивтерді туғызады. Ол өмірдегі қажеттілікке қатысты, тілдік қарым-қатынасты іске асыруға байланысты, тыңдаушының көзқарасына, деңгейіне, мақсатына байланысты сұрыпталады.

Тыңдалымды жете меңгеру үшін қойылатын талаптар:

1. Тыңдауға ұсынылатын мәтінде, әңгімеде, пікірде айтылатын басты ой түсінуге жеңіл болуы керек.
2. Үннің ырғағы мен әуені дұрыс естілу қажет.
3. Тілді жақсы үйрену үшін, тыңдалым бірінші сабақтан бастап, үздіксіз жүргізілуі тиіс.
4. Оқушының тілге қатысты білімі мен дайындығы ескерілген жөн.
5. Тыңдалымға қатысты жұмыстардың бәрі бақылауға алынған дұрыс.

Тыңдалымды меңгерудің әдістемелік екі жолы бар:

- а) Нақты көрініс арқылы;
- ә) Көрнекілік арқылы.

Нақты көрініс белгілі бір орындарға саяхат жасау арқылы т.б. жүзеге асады.

Көрнекілік арқылы тілді меңгеруде мәтінді оқып-үйрену, сурет, фотография, схема, карта арқылы, тілдегі сөздер мен тіркестерді қызықты жолдармен, көрнекілікпен оқыту арқылы іске асады.

Жалпы мәтінді есте сақтап, тілдік қатынасқа қажет жағдайларды меңгеру үшін, әртүрлі әдістемелік жолдар іске асырылады.

Үйренуші мен үйретушінің көзбе-көз не бірін-бірі көрмей қарым-

қатынаста болу ыңғайына қарай тыңдалым екі түрге бөлінеді.

1. Тіке тыңдалым.

2. Аралық тыңдалым.

Тыңдалымда тыңдаушы сөйлеушінің бет пішінің, еріндерінің қимыл-қозғалысын, ымдаған, ишарат білдірген дене қимылын көріп, соған қарап та ойды түсінеді, мән-мазмұнды қабылдайды.

Аралық тыңдалымда тыңдаушының алдында диктордың өзі жоқ, тек дауысы ғана естіледі. Мұнда сөйлеушінің қызметін грампластинкалар, диафильмдер, кассеталар атқарады. Бұл жағдайда көбінесе, сөйлеушінің үніне, дауыс ырғағына қарап түсінуге тура келеді. Сондықтан тыңдалымға үйрету техникалық құралдарды қолдануды талап етеді. Тыңдалымға қатысты пайдаланылатын техникалық құралдардың негізі мыналар:

Диафильмдер, киноүзінділер, оқулық кинофильмдер, пластинкалар, таспаленталар, фоножазбалар, бейнетаспалар т.б.

Тыңдау арқылы сөзді толық қабылдауға, үйренуге кедергі келтіретін шарттар:

1. Тілдік ортаның жоқтығы немесе біржақты болуы.

2. Көмекші құралдардың /сурет, карта, жоспар, таблица, ым, мимика т.б./ болмауы немесе шамадан тыс көп орын алуы.

3. Оқушының психологиялық ерекшелігі: қабылдау дәрежесі, есте сақтау мүмкіндігі, ынтасы, ойлау қабілеті т.б. ескерілмей қалуына байланысты.

4. Хабардың ішкі мазмұнына, ойды білдіру амалдарына, құрылысына жете көңіл аудармағандықтан, оқушы оны қабылдай алмайды. Осыған байланысты тыңдалымды меңгеруде ұшырасатын кедергілерді жоюдың жолдары:

1. Тыңдаушымен алдын ала дайындық жұмыстар жүргізіледі, сөздік жаттығулар орындалады.

2. Тыңдалымға қатысты сөздік минимум міндетті түрде таныстырылады.

3. Тілдік артикуляциялық дағдысы күн сайын қалыптасып, жетілдіріліп отырады.

4. Сөзді, сөйлеуді қабылдауға ерекше көңіл бөлінеді: сөйлеушінің репликасын дұрыс түсініп, есте сақтау талап етіледі.

5. Кейбір қиын тіркестер тыңдалымнан бұрын оқылым процесінде таныстырылып, қайталанып отырады.

6. Бір тыңдалымдық мәтін әртүрлі тапсырмаларға қатысты қайтадан ұсынылады.

Тыңдалымға қатысты көңіл аударатын мәселелер:

а/ Мәтінді түсінудің түрлерін меңгеру және қажет ойды қабылдау.

ә/ Мазмұнына, құрылысына т.б. қарай мәтінді жіктеп бөлу /әңгіме, баяндау, хабар т.б./

б/ Тақырыпты дұрыс белгілеу.

в/ Мәтіннің көлемін ескеру.

г/ Бақылау арқылы бағалау.

Тыңдалым арқылы тілдік қатынаста игерілетін мәселелер мынадай:

1. Оқушы грамматикалық құрылымдардың, тіркестердің, сөздердің

формаларын есту арқылы ажырата білуі және түсінуі керек.

2. Өткен материалдың барлығын есте сақтау және ұғуы қажет.

3. Оқушы пленкаға жазылған сөздерді бірден түсініп, аударуы қажет.

4. Сөйлеушінің ойын нақты, тез меңгеріп түсінуі керек.

5. Мәтінде белгісіз сөздер кездесе де, оның жалпы мазмұны мен мағынасын ұғуға тырысу керек.

Тыңдалым процесіне қатысты жүргізілген жұмыстарды, мәтінді, тапсырмаларды тіл үйренушілердің қаншалықты дәрежеде меңгергенін, түсінген-түсінбегенін білу үшін, оқушылардың арасында бақылаудың тестік түрін өткізуге болады. Тестің мынандай түрлері бар: *баламалық тест; таңдамалық тест; қосымшалық тест; сөзжұмбақтық тест; толықтырмалық тест; өлшемдік тест.*

Баламалық тест бойынша, жауаптың үлгілері ия-жоқ, дұрыс-бұрыс түрінде беріліп, оқушы осылардың біреуін ғана тандап алады.

Таңдамалық тестіде бір сұраққа бірнеше (3-4) жауап беріліп, оның біреуі дұрыс, басқалары қайшы болып келеді, тіл үйренуші соның ішінен ең дұрысын тауып, дәлелдеп, тандап алуы керек.

Қосымшалық тест қазақ тілінің жалғамалы ерекшелігін оқушы меңгере алды ма, жоқ па деген сұраққа жауап іздегенде өткізіледі. Сөйлемдер, мәтіндер беріліп, оның сыртында нөмірленген бірнеше жұрнақтар, жалғаулар тізбегі көрсетіледі. Сөйлемдегі қай сөздің қосымшасы түсіп қалған /көп нүктенің орнына т.б./ соны оқушы нөмірлеп тауып, цифрмен белгілейді.

Толықтырмалық тест бойынша жаттығу құрамындағы сөйлемдердің кейбір сөздері не тіркестері түсіп қалады. Түсіп қалған сөздер нөмірмен соңынан беріледі. Оқушы сөйлемнің мазмұнына қарай сөзді тауып, сөйлемді толықтырады.

Бұл жұмысты ауызша да жүргізуге болады. Оқытушы мәтінді оқып тұрып, сөйлемдегі түсіп қалған сөздерді байқату үшін пауза жасайды. Осы сәтте оқушы сол сөзді тауып, өзінің қағазына жазып қояды да, сөйлемнің нөмірімен белгілейді. Мәтін оқылып біткен соң, әр оқушы өзінің тапқан сөзін сөйлемнің арасына қосып оқып, тіл үйренушілер бір-бірімен салыстырып, дұрыс не қате екенін анықтайды.

Сөзжұмбақтық тест тілдегі сөздерді, олардың мағынасын, қолданылу аясын жете білумен байланысты оқушының мүмкіндігін білдіреді. Тестің жауабын шешемін деп отырып, оқушы жұмбақтың мазмұнына, оның құрамындағы сөздердің ішкі мағынасына ерекше ден қояды, әрқайсысына мән береді.

Бұл тест бойынша санмен белгіленген бірнеше жұмбақ пен нөмірленген бірнеше жауаптары, яғни жұмбақтың шешімі беріледі. Оқушы шешімі дұрыс жауапты тауып, олардың сандық белгілерін сәйкестендіреді. Жауаптың дұрыс шешімін оқытушы өзіндегі тестпен салыстырып, тексереді.

Бұдан басқа өлшемдік тест деп аталатын тестің тағы бір түрін бөліп шығаруға болады. Өлшемдік тест – оқушының білім дәрежесін тексеру үшін жүргізіледі. Бұл тест бойынша бір сұрақтың бірнеше жауабы беріледі: бірі –

толық әрі дұрыс, екіншісі – жартылай дұрыс, үшіншісі – жартысынан азы дұрыс, төртіншісі – дұрыс емес т.б. Оқушы осылардың ішінен ең дұрыс жауабын тауып, көрсету керек.

Жалпы ізденіп, ойлана білсе, сөз үйретудің де, жауапты қадағалаудың да, білімді бағалаудың да амалдары әр түрлі. Оны оқытушы өз тарапынан қажетіне қарай қолданады.

Тыңдалым процесі студенттің ынтасын арттыра отырып, тіл үйренуді өз бетімен меңгеруге көп мүмкіндік жасайды.

Айтылым. Тілді оқытудағы ең басты мақсат – оқушыны сөйлеуге, яғни айтар ойын жеткізе білуге үйрету.

Көптеген әдістемелік әдебиеттерде кездесетін «говорение» процесі қазақша «сөйлеу» деп аталынып жүр. Ұлттық әдеби тілімізде сөздің дұрыс айтылу нормаларын «сөз сазы» деп атау да ұтымды орын алған /101,2/. Ұлттық тілде «сөйлеу» деген сөз бірнеше ұғымдарды білдіреді. Біз сөйлесім әрекетінің түрлеріне жататын басқа атауларды ескеріп және «сөйлеу» сөзінің әртүрлі мағыналарын ойластыра келіп, «говорение» деудің орнына «сөйлеу» терминінен гөрі жаңаша «айтылым» деген терминді қолданғанды жөн көрдік. Аталмыш еңбектегі «айтылым» сөзі лингвистикалық-әдістемелік әдебиеттердегі «говорение» сөзінің орнына жұмсалады.

Айтылым – адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің бір түрі. Ол – тілдік қарым-қатынас барысында адамның өз ойын жарыққа шығару процесі, өз сөзін екінші біреуге ұғынықты етіп жеткізуі.

Айтылым, негізінен, бір адамға тән әрекет болғанымен, тілдік қатынаста екі жақты байланыстың болуын қажет етеді. Адам өз ойын екінші біреуге жеткізу үшін айтады, сол үшін сыртқа шығарады.

Сондықтан тіл үйренушіге ойын тіл арқылы жарыққа дұрыс шығаруды үйретпей тұрып, оны сөйлесуге, тілдесуге үйрету де мүмкін емес.

«Сөйлеуге үйрету» немесе «айтылым» дегенде мынадай ұғымға мән беріледі: бұл – адам мен адамның тілдік қарым-қатынаста бір-бірімен тілдесуі, сөйлесуі, яғни бір адамның өз ойын екінші адамға ауызша жеткізу, сөйлеуі, айтуы. Сонымен бірге айтылған ойдың адамға түсінікті болып, оны қабылдау арқылы екінші адамның оған өзіндік реакция жасауы немесе жауап қайтаруы. Мұның өзі сөйлеуге үйретудің тек бір адамға ғана байланысты мәселе емес екенін көрсетеді. Ол тілдік коммуникация арқылы жүзеге асады. Ауызша сөйлесімнің нәтижесінде түсінісуге жол ашылады.

Сондықтан оқушыны қазақ тілінде ойын ауызша жеткізе білуге үйрету деген – ең алдымен өмірде оны екінші адаммен түсінісе білуге үйрету, ойын ауызша жеткізіп қана қоймай, оған жауап ала білуге, өзара ұғынысуға, тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйрету деген сөз.

Айтылым әрекетіне қатысты ең маңызды мәселе – сөзді дұрыс айта білудің заңдылықтарын және қалыптасқан нормаларын меңгеру. Бұл туралы тілші-ғалым Р.Сыздықованың түйген ойларының қай-қайсысы болсын тіл үйренушіге де, оқытушыға да пайдалы: «Тілдік нормалар оның барлық қаттауында: сөздік саласында /лексикасында/, грамматикасында, дыбыстар жүйесінде, стильдік-

көркемдік тәсілдерінде болуы шарт. Норма сондай-ақ тілдің қолданылу түрлерінде де, яғни жазба және ауызша түрде қызмет ету барысында да орын алуы қажет. Сондықтан ана тіліміздің жазба түрімен қатар, ауызша түріне қойылатын талаптардың да күшейе түсуі заңды» [43].

Сөйлесім әрекетіне тән айтылымның қатысымдық табиғатын айқындайтын белгінің бірі – адам мен адамның ұғынысу қажеттігін өтейтін тыңдалым процесі. Ауызша сөйлеу іске асқан жерде есту де, тыңдау да қатар жүреді. Бір адамның ауызша жарыққа шыққан ойы екінші адамның есту қабілетін ұштап, есту мүшелеріне әсер еткенде ғана ұғыныңқы болады. Сондықтан сөйлесім мен естілім екеуі екі түрлі процесс болғанымен, бір-бірімен қатар жұмсалып, қатар жүреді.

Сонымен қатар сөйлесім – тілді үйрену жолындағы маңызды баспалдақ, қажет шарт қана емес, ол – адамзаттың қоғамдағы әлеуметтік орнын, қызметін көрсететін күрделі әрекет. Өйткені сөйлесім әрекеті адамдық қасиетті білдіретін басты өлшемдердің бірі.

Ауызша сөйлеуге үйрету арқылы оқытушы тіл үйренушіні ойын қазақша жеткізе білумен қатар, пікір айтуға, көзқарасын білдіруге де тәрбиелейді. Ауызша сөйлеуге үйрету – тілді жалаң меңгеру емес, адамның жалпы ойлау қабілетін кеңейту, жетілдіру деген сөз.

Осы тұрғыдан келгенде, айтылым процесін меңгеру үшін басты-басты мынадай жағдайларды ескеру қажет.

1. Үйренетін тілде сөйлеуге деген қажеттілік.
2. Қоршаған орта, жағдайдың әсері.
3. Жеке бастың қабілетін ескеру.
4. Сөйлеудің түпкі мақсатын айқындау.

Жалпы ауызша сөйлеуге үйретуде әдіскерлердің ұсынатын белгілері, оған қоятын талаптары түрліше. Сөйлесім әрекетін меңгерудің ерекшеліктері үйрететін тілдің жан-жақты сипатын қарастыруға мәжбүр етеді. Мұндайда әсіресе тілдің қоғамдық мәні мен оқытудың ішкі-сыртқы себеп-салдарлары назар аударуды қажет етеді.

Үйренетін тілде сөйлеуге деген қажеттілік болмаса, тілдік қатынасты жетілдіріп, сөз байлығын игеріп отырмаса, атадан балаға мұра болып келген тіл құндылығын кемітеді.

Сөйлесімге деген қажеттілік оқытушы тарапынан да, оқушы тарапынан да бірдей болу қажет. Және жасанды емес, мүмкіндігінше тілдік қарым-қатынасқа итермелейтін, еркін болғаны абзал.

Мәселен, оқытушы оқушыны сөзге тарту үшін сөйлесуге түрліше қадам жасайды. Ол:

- *Кешке үйде боласың ба?*- десе, оқушы:
- *Жоқ, болмаймын*,- деп, диалогты бірден үзе салуы мүмкін.

Ал егер:

- *Кешке не істейсің? Мен сенің кешке уақытыңның қалай болатынын білгім келеді*,- десе, ол:

- *Мен үйде боламын. Сізге менің қажетім бар ма?*

немесе:

- *Мен кешке футболға барамын. «Уақытыңыз болса, бірге барайық»* немесе *«Маған айтар тапсырмаңыз бар ма?»* т.б.- деуі мүмкін. Осындайdan барып өз-өзінен туындап жатқан сөйлесудің үлгілері пайда болады.

Демек, сөйлеуге үйренудің сыртқы жағдайлармен қатар, ауызша тілдесудің ішкі жағдайларға қатысты қажеттілігі де маңызды роль атқарады. Мұғалім оқыту барысында олардың барлығын ескеріп отыруға тырысады.

Ауызша сөйлеуге үйретуде қоршаған орта мен жағдайдың алатын өзіндік орны бар. Қоршаған орта мен жағдай әртүрлі себептерге байланысты шартты түрде ұйымдастырыла береді.

Сол сияқты сөйлеуге үйрету кезіндегі жағдай жалпылама, не нақтылы болып келуі де мүмкін.

Сөйлеуге үйретуде қоршаған орта мен жағдайдың әсерін ескеру оқу процесін тікелей өмірмен жалғастырады. Сол себепті ситуациялық көрініс өмірде болып жатқан құбылыстарды бірден түсініп, ауызша тіл арқылы жеткізіп беруге жол ашады.

Сабақты өткізу барысында тілдік қатынасты меңгеру үшін алынатын белгілі бір жағдайдың өтетін орны мен мерзімі анықталады. Содан кейін сабақта сөйлесімді атқаратын кейіпкерлер белгіленеді. Әр оқушы өзіне тиесілі кейіпкерлердің роліне кіріп, жағдайға байланысты ойын жарыққа шығарып айта бастағанда, басқалары оған сай жауап қайтарады. Сөйтіп сөйлеу жүзеге асады. Сөйлесімдік ортаға қатысты жағдай одан әрі жалғасады т.б. Мұндайда сөйлеудің барлық формалары /монолог, диалог, полилог/ сөйлеушілердің ыңғайына қарай атқарыла береді.

Қазақ тілінде сөйлеуді меңгеру оқушының жеке басының қабілетін ескеріп, соны дұрыс бағыттаумен тығыз байланысты жүреді. Олардың әрқайсысының өзіне тән мінезі, сезімі, қабылдауы, зеректігі, қызығуы, жақсы көретін және жек көретін құбылыстары бар. Осыған қарай олар сөйлеуде не белсенді, не енжар болады; кейде тез, кейде баяу, әрекет жасайды. Сондықтан сөйлеуге үйретуде оқушының жеке басына тән өзіндік қасиеттерін, мінез-құлқы мен қабілетін үнемі ескеріп отыруға тура келеді. Мұның өзі әр оқушымен жеке-дара жұмыс істеуге, әрқайсысымен тиімді қарым-қатынаста болуға мәжбүр етеді. Сонда ғана тіл үйренудің сапасы артады.

Ауызша сөйлеуге үйрету – айтылар ойдың түпкі мақсатын анықтап алумен тығыз байланысты, өйткені сөйлеу кезінде сөйлемдер қалай болса солай, бет алды айтыла берсе, ой жүйесіз, түсініксіз болады. Түсініксіз, жүйесіз айтылған сөз дұрыс қарым-қатынас тудырмайды. Сондықтан екінші біреуге арнап айтылған ауызша сөйлеу оған түсінікті болу үшін, белгілі бір мақсатты қатысымдық мақсат деп есептей отырып, оның тілдік қарым-қатынастың сапалы орындалуына себін тигізетіндігін ескерген жөн.

Айтылым әрекетін меңгеруге қойылатын талаптар:

1. Тіл үйренуші мен тіл үйретуші арасындағы қарым-қатынас екі жақтың да өзіне-өзі сенген тең тұстас, тең пікірлесушілер дәрежесіне жету керек. Үйренуші де, үйретуші де бірдей дәрежеде пікірлесіп, әрқайсысының сөйлеу

мәнеріндегі артықшылығы мен кемшілігі көзге ұрып тұрмағаны жөн.

2. Айтылым процесіне сәйкес сөйлеуге үйрету кезінде қоршаған ортада жайлы психологиялық жағдай орнықтырудың ерекше маңызы бар. Мұндай психологиялық климат тіл үйренушінің сабақта өзін еркін сезінуінен, ойын тура айта білуінен және өзіне қандай материал, айту мәнері ұнайтынын өзі ұсына білуінен көрінеді. Ол оқушының мұғалімге өз пікірін еркін өткізе білуіне байланысты. Мұнда оқушы білетінін құр жаттанды түрде айтып берудің зиянды, пайдасыз екенін өзі түсінеді. Сөйтіп, оқушы мен оқытушы ауызша сөйлеуге үйренудің тиімді жолдарын бірігіп іздестіретін болады.

3. Сабақта пікірлесудің, ауызша сөйлесудің барлық түрлері қатарынан қолданыла береді. Мысалы, *хабарламалық*: әрбір оқушы өзінің ойын, идеясын, көңіл-күйін, көзқарасын, ұсыныс-пікірлерін айтады; *ақпараттық*: сөйлеушілер газеттен, баспадан оқыған материалдарын, білетін жаңалықтарын ортаға салады; *белсенділік*: тілдік қатынаста кейбір оқушылар пікірлесуден үстемдік алып, басқа оқушыларды өз айналасына топтастырады.

4. Күнделікті өтілетін сабақта және жалпы оқыту процесінде біртұтас жүйелілік, ұйымдастырушылық, арнайы әдістемелік бағыт, байланыстылық болу керек.

Мұндай шарттың іске асуы тіл үйретуге байланысты әдістемелерге де, тілдік қатынастың ерекшеліктеріне де, оқытудың жүйелік қағидаларына да сәйкес келеді. Сонымен, айтылым – санамен қабылданатын сыртқы дүниенің әсерін ауызша сөйлеу арқылы жарыққа шығаратын, қатысымдық тұлғаларды қамтитын күрделі сөйлесім әрекеті.

Тілдесім. *Тілдесім – сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын ерекше құбылыс.* Ол тілдік қатынастың ең маңызды көрсеткіші бола келіп, оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалымның іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік жасайды. Тілдесім арқылы оқу, жазу, тыңдау, сөйлеуге үйрету жүзеге асады, оларға қатысты жұмыстар атқарылады.

Тілдесім (общение) – айтылым және жазылымның өзара бірлігінен құрала келіп, қандай болмасын ақпарат (информация) негізінде адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі. Бұл қарым-қатынаста оқылым мен тыңдалымның да тыс қалмайтындығы өзінен-өзі белгілі.

Тілдесім – адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы. Мұнда пікір алмасу ауызша (айтылым) түрде де, жазбаша (жазылым) түрде де іске асып, белгілі бір ақпарат адамдар арасындағы қарым-қатынасқа мүмкіндік туғызады.

Тілдесім арқылы адамдар білетін ақпарат-деректермен алмасады, олар тілді меңгеріп қана қоймайды, сонымен қатар өмірлік тәжірибелерді, дағдыларды, жақсы іс-әрекеттерді де бір-бірінен үйренеді.

Тілдесім тіл үйренушілерді рухани қарым-қатынасқа жетелейді, тілдесу арқылы олар бір-бірімен ой бөліседі, пікірлеседі, түсініседі.

Тілдесім процесі оқушының жеке басына тән сенімділіктің пайда болып, оның қоғамдағы орны мен санасының қалыптасуына, басқалардан

ерекшеленген, өзіндік жеке қасиеттердің жетілуіне әсер етеді. Өйткені әрбір адамда басқа адамдармен араласуға деген табиғи қажеттілік болады. Олар тілдесу арқылы өзінің бойында жиналған білімді, тәжірибені екінші біреуге жеткізеді; мінезін, қабілетін, өз ойын аңғартады.

Тілдесудің нәтижесінде адамдар көңіл-күйлерін бөліседі, бірінің жан дүниесінен екіншісі хабардар болады, біріне-бірі қол ұшын береді. Ол да өмірдегі ең маңызды факторлардың бірі.

Тілдесім – адамдардың бір-бірімен түсінісуі ғана емес, сонымен қатар бір-біріне ойы, көзқарасы, пікірі т.б. жағынан ықпал етуі. Бұл – қоғамда қызмет етіп, өмір сүруші адамдардың тіл арқылы барлық жағдайға байланысты өзара әсері.

Тілдесім арқылы болатын әсер әртүрлі болуы мүмкін:

- а) жағымды не жағымсыз әсер;
- ә) ашық не жасырын әсер;
- б) тікелей не аралық әсер;
- в) негізгі не қосалқы әсер;

Адамдардың бір-бірімен қандай мақсатпен, қалай сөйлесуіне байланысты тілдесім түрліше болады. Осы тұрғыдан келгенде, оларды мынадай деп жіктеуге болады:

1. *Ресми тілдесім.*
2. *Бейресми тілдесім.*
3. *Қалыптасқан тілдесім.*
4. *Кәсіби /мамандыққа қарай/ тілдесім.*
5. *Әлеуметтік тілдесім.*
6. *Дербестік тілдесім.*

Ресми тілдесім – тіл үйренушілерге ресми қарым-қатынастың элементтерін үйрету, ондағы сөз қолданыстарды, ситуацияларды, ресми материалдарға қатысты меңгерту.

Бейресми тілдесім – оқушыларды ресми емес, күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін, адаммен қарапайым қарым-қатынастың элементтерін білуге үйрету. Бұл – өмірде болатын кез келген жағдайда таныс болсын, бейтаныс болсын ұшырасқан адаммен тілдесе білу, сөйлесе білу деген сөз.

Қалыптасқан /формальды/ тілдесім – әр адамның өмірдегі өз орнына сай бір-бірімен тілдесуі, түсінісуі. Адамдар жастың өсуіне қарай – бала, әке, ана, туыс т.б. тәрізді табиғи кезеңдерден өтеді. Олардың әрқайсысының қалыптасқан өзіндік ролі бар. Адамдардың осындай қарым-қатынасына негізделген сөйлесуді қалыптасқан тілдесім деп атауға болады. Өсе келе әр бала әке не ана болады, аға не әпке болады, бұл – күнделікті адамдық қарым-қатынастың ең негізгі және ең жиі кездесетін үлгілері, адамдар осы тұрғыдан да бір-бірімен тілдесіп, түсінісе білуі заңды.

Кәсіби тілдесім – тіл үйренушілерге белгілі бір мамандықтың саласына байланысты сөйлесудің үлгілерін, мамандыққа қатысты сөздерді, тілдік қолданыстарды, терминдерді үйрету. Оқушылар арасындағы тілдік қатынасты әртүрлі мамандық иелерімен қалай сөйлесіп, тіл табысуға болады, соған қарай құруға тура келеді.

Адамның қоғамдағы орнын, беделін, қызметін ескере отырып құрылатын тілдік қарым-қатынас – әлеуметтік тілдесім болып табылады. Мұнда сөйлеуші адамдар бір-бірінің қоғамдағы әлеуметтік роліне, атқарып отырған қызметіне, жасына, жолына т.б. қарап тілдеседі. Қазақ тілін үйренушілерге мұны да білудің өмірлік қажеттігі бар.

Дербестік тілдесім – адамның қызметіне, беделіне, әлеуметтік орнына қарамай, жеке басының қасиеттеріне қарай, өзіне тән барлық ерекшеліктерін ескере отырып, тілдесу, сөйлесу. Бұл – кісінің жеке адамшылығын, білгірлігін, ақылдылығын танып, оны үйрене білумен қатар жүреді. Дербестік тілдесім – оқытушы мен оқушының тең дәрежеде, бірін-бірі құрметтей, бірінің кісілігін бірі танып тілдесуге мүмкіндік жасайды, тілдік қатынасты арттырады, адамдардың өзара достасуына, түсінісуіне жол ашады. Сондықтан мұндай тілдесімді меңгерген бүгінгі шәкірт ертең жақсы ұстаз болатындығына сенуге болады.

Әрине, тілдесім процесі тілдік қарым-қатынасты іске асырудың амалдарын, тәсілдерін, жолдарын меңгеруге де тікелей байланысты. Бұл ретте тіл үйренушінің адамдармен тез тіл табыса білуі немесе мінез-құлқы да елеулі роль атқарады. Тілдесім әрекеті кезінде адаммен тез түсінісу үшін, мынадай қасиеттерді ескеру керек:

- а) Сөйлесуші адамның көңіл-күйін сезіну және білу.
- ә) Тілдесуші адамдардың бір-біріне деген құрметі, сыпайыгершілігі.
- б) Адамды сөзге тарта білу.
- в) Әңгімелесу кезінде сөйлесушіні қолдай білу, шабыттандыра білу.
- г) Пікірлесуді жалғастыра білу т.б.

Жалпы адамдар арасындағы тілдесімнің кең тараған түрі бар:

1. Ақпараттық.
2. Ықпалдастық.
3. Қабылдамалық.

Ақпараттық – сөйлесім әрекеті кезінде адамдардың бір-біріне мағлұмат бере отырып пікірлесуі; оймен, идеямен, әртүрлі хабарлармен алмасуы.

Ықпалдастық – тілдесім кезінде адамдардың бір-біріне дәлелді пікірмен әсер етіп, тілдесушілердің бір-біріне ықпал етуі.

Қабылдамалық – тілдесім процесінде адамдардың бірінің пікірін, ойын екіншісінің қолдануы, қабылдауы.

Оқушыға үйретілетін тілдесім процесінің ішкі мазмұны қандай мәселе төңірегінде болмасын ертең өмірде қажетке жарайтын қатысымдық мақсатты іске асыратын проблемаларға қатысты болу керек. Мұндай мәселелер, әрине, көп және әр қилы. Дегенмен, өмірде жиі ұшырасатын бірнеше тақырыптарды атап өтуге болады:

1. Қоғамдық-әлеуметтік оқиғалар.
2. Соңғы жаңалықтар.
3. Көпшілік қауымға ортақ ақпараттар.
4. Белгілі бір нәрсеге көзқарас.
5. Ой иірімдері. Толғаныстар.
6. Пікірталас.

7. Көпшілік назар аударатын жаңалықтар /Сенсация/.

8. Тіршіліктің қосалқы жақтары т.б.

Тілдік қатынастың негізі – сөйлесім әрекеті мен оның түрлерін меңгеру болса, сөйлесім әрекетінің нәтижесі тілдесім үрдісін игеруден тұрады. Өйткені тілдесім процесі сөйлесім әрекетінің барлық түрін іске асырумен және сөйлесім әрекетінің ерекшеліктерін меңгерумен байланысты: тілдесім арқылы оқыту, тілдесім арқылы жазғызу, тілдесім арқылы тыңдату, тілдесім арқылы айтқызу. Сондықтан тілдесім – барлық оқыту процесінің маңызды тірегі, қажетті шарты.

Оқыту, үйретуге қатысты тілдесім екі түрлі болады:

I. Тікелей тілдесім.

II. Жанама тілдесім.

Тікелей тілдесім – адамдардың бір-бірімен көзбе-көз, ауызба-ауыз, бірін-бірі тікелей көру арқылы тілдесуі; оқытушы мен оқушының тікелей көзбе-көз қарым-қатынасы. Тікелей тілдесім кезінде оқушы мен оқытушы бірін-бірі көзбен көріп, құлақпен естіп отырады. Мұнда тіл үйренушінің әр қимылы, ишарат белгісі, бет әлпеті – бәрі оқушыға тікелей әсер етеді.

Жанама тілдесім – тіл үйренуші мен үйретушінің бірін-бірі көрмей-ақ, берілген тапсырмаларды орындап, қажетті жұмыстарды атқару арқылы қарым-қатынаста болуы. Мұнда адамдар тікелей сөйлеспейді, аралық амал-құралдар арқылы жанама тілдік қатынаста болады.

Тікелей тілдесім сөйлесім әрекетінің оқылым түрінде көп қолданылатын болса, жанама тілдесім жазылым мен тыңдалымға қатысты жиі пайдаланылады. Мұның өзі тілдесімнің сөйлеу әрекетінің барлық түрлерімен байланысты екенін және олардың әрқайсысының бірінсіз екіншісінің жүзеге асуы тиімсіз екенін көрсетеді. Солардың барлық түрі бүтін бір жүйемен қатар қолданылғанда, оқыту процесі де сапалы болады.

Тікелей тілдесім үш түрлі қалыппен орындалады:

1. Жұптық.

2. Топтық.

3. Ұжымдық.

Тікелей және жанама тілдесім екі түрлі жолмен жүзеге асады. Содан тілдесімнің екі түрлі қолданылу жолы келіп шығады:

1. Ауызша тілдесім.

2. Жазбаша тілдесім.

Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар.

Ауызша тілдесімге тән ерекшеліктер:

1. Дауыс ырғағының әсері.

2. Қосалқы қимылдың /ым, ишарат, дене қозғалысы, бет-әлпеттің өзгерісі және т.б./ жан-жақтылығы.

3. Сөйлегенде үннің қарқындылығы /темп/.

4. Тілдесушімен екі арада болатын байланыс /контракт/.

5. Сөйлеу кезінде кідіріс, үзіліс, жиілік, баяу, қатты т.б. сол сияқты амалдарды дұрыс сақтау.

6. Мазмұн мен мағынаның айқын, түсінікті болуы.

Жазбаша тілдесімнің ерекшеліктері:

1. Сөйлемнің құрылысына ерекше назар аудару.
2. Сөздерді таңдап қолдану.
3. Ойды асықпай, ойланып-толғанып, жоспарлап, жүйелеп жеткізу.
4. Тыныс белгілерді дұрыс қою.

Тілдесім әрекетінің атқаратын қызметі – тілдік қарым-қатынасты жүзеге асыру. Тілдесімнің қатысымдық қызметін ішкі ерекшеліктеріне байланысты саралайтын болсақ, онда оларды төмендегідей деп жіктеуге болады.

Тілдесімнің атқаратын функциялары /қызметтері/ мынадай:

1. Әлеуметтік қызмет.
2. Танымдық қызмет.
3. Мағлұматтық қызмет.
4. Қоғамдық не қауымдық қызмет.
5. Эмоционалдық қызмет.

Әлеуметтік қызмет – тілдесім арқылы адамның ой-пікірі, көзқарасы әлеуметтік дәрежеге көтеріледі. Тілдесім әрекеті адамға қоғамдық ортадан өз орнын табуға көмектеседі, адамдармен пікірлесуге, түсінісуге жол ашады. Сонымен бірге қоршаған орта адамға әсер етіп, тілдесу арқылы оқушының сана-сезімі өседі, адам өзін қоғамдық ортада дұрыс ұстауға үйренеді, мәдениетті сөйлеуге, үлкендердің тағылым сөздерін жадында сақтауға тырысады.

Танымдық қызмет – тілдесудің нәтижесінде тіл үйренуші білмегенін біледі, үйренеді, әртүрлі адамдарды таниды, көреді, кісі бойындағы жақсылыққа үйренеді, жақсы сөзді жаман сөзден ажыратады, дұрыс іс-әрекетті нашар әрекеттен айырады, жалпы танымдық қасиеттерді меңгеріп, өз бойына сіңіруге мүмкіндік алады.

Мағлұматты қызмет – тілдесудің негізгі қағидаларын меңгеру арқылы оқытушы мен оқушы ақпараттық материалдармен танысады. Сол сияқты әртүрлі мағлұматтармен алмасады. Өмірде кездесетін көптеген хабарлар жөнінде пікір алысады.

Қоғамдық қызмет – тілдесу арқылы адамдар бірігіп, ортақ мақсатты іске асырады, топталып, ұйымдасып жұмыс істейді; қоғамдық істер атқарады; ұжымдық күрделі әрекеттерді ұйымдастырады. Осындай жолда бір-бірімен түсініседі, пікірлесіп, сөйлеседі т.б.

Эмоционалдық қызмет – тілдесім адамдардың бір-бірімен сезімін, көңіл-күйін бөлісуге мүмкіндік жасайды. Сөйлесу, білісудің нәтижесінде бірінің мінезін екіншісі түсінеді, соған қарай әрекет етеді.

Жалпы кез келген адам тілдесе келе, басқалармен пікірлесіп, оның жан-күйін сезінеді. Сол сияқты тілдесу арқылы өз ойын, қиындығын адамдармен бөліседі. Қуанған адам қуанышын біреуге жеткізіп, басқа адамдарды өзімен бірге қуантады т.б.

Сонымен тілдесім – тілдік қатынаста маңызды орын алатын адамзатқа тән ерекше күрделі процесс.

Оқу пәнінің жаңа мазмұнын құрылымдаудың негізгі қағидалары

Қазақ тілін оқытуда негізгі білім мазмұны антропоэзектілік, құрылымдық-функционалдық, салыстырмалы-тарихи парадигма аясындағы лингвистикалық білім мен тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметін анықтайтын лингвистикалық білім өзара бірлікте, сабақтастықта жүйеленеді. Лингвистикалық білім мазмұнын оқушының жас ерекшелігіне, танымдық деңгейіне қарай жүйелілік принципі бойынша саралау қажет. Антропоэзекті парадигма аясындағы қазақтың бүкіл болмыс-бітімі, сана-сезімі, дүниетанымы, ұлттық мәдениеті мәтін талдау арқылы анықталса, мәтін бүгінге дейін тілдің құрылымын қалыпқа келтірген, міндеттелген тұрақты тілдік заңдылықтар жүйесіне негізделген, тілдің қолданысына жүйелі тәртіп орнататын қатаң норма арқылы бекіп қалыптасқан, орныққан, хатталған заңдылықтар арқылы өз алдына теориялық білімдер жүйесін құрап, тілдің құрылымдық-функционалдық парадигмасын айқындайды.

Тілдің нормалануы, қалыптасуы мен даму тарихы, генетикалық шығу тегі салыстырмалы-тарихи парадигмада жүйеленеді. Осы үш парадигмадағы білімдер жүйесі тілдің қоғамдық-әлеуметтік қызметінен (ана тілі- ұлт тілі, мемлекеттік тіл) туындайды. Олар өзара тұтастықта келіп, лингвистикалық білім мазмұнын құрайды. Сондықтан оларды өзара бірлікте, тұтастықта оқыту керек. Мәтінді оқытуға негіз болатын тілдік құрал ретінде алғанда оның өзіндік белгілері, категориялары, тұлға-бірліктері арқылы тілдегі адам факторын, яғни антропоэзекті парадигма аясындағы білімді беруге болады.

Мәтіннің құрылымдық тұлға бірліктері тілдің құрылымдық-функционалдық жүйесіндегі тілдік нормаға бағынатындықтан дыбыс, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін теориясына заңдылықтарды өзара тұтастықта, бірлікте оқытуға болады. Олардың салыстырмалы-тарихи сипатын да сабақтастырып оқыту білім мазмұнының біртұтас жүйесін бірізділікпен құрастыру қажет. Сонда әлемдік лингвистикада кеңінен қолданылып жүрген «дүниетанымнан сауаттылыққа қарай», «мағынадан формаға қарай» ұстанымы бойынша коммуникативтік-функционалдық, коммуникативтік-танымдық оқытудың жүйесі жасалады. Дәлірек айтқанда, антропоэзектілік парадигмадан құрылымдық-функционалдық және салыстырмалы-тарихи парадигмаға жылжу арқылы лингвистикалық білім берудің жүйесі шығады. Оқыту құралы мәтін болып табылады. Антропоэзектілік парадигма аясындағы білімдер жүйесін **дискурстық әдіс** (мәтінге дискурстық талдау жасау түрлері), ал құрылымдық-функционалдық және салыстырмалы-тарихи парадигмадағы білімдер жүйесін тілді талдау әдісі арқылы оқыту маңызды [19].

Тілді талдау әдісі грамматиканы оқығанда, емле, сөздік жұмыстарын жүргізгенде мәтін тілін талдағанда қолданылады. Ол тілді байқау әдісі, грамматикалық талдау әдісінен тұрады.

Тілді байқау әдісі қандай да бір тілдік материалды оқып үйрену процесіндегі кезеңдердің (көбінесе бас кезінде) бірі болып есептеледі. Байқау әдісі тілдің әртүрлі жақтарын – грамматикасын, стилистикасын, орфография, сөздік, фразеологиясын қамтиды да оларды мәтіннен тауып бөліп алуға, оларды қандай да бір белгілеріне қарай сұрыптап салыстырудан, баяндаудың мақсаты мен мазмұнының өзгеруіне байланысты сөз формаларының, сөз тіркесінің,

сөйлем құрылымының өзгергендігін жоспар бойынша өткізеді. Кейін қорытындылар мен ережелерді оқушылардың түсініп, саналы меңгеруіне әзірлік жасалады. Тілді байқау әдісі қандай да бір ережені немесе құбылысты оқып үйренгеннен кейін де жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда байқаудың мақсаты ережені дәлелдейтін, бекітетін фактілер көлемін кеңейту, оқушылардың тілін байыту болып табылады.

Грамматикалық талдау әдісі. Мұнда оқушылар мәтіннен белгілі бір грамматикалық құбылыстарды табады (тұтас сөйлем, оның бөлшегі сөз тіркестері, сөйлем мүшелері жеке морфемалар) оларды нақты белгілеріне қарап түр-түрге бөліп (жаттығудың мақсатына сәйкес) толық грамматикалық сипаттама береді. Бұл оқушылардың логикалық ойлауын дамытуға, жекелей алғанда талдау қабілетін дамытуға жетелейді. Олардың назары мен еркін тәртіпке келтіреді, өздігінен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастырады, грамматикалық білімдерін қайталаудың, бекітудің және мәтін түзудің жақсы құралы болады. Грамматикалық талдау әдісі оқушылардың санасында грамматикалық жаңа мағлұматтарды, ережелер мен анықтамаларды, олардың қалыптасып, даму тарихын жеткізудің тиімді жолдарын көрсетеді. Бір мезгілде көптеген бірыңғай фактілермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Бұлардың жай қайталануының өзі оқылып жатқан тіл деңгейінен (лексика, фонетика, морфология, сөзжасам, синтаксис, стилистика) алған білімді сенімді түрде бекітуге қызмет атқарады. Талдауға арналған мәтін бұрын өтілген тілдік деңгейлердің әртүрлі фактілерін енгізуге мүмкіндік береді, уақытты үнемдеуге жағдай жасалады. Өйткені кей жағдайда бекітілуге тиісті жұмыстың біраз бөлігін үйде тапсырма ретінде беріп, орындатуға болады. Грамматикалық талдау оқушылардың жас ерекшеліктері мен қабілетіне, тілдік даярлығына қарай мөлшерлеп беріледі. Грамматикалық талдау – мұғалімнің әр сыныпқа, сондай-ақ жекелеген оқушыға да даралап жол табуын талап ететін әдіс.

Қазақ тілін оқытуда қолданылатын лингвометодикалық әдістің бір түрі – **тілдік іс-әрекет әдісі**. Бұл әдіс әлемдік деңгейде кеңінен қолданылатын айтылым, тыңдалым, жазылым, оқылым әрекеттері арқылы жүзеге асады. Тілді қолданудағы лингвистикалық іс-әрекет (НХомский, ДЖ.Р. Андерсон) түрлері ретінде орныққан сөйлеу әрекеті түрлерін тілдің функционалдық жүйесіндегі лингвистикалық заңдылықтарды оқытуда қолдану тиімді. Атап айтсақ, тыңдалым, айтылым әрекетін фонетикалық заңдылықтар мен интонациялық компоненттерге, орфоэпиялық нормаға байланысты білім беруде, ал оқылым, жазылым әрекетін бір сөздің бірнеше мағынада жұмсалуды, көп мағыналылық, сөздердің мағыналық топтарға жіктелуі, орфографиялық норма заңдылықтарын оқытуда қолдануға болады. Мысалы, *Абай ағамды аса қадірлеуші еді* деген сөйлемді екі түрлі интонациялық кідіріспен айтсақ, сөйлемнің ақпараттық семантикасы екі түрлі болады. Салыстырыңыз: *Абай // ағамды аса қадірлеуші еді; Абай ағамды // аса қадірлеуші еді*. Бірінші сөйлемдегі интонациялық кідіріс сөйлеп тұрған адамның ағасын Абай қадірлейтіні туралы ақпаратты беріп тұр. Екінші сөйлемдегі интонациялық кідіріс сөйлеушінің ағасы Абай екенін, оны басқа біреудің аса қадірлейтіні туралы ақпаратты жеткізіп тұр. Тілдегі осындай

құбылыстарды айтылым, тыңдалым әрекетін қолданып оқытса, оқушының түсінуіне, қабылдауына өте жеңіл болары сөзсіз. Сол сияқты *ай* сөзінің қандай мағынада жұмсалғанын оқылым әрекеті арқылы ғана анықтата аламыз. Мысалы:

Күн жоқта кісімсінер жұлдыз бен **ай**,
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай.
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,
Өңі қашып бола алмас бұрынғыдай (Абай)
Болмады көріп қалуға,
Есітіп біраз сөзіңді.
Шыдар ем бір **ай** жатуға,

Ұзақ түн жұмбай көзімді (Абай). *Ай* сөзінің қай мағынада жұмсалғанын тек мәтінді оқу арқылы ғана ажыратуға болады.

Лингвистика мен психология ғылымында кеңінен танылған тілдік іс-әрекет түрлерін профессор Ф.Оразбаева тілді оқыту, үйрету процесінде қолданылатын әдіс ретінде тануға болатынын дәлелдеп, сөйлесім әрекеті деп атады. Оны оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім ретінде беске бөлді [42]. Қазіргі күні сөйлеуге үйретудің тиімді тәсілі ретіне орнықты. **Оқылым** әрекеті тілдік материалды түсініп оқу, мәтіннен өзіне керекті фактіні іздеп табу, материалдың не туралы екенін қысқаша анықтап беру, шығарманың мазмұнымен қоса, лингвистикалық ерекшелігіне талдау жасау үшін қолданылатын тәсіл болса, **жазылым** әрекеті – оқушының айтар ойын тілдік-қатысымдық бірліктерді қолданып, басынан аяғына дейін толық жаза білуі, көзқарасын, пікірін қағазға түсіріп жеткізу үшін тиімді тәсіл, **тыңдалым** әрекеті аудиомәтіннен мағыналы, маңызды ақпаратты ұғып алып, қажетке жарату мақсатында қолданылатын тәсіл болса, **айтылым** әрекеті газет, баспа т.б. ақпарат көздерінен оқыған материалдары бойынша әрбір оқушы өзінің ойын, идеясын, көңіл-күйін, көзқарасын, ұсыныс-пікірін айту, ойын ортаға салу үшін қолданылады, ал **тілдесім** – жұптық, топтық жұмыстар жүргізгенде сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін пайдаланып, дәлелді пікірлер, тың идеяларды жеткізу арқылы бірінің ойын басқалардың қабылдауын, қолдануын көрсететін тәсіл. Сөйлесім әрекеті әдісінің қазіргі интербелсенді оқыту талаптарын жүзеге асыруда пайдасы мол.

«Қазақ тілі» пәнін оқытудың лингводидактикалық, линвометодикалық қырлары оқытудың негізгі бағыт-бағдары болса, оны білім берудегі инновациялық технологиялармен тоғыстыру аса қажет. Атап айтқанда, Ж.Қараевтың деңгейлеп-саралап оқыту технологиясын қолдану тиімді [20].

Бұл технология қазіргі білім берудегі 4К моделімен (креативтілік, сыни ойлау, коммуникация, координация немесе кооперация) сабақтасып, оқушылардың қарым-қабілетіне қарай тапсырмаларды жүйелеп, олардың белсенділік танытып, дамуына мүмкіндік береді. «Үйренушілік» (Репродуктивтік) деңгей арқылы барлық оқушы білуге міндетті білім мазмұны айқындалса, «алгоритмдік» деңгейде оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіретін түрлі деңгейдегі проблемалық тапсырмаларды құрастырып, оны шешу арқылы оқушылардың қабілетін дамытуға болады. «Эвристикалық» деңгейде өтілген

материалдарды анықтамаларды, ережелерді, тілдік заңдылықтарды тұжырымдауға, өзіндік ой-пікірін көзқарасын айтуға арналған тапсырмалар беріліп, оқушылардың сыни ойлауға үйретуге болады. «Шығармашылық» деңгейде белгілі бір тақырып бойынша жазбаша түрде есеп беру, эссе, каталог, хат, газет мақаласын дайындау; визуалды түрде альбом, жоспар, карта, сызбанұсқа, нобай сызбасы, постер, сурет, анимация дайындау; ауызша түрде таныстырылым, дебаттар, пьеса, дыбыс жазбасы, бейне ролик, және т.б. дайындай алатын креативті ойлауға қабілеті оқушы тәрбиелеуге болады.

«Қазақ тілі» пәнін оқытуда басшылыққа алынған лингводидактикалық, лингвометодикалық, инновациялық технологиялар оқушылардың академиялық білім алуымен қатар, сөйлеу мәдениетін игеруіне, функционалдық сауаттылыққа қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Нәтижесінде оқушылар қазіргі заманда табысқа жетуі үшін талап етілетін сын тұрғысынан ойлау, кешенді тапсырмаларды шеше алу, проблеманы шешу, шығармашылық тұрғыда ойлай алу, адамдарды басқара алу, командамен жұмыс жасай алу, өзінің және басқалардың эмоциясын тани білу, пікірлер қалыптастыра білу және шешімдер қабылдай білу, әріптестеріне көңіл аудара білу, бір тапсырмадан екінші тапсырмаға тез ауыса алу сияқты негізгі дағдыларды игереді.

«Қазақ әдебиеті» бойынша

Осы кезеңге дейінгі отандық әдебиеттану базасына жинақталған еңбектерді қарастырғанда зерттеулердің көбісі А.Байтұрсынов, М.Әуезов, Б.Кенжебаев, Б.Қаратаев, Е.Ысмайылов, Қ.Жұмалиев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Р.Нұрғали, Т.Кәкішев т.б. ғалымдар қалыптастырған дәстүрлі зерттеу методологиясына негізделген.

Көркем мәтінді әдебиеттанулық аспектіде зерттейтін бұрынғы дәстүрлі талдау әдістері қазіргі күн тұрғысынан қарағанда аясын кеңейтуді, кешенді сипатқа айналдыруды қажет етеді.

Көптеген ғылым салалары, әсіресе, гуманитарлық бағыттар басты нысаны ретінде адамды зерттеуге, концепт категориясының мазмұнын түсіндіруге талай жылдарды сарп етіп келеді. Адамның ыңғайлы өмір сүруі, оның тіршіліктегі хал-жағдайын жақсарту және күрделі мәселелерін шешуге ұмтылу жолында зерттеулер кешені қалыптасқан. Яғни, адам – қай кезде де әлемнің орталығында тұратын нысан. Әдебиет те, оның ішінде поэзия, проза, драма т.б. жанрлар адамның рухани-моральдық тұрғыда кемелденуі және адам жанын ізгілендіру мақсатында өмірге келетін өнердің бір түрі – сөз өнері. Зерттеушілер көркем туындының бұдан басқа да көптеген қызметтерін алға тартады. Маңыздысы, қашан да «әдебиеттің предмети – адам» [40].

XXI ғасыр ақпараттық технология мен интернет құбылысының қарқынды дамыған дәуіріне айналды. Бүгінгі қоғамдағы адам екі әлемде (шынайы және онлайн/виртуалды) өмір сүріп жатқандай қабылданады. Бір қызығы, екі әлемнің бір-бірімен қабыспайтын тұстары да көптеп кездеседі. Мысалы, физикалық өмірде адам тамақтанып, тынығып, ары-бері қозғалысқа түсіп, әрекет етсе, сандық әлемдегі қимылдары, көп жағдайда, менталды үдерістерімен, ой-сана,

таным, интеллектілік қызметімен байланысып жатады. Мысалы, компьютерлік бағдарламаларды құрастыру, ақпараттық құрылғылардың сан алуан түрін ойлап табу, бағдарламаларға код жазу сынды интеллектуалдық қызметінің нәтижесінде өнім жарататын адам физикалық өмірдегі әрекеттерді атқаруға икемсіз болуы мүмкін. Қалай десек те қазіргі уақытта екі кеңістіктің толассыз жаңалықтары адамзат тіршілігін оңтайландыруға септігін тигізуде.

Адамның ой-сана, таным, қиял үдерістері негізінде көркем өнім тудырушылардың қатарынан көркемсөз иелері де орын алатыны мәлім. ХХІ ғасырдағы озық интеллектуалдар сан алуан өнертабыс түрлерін дүниеге әкеліп жатса да адам болмысы бұрынғыға қарағанда әлдеқайда күрделеніп барады. Адам қолымен жасап шығарылған сандық өнімдер мен ақпараттық технологиялық құрылғыларды жүйелі пайдаға жарата алмауы адамның өзіне жағымсыз әсерін тигізуде. Бұрыннан қалыптасқан ғылыми әдіс-тәсілдермен қоса, ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап антропоэзектік парадигма қанат жайды.

Әлемдік гуманитарлық салаларда антропоэзектік бағыттың дүниеге келуі лингвистикамен қоса, әдебиеттануда да зерттелмей келе жатқан мәселелерді айқындауға септігін тигізді. Америка және батыс филологтары ХХ ғасыр басынан бастап ұзақ жылдар бойы ұлт санасында ұрпақтан ұрпаққа беріліп, берік орнығатын, көркем ойға құрылған, астарлы, бейнелі, символдық, метафоралық бояуы басым ұлттық түсініктердің мән-мазмұнын, қызметін субъектінің когнициясына, жеке танымдық қабілеттеріне иек арта отырып, зерттеу ісін қолға алды [41].

«Қазақ әдебиеті» пәндерін оқыту әдеби концептілерге негізделуі тиіс.

Концепт – белгілі бір ұлт, халық санасында ұзақ дәуірлер бойы берік орныққан дүниетанымдық түсініктер мен көзқарастарды танытатын күрделі құрылым. «Концепт» ұғымы лингвистикада «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері» (А.Вежбицкая) деп танылады.

Қазіргі лингвистикада концепті үш түрлі бағытта талданып, қарастырылады: лингвистикалық, когнитивтік, мәдениеттанымдық.

1990 жылдардан бастап, «концепт» ұғымы гуманитарлық ғылымдарда қалыптаса бастады. Концепт ұғымын ғалымдар когнитивті лингвистика, әдебиет, логика, философия, өнер және мәдениеттану ғылымдарының тоғысқан ұғымы ретінде қарастыруда.

Ал білім беру саласында концепт ұғымы белгілі бір «идеялар» маңайына топтастыру арқылы ұсынылады. Ал шетелдік ғалымдар білім саласындағы концепт ұғымын оқытудағы мәселелерді шешетін әдістемелік бағыт ретінде, оқу жоспарын орындаудағы құрал ретінде, оқушының ойлау қабілетін дамытатын және оқытылып жатқан материалды терең түсіндіру тәсілі ретінде қарастырады [Erickson, 2002]. Когнитивті психологияға сүйенсек, концепт - түсіну мен дағдыны біріктіруші, жинақтаушы процесс [Perkins, 1992]. Яғни, оқу материалын біріктіру және жинақтау арқылы бір пәннен екінші пәнге білімді трансформациялау.

Жаңартылған оқу бағдарламасындағы белгілі бір тақырыптардың әр пәнде көрініс табуы білімді бір идеяның маңайына топтастыру және пәндер арасында трансформациялау болып табылады.

Тақырыптар арқылы оқыту – оқу бағдарламасын концептілер арқылы біріктіру немесе байланыстыру. Концепт – ойды, тұжырымды жалпылайтын ментальді психикалық құрылым, ұйымдастырушы идея. Концептінің келесі ерекшеліктерін шетелдік ғалымдар былай көрсетеді:

- абстрактілі, кең болуы
- бір сөзге немесе сөз тіркесіне кең мағына сиғыза алуы
- әмбебап болуы (контекстке қатыссыз әлемнің барлығына ортақ болуы)

Шетелдік ғалымдар концепт «түрлі мәдениет, түрлі ұлтқа қатысты болса да бір ұғыммен, бір сөзбен идеяны аша алатын, бірақ концепт ретінде өзгеріске түспейтіндігін және уақыт өте келе өзектілігін жоғалтпайтынын және түрлі мысалдар арқылы ортақ қасиеттерін анықтауға болатындығын» атап көрсетеді.

Оқу бағдарламасына қатысты міндетті концептілер:

Эстетика (Aesthetics). Эстетиканы меңгеру көркем ойлауды қалыптастыру, әдемілікті түсінумен қатар өнер, мәдениет және табиғатты сыни қабылдау дағдысын қалыптастырады, дамытады.

Өзгерістер (Aesthetics). Бір түрдің екінші түрге, бір құбылыстың екінші құбылысқа немесе бір ұғымның екінші ұғымға ауысуы. Яғни, өткендегі, қазіргі және болашақтағы әлемді өзгертетін факторларды талдау, себептері мен салдары анықтау.

Коммуникация (Communication). Түрлі идея, факті, символдармен бөлісу, ортақ мәмілеге келу.

Қауымдастық (Communities). Жақын аймақтағы, жақын кеңістіктегі, уақыт немесе қарым-қатынастағы топ. Яғни, мінез-құлқы, құндылықтары, сенімдері ортақ, я болмаса ұқсас адамдар тобы.

Байланыстар (Connections). Адамдар, нысандар, ұйымдар немесе идеялар арасындағы байланыстар.

Креативтілік (Creativity). Жаңа идеяларды ойлап табу, бар идеяларды басқа қырынан қарастыру, мәселені қарастыру кезіндегі ерекше ойларды мойындау және ол ойлардың құндылығын бағалау қабілеті. Шешім қабылдау, нәтиже беру кезеңінде көрініс табады.

Мәдениет (Culture). Жалпыадамзаттық құндылықтар, әлемді тану, мінез-құлық, наным-сенімдердерге қатысты рухани және материалдық құндылықтар жүйесі.

Даму (Development). Өсу, ілгері жылжу, эволюция.

Жаһандық қарым-қатынастар (Global interactions). Жекелеген тұлғалар немесе топтар арасындағы байланыстар, олардың қоршаған ортамен қатынасы.

Бірегейлік (Идентичность Identity). жеке түрді, топты, затты, дәуірді, жерді, нышан мен стильді анықтайтын белгілерді білдіреді.

Логика (Logic). Пайымдау әдісі және дәлелдеу және қорытынды жасау үшін қолданылатын принциптер жүйесі.

Көзқарастар (Perspective). Түрлі жағдаяттар, фактілер, идеялар мен пікірлерді бақылайтын ұстаным. Ол белгілі бір адамдарға, топтарға, мәдениетке қатысты немесе оқу пәндерімен байланысты.

Қарым-қатынас (Relationships). Адамдар, идеялар, қасиеттер арасындағы байланыс, соның ішінде қоғамның біз өмір сүріп жатқан әлеммен байланыстары.

Жүйе (Systems). Өзара әрекеттесетін немесе өзара тәуелді компоненттер жиынтығы; жүйе тұрақты немесе өзгермелі, қарапайым немесе күрделі болуы мүмкін.

Уақыт, орын және кеңістік (time, space, place). Бір-бірімен ұқсас ұғымдар болғанымен, адамдардың, заттардың немесе идеялардың уақытқа қатысты абсолютті немесе салыстырмалы жағдайы [41].

Әлемдік оқу бағдарламаларында бір-бірімен байланысты пәндер аясында осы концептілердің ең аз дегенде үш-төртеуі қарастырылады.

Жоғарыда аталған концептілердің қазақ әдебиетінде іске асырылуына бірнеше мысал келтіруге болады (3.2-кесте).

3.2-кесте – Концептілердің қазақ әдебиетінде іске асырылуы.

Концепт	Оқытылатын көркем шығарма
Логика(Logic)	Ж. Баласағұн «Құтты білік»
Эстетика	Шешендік өнер: Майқы би мен Мөңке бидің шешендік сөздері, Әнет баба «Не арсыз? Не ғайып? Не даусыз?», Төле би «Ердің бақыты – әйел», Әйтеке би «Қасқакөл дауы», Қазыбек би «Кім жақын? Не қымбат? Не қиын?», Сырым Датұлы «Балаби мен Сырым», Бұқар жырау «Тілек», «Әй, Абылай, Абылай», «Асқар таудың өлгені», «Біржан-Сара» айтысы
Бірегейлік Идентичность (Identity).	
Уақыт, орын және кеңістік (time, space, place)	Нысанбай жырау «Кенесары – Наурызбай»
Қарым-қатынас (Relationships).	Махамбет Өтемісұлы «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», « Мен, мен, мен едім».
Көзқарастар (Perspective).	Ш.Уәлиханов «Ыстықкөл күнделігі»
Эстетика (Aesthetics)	І.Жансүгіров «Құлагер» поэмасы, Т.Айбергенов «Сағыныш», Ф.Оңғарсынова «Өлең, мен сені аялап өтем»
Өзгерістер (Aesthetics)	Б.Майлин «Шұғаның белгісі» хикаяты Ғ.Мүсірепов «Ұлпан» романы
Мәдениет (Culture)	Қажығали Мұхамбетқалиев «Тар кезең» романы

Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» дастанын логикалық концептімен қарастыру арқылы саясат, мемлекет басқару, әскери іс жөніндегі философиялық трактат ретінде ақынның пайымдау, дәлелдеу әдісі және қорытынды жасау үшін

қолданылатын принциптер жүйесін талдауға болады. Дастанға арқау болған мемлекетті басқару қағидалары мен принциптерін, елге билік жүргізудің ережелері мен тәртібін, қоғам мүшелерінің мінез-құлық және әдеп-ғұрып нормаларын жыр еткен этикалық-дидактикалық мазмұндағы көркем туындыны логика принциптері арқылы тану ұтымды болмақ. Шешендік сөздер топтамасын эстетика концептісі бойынша қарастыру – оқушының көркем ойлау, шешендік сөзді түсінуімен қатар өнер, мәдениет және табиғатты сыни қабылдау дағдысын қалыптастырады, дамытады. «Біржан-Сара» айтысын меңгерту арқылы ұлттық бірегейлігімізді (идентичность identity), айтыстың өнер түрі ретіндегі өзгешелігін пайымдайды.

Уақыт, орын және кеңістік (time, space, place) концептілері тарихи шығармаларды түсіну, талдау кезінде тарихи шындық пен көркем шындықтың арақашықтығы, жанасуы қоса қарастырылатыны белгілі.

Келесі концепт ұлттық құндылықтардың көрініс табуы. В.А. Маслов концептіні:

- жеке тұлғалық концептілер;
- адамдардың жас ерекшеліктеріне байланысты концептілер;
- жалпыұлттық концептілер деп бөлінеді.

Жалпыұлттық концептілер сол ұлттың танымын, талғамын, өмірлік тәжірибесін, парасат-пайымын, ұлттық ерекшеліктерін сипаттайды. Қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұнын жалпыұлттық концептінің негізінде *ұлттық дүниетаным, ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық мүдде* деген ұғымдармен байланыстыра қарастырсақ, қазақ әдебиетінің ерекшелігін сезінетін, жете талдайтын, терең меңгеретін ұрпақ тәрбиелеу ықтималдығы арта түседі. Аталған концептілерге мысал болатын шығармаларды атап көрсетуге болады.

Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға моральдық нормаға тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі (бастапқы) сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелері үшін ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қарым-қатынас қалыптастырудағы негізгі өлшем.

Қазақ халқының дүниетанымының ерекшеліктері өмір сүрген табиғаттың, соған бейімделіп қалыптасқан шарушылық формалары, өмір салтының жүйелері мен тығыз байланысты. «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызында әр жердің табиғат ерекшелігіне орай берілген сипаттамасы халқымыздың ұлттық дүниетанымымен байланыстыра қарастыру ең тиімді концепт екенін байқауға болады. Ал Т.Әбдіковтің «Қонақтар» әңгімесіндегі ұлттық болмыстан айырылып бара жатқан жалғыз баласы Сапабектің табыстары, жер дүниені кезіп, шетелдерде болып, көпті көргендігі әке үшін мақтаныш емес. Қолы-басы, омырау тұсы ашық киім киген, орысша сөйлеп, ауыл тұрмысына жат қылықтар көрсеткен келіні Томаға да, қазақша түсінбейтін немересіне де шалдың көңілі толмайды. Ерқабыл шал бейнесі арқылы оқушының ұлттық құндылықтардың маңызын түсінуі, ұлттық құндылықтарды талдауы бағдарлама концептісіне айтқызбай-ақ сұранып тұрғанын көреміз.

М. Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасындағы Баян бейнесі *ұлттық мінездің* әр қыры – көзсіз ерлігі, тұтқын қызға қарындасындай қараудағы мәрттігі, аңғалдығы, ар алдындағы арпалысы – жан-жақты сипатталады.

Т. Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесінде автор барлық адам санасы *ұлттық сана* арқылы қалыптасатынына оқырманның назарын аудартады. Әңгімеде бас кейіпкердің «байлық мұрат емес» екенін түсініп, жүрегінің қатайып кеткенін сезінумен қатар, адами құндылықтарды таптай бастағанын түсінуін жүрегінен сұрап Бекторыға қайта келуі арқылы жеткізеді. «Кедей едім. Кедей болсам да көңіліммен бай едім. Бай болдым, Бай болсам да – кедей болдым» қайшылықты ойлар арқылы жазушы қарама-қайшы ойлардан философиялық түйін жасау арқылы *ұлттық сананың* маңызын аңдатады.

Қажығали Мұхамбетқалиевтің «Тар кезең» романындағы Еділ пен Жайық бойындағы өріс-қоныстарынан ысырылып, онымен қоймай, біресе Жайық казак – орыстарының, енді бірде башқұрттар мен Еділ қалмақтарының талауына ұшырап, жан-жақты қысым көре бастаған кезең суреттеліп, Бейбақты Сырым бастаған қазақтың білікті билері мен батырлары, ақсақалды ағалары қилы кезеңде ел тағдырына деген жауапкершілікті өз мойындарына алғанынан жеке мүдде емес, *ұлттық мүддені* жоғары қойғанын көреміз. Яғни, осы шығармаларды біріктіріп тұрған концептілер – жалпыұлттық концептілер. Егер жалпыұлттық концептіні іштей *ұлттық дүниетаным, ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық мүдде* деп бөлшектеп қарастыру арқылы қазақ әдебиетін оқытудағы маңызды мәселе – оқушы бойында *ұлттық сана-сезім, ұлттық рух, діл* сияқты құндылықтарды іс жүзінде қалыптастыруға болады. Ол үшін оқу бағдарламасы қарастыратын негізгі концептілермен қатар жалпыұлттық концептінің өн бойында қарастырылуына мән берілу керек.

Оқу бағдарламасына енетін әр ұғым, әр оқу мақсаты, әр шығарма оқушы білімін бағалауға жетелейтін өлшем болуы керек. «*Ұлттық құндылық, ұлттық сана*» ұғымдарын қалай өлшейміз? Егер жалпыұлттық концептіні іштей *ұлттық дүниетаным, ұлттық мінез, ұлттық сана, ұлттық мүдде* деп бөлшектеп қарастыра отырып, бағдарламаға енетін көркем шығармалар негізінде талдауға болатындығына жоғарыда мысалдар келтірдік. Ал бұл концептілердің оқу мақсаттарында қалай көрініс табатыны, оны тапсырмаға қалай айналдыруға болатынын әдістемелік ұсынымдар арқылы көрсетуге болады.

Қазіргі уақытта сандық технологиялар жайлаған ХХІ ғасыр қоғамында адамның ішкі жан әлемін, ақыл-ой қызметі мен таным, сана үдерістерін, жалпы менталды болмысын түсіну, түсіндіру, пайымдау тұрғысынан келгенде күрделене түскені белгілі. Сондықтан қазіргі заманғы филологияда көркем шығарма арқылы адамның ақыл-ой жүйесінің өзгерісін, әлемді түйсіну, қабылдау, сезіну ерекшеліктері мен дүниетанымдық жүйесін жаңа қырынан қарастыру мәселесі туындады. Осыған орай гуманитарлық ғылым салаларында антропоэзектік парадигма бағыты орнықты.

Бірнеше когнитивтік салалар ортақтасып, адам, таным, тіл мәселелерін өзара байланыстыра зерттеу арқылы адамның когнитивтік қабілеттерінің жаңа қырларын айқындауға талпынуда. Көркем мәтінді кешенді концептуалдық

зерттеу жұмыстары отандық лингвистикада белгілі бір деңгейде жолға қойылғанымен, әдебиеттануда бұл үдеріс белсенді қалыптасуда. Сонымен қатар, ХХІ ғасырда жазылған қазақ романдарының дискурсынан «Мәңгілік ел» концептісінің анықталуы ғаламның концептуалдық бейнесіндегі қазақ халқының дүниетанымдық көзқарас, түсініктерін айқындайды және ұлттық концептосфера базасын толықтырады. Қазақ авторларының ақиқат әлемнің көркемдік моделін бейнелеу барысында «Мәңгілік ел» концептін тудырудағы туындыгерлік, суреткерлік даралығы, әлемді сезіну, қабылдау, елестету ерекшеліктері айқындалады [41].

Көркем шығармалардағы «Мәңгілік ел» концептісі түркі халықтары және оның ішінде қазақ халқының әлем, халық, тәуелсіз мемлекет, мәңгілік сынды әлеуметтік әрі философиялық ұғымдары жайындағы түсініктерін кеңірек пайымдап, бағамдауға септігін тигізеді.

«Мәңгілік ел» концептісі ХХІ ғасырдағы қазақ романдарының ішінде Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезең», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдарында көрініс тапқан.

Нені оқыту керек?

Қазақ әдебиетін оқытуда көркем туындыларда көрінетін көркемдік-эстетикалық принциптер мен заңдылықтар айқындалып, қазіргі ұрпақтың ұлттық әдебиеттің қыр-сырына терең бойлап, оның тарихы мен көркемдік сипатына жаңаша пайыммен, тың көзқараспен келе отырып, әлем әдебиетінің танымал мұраларын үндестіре игеруіне мүмкіндік туғызылады.

Пән мазмұнын қарапайымнан күрделіге қарай оқыту: шағын жанрлардан бастап көлемді жанрларға қарай оқыту, әр сыныпта шығармалардың көлеміне, жеңіл-күрделілігіне, білім алушылардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне қарай оқытылатын шығармалар санын арттыру көзделеді.

5-9-сыныптарда берілетін әдеби білім ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің байланысын, сабақтастығын, ерекшеліктерін танытуға, әдебиеттің даму процесін көрсетуге негізделеді. Көркем шығармалар қазақ әдебиетінің даму кезеңдеріне қарай іріктелінеді. Классик ақын-жазушылардың, сал-серілер мен халық ақындарының шығармашылығы ұлттық әдебиеттің басты ерекшелігі болып көрсетіледі.

Қазақ әдебиетінен берілетін білім мазмұны көркем мәтінді эстетикалық тұрғыдан қабылдауға, көркем сөздің ерекшелігін танытуға, мәтіндерді талдауға және салыстыруға, әдебиеттегі образдылықты анықтауға, стильдік даралықтарды ажыратуға, дәстүр мен жаңашылдықты айқындауға құрылады.

10-11-сыныптарда әдебиеттану ғылымының негіздеріне сүйене отырып әдебиеттің қысқаша тарихи курсы беріледі. Қазақ әдебиетінің мәдени мұра ретіндегі құндылығы айқындалып, тарихи-салыстырмалы, типологиялық мәселелері түркі өркениеті мен әлем әдебиетіндегі көркем-эстетикалық заңдылықтармен үндестігі тұрғысында пайымдалады.

Қалай оқыту керек?

Ы.Алтынсарин әдістемесінен бастау алатын оқу әрекеттерін: *пайымдап оқу, талдап оқу, мақамдап оқу, сөйлету, жаздыру, мазмұндау, мінездеу, гибратшылдық оқуды (шығарманың идеясын түйю)* білім (ақпарат) алудың негізгі тетігі ретінде қолдануға басымдық беріледі.

Мәтінді тану сөз бірліктерін түсініп оқудан, сөз мағынасын танудан басталады. Оқушылардың тілдік қорын байыту, әдеби білімнің жүйелілігі мен сабақтастығы, білім мазмұнының тарихилық сипаты және пәнаралық, пәнішілік байланыс арқылы пән аясында функционалдық сауаттылық пен прагматикалық қабілетті жетілдіру көзделеді.

Оқу мақсаттарымен жұмыс. «Түсіну және жауап беру» дағдысы бойынша әдеби шығарманың жанрын, тақырыбы мен идеялық мазмұнын анықтайды. Көркем шығармадағы кейіпкердің портреті мен іс-әрекеті арқылы танылатын образын ашады. Көлемі шағын үзінділерді жаттау арқылы есте сақтау қабілеті дамиды. Көркем мәтіндерді оқу арқылы оқушыда мәтіннің мәнін түсіну, мәнерлеп оқу дағдылары қалыптасады. Көркем мәтінді оқу оқушылардың тұлғалық дамып-жетілуін, оның интеллектісі, сөйлеу әрекетінің төрт негізгі түрлерінің (тыңдау, сөйлеу, оқу және жазу) қалыптасуын, оқырмандық әрекеті мен қызығушылығының дамуын, осылар арқылы оқу әрекеттері компоненттері мен жан-жақты машық-дағдылар қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оқушының көркем мәтінді ажырата тани алуы үшін әрқайсысының маңыздылығын түсінуі, оны өмірлік жағдаяттарда саналылықпен қолдана алуы үшін оқудың саналы оқу, дұрыс оқу, жүгіртіп оқу, мәнерлеп оқу т.б. түрлері қолданылады.

Оқушылар әдеби шығарманың құрылысын, композиция жасалу тәсілдерін, екі нәрсені, құбылысты (оқиғалар желісін, кейіпкерлерді т.б.) салыстыра суреттеу мен қарама-қарсы суреттеу тәсілдерін меңгере отырып, «*анализ жасау және интерпретациялау*» дағдыларын қалыптастырады.

Эпикалық шығармадағы жазушының авторлық тұлғасының көріну қалпын, суреткерлік шеберлігін анықтайды. Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттері (шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау т.б.) дамиды. Мәтінмен жан-жақты жұмыс жасау үдерісінде қаламгердің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдану лабораториясына талдау жасайды. Шығармадан алған әсерін сипаттайды, авторға арналған хат, өлең жазады. Көркем шығарманың бейнелі-мәнерлі тілдік құралдарын қабылдай алу, автор жасап шығарған өмір картинасын санасында орналастыру, көркем мәтіндегі себеп пен салдардың байланысын анықтау, көркем шығармадағы автордың көзқарасын түсіну, мәтіннің негізгі ойын, идеясын анықтау (мұғалімнің көмегімен) т.б. талдау әдістерін қолдануды меңгереді.

Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттері (шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау т.б.) дамиды. Мәтінмен жан-жақты жұмыс жасау үдерісінде қаламгердің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдану лабораториясына талдау жасайды. шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап,

әдеби эссе жазады, шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазады.

Көркем шығарманың бейнелі-мәнерлі тілдік құралдарын қабылдай алу, автор жасап шығарған өмір картинасын санасында орналастыру, көркем мәтіндегі себеп пен салдардың байланысын анықтау, көркем шығармадағы автордың көзқарасын түсіну, мәтіннің негізгі ойын, идеясын анықтау (мұғалімнің көмегімен) т.б. талдау әдістерін қолдануды меңгереді. Оқушылар орындайтын ауызша және жазбаша жұмыстар арқылы бағалау және салыстыру дағдылары қалыптасады.

Оқушылар орындайтын ауызша және жазбаша жұмыстар арқылы *«Бағалау және салыстыру»* дағдылары қалыптасады. Салыстыру тәсілінің мынадай түрлерін меңгереді:

- салыстырылатын нысандардың тек ұқсастығын табуды мақсат ететін салыстыру;
- салыстырылатын нысандардың тек айырмашылығын табуды мақсат ететін салыстыру;
- салыстырылатын нысандардың ұқсастығы мен айырмашылығын қатар табуды мақсат ететін салыстыру.

Оқушылар көркем шығармадағы жекелеген эпизодтар арқылы тарихи құндылықтар мен кейіпкерлерді талдап танып, ол құндылықтарды шынайы өмірмен байланыстыра отырып бағалайды. Шығарма кейіпкерін өзіндік құндылық болмысы тұрғысынан талдап, нәтижесінде әдеби эссе, оқырман ретінде өзінің рухани дүниесіне әсерін бағалайтын сыни хабарлама жазады.


Көркем шығармаларға түрлі мақсаттағы салыстырмалы талдау жасау дағдысын дамыту үшін сыныптан тыс оқитын қосымша әдебиеттер тізімі ұсынылады және жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығымен байланыстыру мүмкіндігі беріледі.

Қазақ әдебиеті пәні бойынша бір сабақта бір немесе бірнеше оқу мақсатын алуға болады. Мұғалім оқу мақсаттарының комбинациясын шебер пайдалана білуі керек.

Оқу мақсаттары бойынша тапсырмалар құрастыруға бірнеше мысал келтіруге болады:

Түсіну және жауап беру дағдысы бойынша «6.1.1.1 әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау» деген оқу мақсатын игертуде оқушыға ең алдымен жанр, фабула, сюжет ұғымдарын түсіндіріп, әдеби-теориялық түсінік беріп өткен жөн. Сәйкестендіру тәсілімен оқыған білімдерін еске түсіріп, ұғымдарды қайталап өтсе, оқу мақсатын игеруге арналған негізгі тапсырмаларды түсініп, жасайды.


Әдеби-теориялық ұғымдарды еске түсіріп, сәйкестендіріңіз!



Ұғым-түсініктерді қайталап өткеннен соң негізгі тапсырмаға көшпес бұрын шығарманың жанрлық ерекшелігіне тоқталып өткен жөн. 6-сынып оқушылары әдебиеттің жанрлық (тек, түр) ерекшеліктерін әлі де толық түсіне бермесі анық. Сондықтан, мұғалімнің қолдауымен шығарманың жанрына ауызша талдау жүргізілсе, оқушылар үшін келесі тапсырмаларды орындау жеңіл болады. Ілгері оқу тәсілі бойынша оқушыларға шығарма мазмұнымен танысу бір сабақ бұрын берілуі тиіс. Шығарма мазмұнын (фабуласын) білетін оқушы тапсырманы оңай орындап, сабақ үстінде талдаулар жүргізе алады.

Тапсырма

Шығармадағы оқиғалар тізбегін даму ретімен орналастырыңыз.



Мәселен, Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесінен берілген үзіндімен оқушы таныс болып, мазмұнын біліп тұрса, оқиғалар тізбегін ауыстырып ұсынып, оны өзінің даму ретімен орналастыртуға болады. Осылайша шығарма сюжеттері еске түсіріліп, композициясына да талдау жүргізе алады. Сонымен қатар, мәтін бөліктері бойынша да жұмыс жасатып, нақты үзінділер арқылы сюжеттерді анықтауға болады.

Тапсырма

Үзінділердегі оқиғаларды еске түсіріп, сюжетін анықтаңыз.

Повестен үзінді	Сюжеті
Бала, қарын күреп болып, тиынын алған соң, Масликов қойын дәптерін алып, балаға жымия қарап, әңгімеге кірісті. - Бала, сен қайдан келдің, ә?.. Мен білем, сен Қызылжардікі емес. Қай болыс, қай ауылдікі? - Ақмола облысы, Сарытерек болысы, Құрама ауылынан. - Әкеңнің аты кім? - Мұңайтпас Ернақов. - Өз атың кім? - Мұқан. Оны қайтесің?	
- Осындай мейірімдерің болмаса, ел деп кім айтар еді... – деді бір қарт. Ақшаны қолына ұстаған біреу Масликовтың қолына санап беріп, аттың төленгеніне тілхат алды.	

Повесть мәтінінен бірнеше үзінділер бере отырып сюжетті анықтаса, оқушының есте сақтау қабілетінің деңгейін де, шығарма мазмұнымен қаншалықты таныс болғандығын да көре аламыз. Сондай-ақ, шығарма мазмұнында көрініс тапқан бір эпизодты еске түсіру үшін тақырыпқа сай суретті ұсынып, оқиғаны көз алдына визуалды түрде елестуге ықпал ете аламыз.

Тапсырма

Берілген суреттен қандай оқиғаны көруге болады? Мазмұнын еске түсіріңіз!



Суретке қарап, оқушы оқиғаны анықтап, мазмұнын жеткізе алады. Сол арқылы оқу мақсатын игеріп, өз білімін толықтыра түседі. Бұл тапсырмалардың барлығы оқу мақсатын толық меңгеруге ықпал ете алады.

«Анализ және интерпретация» дағдысы бойынша «6.2.3.1 шығармадағы көркем ауыстыруларды (троптарды: метафора, кейіптеу, метонимия, гипербола, литота, аллегория, антитеза, градация, арнау) анықтау» мақсатын игертуде ең алдымен троп және фигура ұғымдарына түсінік беріп, олардың ара жігін ажыратуға ден қойған дұрыс. Себебі, спиральділік қағидаты негізінде аталған оқу мақсаты одан әрі күрделене түсіп, жоғары сыныпта фигураны (айшықтау) анықтау жұмыстары беріледі. Екі ұғымның айырмашылығы туралы 6-сыныптан бастап алғашқы түсінік қалыптастыра берген дұрыс.

Ал, троп яки құбылтуларды оқушыға түсіндіруде қиын, күрделі анықтамаларды бермей, ыңғайлы икемделген әдеби-теориялық ережелерді ұсынған жөн. Сондай-ақ басқа да шығармалардан мысалдар келтіре отырып,

күнделікті өмірде кездесетін оқушыға таныс ұғымдармен де келтіруге болады. Бұл ұғымдарды еске түсіру мақсатында сабақ барысында сәйкестендіру немесе дұрыс/бұрыс тәсілдері арқылы да ретпен орналастыру тапсырмаларын берген тиімді болмақ.

Шығармада кейде троп түрлері тым аз кездесуі де мүмкін. Мұндай жағдайда жалпы көркемдегіш құралдар ретінде автордың стильдік ерекшелігін саралай отырып, тұрақты тіркестерді, ауыспалы мағыналы сөздер мен теңеу, эпитеттерді де теріп алып оқушыларға тапсырма ретінде ұсынған жөн. Мысалы, О.Бөкейдің «Тортай мінер ақ боз ат» әңгімесінде оқу мақсатын мынадай тапсырма арқылы жүзеге асыруға болады.

Тапсырма


Шығармадағы көркемдегіш құралдарды анықтаңыз.

Көркемдегіш құралдар	Теңеу	Эпитет	Тұрақты тіркес	Символ
қой аузынан шөп алмас, ит басына іркіт төгілу, ораза-намаз – тоқтықта ғана, тоқ бала аш баламен ойнамайды, қыздың жиған жүгіндей, тақымы қотыр тайға тимеу				
кілемдей жұмсақ тию, лаулаған жалын бақсыдай тілін жалаңдатып, ұлардай шулап, ұядай қылып жинау,				
жайма шуақ сәт, көкпеңбек болып төңкеріліп тұрар аспан, бейбіт күннің шуағы, тасқа тиіп тайғанаған жаңбыр сыбдыры, тас үңгір, жұмақты өмір, көк мұнар дүние, қоңыр үн.				
Тортай мінер ақ боз ат... менің тақымымда кеткендей еді...				

Бұл оқу мақсаты оқушы үшін күрделі болуы мүмкін. Сол үшін мұғалім дайын тіркестерді кестеге салып берсе, оқушы берілген мысалдар арқылы ұғымдарды тауып, ажырата алады.

«Бағалау және салыстыру дағдысы» бойынша «Б/С.6.3.1.1 шығармадағы кейіпкерлерді өзара салыстыра отырып, тарихи және көркемдік құндылығына баға беру» деген оқу мақсатын игертуде оқушыларға құндылық ұғымын жан-жақты түсіндіріп, өмірден мысал келтіріп, сәйкестендіру арқылы екі ұғымның анықтамасын беруге болады. Оқушылар анықтаманы оқи отырып, шығарма кейіпкерлерін еске түсіріп, құндылығын анықтауға ден қояды.

Еске түсіріп, сәйкестендіріңіз!



Кейіпкерлер жүйесіне талдау жүргізетін арнайы оқу мақсаты бар болғандықтан, жоғарыда аталған оқу мақсатында шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтауға ерекше ден қойған дұрыс. Мәселен, оқушыларға дайын кесте мен керекті сөздерді ұсынып бағалау жүргізуге болады. Мысалы, Е.Жүністің «Менің атым – Тәуелсіздік» өлеңінде аталған оқу мақсаты бойынша мынадай тапсырма ұсынған жөн.

Тапсырма

Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығы неде? Өз ойыңызды білдіре отырып баға беріңіз.

Кейіпкер	Құндылық	
	Тарихи	Көркемдік

Өлеңнің тарихи және көркемдік құндылығын бағалауда берілген тірек сөздерді қолданыңыз:

- аса құнды, замана шындығы, тарихи кезең, тәуелсіздік тұғыры;
- айшықтау түрі, бейнелі көркемдегіш сөздер, көркемдік қуаты, эстетикалық әсері.

Берілген кесте арқылы оқушылар тірек сөздерді қолдана отырып, өз ойларын саралап жинақтай алады. Бұл тапсырма оқу мақсатын игеруге арналған негізгі тапсырма болады. Ал, жинақтаған білімді игеру үшін мынадай бекіту тапсырмасын ұсынуға болады.

Тапсырма

Дұрыс жауаптармен сәйкестендіріңіз.

Көркем шығармада көтерілген мәселенің бір заманнан екінші заманға өтіп, әрбір заманда да өзекті, маңызды болуы	☐	☐	көркемдік құндылығын
Сыршыл өлең-жырлардағы ақынның бейнесі	☐	☐	тарихи құндылық
Өлең жолдарындағы әрбір ой ағымында қайталанатын сөздер оқырманға эстетикалық әсер береді. Бұл шығарманың ... арттырады.	☐	☐	лирикалық образ

Сабақ барысында талқыланған, талданған ұғым-түсініктерді сәйкестендіру немесе дұрыс/бұрыс жауаптарды беру арқылы жинақталған білімді бекіткен жөн. Аталған тапсырмалардың барлығы оқу мақсатын оқушыларға икемдеп, дұрыс меңгертіп, түсінуіне ықпал етеді.

Пәнаралық байланыс. Әдебиет пәні мектепте оқылатын басқа тіл пәндерімен, тарих, жаратылыстану, бейнелеу өнері, музыка және басқа да пәндермен тығыз байланыста үйлесім табады.

Пәнаралық байланыс – оқытудың ерекше категориясы болғандықтан, оқушылардың әдебиеттен жүйелі білім алуын күшейтіп, оқу әдістерін белсендендіреді. Әдебиет сабағындағы пәнаралық байланыс оқушылардың эстетикалық талғамын және сурет, музыка, кино өнерлеріне ұмтылысын қалыптастырады. Шығармадағы тарихи шындық пен көркемдік шешім көрінісін, топонимикалық, ономастикалық атаулардың маңыздылығын түсіне отырып, оқылған шығарманы бейнелеу және музыка өнерімен ұштастыра отырып, пәнаралық байланысты кеңінен қолдану оқушының дүниетанымын қалыптастырады.

Әдіс-тәсілдер. Бүгінгі күні біздің қоғамға проблемаларды шеше алатын, шешім қабылдайтын, сындарлы ойлайтын, идеялар мен өнімді пікір ұсына алатын және командада, топтарда тиімді жұмыс істейтін икемді, креативті және бастамашылық қабілеті бар жастар қажет. Күрделілігі күн сайын артып, өзгеріп және тез жетіліп келе жатқан, біз өмір сүріп жатқан әлемде «Білімнің болуы» бүгінгі күні жеткілікті емес. Адамдардың өмір бойы білім алуын оңтайландыру үшін жастардың жеке қабілетін жан-жақты дамытып, оларға жан-жақты білім беру шеңберінде тиімді ойлау қабілетін сіңіру қажет екені сөзсіз.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың педагогикалық тұғырлары «құндылықтарға бағдарланған», «дамыта оқыту», «тұлғаға бағдарланған», «іс-әрекетке бағдарланған», «саралап оқыту», «коммуникативтік-функционалдық бағдарлы оқыту», «ақпараттық-коммуникациялық бағдарлы оқыту» тәсілдері болып табылады.

1) *Құндылықтарға бағдарланған тәсіл* қазақстандық патриотизмді, толеранттылықты, өз елінің өткен тарихына, ата-бабалардың әдебиеті, мәдениеті

мен әдет-ғұрыптарына құрмет көрсетуді жүзеге асырудың мүмкіндіктерін көздейді.

2) *Тұлғаға бағдарланған тәсіл* – дамыта оқыту моделіне жатады. Оқушының жеке қызығушылықтары мен қабілеттерін, өзіндік көзқарасы мен пікірін ескеруді көздейді.

3) *Іс-әрекетке бағдарланған тәсіл* – білім мен дағдылардың белсенді танымдық іс-әрекет барысында қалыптасатынын білдіреді, бұл деректер мен басқа да ресурстарды өз бетінше іздеу, интерпретациялау, талдау, тұжырымдау мен бағалауды көздейді.

4) *Саралап оқыту тәсілі* – әртүрлі оқушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін қолданылады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер:

1) Оқу-танымдық әрекетті ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістері:

- репродуктивтік әдістер;
- тәжірибелік әдістер;
- проблемалық-ізденушілік әдістер.

2) Оқу-танымдық әрекетті ынталандыру және уәжді арттыру әдістері.

3) Оқу-танымдық әрекеттің тиімділігін бақылау және өзіндік бақылау жасату әдістері.

4) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану әдісі.

5) Оқушының рухани жан дүниесін байытатын қазақ тілінің этно-мәдени лексикасын, даналық сөздерін меңгерту, ана тілінде қарым-қатынас жасаудағы сөз әдебіне баулу, жағдаяттық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруда ізгілендіру технологиясын қолдану;

6) Оқу үдерісінде түрлі жағдаяттар, рөлдік ойындар, «дөңгелек үстел», «брифинг», баспасөз конференциялары, «Көңілділер, тапқырлар клубын» ұйымдастыру;

7) Оқу үдерісінде түрлі ұнтаспаларды, бейнетаспаларды, медиаматериалдарды, бейнероликтерді, интернет материалдарын, электронды оқулықтарды, компьютер мен лингофондық аппараттарды, белсенді оқыту әдістері мен пәнаралық байланыс сабақтастығын кеңінен қолдану әдістері.

Осыған сай педагогикалық әдіс-тәсілдер жүйесі қолданылады. Атап айтқанда, әдістер жүйесі мынадай жіктемемен жүйеленді:

– репродуктивтік сипаттағы танымдық белсенділікті дамытатын білімді меңгеру әдістері;

– классикалық проблемалық әдіс (Дьюи бойынша);

– дидактикалық ойындар: еліктеу ойындары, іскерлік ойындары;

– оқушылардың өзіндік жұмыс арқылы шығармашылық танымдық белсенділікпен проблемаларды шеше отырып білім алу әдістері;

– импрессивтік әдістер, экспрессивтік әдістер, шығармашылық тапсырмаларды орындау әдістері, оқу-практикалық әдістер;

– оқушылардың көркем әдебиетті көркем өнердің басқа түрлерімен байланыста қабылдау арқылы танымдық белсенділігін дамыту әдістері;

- көркем әдебиетті меңгеру арқылы сурет салу, проблемаларды шешудің ең оңтайлы және тиімді жолдарын шешу және таңдау әдістері;
- шығармашылық міндеттерді жүзеге асыруды көздейтін практикалық әдістер;
- пікірталас, өзіндік жұмыс, классикалық проблемалық әдістер және т.б.

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі оқушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Бұл жағдайда мұғалім білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы ретінде болады.

Қазіргі кезеңде өздігінен білімді игеруі үшін оқушының белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу процесіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Мұндай тәсіл пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Оқушылардың бойында бұл қасиеттерді қалыптастыруда мұғалімдер түрлі педагогикалық әдістер мен технологияларды қолдана алады. Атап айтқанда, олар:

- зерттеушілік тәсіл (оқушылар «не білемін?, нені білгім келеді?, нені үйрендім?» тұрғысынан өз әрекетін талдауға үйренеді);
- жүйелі-әрекеттік тәсіл;
- дамыта оқыту технологиясы (оқушылар оқу әрекетінің тәсілдерін игеріп, өзінің іс-әрекетін жоспарлау және басқару жолын үйренеді);
- саралап оқыту технологиясы (оқушыларды қабілеті, мүмкіндігі, ерекшелігіне қарай оқыту);
- мұғалім мен оқушының «субъект-субъектілік» дидактикалық қатынаста білім іздеу үдерісіне бірдей енуі;
- оқу проблемаларын шешу барысында мұғалім мен оқушының ынтымақтасқан шығармашылық ізденіс әдістерін қолдану; оқу проблемаларын шешудің әдіс-тәсілдерін оқушыларға дамыта оқыту ұстанымына сай жолмен құру және көрсету;
- оқушының жеке пікірін тыңдау, олардың бұрын меңгерген білімдері мен қалыптасқан түсініктерін әрі қарай дамыту;
- ойын әдісі;
- «оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» арқылы қолдау жасау;
- сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- тәжірибелік, шығармашылық оқу әрекеттеріне (түрлі шығармашылық жұмыстар жасау) ынталандыру;
- оқушылардың білімін жүйелілікпен мониторингілеу;

- оқушыларды зерттеушілік әрекетке және зерттеушілікке негізделген белсенді оқуға ынталандыру;

- оқушылардың оқу әрекетін жеке, топтық және ұжымдық формада ұйымдастыру (оқушылар бірін-бірі өзара оқытуға, бірін-бірі бағалауға, пікір алмасуға, т.б. үйренеді);

- оқыту барысында «не білемін? не білгім келеді? нені үйрендім?» түріндегі кері байланысты жүзеге асыру.

Оқушыларды оқытудың ең жоғары стандарттарын қамтамасыз етуде мұғалімдердің қолданатын оқыту тәсілдері (яғни, педагогикалық әдістемелер) маңызды болып табылады. Мұғалімдер пайдаланатын әдіс-тәсілдер оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістемелер жетілдірілмесе, білім мазмұнын жаңарту шараларының мүмкіндіктері мен нәтижелілігі төмендейді.

Оқытудың барлық аспектілері сындарлы оқыту теориясымен үйлеседі. Сындарлы оқыту тәсілдері білім берудің «дәстүрлі» әдістерімен салыстырғанда, оқыту кезінде жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың алдыңғы білімдерімен ұштастырыла отырып, жаңа білім алуы туралы тұжырымдамаға негізделген. Бұл жерде ең маңыздысы: оқушылардың алдыңғы алған дағдылары жаңа дағдыларды меңгеруге ықпалын тигізеді, ал егер ол ескерілмесе, онда білім тереңге бармай, үстірт меңгерілген таяз білім болады. Мұндай үстірт білім оқушыға қазіргі әлемде жетістікке жету үшін қажетті жоғарыда аталған сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және басқа да дағдыларды, алған білімін өмірде қолдануына кері әсерін тигізеді. Оқушылар білімді толықтай меңгеру үшін ақпаратты енжар қабылдамай, сабаққа белсенді қатысуы керек. Оқушылардың алған білімдерімен жұмыс істеуіне, оны әрі қарай өңдеп, өз дағдыларын арттыруға мүмкіндік беретін тапсырмалар орындауға жағдай жасау маңызды.

Қазақ тілі мұғалімдері оқушыларды өздігінен білім алуға, шешім қабылдауға қабілетті ынталы, қызығушылығы жоғары, өзіне сенімді, жауапкершілігі жоғары, өзінің және өзгенің іс-әрекетіне талдау жасай алатын жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған қағиданы ұстанады.

Мұғалімдер оқушылардың бойында бұл қасиеттерді әртүрлі оқыту тәсілдерін қолдану арқылы тәрбиелейді және дамытады:

- сенімді қатынас пен ынтымақтастық ахуалын қалыптастыру үшін жағдай жасау;

- әрбір оқушының жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану, оларды дамыту маңыздылығына мән беру;

- іс-әрекеттердің белсенді түрлерін ұйымдастыру және тиянақты сараланған тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ынталандыру және дамыта оқыту;

- оқушылардың сабақта зерттеу жұмыстарын жүргізуін қажет ететін проблемалық жағдаяттар туындату және проблемаларды шешу стратегияларын модельдеу және көрсету;

- «оқу үшін бағалауды» қолдану арқылы оқушылардың оқуына қолдау

көрсету;

- белсенді оқуға және зерттеу жобаларын орындауға негізделген оқушылардың зерттеу іс-әрекеттерін қолдау;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;
- өз ойын жеткізе білу және дәлелдер келтіре алу, мәселелерді анықтау үшін өз пікірлерін жеткізу, болжам құру және ұсыныс жасау қабілетін дамытуға ынталандыратын жағдайлар жасау;
- оқушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;
- жеке, жұптық, топтық және ұжымдық оқыту әдістері белсенді қолданылатын жалпы сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Тұлғалық-бағдарлық білім беруді осындай сипатта жақсарту білім беру процесіне барлық қатысушылардың өзара қарым-қатынасында өктемшілікке жол бермей, ынтымақтастығы үшін алғышарттарды құрайтын оқытудың алуан түрлі интерактивті әдістерін қолдану кезінде мүмкін. Диалогтік және рефлексивті технологияларды қолдану оқушылардың жоба және зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруымен сабақтасады.

Белсенді оқу педагогикалық әдіс-тәсілдерді, сондай-ақ ұйымдастырушылық-басқару құралдарын кеңінен және мүмкіндігінше кешенді пайдалану арқылы оқушылардың оқу-танымдық іс-әрекетін жан-жақты жандандыруға бағытталған оқу үдерісін ұйымдастыру және жүргізу.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану құзыреттілігі оқушылардың жұмыста, бос уақытта және қарым-қатынаста технологияларды біліктілікпен және шығармашылықпен пайдалануын қамтиды. Бұл АКТ-ны пайдаланудың бастапқы дағдылары арқылы қалыптасады.

Пән мазмұнын меңгеру және оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде оқушылардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін алғышарттар/жағдайлар жасау керек.

Оқушылар кіріктірілген білім беру бағдарламасындағы барлық пәндерді оқу барысында ақпаратты *табу, құрастыру және басқару*, мәліметтер және идеялармен *бөлісу, бірлесіп әрекет ету*, түрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы өз жұмысын *бағалай* және жетілдіре отырып, АКТ-ны қолдану дағдыларын дамытады.

Бұл «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасында төмендегідей көрініс табады:

- көркем шығарма бөлімдерін толықтай түсіну үшін және оның негізгі идеяларын түсіндіру үшін медиа материалдарын қолдану;
- оқушыларды сабаққа белсенді қатыстыру үшін АКТ мүмкіндіктерін сабақта қолдану;
- көркем шығарманы толықтай түсіну үшін және көтерілген мәселелер бойынша өз ойын дәлелдеу үшін медиа құралдарды қолдану;
- медиа құралдарды қолдана отырып, ақпаратты және дәлелді түсінеді,

әртүрлі пікірлерді талдайды және салыстырады;

- медиа құралдарды қолдана отырып, ғаламдық тақырыптарға қатысты мәселелерді нақтылайды және мәселелерге әртүрлі пікір тұрғысынан талдау жасайды;

- АКТ арқылы презентация жасайды, салыстырады, бағалайды, жетілдіреді, зерттейді және бірлесе отырып, пікірлерін дәлелдейді.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқылым тапсырмаларының үлгілері:

- медиа құралдардағы материалдарды оқу арқылы ақпараттар мен дәлелдемелерді түсіну, түрлі көзқарастарды талдау және салыстыру;

- күрделі және көлемді шығармалардағы кейіпкерлердің психологиялық көңіл-күй өзгерісіне автордың көзқарасы мен себебін оқу және дәлелдеу;

- шығарманың бөлімдерін түсініп оқу, ақпаратты зерттеу және синтездеу;

- жоспарлар, тезис, конспект, қысқаша мазмұндау, сұхбат, репортаж, эсселерді сын тұрғысынан оқу, жазу және редакциялау;

- ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, әлем әдебиетінің құндылықтары туралы зерттеу жүргізу және сыни тұрғысынан ойлау арқылы сын пікірлер айта білу;

- әдеби шығармаларды, БАҚ материалдарын және интернетті өз бетімен оқу және түсіну.

Қазақ әдебиетінде жазылым тапсырмаларының үлгілері:

- қазақ классикалық әдеби шығармаларындағы ақпараттарды синтездеу;

- әдеби эссе жазғызу.

Әдеби эссе – эссе түрлерінің ішіндегі ең күрделісі. Әдеби эссе басқа эссе түрлеріне ұқсамайды. Біріншіден, ол әдеби шығармаларға негізделген. Екіншіден, автордың айтқысы келген идеяларын болжап түсінуге негізделген. Әдеби эссенің басқа жұмыстардан айырмашылығы: жалпы шолумен салыстырғанда, әдеби шығарманың сапасын немесе ахуалын бағаламайды және мәтінді мазмұндамайды. Өзге классикалық шығармаларға қарағанда, әдеби эссе ұзақ және бірнеше ой мен тақырыпты ұштастыра алады (бірақ оларды біріктіріп бір қорытындыға келу керек).

Ол жазылу мақсатына қарай әдеби-талдау эссе, әдеби-сыни эссе, әдеби-синтез эссе, әдеби-дәлелдеме эссе, әдеби-салыстырмалы эссе, әдеби-шығармашылық эссе болып бөлінеді. Әдеби эссенің әр түрінің жазу әдістері бар. *Әдеби-талдау эссені* туындыға талдау жасай отырып жазады. *Әдеби-сыни эсседе* автор көзқарасына, автор бейнесіне, автор үлесіне сыни көзқарасын, пікірін білдіріп жазады. *Әдеби-синтез эсседе* бір тақырыптың бірнеше туындыдағы көрінісін талдай келе, шешім шығарады. Шешіміне талдау жүргізе отырып, қорытындыға келеді. *Әдеби-дәлелдеме эсседе* өз ұстанымын көрсете отырып, аргументтер арқылы дәлелдеп жазады. *Әдеби-салыстырмалы эсседе* туындыны басқа туындымен және сол туындыдағы кейіпкерлерді, оқиғаны салыстыра отырып, талдап жазады. *Әдеби-шығармашылық эсседе* көркем туындыдағы оқиғаны өз шығармашылығымен оқиға тудырып және кейіпкер рөліне еніп немесе оқиға уақытына, мекеніне түсіп, сезімін, ойын, жай-күйін баяндап, сипаттап, суреттеп жазады.

Белгілі қазақ ағартушысы Ж.Аймауытұлы айтқандай, сабақ барысында *«баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса, жұмыс жасайтын материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе»* оқудың анағұрлым тиімді болатынын естен шығармаған дұрыс.

Мұғалімдер кері байланыстың көмегімен және модельдеу, көрсету, сұрақ қою, бақылау, танымдық ойын түрлерін қолдану арқылы оқушылардың оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне үнемі қолдау көрсетуі керек. Оқушылардың пән бойынша терең білім алуы мұғалімдердің дағдыларына да байланысты, яғни олар оқушылардың жаңа білімдерін бұған дейінгі білімдерімен ұштастыра алуын бақылай білулері маңызды.

Белсенді оқу барысында мұғалімдер:

- барлық оқушылардың оқу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін жағымды оқу ахуалын қалыптастыруға;

- сенімді, жауапты, белсенді, жаңалыққа ұмтылатын және өзінің іс-әрекетін талдап, рефлексия жасай білетін оқушыларды тәрбиелеуді мақсат етуге;

- оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған тапсырмалар мен белсенді әдіс-тәсілдерді қолдануға;

- алға қойылған оқу мақсаттарына қол жеткізу арқылы жоспарланған сабақты тиімді өткізу үшін материалдары, ресурстарды және қосымша құралдарды пайдалана отырып, бүкіл сынып қатысатын, топтық немесе жұптық жұмыс түрлерін, оқушылардың жеке жұмыс істеуін ұйымдастыруға;

- оқушыларды мадақтап, оқуға еліктіре, қызықтыра отырып, ұғымдарды түсіндіруде және мағынасын ашуда, нұсқаулық беруде түсінікті, анық, қарапайым тілді пайдалануға;

- оқушылардың оқуын бақылап, оларға кері байланыс ұсынуға тиіс.

Белсенді оқу үдерісінде мұғалім үшін:

- ой салып, ынталандыратын материал ұсыну;

- оқушылар ғылыми жоба барысында пайдалана алатын тәжірибелік және эксперименттік дағдыларды қалыптастыру;

- оқушыларға өздері қызығатын салаға қатысты сұрақ тұжырымдауға көмектесу;

- жұпта, шағын топта және құрамы өзгеріп отыратын жұпта жұмыс істеуге арналған жаттығу дайындау;

- оқушыларды өз бетінше ойлануға бағыттау;

- оқушыларға өздерінің ойлау және зерттеу дағдыларын қолдануды еске салу;

- оқушылармен жеке жұмыс жүргізу;

- оқушыларға өз бетінше жұмыс істегенде жетістікке жетуге мүмкіндік беретін жобаларды ойлап табу және ұйымдастыру маңызды.

Бүгінгі таңда осы аталған әдістердің ішінде кеңінен қолданылып жүрген белсенді оқу әдістерінің бірі – ***интербелсенді әдістер***.

Білім саласындағы инновациялық өзгерістер оқудың/оқытудың негізі ретінде тұлғалық дамуды қарастырады, өйткені динамика мен өзгерістерге толы

ақпараттық дәуір экономикасы адамның білімді әрі білікті тұлғасына тәуелді, бұл дәуірдің идеологиялық, әлеуметтік, саяси сұраныстары адамнан мынандай құзыреттіліктерді талап етеді:

- ақпараттың ішінен өзіне қажеттісін таңдап, оны пайдалану;
- проблемаларды шешу және шешім қабылдау;
- өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру, оларды дәлелдей және қорғай білу;
- ауызша және жазбаша түрде қарым-қатынас құра білу, бірлесе жұмыс жасай білу, жанжалдарды болдырмау;
- өмірге деген көзқарасын, ұстанатын сенімдерін, қажеттіліктерін, құндылықтарын жалпы адами құндылықтармен байланыстыру;
- өздігімен үйрене білу, өз білімін әрқашан да дамытып отыру.

Сол себепті де тұлғалық даму ұстанымы білімді игеру процесіне қатысушылардың (үйренуші мен үйренуші) бұрынғы авторитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасын гуманитарлы-коммуникативтік қарым-қатынасқа өзгертуді талап етеді. Бұл ұстаным таным процесінің «білім беру», «оқыту», «үйрету» деген кешегі күнгі түсініктерін енді екі жақты процесс ретінде қарастырып, оларды *«білім алу/игеру», «оқу», «үйрену» деп өзгертеді, бұл процесте үйренуші негізгі рөл атқарып, білімді өздігімен құрастырады деп түсінеді.*

Басқаша айтқанда, «интербелсенді» дегеніміз біреумен қоян-қолтық қарым-қатынаста болу, онымен бірлесе әрекет жасау, диалог құру. Ал «интербелсенді оқу» дегеніміз өзара қарым-қатынасқа (коммуникацияға) негізделген оқу/оқыту, диалог арқылы үйрену/үйрету, яғни «үйретуші – үйренуші», «үйренуші-үйренуші», «үйренуші – өзімен-өзі» форматтарында жасаған қарым-қатынас («әңгіме», «сұхбат», «пікірлесу», «бірлескен әрекеттер»).

Интербелсенді оқу/оқыту оқушының өз тәжірибесі және өзге де оқушылардың тәжірибесі тұрғысынан жасаған белсенді қарым-қатынасқа негізделеді. Ал үйренушілердің тәжірибесі дегеніміз олардың өзіндік пікірлері мен көзқарастары, ойлары мен идеялары, ұстанымдары мен пайымдаулары, тұжырымдары мен қорытындылары, дәлелдері мен уәждері деп айтуға тұрарлық. Оқушылар таным процесінде бір-бірімен осы тәжірибесімен бөліседі, міне, осындай байланыста, қарым-қатынаста жаңа білім құрастырылып, саналы түрде игеріледі.

Интербелсенді оқуда/үйренуде білім алушылар мынандай білім, білік, дағды, машықтарға үйренеді:

- терең ойлану, жеке рефлексиялық қабілеттерді дамыту;
- өз идеялары мен әрекеттерін талдау және оларға баға беру;
- ақпаратты өздігімен түсініп, оны таразылап, екшеп, оның ішінен керектісін таңдап алу;
- ақпаратты жан-жақты талдау;
- өздігімен жаңа түсінік пен білім құрастыру;

- оқу барысында жеке басының құндылықтары мен сенімдерін қалыптастырып, белсенді өмірлік позиция (көзқарас, дүниетаным) ұстану;
- пікірталастарға қатысып, өз ойы мен пікірін дәлелдеу;
- басқа да балама пікірлерді ескеру;
- шешім қабылдау және қиын мәселелерді шешу;
- ортақ жұмысқа жұмыла білу;
- басқалармен тиімді қарым-қатынас құру, өзара әрекеттесу;
- үйренушілер ұжымына ортақ бірлесе жұмыс жасаудың рухани және моральды ережелерді қабылдау;
- оқушы топты ұжым ретінде қабылдайды.

Креативті жазу дағдысын дамыту. Оқушылар алған білімдерін өмірде қолдануға болатынын түсінген кезде, олардың оқуға және меңгерген білімдерін шығармашылықпен пайдалануға ішкі мотивациясы арта түседі.

Оқушылар өздерінің оқуға деген қабілетін оң бағалап, сәтсіздіктеріне өмірлік тәжірибе ретінде қараса, бұл олардың креативтілікке бейім екендігін көрсетеді. Проблемаларды белгілеу және оларды шешу, оқуды үйрену, кешенді коммуникация, іргелі білімдерді меңгеру сияқты пәндік дағдыларды меңгеру де креативтілікті дамытады. Мысалы, егер оқушыларға белгілі бір ғылыми проблеманы қойып, өздерінің экспериментін жүргізу ұсынылатын тапсырма берілсе, олар осыған байланысты өзекті тақырып таңдап, жақсы жоба әзірлеп ұсыну үшін, өздерінің білімі мен креативтілігін пайдалану қажет болады.

Пән арқылы оқыту туралы ғылыми сабақ – бұл оқушылардың креативтілігін дамытуда қолданатын стратегиялардың бірі болып табылады. Ынталандыру және қолдау оқушыларға өздерінің креативтілігін дамыту туралы тиімді ойлау модельдерін құруға көмектеседі.

Креативтілікті анықтау оқушылардың өздері байқамауы мүмкін креативтілік қабілеттерін айқындауына көмектеседі. Метакогнициялық дағдыларды дамыту сияқты, тікелей креативті процесс туралы, оған ненің оң әсер ететіні, ненің кері әсер ететіні туралы айту арқылы оқушының креативтілік қабілетін дамытуға ықпал етуге болады. Ұқсастықтардың болуына қарамастан әртүрлі мәдениеттерде креативтіліктің мәні мен құндылығы туралы түсінік әрқалай болып келеді.

Бір елдерде креативтілік қоғамдық және адамгершілік қасиеттер ретінде қарастырылса, енді бір елдерде адамның тұлғалық ерекшелігін көрсететін қасиеттер ретінде қарастырылады. Креативтіліктің басқа тұжырымдамалық белгілеріне қатысты ҚХР, Жапония және АҚШ-тан 400-ден астам оқушы қатысқан сауалнама қорытындысы бойынша, бұл елдердің оқушылары креативтілік туралы түсінікті жаңашылдығы мен пайдалылығы тұрғысынан бағалайтынын көрсетті. Дегенмен қытайлық оқушылар креативтілікті жаңашылдық тұрғысынан ерекше бағалайтынын атап көрсеткен. Ал жапондық және америкалық оқушылар оны пайдалылығы тұрғысынан маңызды деп санайды. Креативтілікке үйрету мен дағдыландыруда осындай мәдени айырмашылықтарды да ескеру қажет.

Оқушылар шығармадағы эпизодтар мен бейнелерді салғастыруды, эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтауды, шығармадағы көркемдегіш құралдардың (символ, синекдоха, қайталау түрлері: эпифора, анафора, аллитерация, ассонанс, риторикалық сұрақ) қолданысын талдау меңгере отырып, шығармадан алған үзінділерді қайта өңдеп креативті жазу арқылы «Анализ жасау және интерпретациялау» дағдыларын дамытады. Эпикалық шығармадағы жазушының авторлық тұлғасының көріну қалпын, суреткерлік шеберлігін анықтайды.

Көркем шығармаға түрлі деңгейдегі талдау жұмыстарын жүргізу арқылы оқушылардың ойлау қабілеттері (шығармашылық және сыни тұрғыдан ойлау т.б.) дамиды. Мәтінмен жан-жақты жұмыс жасау үдерісінде қаламгердің тілдік көркемдегіш құралдарды қолдану лабораториясына талдау жасайды. Шығарманың көркемдік-идеялық құндылығын гуманистік тұрғыдан талдап, әдеби эссе, шығарма бойынша жазылған әдеби сын-пікірлерге сүйене отырып, өзіндік сыни пікір жазады.

Кең ауқымдағы дағдылармен бірлікте жеке қасиеттердің дамуы «қазақстандық патриотизм мен азаматтық жауапкершілік», «құрмет», «ынтымақтастық», «еңбек пен шығармашылық», «ашықтық», «өмір бойы білім алу» сияқты білім берудің басты құндылықтарды оқушыларға дарыту негізі болып табылады. Бұл құндылықтарды оқушының тәртібі мен күнделікті іс-әрекеттерін ынталандыратын тұрақты тұлғалық бағдары болуы тиіс.

Экономикадағы заманауи инновациялар, еңбек нарығындағы өзгерістер оқушылардың күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық түрде қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеру қажеттілігіне себепші болады. Жігерлілік, алғырлық, өзгерістерге дайындығы, байланысқа бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер өзекті болып отыр.

Пәнді оқыту процесінің тәрбиелік әлеуетін арттыру.

Көркем әдебиет оқырманды талдырмай, шаршатпай жетелеп келе жатқан асыл арман мен асқақ қиялға, азаматтық адамгершілік қасиеттерге, жоғары идея мен биік сезімге, туысқандық пен достыққа баулуға міндетті. Мұның бәрін жас ұрпақтың бойына күреспен, талаппен, еңбекпен дарыту керек. Өскелең ұрпақ өз бақыты мен жарқын болашағы үшін күресе алатын күрескер болып тәрбиеленуі тиіс. Тартыс үстінде толығады, жаңарады, мақтаншақтық пен қызғаншақтықтан, өзімшіл менмендік пен есерліктен, даңғойлықтан арылады. Жат мінезден арылған тәуелсіз қазақ елінің ұланы көпшіл, бауырмал, іскер, жаңа заманның кез келген тығырығынан шығар жол табатын тұлға болып қалыптасады.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытуда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен «Ұлы Даланың жеті қыры» мақаласындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері іске асырылады.

Пән мазмұны адамзаттық өркениетке бет түзеген егемен елдің мүддесіне сай асқақ руханият пен мәдени-эстетикалық мұраны игеру мен дамыту

бағдарында терең танып білу және қазіргі өзгермелі қоғам жағдайында белсенді, халқымыздың тарихын, дәстүрін, өнерін, әдебиеті мен мәдениетін ұлттық құндылық ретінде бағалап, құрметтей білетін, әдеби көркем туындыда бейнеленген құбылысты эстетикалық тұрғыда қабылдауға қажетті білім, білік, дағдыларымен қаруланған, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған, өзіндік көзқарасы қалыптасқан дара тұлға қалыптастыру мақсатына жұмылдырылады.

Қазақ әдебиетін оқытуда ізгілендіру, адамгершілік-эстетикалық, мәдени-тарихи құндылықтарды, ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерді таныту, оқушылардың тілдік қорын байыту, әдеби білімнің жүйелігі мен үздіксіздігі, сабақтастығы, білім мазмұнының тарихилық сипаты және пәнаралық, пәнішілік байланыс ұстанымдарды негізге алынады.

Қазақ әдебиеті пәнінің оқушыларды тәрбиелеу мен дамытудағы рөлі аса ауқымды. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы – ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар. Сондықтан «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша «Рухани жаңғыру» идеясы негіздерінің құндылықтарын «Елдіктің жеті тұғыры» қағидаларын оқыту мен тәрбиелеуде жүзеге асыру ұсынылады.

«Елдіктің жеті тұғыры» қағидаттарын:

«Тәуелсіздік – кез-келген азамат үшін ең қастерлі құндылық» принципі бойынша пән мазмұнындағы ел тәуелсіздігі жолындағы күрестер тарихы арқылы тамыры терең тарихымызға құрметпен қарап, мемлекеттілігімізді қадірлеу, оны көздің қарашығындай қорғауға;

«Бірлік пен келісім – елдігіміздің мызғымас тұғыры» принципі (Қазақстан халқы Ассамблеясы тақырыбы аясында) бойынша халқымыздың бірлігі пен этносаралық татулығын сақтауға; Конституцияны қастерлеу, мемлекеттік тілді білу, ұлттық құндылықтарды қадірлеуге;

«Жер – ата-баба мұрасы, халық қазынасы» принципі бойынша ел мен жерді қорғау үшін болған тарихымыздағы соғыстарды зерделеу арқылы ата-баба аманатына адал болып, ұлан-ғайыр жерімізді қорғауға;

«Отбасы мен салт-дәстүр – қоғамның алтын діңгегі» принципі бойынша. ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтарды, үлкенге – ізет, кішіге – құрмет көрсетуді дәріптейтін ата дәстүрімізді берік ұстануға;

«Ұлттық мәдениет – халықтың рухани тірегі» принципі бойынша тарихты білу, мәдени құндылықтарды тану, мәдениетімізді зерделеп, өзге жұртқа насихаттай білуге;

«Білім мен еңбек – бақуатты өмірдің кілті» принципі бойынша табыстың кілті ретінде үздіксіз білім алу мен тынымсыз еңбек етуге;

«Прагматизм – бәсекеге қабілетті болудың кепілі» принципі бойынша білім алушыларды барынша қанағатшыл, үнемшіл, ұстамды болып, уақытты орынды пайдалануға тәрбиелеуді пән мазмұнында қамтылған тақырыптарды меңгертуде жүзеге асыру ұсынылады.

Бұл білім алушылардың бойында патриотизм мен азаматтық жауапкершілікті қалыптастыру мен дамытуға негіз болады.

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес жүзеге асырылады.

«Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» бағыты білім алушылардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін, құқықтық және азаматтық сана-сезімді, жеке бас бостандығы мен ар-намысының құндылығын, парасаттылық пен адалдықты, толеранттылықты, еңбекке деген құрметті, «толық адам» қасиеттерін қалыптастырады, зорлық-зомбылық пен агрессиялық ой-пиғылдың, әртүрлі типтегі кемсітушіліктің алдын алуды қарастырады.

Оқыту процесіндегі «Қазақ әдебиеті» пәнінің тәрбиелік әлеуетін арттыру үшін *«Оқуға құштар мектеп»*, *«Тарих тағылымы»*, *«Қазақ мәдениетінің антологиясы»* әлеуметтік жобалары, *«Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары»*, *«Ұлы дала мұрагерлері»* жобасын, *«Тәуелсіздік бәрінен қымбат»* атты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласын іске асыруды жалғастыру ұсынылады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы білім алушылардың, кітапханашылардың, ата-аналардың арасында оқу сауаттылығын қалыптастыру мен жетілдіруге, оқу мәдениетінің деңгейін арттыруға және оқуды насихаттауға бағытталған. Жоба аясында отбасылық оқудың жарқын дәстүрлерін жаңғырту, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру, кітапхана қорын көркем әдебиетпен толықтыру мақсатында мектеп жанындағы кітапханалар қажетті көркем әдебиеттермен толық қамтамасыз етіледі. Сондықтан бүгінгі таңда оқушылардың кітап оқу құзыреттілігін қалыптастыру өте маңызды міндет болып отыр.

Білім алушылар, педагогтер мен ата-аналар арасында *«Кітап әуесқойы»*, *«Өзің оқып, өзгеге ұсын»*, *«Оқы және өзгеге сыйла»* және т.б. акциялар өткізу ұсынылады. Шараны ұйымдастыру жастардың кітап оқуға қызығушылығын арттыруға, өзі оқыған көркем шығармаларымен бөлісіп, оны насихаттауға, оқырмандарды кітап оқу өнеріне баулуға, дүниетанымын кеңейтуге, оқыған кітаптарының, көркем шығармалардың құдіретін сезінуге, оқығандарын дұрыс бағалай алуға, өмірде, еңбекте, оқуда, кітапты дұрыс пайдалануға баулуды үйретеді.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» бойынша

Қазақ тілін оқыту әдістемесі ғылым болып бірден қалыптасқан жоқ. Оның да өзінің тарихи даму жолдары бар. Қазақ халқының тарихында баланы ана тілінде оқыту және оқыту әдісіне көңіл бөлу ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннен басталды десек, бүгінгі деңгейге жету жолында басқа да бірқатар ғалымдар бұған елеулі үлес қосты. Ұлы ұстаз қазақ балаларына ана тілін оқытудың жолын, принциптерін, қағидасын, маңызын, жолдарын көрсетіп, әдістеме ғылымының негізін салды, артына мол қалдырды.

Халқымыздың біртуар ұлдарының бірі, ағартушы-ұстаз А. Байтұрсынов – қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаушы. Ол – қазақ тілін дыбысқа бөліп оқыту арқылы сауаттандыру әдісінің негізін салды. Бұл салада бірнеше әдістемелік мақалалар жазып, соның негізінде 1920 жылы Қазанда «Баяншы»

деген атпен әдістемелік кітапша шығарды. Мұнда автор мұғалімдерге «Әліппені» пайдаланудың, сауат ашу әдістерінің жол-жобасын көрсетіп берді. Сөйтіп ғұлама ғалым өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойып, бұларды біртіндеп шешуге кірісті. Ол алдымен қазақша сауат аштыруды көздеп «Оқу құралды» жазды, онан соң қазақ тілінің ғылыми грамматикасы «Тіл құралын» ұсынды, тілді дұрыс жұмсай білу тәртібін көздеп «Тіл жұмсарын», төртінші – сауат аштыру, тілді оқытудың әдістемесін жасауды алып, «Баяншыны» жазды.

«Тіл құралы» – қазақ мәдениетінде бұрын болмаған соны құбылыс. Оның қазақ жұртшылығы үшін мүлде тың дүние екендігін оқулықтың кіріспесінде автор арнайы атап өтеді. Ол осы оқулықты қазақ грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына тұңғыш қазақша терминдерді ұсынады. Күні бүгінге дейін қолданып жүрген «зат есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш» деген т.б. сан алуан лингвистикалық ғылыми терминдердің барлығы А. Байтұрсыновтікі. Оқулықтың тағы бір құндылығы қазақ тілінің грамматикалық басты салалары – фонетика – дыбыс туралы ғылым, морфология – сөз құрамын зерттеу, ал синтаксис сөйлем құрылысын зерттеу т. б. деп саралап тұңғыш тыңнан ғылыми жол салуында болып отыр.

А.Байтұрсынов – қазақ тілінен оқулық, бағдарлама жазып, қазақ тілін оқыту әдістемесінің дамуына зор үлес қосқан белгілі ғалым, оның еңбектері қазақ тілі әдістемесін дамытудағы зор маңызы. Басқа ұлт өкілдеріне арналып жазылған алғашқы оқулықтың авторы, оқу-ағарту, тіл мен әдебиет, білім салаларында құнарлы еңбек еткен талантты әдіскерлердің бірі – Телжан Шонанов.

Т.Шонанов – қазақ тілін оқыту әдістемесінде тіл білімін зерттеуші ғалым, әдіскер, тарихшы, аудармашы, педагог ретінде көрнекті орынға ие. Оның жазған кітаптары мен оқулықтары, әр салада жазылған 100-ден астам ғылыми еңбектерінде мектептегі білім жүйесі, әдістеме, тіл мәселелері қаралады. 1933 жылы ғалымның қазақ тілін орыс мектептерінде оқытуға байланысты «Учебник казахского языка для русской школы» деп аталатын оқулығы жарық көріп, кейін бұл оқулық күн талабына сай бес рет қайта басылып шықты.

Қазақ тілі әдістемесінің алғашқы негізін салушылардың бірі – Ғали Бегалиев болды. 1940 жылы «Бастауыш мектептерде қазақ тілінің методикасы» деген еңбегі баспадан шықты. 1920-1930 жылдар арасында қазақ өнері мен білімінің негізін салған абзал азаматтардың бірі – Құдайберген Қуанұлы Жұбанов еді. Ол – қазақ тіл білімінің негізін қалаған көрнекті ғалым, тұңғыш филолог, профессор. Қ.Жұбановтың еңбектеріне 1966 жылға дейін тыйым салынып келді. Тек қана 1966 жылы «Қазақ тіліндегі зерттеулер» деген еңбегі жарық көрді. Қазақ тілін оқыту әдістемесі саласына айрықша көп еңбек сіңірген көрнекті ғалым – Шамғали Харесұлы Сарыбаев. Ол қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту мәселесін 1933 жылдан бастап арнайы қарастыра бастады. Ш.Сарыбаев бірнеше жылдық зерттеу жұмысының нәтижесінде «Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту тәжірибесінен» /1941/ атты еңбегін жазып, натуралды, сұрақ-жауап әдісін қолданып, тіл үйретудің тиімділігін тәжірибе жүзінде дәлелдей отырып, 1943 жылы «Методика преподавания казахского

языка в русской школе» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғайды. Ш.Сарыбаев қазақ тілін басқа ұлтқа оқыту әдістемесі бойынша тұңғыш ғылым кандидаты болды. Ғалым орыс мектебінде қазақ тілін оқытудың ғылыми негізін салумен қатар, осы еңбегі арқылы оқытудың тәжірибесіне де көңіл бөлді. Өз еңбегінде ғалым тілші сан әдісті қолданып, оқу материалдарын оқушының сапалы, жүйелі, тиянақты түрде меңгеруіне жол ашты.

Қазақ әдістемесі мәселелерін зерттеп, ғылыми еңбек жазған тілші-ғалым Сейіл Жиенбаев орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту мәселелеріне, әсіресе тіл дамыту, арнайы тақырыппен жұмыс істеу, сабақ беру әдісі, сөйлеуге үйрету, кітап оқу, жазу жұмыстары туралы мағлұматтар береді. С.Жиенбаев бірнеше оқулықтар мен әдістемелік кітаптардың авторы. 1930 жылдары оқулықтармен қатар қазақ тілін басқа ұлтқа оқытуға арналған бағдарламалар да шығарылды. Ол жөнінде әдіскер-ғалым К.Жақсылықова нақтылы дерек береді: «Выявлено, что первые программы и разработки уроков по казахскому языку были составлены в 1930 годы видными учеными-языковедами С.Аманжоловым, Ш.Сарыбаевым, Т.Шонановым, и многими другими». Қазақ тілін оқыту әдістемесінің мәселелеріне қатысты ғылыми мақалалар да жазыла бастады. Бұл ретте де алғаш ой-пікір білдірген ғалымдар – Ш.Сарыбаев, С.Жиенбаев. Сонымен, ХІХ ғасырдың екінші жартысында педагогикалық ой-пікірлерді дамытқан қазақ халқының ғұлама ғалымдары Ш.Уәлиханов, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Ш.Құдайбердиев бастаған ағартушылық қызметті ХХ ғасырдың басында жалғастырған ғалымдар М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Т.Шонанов болды.

Қазақ тілін ұлт мектептерінде оқыту, жалпы басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету мәселесі ХХ ғасырдың 30 жылдарында қолға алынып, түрлі оқулықтар, оқу құралдары, бағдарламалар шығарыла бастады. Осы жылдары қазақ тіл ғылымының белгілі әдіскер ғалымдары Т.Шонанов, Ш.Сарыбаев, С.Жиенбаев т.б. ғалымдардың оқулықтары, әдістемелік еңбектері жарық көрді. Қазақ тілін орыс мектептерінде оқыту әдістемесінің қалыптасуына әсерін тигізген алғашқы тілші-ғалымдардың бірі – М.С.Лапатухин. Ғалымның көптеген жылдардағы жүргізген зерттеу еңбегінің нәтижесі 1940 жылы шыққан «Очерки по методике казахского языка в русской школе» деген еңбегінде жарық көрді. Бұл еңбек орыс мектептеріндегі қазақ тілінің ролі, қазақ тілі сабағына қойылатын талаптар, сабақтың құрылысы, орфоэпияға, ауызша сөйлеуге, жазуға үйрету, лексика және грамматика, қазақ тілінен сыныптан тыс жұмыстар т.с.с. бөлімдерді қамтиды. М.С.Лапатухинның еңбегі орыс мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесінің тұңғыш үлгісі.

1987 жылы Республикада қазақ тілін оқытуды жақсарту туралы үкімет қаулысы қабылданып, 1990 жылы қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесін алғаннан кейін қазақ тілін оқытуға көзқарас өзгере бастады. Қазақ тілін үйренуге көңіл бөлініп, бұл мәселенің зерттелуі, бағдарламалар, оқулықтар, оқу құралдарын жазу қолға алынды. Оқу орындарының барлығында қазақ тілін оқыту мәселесі де қолға алынды.

Қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуға арналған оқулықтарды, оқу құралдарын, тілашарлар мен сөздіктерді, бағдарламалар шығару сексенінші жылдардың аяғынан бастап қоғамдық саяси сипатқа ие болды. Қазақ тілін дамытуға үлкен бағыт-бағдар жасалып, жұмыстар жүргізіле бастады. Сонымен қатар қазақ тілін өзге ұлт дәрісханаларында оқытуға арналған бірнеше бағдарламалар жарияланды.

Бағдарламалардың алдыңғы қатарында тұрған 1987 жылы профессор Н.Оралбаеваның авторлығымен шыққан «Қазақ тіліні үйрену курсының программасы» болып табылады. Н.Оралбаева жасаған қазақ тілін үйретуге арналған алғашқы бағдарламаны Қазақстан білім беру министрлігі құптап бекітті. Осы бағдарламаның негізінде 1996 жылы «Ана тілі» баспасынан «Орыс тіліндегі мектептерде қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты оқулық жарық көрді. Бұл жоғары оқу орындарындағы студенттерден басқа ұлтқа қазақ тілін оқытатын, әдістемелік жағынан жетілген мамандар дайындауға арналған алғашқы ғылыми оқулық. Оқулық 1992 жылы жарық көрген Н.Оралбаева, К.Жақсылықова құрастырған оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілін оқыту бағдарламасы бойынша жазылған. Оқулықта қазақ тілін орыс мектептерінде оқытудың лингвистикалық, психологиялық, дидактикалық негіздері, тарихи дамуы қарастырылған.

Қазақ тілі әдістемесі пәні, оның міндеттері, мақсаттары, қазақ тілін басқа ұлттарға оқыту әдістері, сабақтың құрылысы мен түрлері жүйелі, анық, нақты түрде берілген. Сонымен қатар мұнда тілдік материалды ғылыми принцип негізінде таңдау және сұрыптауда:

- 1) сөздердің қолдану жиілігі;
- 2) сөздердің жеңіл-қиындығы;
- 3) сөздердің синонимдік қасиеті;
- 4) сөздердің тақырып қажеттігіне сәйкестігі;
- 5) екі тілге ортақ сөздерді санатқа кіргізбеу;
- 6) сөздердің сөзжасамдық қабілеті;
- 7) сөздің тілдің дыбыстық ерекшелігін қамтуы;
- 8) сөздің оқушының психологиялық ерекшелігіне сәйкестігі;
- 9) сөздің оқулықта қайталану жиілігі қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінуі

қажет.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі бойынша практикалық және лабораториялық сабақтарды жүйелі топтастырудың алғашқы баспалдағы ретінде Т.Әбдікәрімова, Т.Әбдіғалиева, К.Шаймерденовалардың авторлығымен шыққан «Қазақ тілін оқыту әдістемесі» атты еңбегін атауға болады. Практикалық және лабораториялық жұмыстар, сабақты ұйымдастырудың үлгілері, диктант пен жаттығу жұмыстары, оқушылардың білімін есептеу ғылыми-практикалық жағынан жан-жақты талданып көрсетілген еңбек оқытушыларға әдістемелік жағынан көмек беретін тұшымды жұмыс болып табылады.

Қазақстан көп ұлтты мемлекет болғандықтан, осында қалыптасқан тілдік ортаға байланысты тілді үйренушілердің өзі – бастауыш топ, жалғастырушы топ болып бірнеше топқа бөлінеді. Қазіргі кезде жиі қолданыста жүрген

оқулықтардың ішінде осы топтарға пайдаланып жүрген оқудық – Ш.Бектұров пен А.Бектұрованың «Қазақ тілі» оқулығы. 1998 жылы Т.Аяпованың «Қазақ тілі» деп аталатын үш кітаптан тұратын кешенді оқулығы шықты. Автордың пікірі бойынша бойынша оқулық АҚШ-та басылған «70 қадам арқылы қазақ тілін үйреніңіз» атты оқулықтың жалғасы болып саналады. Кешенді оқулықтың мақсаты – «бүкіләлемдік ең актуальды және ұтымды оқыту әдістерін қолдана отырып, оқушы білімін тереңдетуге көмектесу және сөйлеуге үйрету».

Сонымен, өз алдына дербес ғылым болып табылатын қазақ тілін оқыту әдістемесі – педагогика ғылымының бір саласы. Өйткені оның өзіндік зерттейтін нысаны, мазмұны, зерттеу әдістері мен тәсілдері бар. Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтіні оның оқыту жолдары мен жағдайлары туралы заңдылықтар. Бұл заңдылықтар педагогика, психология және лингвистика ғылымдарының негізінде жинақталған практикалық тәжірибе мен бұрыннан қалыптасқан теориялық қағидалардан, тұжырымдардан шығарылады.

Егер нақтылап айтсақ, оқыту әдістемесі мына мәселелерді зерттейді:

- мақсаттары (не үшін оқыту керек?);
- мазмұны (нені оқыту керек?);
- ұйымдастырылуы (қалай оқыту керек?);
- құралдары (ненің көмегімен оқыту керек?);
- оқыту кезінде оқушылардың білімді меңгеру деңгейі, ақыл-ойының дамуы мен тәрбиеленуі арасындағы ұштастық мәселелері.

Қазақ тілін оқыту әдістемесінің зерттейтін басты нысаны оқушыларға тілді меңгерту болғандықтан, ол ең алдымен тіл біліміне арқа сүйейді. Өйткені мектепте қазақ тілі пәнінен өтілетін материал тіл білімі ғылымының негізінде белгіленеді. Яғни қазақ тілі пәнінің мектепте оқытылуы мазмұнын анықтау әдістемесінің міндеті болса, бұл міндетті шешуде ол тіл білімінің мағлұматтарына сүйенеді. Атап айтқанда, фонетиканы оқыту әдістемесі, лексиканы оқыту әдістемесі аталудың өзі тікелей қазақ тіл білімі салаларының атаулары екені өз-өзінен түсінікті. Сондай-ақ, мысалы, фонетикалық, морфологиялық, синтаксистік талдаулар - әдістемелік тәсілдер, ал бұл атаулардың өздері және мазмұны тіл біліміне тән. Ендеше қазақ тілін оқыту әдістемесі өзінің бұдан былайғы даму барысында тек педагогикалық қана емес, белгілі дәрежеде тіл білімдік ғылым болып та қалыптасуда. Мысалы, тіл білімінен берілетін фонетикалық мағлұматтар дыбыстарды дұрыс айту, жазу, дұрыс сөйлеу, мәнерлеп оқуға, емлеге үйрету сияқты әдістемелік мәселелермен тығыз байланысты іске асырылады. Ендеше, әдістемелік негізде мектеп грамматикасы мен ғылыми грамматика бір-бірімен тығыз байланысты, тіпті біртұтас деуге де болады. Мектепте қазақ тілін оқыту барысында ұрпақ тәрбиелеу проблемаларын талдап-шешуге қатысады, қазақ тілі сабақтарында берілетін тәрбиенің жолдарын (бұл тәрбиеге мазмұны сәйкес материалды, мысалдарды сұрыптау, көркем шығарма материалын пайдалану т.б.) тіл құралдары арқылы іске асыруды жан-жақты қарастырады. Сонымен қатар мұғалім өзінің әрбір оқушысын, оның психикасын, материалды қабылдау және есінде сақтау дағдыларының дәрежесін білуге жағдай жасайды, оқушыларды

жүйелі зерттейтін әдістермен қаруландырады Оқушының психологиясын білмей тұрып, қазақ тілі әдістемесі ұсынған әдістер мен тәсілдерді тиімді пайдалану мүмкін емес.

Оқыту әдістемесі - педагогиканың күрделі саласының бірі – дидактика тарауында қаралады. Дидактика /оқыту теориясы/ гректің *didaktikos* – оқытамын деген сөзінен шыққан. Дидактиканың негізгі проблемалары оқу үдерісінің заңдылықтарын, принциптерін және оқытудың тиімді әдістемелерін көрсетеді.

Мысалы, ресейлік ғалымдар И.Я.Лернер, М.Н.Скатин оқыту әдісінің бес түрін көрсетеді:

- түсіндіру-көрнекілік немесе ақпараттық-рецептивтік;
- репродуктивтік;
- проблемалық баяндау;
- ішінара-ізденістік немесе эвристикалық;

• зерттеушілік – деп оқытудың бес түрлі әдісіне тоқталса, Г.А.Ильина «Педагогика» атты еңбегінде оқыту әдістемесінің 4 түрге бөлген. Ал академик Ю.К. Бабанский де осындай оқыту әдістерінің түрлеріне тоқталып, оны оқытушының шығармашылық еңбегінің нәтижесі деп көрсетеді.

Ә.Исабаевтың «Қазақ тілін оқытудың дидактикалық негіздері» деген 1993 жылғы еңбегінде қазақ тілінен білім беру әдістерін: практикалық жақтан үйрету әдістері, теориялық жақтан үйрету әдістері және теориялық-практикалық үйрету әдістері деп жіктеп, оларды ішінара бірнеше әдістерге топтастырады.

Оқытудың теориясын зерттеген ғалымдар ғылыми еңбектерінде оқыту әдістерінің анықтамасын былай берген. И.Д.Зверев: «Оқыту әдістері дегеніміз - мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің барысында білім алу жолдары», - десе, Ю.К.Бабанский: «Оқыту әдістері дегеніміз - мұғалім мен оқушылардың өзара әрекетінің негізінде білім, тәрбие және таным процесін жетілдіру», - дейді. Д.Әлімжанов, Ы.Маманов өз еңбектерінде: «...Қазақ тілін оқыту әдістемесі – қазақ тілін оқытудағы мұғалімдердің озық тәжірибелерінің қорытындыларына негізделген оқыту әдістерінің жиынтығы туралы ғылыми пән», - деген.

Профессор Ә.Исабаев: «Қазақ тілінен білім беру әдістері сан алуан. Осы әдістерді әдістемеде жіктеп көрсетудің мәні зор. Жіктеп көрсетуде, біріншіден, оқушыға берілетін білімнің сапасы артады, екіншіден, оқушымен жүргізілетін жұмыстың дәлдігі нығаяды, үшіншіден, мұғалімнің атқаратын жұмысы жеңілдейді...

Оқушылар тілді практикалық-теориялық және теориялық-практикалық жағынан меңгереді. Қазақ тілінен білім беру әдістерін топтастыру әдістемесінің соңғы жетістіктеріне негізделеді», - дейді. Ж. Нұржанова өзінің «Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары» атты әдістемелік құралында оқыту әдістерін бес түрге жіктейді:

• түсіндіру әдісі – бұл әдіске ауызша баяндау - түсіндіру, әңгіме, сұрақ-жауап, дәріс түрлері жатады.

• кітаппен жұмыс істеу әдісі – мұғалімнің түсіндіргенін кітаптан қарау - анықтама, түсініктер, жоспар, конспект, тезис, газет, журнал, сөздік, т.б. жұмыстар.

- көрнекілік әдіс – экскурсия, таблица, сурет, схема, карточка пайдалану т.б.
- техникалық құралмен жұмыс істеу әдісінің бірі - демонстрациялық әдіс – экран бейнесі арқылы диафильм, кино, фрагмент, т.б, техникалық құралмен жұмыс істеу.

- жаттығу әдісі – ауызша, жазбаша және суретпен жұмыс, тақтамен жұмыс, өз бетінше жұмыс, қайталау, пысықтау кезінде ұлттық ойын элементтерін пайдалану жұмысы.

Мектепте оқылатын қазақ тілі тек тіл туралы білім беретін арнайы оқу пәні ғана емес, ол басқа пәндерді үйрену, меңгеру құралын қалыптастыратын жалпыпәндік маңызға да ие. Сондықтан қазақ тілін оқытудың коммуникативтік бағытын күшейту арқылы ғана оның мектептік білім жүйесіндегі әлеуеті арта түспек. Елімізде мемлекеттік тілді үйрету мәселелері әр қырынан зерттелді. Олардың қатарында:

- Ә.Жүнісбек: «Қазақ тілі дыбыстарын үйрету әдістемесі», «Қазақ тілін модельдеу арқылы үйрету әдістемесі»;

- Ф.Оразбаева «Тілді үйретудің коммуникативтік әдістемесі»;

- Н.Құрман «Қазақ тілін оқытуда теориялық ойлауды дамыту технологиясы», «Қазақ тілін үйретудің интерактивтік технологиясы», «Қазақ тілін үйретудің интенсивтік технологиясы», «Қазақ тілін этнолингвомәдени жүйе негізінде оқыту», «Қазақ тілін үйретудің ақпараттық технологиясы»;

- Н.Оразақынова «Тілді оқытудың сатылай комплексті талдау технологиясы»;

- С.Рахметова, Т.Әбдікәрімова, Ә.Жұмабаева «Бастауышта мәтінді меңгерту арқылы тіл дамыту әдістемесі»;

- Г.Қосымова, А.Қыдыршаев «Қазақ шешендігін үйрету әдістемесі»;

- Ж.Сүлейменова «Қазақ тілін оқытудың белсенді әдістер жүйесі» т.б.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі туралы сөз болғанда бұл проблеманың ішінен басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту мәселесін жеке бөліп қарастырмаса болмайды. Өйткені, қазіргі таңдағы көп жұмыс істеліп, жан жақты қарастырылып отырған проблема – орыс аудиториясында қазақ тілін оқыту проблемасы.

Сонымен қатар, бұл мәселе тілдік коммуникацияның тікелей зерттеу объектісі бола келіп, қазіргі кезеңде өзекті мәселе болып отырған қазақша сөйлеуге үйретудің тиімді жолдарын табуға көмектеседі. Бүгін біздің алдымызда тұрған мақсат - өзге тілді аудиторияны қазақ тіліне үйрету ғана емес, сонымен қатар алдымызда отырған шәкірттердің туған елінің қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілігін ұғынып, ол үшін басын бәйгеге тігер тәуекелге баруы болып саналады. Сол сияқты, барлық халықтармен рухани және материалдық тығыз байланыста болуы, өзі өсіп- өнген аймаққа деген сүйіспеншілігі патриотизмнің қайнар көзі.

Қазақ тілді емес аудиторияға мемлекеттік тілді үйрету мәселесімен айналысып жүрген ұстаздар, тілшілер, ғалымдар көптеп саналады. Олардың әрқайсысы әртүрлі мәселелерді қарастыра келіп, қазақ тілін оқыту саласының дамып, жетілуіне үлес қосуда. Бұл еңбектердің авторлары Ш.Х.Сарыбаев,

И.В.Маманов, Ғ.Бегалиев, С.Жиенбаев, Т.Аяпова, Ш.Бектуров, К.Сариева, А.Жүнісбеков, Ф.Р.Ахметжанова, М.Жанпейісова, Ф.Оразбаева, Қ.Бітібаева т.б.

Қазақ тілін екінші тіл немесе шет тілі ретінде оқыту. Қ. Қадашева өз еңбегінде былай деп көрсетеді: «Қазірге дейін тілді оқыту әдістемесінде «қазақ тілін өзге тілді аудиторияда оқыту», «өзге тілді аудитория» деген терминдер пайдалынып келеді. Өзге тілді аудиторияға басқа ұлт өкілдері (орыстар, украиндар және т.б.) қазақ тілін білмейтін қазақ ұлты өкілдері, яғни негізінен орта білімді орыс тілінде алған адамдар тобы жатқызылады. Бұл адамдар үшін қазақ тілі қандай тіл? Бұл мәселені айқындау үшін ана тілі (родной язык) және ана тілі емес тіл (неродной язык) деген ұғымдардан гөрі, біздің ойымызша, бірінші тіл, екінші тіл, басым тіл түсініктері арқылы жіктеу дұрыс болып шығады. Өзге тілді аудиторияларда оқитын орыс халқының өкілдері үшін орыс тілі бірінші тіл, ана тілі (Т1), ал қазақ тілі - екінші тіл (Т2), өйткені қазақ тілі саяси-әлеуметтік шаралар арқылы бекітіліп отырған, қоғам мүшелерінің барлығы білуге тиіс – мемлекеттік тіл.

Екінші тіл деген ұғымға мынадай анықтама беріледі. Белгілі бір жеке тұлға тұрақты тұратын мемлекетте сол адамның өзінің негізгі ана тілінен басқа мемлекеттік мәртебедегі, қоғамдық-саяси салада коммуникативтік қарым-қатынас құралы ретінде жоғары қажеттілікке ие сол мемлекетте ақпарат алу мен ақпарат берудің негізгі құралы болып табылатын тіл.»

Пәннің коммуникативтік бағытын арттыру тілдің қарым-қатынастық аспектілері мен қызметтерін мынадай жүйеде беруге негізделеді:

- әлеуметтік (оқушы әлеуметтенеді); танымдық (оқушы тіл арқылы дүниені таниды);
- ақпараттық (түрлі мағлұматтарды қабылдап, түсінеді); қоғамдық (ұжымдық күрделі әрекеттерді орындауға үйренеді); эмоционалдық (оқушы өз сезімін, көңіл-күйін бөліседі).

Міне, бұлардың барлығы қазақ тілінің жаңа бағытының білім берудің жаңа парадигмасымен толық сәйкестенетінін көрсетеді. Өйткені мәдениетті қатынас жасау, өзгелермен тіл табысу - әрбір адамның күнделікті өмір тәжірибесінде бетпе-бет кездесіп отыратын және оның ішкі рухани әлеміне,

Тапқырлығы мен ақыл-ойына байланысты жүзеге асатын тіршілік мұқтажы. Қазақ тілінің басты компоненті «қызмет тәсілі» болып саналатын пәндерге жатады. Бұл дегеніміз қазақ тілін оқытудағы басты мақсат ғылыми білім беру емес, оқушылардың қазақ тілі құралдарын іс жүзінде қолдана алу дағдысы мен білігін қалыптастыру. Бұдан қазақ тілін үйретудегі басым тапсырмаларды анықтау керектігі айқындалады. Олар мақсатқа жетуге бағытталған қызмет тәсілінің үлгісі, дағды мен білік қалыптастыру алгоритмі, репродуктивті және продуктивті жаттығу, материал түрлерімен қамтамасыз ету. Тілді оқытудың ұтымды әдістерін іздестіру ғылымда қатысым әдісін алға шығарды. «Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің

әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді.

Сонымен, «коммуникация» - қарым-қатынас, өзара байланыс деген ұғымды білдіреді. Тілді үйретуге қатысты әдісті сөз еткенде, арнайы қарастырған тілші-әдіскер – Е.И. Пассов. Ол қатысымдық әдісті сөз етпестен бұрын, жалпы оқыту әдісіне тән бірнеше белгілерді бөліп шығарды [28].

Мұндай белгілер мыналар:

- әрбір оқыту әдісі белгілі бір мақсатқа жетудің құралы болып табылады.

Қатысымдық әдістің негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым, тілдесім) меңгерте білу;

- әдіс оқыту процесіндегі тактиканы емес, стратегияны анықтайды, сондықтанда ол (әдіс) оқытудың шартына тәуелді болмайды;

- оқыту әдісінің аумағы өте кең, сондықтан сөйлеу әрекетінің қай түрінде болсын оқытудың барлық жақтары қамтылады;

- әдісте барлық қағидалардың басын біріктіретін ең басты, негізгі идея болады. Басты идея методологиялық рөл атқара келіп, әдістің жүзеге асуы үшін барлық мәселелердің басын біріктіреді.

Сөз болып отырған әдіске қатысты негізгі идея, басты өзек – қатысым болып табылады. Қазақ тіл білімінде қатысымдық әдістің негізін қалаған профессор Ф.Оразбаева берген анықтамаға жүгінсек, «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен қағидалардың жүйесінен тұратын; тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі».

Қазақ тілі оқушының қатысымдық біліктілігін дамытумен қатар, олардың қиялын, есте сақтауын жетілдіруге мүмкіндік береді, өзіндік оқу іс-әрекетін, өз бетімен білім алу және оны іске асыру дағдыларын қалыптастырады. Ф.Оразбаева басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқыту барысында қолданылатын қатысымдық әдісті өзіндік принциптер арқылы ажыратады. Олар:

- тіке байланыс;
- адамның жеке қабілетін ескеру;
- сөйлесуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау;
- сатылап даму,
- динамикалық өзгеру;
- өзектілік.

Қатысымдық технология, негізінен: а) оқу материалын меңгеруге бағытталады; ә) оқушы тұлғасына бағытталады; б) оқытушы мен оқушының ынтымақтастығына бағытталады, сол арқылы оқу мақсаты жүзеге асырылады.

Қатысымдық әдістің пайдаланудың тиімді жолы – оның тіке байланысқа негізделіп, адаммен – адамның тікелей қарым-қатынасы арқылы тілді үйретуді жүзеге асыруында. Тілді оқытуда үйренуші мен үйретушінің арасында бір-бірімен көзбе-көз кездесу, ауызба-ауыз тілдесу, яғни, тікелей қатынас болмаса, сөйлесім әрекеті де іске аспайды. Тілді үйретуге байланысты қандай бағыт-бағдарды тандап алу керек, оған қатысты орындалатын жұмыстармен

тапсырмалар қандай, оны іске асыруда бұл жұмыс түрлерінің алатын орны мен қызметі қандай дегенді анықтап белгілемей, алға қойған мақсатқа жету мүмкін емес. Н.Құрман «Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы» атты зерттеу еңбегінде [51] дамыта оқыту технологиясында оқушыға жаңа ғылыми ұғымды меңгерту мынадай кезеңдерге бөлінеді:

- мұғалім жаңа лингвистикалық жағдайлар жасап, соны таныстырады, оған бағытталған міндеттерді шешу керектігін белгілейді;

- берілген лингвистикалық материалға түрліше өзгерту, өңдеу жасалады, соның негізінде оқушы осы лингвистикалық материалдың бойындағы маңызды, негізгі белгілерін анықтайды;

- танылған жаңа байланыстар мен қатынастарды ерекше таңбалармен (алдын ала келісілген таңбамен) модельдейді;

- алдыңғы кезекте алға қойылған міндетті шешуге қажетті болып тұрған негізгі байланыстар мен қатынастарға жалпы сипаттама беріп, олардың қандай заңдылықтарға бағынатынын анықтайды.

Осы еңбегінде ғалым дамыта оқыту технологиясының жалпы болмысын төмендегідей белгілермен танытады:

- жалпы педагогикалық қолданысқа негізделген оқыту жүйесі;
- мәдениет жүйесіндегі, қоғамның өміріндегі ғылымның рөлін абсолюттендіруге негізделген оқыту жүйесі;

- антропоцентристік, яғни адам- субъект, ал бүкіл әлем адам үшін объект деген дүниетанымдық концепцияға негізделген оқыту жүйесі;

- психогендік, яғни адам - өзін-өзі басқарушы жүйе, даму процесі өзіндік реттеу мен өзіндік басқаруға мұқтаж деген концепцияға негізделген оқыту жүйесі;

- дамытушы, яғни адамның организмінде, психикасында, интеллектінде және рухани дүниесінде ішкі және сыртқы факторларға, басқаруға келетін және басқаруға келмейтін факторларға байланысты болатын сандық және сапалық өзгеру процесі деген концепцияға негізделген оқыту жүйесі;

- операциялық ой - машықтары – ақыл - ой тәсілдері, яғни теориялық ұғымның мағынасын осы ұғымды қалыптастыру, қолдану және тексеру кезінде пайдаланатын операцияларды сипаттау арқылы ғана анықтауға болады деген операциялық талдау жасауға негізделген оқыту жүйесі;

- оқытушы, жалпы білім беруші, ізгіліктендіруші оқыту жүйесі;

- кластық-сабақтық, топтық, дифференциалдық оқыту формасына негізделген технология;

- оқушы мен мұғалімнің ынтымақтастығына негізделген педагогикалық жүйе;

- дамытушы, яғни диалектиканың, логиканың, таным теориясының әдістерін қолдануға негізделген оқыту жүйесі;

- альтернативтік оқыту жүйесі.

Білім беру стандарттарында көрсетілген құзырет түрлері қозғалыстағы икемді қолданбалы сипаттағы дағды мен іскерлік түрлерінің жиынтығы ретінде сипатталады.

Тілдік құзырет – білім алушыға әртүрлі сөйлеу жағдаяттарында қарым-қатынас жасауға, коммуникативті қажеттілікке қарай пайдалануға мүмкіндік беретін тілдік танымда қалыптасқан икемді жүйелі тілдік білім болуы тиіс [3,24]. Тілдік білім жалғау мен жұрнақтың немесе сөйлем мүшелерінің түрлері туралы ақпараттар жиынтығы емес, сөйлеушінің мақсаты мен әрекетін жүзеге асыруға көмектесетін, қызмет ететін құрал болуы керек.

Қазақ тілі мен әдебиетін екінші тіл ретінде оқыту коммуникативті - функционалдық лингвистиканың негізгі ұстанымдарын басшылыққа ала отырып, тілдің құрылымдық жүйелілік сипаты туралы білімді қалыптастыратын құрылымдық грамматика мәліметтеріне сүйенеді. Мысалы, септік жалғаулары үйрету коммуникативті мақсат пен оның құрылымдық парадигмасын үйлестіруге негізделуі тиіс.

Тіл үйренушілердің құзырет түрлері

Қазақ тілін оқыту деңгейлерінің мазмұны мен түрлері тіл үйренушінің құзыретіне қарай ажыратылады. «Құзырет» ұғымы Тұжырымдаманың негізгі ұстанымы болып табылады.

Құзырет дегеніміз білім алушыға әртүрлі әрекет түрлерін орындауға мүмкіндік беретін білім жиынтығы, қалыптасқан дағды түрлері мен жеке басының қасиеттері болып табылады. Тілді адам өз мақсатына жету үшін қолданады. Бұл әрекет сөйлеушінің жалпы және қарым-қатынас құзыретінің негізінде орындалады:

- тіл үйренушінің құзырет түрлерін анықтау;
- тіл үйренушінің тілді білу деңгейін тексеріп, үйретудің бағытын белгілеу;
- оқу мақсаты мен мазмұнын айқындау;
- емтихан бағдарламасы мазмұнын саралау;
- тіл үйренушінің өз деңгейін анықтап, өз-өзін бағалау.

Тұжырымдама тілді оқытуды үйренудің түпкі нәтижесі құзырет түрлерін қалыптастырудың негізгі бағыттарын айқындайды. Құзырет мазмұны тіл қолданысының мәдени контекстін, тіл үйренушінің мүмкіндіктерін белгілейтін тілді меңгеру деңгейлерін жіктеуге көмектеседі. Сонымен қатар үйренушілердің әртүрлі тілді меңгеру деңгейлерін дәл анықтап, оқытушылардың өз жұмыстарын бағалауға, жүйелеуге мүмкіндік береді.

Құзырет мазмұны оқытудың мақсатын, мазмұнын және әдістерін анықтайды. Қарым-қатынас құралы бола отырып, тіл адамның танымы және мәдениетімен, сыртқы ортамен тығыз байланыста болады. Сондықтан білім алушының тілдік құзыретінің құрылымы өте күрделі. Ол өзара байланысты бірнеше компоненттерден тұрады. Өйткені қатысымға адаммен байланысты барлық аспектілер қатысады.

Оқыту үдерісінде тіл үйренушіде қалыптасатын құзырет түрлері.

1. Жалпы құзыреттер.

Жалпы білім беретін орыстілді орат мектептерде ұлттық және әлеуметтік құрылымы әртүрлі. Бірақ территориялық ортақтық, тарихи–мәдени ортаның жалпылық сипаты адам танымында әлем туралы ортақ білім қорын қалыптастырды.

Оқыту үрдісінде білім алушыда төмендегідей әлеуметтік-мәдени құзырет қалыптасуы қажет:

- күнделікті өмір, ұлттық тағамдар, дастархан басында өзін ұстау;
- мереке түрлері, мерекелерде өзін ұстау, сөйлеу ережелері;
- жұмыс уақыты, демалыс уақыттарын білу;
- өмір сүру деңгейі туралы білімі;
- жергілікті өмір салты (жеке адамдар арасындағы қарым-қатынас, әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынас, әйел мен ер адам арасындағы қарым-қатынас).

Өзге ұлт өкілі қазақ тілін үйрену арқылы өз мәдениетімен қазақ халқының мәдениетін салыстырады. Ұқсастықтары мен айырмашылықтарын бағалайды. Сонымен байланысты оқыту барысында тіл үйренуші тіл иелерімен қатынасқа еркін түсуге мүмкіндік беретін мәдени білім берілуі қажет.

2. *Экзистенциалды құзырет.* Оқыту үрдісінде үйренушінің жеке басының қасиеттері (қабылдау, есте сақтау, ойлау және т.б. психологиялық шеберлігі мен дағды түрлері), өмірдегі ұстанымдары мен құндылықтары, тілді үйрену уәждері қарым-қатынас әрекетіне тікелей ықпал етеді.

3. *Қарым-қатынас құзыреті.* Тіл үйренуші қатысымға түсу үшін тілдік құзыреттерге ие болуы тиіс. Тілдік құзыреттің құрамы:

- лингвистикалық;
- әлеуметтік лингвистикалық;
- Прагматикалық.

Лингвистикалық құзырет лексикалық, грамматикалық, семантикалық және фонологиялық құзырет түрлерінен тұрады.

Әлеуметтік лингвистикалық құзыретке әлеуметтік ортада қарым-қатынасқа түсуге қажетті дағды мен шеберлік, білім түрлері кіреді. Оған амандасу, қоштасу, сыпайылық этикеттерімен байланысты сөйлеу нормаларын, мақал-мәтелдерді, диалект белгілерін білу енеді.

Прагматикалық құзыретке тілді сөйлеу жағдаятының сипатымен мақсатына қарай тиімді қолдана білу жатады.

Оқыту мазмұны компонентінің негізгі құрамдас бөлігін лингвистикалық құзыретті қалыптастыру құрайды.

Оқулық мазмұнын жетілдірудің келесі бағыты сөздердің лексика-семантикалық тіркесім қабілеттерінің жиілігіне, беретін мағынасына қарай топтастыру мақсатында жүруі қажет.

5. Оқыту мазмұны әлеуметтік-мәдени құзыретті қалыптастыруға бағытталады. Оның мазмұны төмендегідей:

1) көпұлтты Қазақстан қоғамында жергілікті қазақ ұлтының тарихы, мәдениеті, дүниетаным құндылықтарына баса назар аудара отырып, мәдени плюрализмді сипаттау.

2) әлеуметтік әртүрлі топтардың мәдениетіне назар аудару (әртүрлі жастағы, әртүрлі географиялық жағдайда өмір сүріп жатқан тұрғындар (ауыл, қала, жергілікті мекендер)).

3) өзіне де, өзгеге де құрметпен қарауға үйрететін полиэтникалық ақпарат беретін материалдар. Қазақстан халықтарының тарихи дамуының ортақтығы, территориялық тұтастығымен байланысты достық пен сыйластықтың жарқын үлгілері болып табылатын шынайы оқиғалар мен деректерді ұсыну.

4) көпұлтты Қазақстанда өмір сүріп жатқан өзге этникалық топтардың ұлттық ерекшеліктерін көрсететін тілдік материалдарды сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша беру. Олар:

- тіл үйренушінің бойында өзге ұлттың дәстүрлеріне құрметпен қарау көзқарасын қалыптастыруы қажет;
- көпмәдениеттілік, көптілділік тұрғысынан әрекет етуге, ойлануға үйрететін, өз ұстанымдары мен түсініктеріне талдау жасап, жалпыадамзаттық құндылықтарды жеке сенімдерден ажырататын, алғашқысын жоғары қоятын проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін ұсыну.

5. Оқыту мазмұнына кіретін тіл үйренушінің экзистенциалды құзыретін қалыптастырудың негізгі бағыттары төмендегідей:

- өз пікірін айтуға, дәлелдеуге ықпал ететін сұрақтар мен тапсырмалар ұсыну;
- тіл үйренушінің өз пікірін ұсынуда әртүрлі формаларды таңдауға мүмкіндік беретін сұрақтар мен тапсырмалар жүйесін анықтау;
- тапсырма және жаттығу жұмыстарының дағды түрлерін қалыптастырудан сөйлеу іскерліктеріне көтерілу бағытында берілуін қадағалау.

Қазақ тілін оқытуда тіл үйренушіні шығармашылық ізденіске итеретін проблемалық сұрақтар мен тапсырмалар берілуі тиіс. Бұл оқулықта ұсынылатын материалдардың ақпараттық проблемалы, өзекті, қызықты болуын көздейді.

Тұжырымдаманың әдістемелік стратегиясын мемлекеттік тілді үйретудің жүйелі жалғаспалы сипаты мен қазіргі заманауи әдістерді қолданудың өзектілігі мен сабақтастығы негіздейді. Заманауи әдістерге мыналарды атауға болады:

1. *Коммуникативті әдіс*. Бұл әдіс бойынша тіл үйренушілер әрбір сабақта өмірлік жағдаяттарға байланысты тапсырмалар орындайды. Бұл тапсырмалар негізінен айтылымға негізделіп, оқытушы мен тіл үйренушілердің арасындағы диалогтарға құрылады. Әр сабаққа ұсынылған лексикалық минимумдар бойынша тіл үйренушілер өзара әңгіме жүргізеді. Тілдік мазмұнның күнделікті өмірлік жағдаяттарға құрылуы, тіл үйренушілердің сөйлесім әрекетіне бейімделуі бұл әдістің тиімділігін арттырады.

Тіл үйренудегі коммуникативті әдіс немесе коммуникативті тәсіл шетелде ол өткен ғасырдың 60-жылдарында пайда болды және ТМД елдеріне шамамен 90-жылдардың ортасында келді. Бастапқыда коммуникативті әдіс ана тілінде сөйлейтін топтық сабақтарды қамтыды. Алғашқы сабақтан бастап оқыту ағылшын тілінде жүргізілді. Кейінірек тәсіл кейбір өзгерістерге ұшырады және қазір ол топта да, жеке сабақтарда да қолданылады.

2. *Тікелей үйрету әдісі*. Әдіс тілді практикалық тұрғыдан игеруге арналған. Лексикалық материал күнделікті сөйлесу тақырыптарына құрылады. Грамматика қажет тұстарда ғана үйретіледі. Индуктивті тәсіл қолданылып, тіл үйренуші материалды өз бетінше жүйелеуге дағдыланады. Бұл әдістің тиімділігі ауызекі тілді меңгеруге басымдық жасалуында.

1910 жылдары тікелей үйрету әдісі пайда болды. Бұл әдіс оқытылатын тіл елінде және әртүрлі әлем бойынша саяхаттағысы келетін немесе оқытылатын тіл елінде өмір сүргісі келетін студенттерге бағытталған. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияда, АҚШ-та және Францияда экономикалық дамудың салдарынан тікелей үйрету әдісі модификацияланды. Оқыту: жергілікті халықпен диалогтар мен әңгімелер жүргізу, оқытылатын тіл елдерінің мәдениеті, саясаты мен географиясын зерттеу арқылы жүргізілді.

3. *Когнитивті әдіс*. Өзге тілді үйрену сол тілдің жүйесіне енумен бірге жүреді. Сондықтан тіл үйренушілерге тіл мен сөйлеудің осы жүйесін игерту қажет. Екінші тілді үйренуші сөздерді үйрену барысында сол тілдегі танымын қалыптастыра бастайды. Осы таным, яғни когниция тіл үйренушінің алған ақпаратын қабылдау және қорыту үдерісі арқылы жүреді. Сол себепті бұл әдіс тіл үйренушілердің танымдық қабілеттерін арттыру мен белсендіруге құрылады. Тіл үйрету барысында когницияға құрылған әртүрлі модельдер тапсырмалар мен жаттығулар арқылы ұсынылады.

Бұл бағыт Ж.Пиаже, Л.С.Выготскийдің теорияларына негізделеді. Ж.Пиаже адамның когнитивті механизмдері екі әрекетке негізделген деп есептейді. Ол адамның сыртқы өмірге бейімделуі. Ассимиляция – жағдайларды ескі сызбаларға икемдеу, аккомодация- адамның ескі әрекеттерді жаңа жағдайға икемдеуі. Осы екі процесс арасындағы тепе-теңдікті сақтауды Ж.Пиаже дамудың көзі деп есептейді. Басқа сөзбен айтқанда, тәжірибе жинау, өзара әрекеттесу танымды дамытатын, сонымен байланысты тұлғаны дамытатын процестер болып табылады.

4. *Грамматика-аударма әдіс*. Тіл жеке сөздерден ғана емес, осы сөздердің, сөйлемдердің өзара тіркесуінен, сол арқылы лексикалық мағына жасауынан тұрады. Сол себепті тіл үйретуде грамматика-аударма әдісі қалыптасқан. Бұл әдіс бойынша тіл үйренушілерге лексикалық мазмұнды үйреніп, қатысымдық құзіреті қалыптасу үшін негізгі қажетті грамматикалық минимумдар ұсынылады. Олар мысалдар, грамматикалық кестелер арқылы беріледі. Осыларды игерген тіл үйренуші айтылым немесе жазылым барысында осы дайын грамматикалық модельдерді еркін қолдана алады.

Грамматика-аударма әдісі латын тілін оқыту практикасынан туындады. XVI ғасырдың басында латын тілі мемлекеттік, ғылыми ортада және бизнесте танымал болғандықтан ең көп зерттелген шет тілі болды. Алайда, сол кезде латын қолданысы азайып, орнына біртіндеп ағылшын, француз және итальян тілдері келді. 19 ғасырда заманауи тілдер мектеп бағдарламаларында пайда бола бастаған кезде мұғалімдер оларды классикалық латын және ежелгі грек тілдерінде қолданылған грамматика-аударма әдісімен оқытты. Америка Құрама

Штаттарында әдістің негіздері көптеген орта мектептер мен колледждердің шет тілі кабинеттерінде қолданылды.

5. *Қазіргі лексика-грамматикалық әдіс*. Бұл әдіс тілді жалпы тұтас жүйе ретінде үйренуге бағытталады. Ол негізгі 4 компоненттен тұрады: айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым. Әр компонентке енетін тапсырмалар өзара байланысты логикаға құрылып, тіл үйренушінің сөйлеу және жазу дағдыларын қалыптастыруға арналады. Сонымен қатар үйренетін тілдің құрылымы мен логикасы ана тілімен салыстырылып, оның ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне мән беріледі.

Бұл әдіс грамматика-аударма әдісінің заманауи түрі болып табылады. Ағылшын тілін осы әдіспен оқытуды ұсынатын атақты Хорнби мен Эккерслидің оқулықтарын айтуға болады. КСРО елдеріне XX ғасырдың 60-жылдары ене бастады. Кейін Ресейде лексика-грамматикалық әдісіне негізделген «Бонк» оқулығы шықты. Бұл оқулықпен бірнеше ұрпақ ағылшын тілін меңгеріп шықты.

6. *Аудио-лингвалды әдіс*. Бұл әдіс тіл үйренушінің сөйлеу кезіндегі мінезі мен психологиясына негізделген. Күнделікті тұрмыстағы ауызекі лексикаға құрылған бұл әдіс бойынша көлемі шағын, бірақ өте маңызды жиі қолданылатын тілдік бірліктер ұсынылады. Олар бірнеше рет қайталану арқылы игертіледі. Бұл әдіс бойынша тіл үйрету ауызша құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Игерілген материалдарды қолдануда интонацияға, сөздің ырғағына мән беріледі.

Ч. Фриз бен Р. Ладонның аудио-лингвалды әдісі тіл үйренушінің сөйлеу кезіндегі мінезі мен психологиясына негізделген. Күнделікті тұрмыстағы ауызекі лексикаға құрылған бұл әдіс бойынша көлемі шағын, бірақ өте маңызды жиі қолданылатын тілдік бірліктер ұсынылады. Олар бірнеше рет қайталану арқылы игертіледі. Бұл әдіс бойынша тіл үйрету ауызша құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталған. Игерілген материалдарды қолдануда интонацияға, сөздің ырғағына мән беріледі.

7. *Аудио-визуалды әдіс*. Бұл әдіс тіл үйренушілерді ауызекі сөйлеу лексикасын меңгертуге бағытталған. Тіл үйрету адамның визуалды қабілетіне негізделіп, заттарды, құбылыстарды сипаттап беруге арналған. Соған орай, қажетті лексикалық материалдар ұсынылады. Оның негізінде көрнекіліктер басымдыққа ие болады. Әртүрлі суреттер роликтер жиі қолданылады.

Бұл әдіс «әскери әдіс» негізінде пайда болған әдіс. «Әскери әдістің» кейбір ережелерін қолдана отырып, оқытудың қарқындылығын арттырды. Аудио-визуалды әдісті ойлап табушылар әдісті тіл білімі мен психология деректерімен негіздеуге тырысты. Әдісті ойлап табушылар – П.Губерина (Загребтегі фонетика институтының директоры) және П. Риван (Париж, Сен-Клу қаласындағы ғылыми-әдістемелік орталық директорының орынбасары).

8. *Саналы-салғастырмалы әдіс*. Бұл әдіс бойынша тіл құбылысы үш мәнде қарастырылады: 1. Тіл – сөйлеу актісі ретінде беріліп, айтылым және оны түсіну үдерісі назарға алынады. 2. Тіл – сөйлеудің белгілі бір өңделген тәжірибелері бар мазмұнды қор ретінде қарастырылады. 3. Тіл – өңделмеген лингвистикалық тәжірибе ретінде алынып, оны қолданудың әдістері дәйектеледі. Тіл үйретуші үйренушіні тілдік материалдарды игеру арқылы сөйлеу деңгейіне жеткізу керек.

Яғни белгілі бір тілдегі сөздік қор қажетіне қарай үйренушінің сөйлеу қорына айналады.

Саналы түрде салыстыру әдісі қазіргі уақытта әртүрлі елдерде қолданылады, бірақ ол орыс тілінде кеңінен қолданылады. Бұл әдісті жасауда академик Л.В.Щерба маңызды рөл атқарды. Л.В.Щерба бойынша тіл үйретуші үйренушіні тілдік материалдарды игеру арқылы сөйлеу деңгейіне жеткізу керек. Яғни белгілі бір тілдегі сөздік қор қажетіне қарай үйренушінің сөйлеу қорына айналады.

9. *Саналы-практикалық әдіс*. Негізінен жоғары оқу орындарында оқитын тіл үйренуші студенттерге арналған. Бұл әдіс мынадай ерекшеліктерге құрылған: ана тілі мен үйретілетін тілдің ерекшеліктері ескеріледі; сөйлеудің минималды бірлігі ретінде сөйлемнің мағыналық мәніне негізделеді; тілдік бірліктер коммуникативті құзіреттілікке құрылып, соған тиісті ғана көлем ұсынылады; грамматикалық материалдардың практикалық мәні ескеріліп, қажетті тілдік бірліктерге концентрация жасалады; оқу материалдарын ұсынуда олардың функционалдығына айрықша мән беріледі.

Жоғары оқу орнында оқыту жағдайында шет тілдерін оқытудың жетекші әдісі (бұл атауды 60-шы жылдары белгілі кеңес психологы және әдіскер Б.В.Беляев ұсынған, ол әдісті психологиялық тұрғыдан негіздеді). Әдіс мынадай ерекшеліктерге құрылған: ана тілі мен үйретілетін тілдің ерекшеліктері ескеріледі; сөйлеудің минималды бірлігі ретінде сөйлемнің мағыналық мәніне негізделеді; тілдік бірліктер коммуникативті құзіреттілікке құрылып, соған тиісті ғана көлем ұсынылады; грамматикалық материалдардың практикалық мәні ескеріліп, қажетті тілдік бірліктерге концентрация жасалады; оқу материалдарын ұсынуда олардың функционалдығына айрықша мән беріледі.

10. *Лингвомәдени әдіс*. Бұл әдіс тіл үйрету әдістемесінде кеңінен қолданылады. Оның негізгі мақсаты – тілдік мәдениетті, соның негізінде халықтың дәстүрін, мінезін, жалпы өмірін игерту. Тіл үйренудегі лингвомәдени мазмұн халықтың ойлау және сөйлеу ерекшелігін танумен байланысты болып тіл үйренушінің жаңа тілдік әлемге енуіне үлкен ықпал етеді. Мысалы, британдықтар үшін «problems» сөзі жағымсыз мағынада қолданылатын болғандықтан, аталған әдіс халықтың тілін ғана емес, сол тілде сөйлеушінің танымына да назар аударады. Тіл үйренудің бұл әдісінің ең көрнекті өкілі – С.Г. Тер-Минасова.

11. *Модульді үйрету әдісі*. Бұл әдіс бойынша үйретілетін тілдік материал мақсатына және мазмұнына орай дидактикалық модульдерге топтастырылып ұсынылады. Әр модульдің тақырыбы, лексикасы, грамматикасы, соларға байланысты жаттығулары мен тапсырмалары болады. Модульдер арасында тіл үйренушінің коммуникативті құзіретіне негізделген сабақтастық сақталады.

Модульді үйрету әдісі «модульдік оқытудан» пайда болды, Бұл ұғым 60-шы жылдардың соңында тұжырымдалған. XX ғасырда АҚШ-та дәстүрлі оқытуға балама ретінде ұсынылып, педагогикалық теория мен практикада жинақталған көптеген прогрессивті идеяларды біріктірді. Модульдік оқытуға әртүрлі

зерттеушілердің қызығушылығы әртүрлі мақсаттарға жету ниетімен анықталады.

Бұларға қоса, тіл үйрету барысында т.б. заманауи әдістер қолданылуы мүмкін. Әдістердің алуандығы және олардың өзара сабақтастығы сақталады.

Тіл мәселесі қай заманда болса да өзекті. Қазақ тіл білімінің негізін салушы бірегей ғалым А.Байтұрсынұлы: «... *Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады*», - деген еді. Демек, мектепте оқу пәндерінің қатарында қазақ тілі пәнінің көтерер жүгі ауыр, маңызы зор. Оқушының өз ойын тіл заңдылықтарының талаптарына сай лайықты жеткізуі, баяндауы, айтуы, негіздеуі – орта білім алудың басты құралы. Сол себепті қазақ тілі пәні бойынша білім мазмұны мен оны оқыту әдістемесіне аса зор көңіл бөлінеді. Жалпы қазақ тілін оқытудың бірнеше бағыттары бар:

- а) ана тілі ретінде оқыту;
- ә) екінші тіл ретінде оқыту;
- б) шет тілі ретінде оқыту.

Әр бағыттың өзіне тән мазмұны, әдістемесі, құралдары анықталған. Қазіргі таңда білім саласында жиі қызу талқыға салынатын сұрақтардың бірі «Балалар қалай оқып жүр?». Әрине, бұл қай заманда болсын күрмеуі көп мәселе. Осы тұста А.Байтұрсынұлына жүгенсек, ол кісі: «...*әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу – сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін, басқаша оқыта бастайды. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң басқаша оқытуға тиіспіз*», - деп тұжырымдаған екен. Ғалым «Түрікшілер құрылтайы» атты мақаласында: «*Ана тілін оқыту турасында шығарған қарарға тағы да кірген баптар болды*» - деп, олардың мамұнында ерекеше көңіл бөлетін мәселерді айрықша атап өтеді. Мәселен,

- 1) Мектепте тіл сабақтары елеулі орын алуы керек.
- 2) Бастауыш мектептің тіл сабақтарында халық ауыз әдебиетінің үлгілері басым болуы керек.
- 3) Негізгі орта мектептің тіл сабағы жүйелі ілім түрінде өз алдына оқытылуы керек.
- 4) Әдебиет негізгі мектепте әлеуметтану ілімімен бірге кез келген түрде де, жүйеленіп әдебиет тарихы түрінде де оқытылуы керек.
- 5) Тарих түрінде оқытылғанда ана тілінің әдебиетінен басқа ағайын жұрттың әдебиеттермен таныстыру керек.
- 6) *Тіл білімі ереже жаттату түрінде үйретілмей, сөздің тұлға, мағына, қисын жағын тану түрде үйрету керек.*

Ахмет Байтұрсынұлының жазғандарынан алар тағылым үлгі мол. «*Жақсы дерлік де, жаман дерлік те бір әдіс жоқ. Олақтықтың белгісі – бір ғана әдісті болу, шеберліктің болуы – түрлі әдісті бөлу; керек орнында жоқ әдісті табу да қолынан келу*», - деп ой түйеді әдіскер-ғалым. Қай кездегі мұғалім не оқытушы болса да, оқыту әдісін көп білуі шарт. Әр әдісті орынды қолдана білсе, қайсібір әдіс болса да өз орнында орынды көрінері даусыз.

Әдіскер – ғалым оқытудың дұрыс жолға қойылуы үшін келесі қағидаларды ұсынады:

Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтарымен ұштастыру.

Ашып айтсақ, алдыңғы сабақта меңгерілген білімді жаңа оқу материалымен ұштастыру, оқытудың бірізділігін ұстану. Бұл күні бүгін өте маңызды қағидаттардың бірі. Аталған қағидатты іске асыру жолдары:

1. Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару, яғни, оқытудағы жүйелі-әрекеттік ұстаным (оқушының білім алу үдерісіне белсенді қатысу).

2. Сабақты алдын ала дайындалған сұрақтар қою арқылы ынтасын арттыру. Бұл оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын, ынтасын оятып, танымдық белсенділіктерін арттыра отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау болып табылады.

Осы қағидаттар қолданыстағы бағдарламада көрініс таба ма? Зерделеп көрейік.

Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған оқытудың әдістемелік қағидалары	Қолданыстағы бағдарламадағы көрінісі
Жаңа берілетін сабақты баланың білетін мағлұматтары мен ұштастыру.	Білім беру деңгейлері аралығында пән бойынша сабақтастық ескерілген. Оқушыларды межеленген оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін бұрын алған білімдерін қолдануға жетелеу ұсынылады. Жаңа білім алдыңғы біліммен тығыз байланысты және бұған дейін алынған ақпарат тұрғысынан қарастырылады. Әрбір қайталап оқыған сайын тақырыптың немесе пәннің күрделілігі арта түседі. Спиральді білім беру бағдарламасы қарапайым идеялардан анағұрлым күрделі идеяларға қисынды жолмен ауысуға мүмкіндік береді.
Тиісті таныстыру арқылы сабақтың мазмұнына ынталандырып, ілтипат аудару.	Оқу материалын меңгеру үдерісіндегі білім алушылардың танымдық іс-әрекетін арттыруға негіз болатын оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолдану.
Сабақты алдын ала даярлайтын сұраулар қою арқылы ынтасын арттыру.	Бағдарлама келесі дағдыларды қалыптастыруға бағытталған: 1. Оқу дағдылары (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым); 2. Ойлау дағдылары (білу, түсіну, қолдану, талдау, салыстыру, бағалау); 3. Шығармашылық ойлау дағдысы; 4. Логикалық ойлау дағдысы; 5. Сыни ойлау дағдысы; 6. Алгоритмдік ойлау дағдысы; 7. Критикалық ойлау дағдысы; 8. Проблемалық ойлау дағдысы; 9. Технологиялық ойлау дағдысы; 10. Тілдік құзіреттілік дағдысы; 11. Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту.

	Дағдының қай түрін алсақ та, оны қалыптастыру барсында сұрақтарды да, ынталандыру амалдарын мейлінше қолдануды талап етеді.
Қажетсіз мағлұматтардан сақтану, баланың ілтипатын қоздыратын қызықты нәрселерді ғана сөйлеп, үйрету.	Бөлімдердің мазмұны мен ұсынылған тақырыптардың уақыт талабына сәйкес келеді, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға басты назар аударылады. Оқушының өз бетімен оқып-ізденуіне жағдай жасайды.
Баланың ішін пыстыратын біркелкі мағлұматтардан сақтану, лайықты салыстыру, теңестіру, ұқсастыру, түрлі әдісті оңтаймен оқытуға, жандандыруға тырысу.	Білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ –ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) қолдану болып табылады.
Алғашқы кездегі оқыту деректің көрнекі болуы. Оған сай жобаларды дұрыс қолдану	Таныстырылым материалдарының оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай болуы шарт. Сабақ барысында қолданылатын ресурстар тақырыпқа сай, білім алушылардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс.
Өзгелерді ынталандыру үшін оқытушы үйрететін нәрсесіне өзі де ынталану, өзі де жақсы көру, оқытушы сүйген нәрселерді оқушы да сүйеді.	Оқыту мақсаты оқушы және мұғалім үшін ортақ. Осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр.

Ғалым ұсынып отырған қағиданы қай-қайсысы болса да балаға білім беру жүйесінде ешқашан ескірмек емес. Мектеп мұғалімі үшін үнемі есте болатын негізгі ұстанымдар деп бағамдай

Ахмет Байтұрсынұлының пайымдауынша үйрету бастапқы кезде қайда да болса, «баулу» түрде болған. «Қазақ тілінде «баулу» деген сөз үйретудің қай түріне айтылады? Қасқыр күшігін жеуге баулығанда, қорадан қозы ұрлап апарып баулиды. Мысық баласын тышқан ұстауға баулығанда, тышқанды тірілей әкеп беріп, қашырып ұстатып, баулиды. Қазақтың ескі жырларынан, ескі сөздерінен батыр болғандарды қалай баулып батыр қып өсіргендерін көреміз, батырлар басқалардың балаларын қалай баулып өсіргенін көреміз. Мәселен, Шыңғыс ханды жасында баулыған Шолақ қол батыр тас атудан бастап, садақ пен құс атуға дейін баулыған. Адам арқасына мініп қару қылудан бастап, ат арқасында қару қылуға дейін баулыған. О заманда би болғандар би мектебінде баулынған, яғни биге атшы болып, бірге жүріп, бірге тұрып, бітірген істердің ішінде бірге болып, баулынып, би болған.

Қай жұрттың да болса, мәдениет есігінде отырған заманы болған. Мәдениет есігінде отырған шағында олардың да бала үйретуі «баулу» түрде болған. Олар да үйретудің «өлі оқу» түрін де бастарынан кешірген.

Осы тұста ғалымның «баулу» мектебі деп отырғаны қазіргі кезде бұл мәселе барлық елдерде өзекті болып отыр «дағды қалыптастыру» міндеті емес пе?!

Мектепте оқушылардың бойында ХХІ ғасыр білік-дағдыларын дамытудың да азаматтық себептерінің өзіндік негізі бар. Мектеп оқушыларына азаматтық білім қажет, дегенмен олардың азаматтық сана-сезімінің өсуіне ықпал ету үшін мемлекет және азамат туралы ақпаратты жаттатып, қайта айтқызу жеткіліксіз болып табылады. Сонымен қатар олардың не үшін және қалай жауапты азамат болуы керектігін білуі аса маңызды. Бұл оқушылардың жаңалық мәліметтерін талдай білуі, өз ұстанымын анықтауы және ақылға салып дауыс бере білуі үшін қажет. Оларға қоғамдық міндеттерді шешу стратегияларын қайта қарау және ұсыныстар жасай білу үшін қиындықтарды жеңе білу қабілеті қажет.

Профессор Құдайберген Жұбанов тілдің дамуы мен әлеуметтік ахуалдың өзара байланысы екі түрлі жолмен жүзеге асатындығына көңіл бөлген: бір жағынан, *тіл қоғамның ықпалына ұшырайды*; екіншіден – тілдік жағдайдың өзгеруі әлеуметтің *тұрмыс-тіршілігіне ықпал етпей* тұрмайды.

Профессордың ғылыми көзқарасы бойынша, тіл – өз алдына дербес, қоғамға тәуелсіз құбылыс емес, адамның қарым-қатынас тәжірибесінің іс жүзіндегі қажеттілігінен туындайтын қоғамдық-тарихи эволюцияның өнімі. Себебі тіл тарихы кездейсоқ және әр тараптағы өзгерістердің стихиялық ағымы емес, қоғамдық-тарихи дамудың ретті қозғалысымен тәртіптелген, төменгі сатылардан жоғары деңгейлерге иерархиялық принциппен өрлеудің көрінісі. Ғалым тарихи принципті ұсынып, былай деп жазған болатын: «Тіл – адамзат тарихының қоймасы тәрізді. Жердің тарихын білем дегендерге белгілі бір тәртіппен бірінің үстіне бірі орналасқан қатарлар арқылы із қалдырып, жердің геологиялық даму кезеңдерін көрсететін жер қабаттары тәрізді тілдің де әрбір кезеңі даму тәртібіне сай тілде қаланып, қалыптасып, сақталады»

Сонымен қатар Қ.Жұбанов тілдің негізгі қызметі хабар беру екендігін айта отырып, коммуникация терминіне: «Тілдің бұдан басқа тағы бір негізгі қызметі – хабар беру. Оның бұл өзгешелігін коммуникация дейміз. Оның мағынасы орысша – общение, қазақша – қауымдасу, хабарласу дегенді білдіреді», – деп анықтама береді.

Профессор Қ.Жұбанов коммуникацияның дұрыс жүзеге асуы үшін сөйлеушінің тілдік бірліктерді дұрыс таңдап қолдана білуі, тыңдаушының айтылған хабарды дұрыс ұғынып, түсінуі қажет екенін айтады: «Танымадық дегеннің мәні: «танымай тұрмын, өз жөніңіз қалай еді?» «Кім едіңіз?» дегенге келіп саяды. Ал біреуге «Жол болсын!» дегенде алғыс айту, тілегін тілеу емес, «Неғып жүрген адамсың?» дегендей сұрау жатыр»... (8,7172). Яғни ғалым коммуникация сәтті болуы үшін сөйлесім әрекетінің субъектілері сөйлеуші мен

тыңдаушы, қабылдаушы атадан балаға беріліп отыратын кодтарды меңгеріп қана қоймай, дұрыс қолдана білуі қажеттігін ескертеді. Олай болмаған жағдайда диалог құралмайды. Қ.Жұбановтың «сөйлеудегі мақсат – біреудің екінші біреуге өз ойын білдіруі»; «сөйлеген адам өзі сөйлемейді, басқа біреуге сөйлейді», – деген пікірлері тілдік категориялардың табиғатын анағұрлым толық ашып көрсетуде тілдік деректерді тек құрылымдық тұрғыдан ғана емес, функционалдық және коммуникативті-прагматикалық аспектілермен өзара ұштастыра отырып қарастыру қажеттігін ғалымның әлдеқашан-ақ «тілдік түйсік» арқылы аңғартып кеткендігін айғақтайды.

Демек ғылымға жол салушы Ахмет Байтұрсынұлы да, саралаушы, жалғастырушы Құдайберген Жұбанов та тіл мәселесіне этнолингвистика, когнитивті лингвистика, коммуникативтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика тұрғыда ерекше мән берген.

Әлеуметтік лингвистика – әлеуметтану, әлеуметтік психология, этнография ғылымдарының түйіскен аралығында туып дамыған тіл білімі саласы. Оның негізгі объектісі – тілдің функционалды жағын зерттеу. Қарастыратын басты мәселелері: тілдің қоғамдық табиғаты, әлеуметтік қызметі, тіл болмысының қатынастық түрлері (әдеби тіл, ауызекі сөйлеу тілі, жергілікті диалектілер, койне, пиджиндер), тілдің әлеуметтік сипаттағы түрлері (жаргон, арго, кәсіби тіл), билингвизм, диглоссия, пиджинделу, креолдану, мультлингвизм процестері.

Қарапайым тілмен айтқанда, адамның тіліне, оның күнделікті сөйлеу дағдысына әлеуметтік ортаның көптеген әсерлері болады. Міне, осыны әлеуметтік лингвистика қарастырады. Әлеуметтік лингвистика тілдік таңбаларды адамдар жасына, жынысына, әлеуметтік жағдайына, ортасына, білім деңгейіне, мәдени ұстанымына т.с.с. байланысты қалай пайдаланады: бәрі бірдей ме, әлде әр түрлі қолдана ма дегенге баса назар аударады. Адамның сөйлеу ерекшелігі көбінесе қарым-қатынас жағдаятына тәуелді болады. Әрбір жағдаятта адам әр түрлі сөйлейді: әңгімелесушімен тең жағдайда немесе одан өзін жоғары, басым ұстауы (кейде оған тәуелді болуы) мүмкін. Жалпы адамдар қоғамда бір-бірімен қарым-қатынас жасағанда әр алуан рөлдерді: әке-бала, күйеу-әйел, бастық-бағынышты-қызметкер, жұмысшы, сатушы-сатып алушы, дәрігер-емделуші, мұғалім-оқытушы, оқытушы-студент т.б. орындайды. Осындай рөл түрлері сөйлеу мен сөз саптау дағдысының ерекшелігін танытады. Айталық, бала әкесімен құрдасындай сөйлеспейді. Яғни әлеуметтік лингвистика өз назарын тілге, тілдің ішкі құрылысына емес, оның қоғамда қалай қолданылатынына аударады. Осыған байланысты оған әсер ететін факторлар, сөйлеушілердің әр алуан сипаттамаларынан бастап (жасы, жынысы, білім, кәсібі т.б.), нақтылы сөйлеу ерекшелігіне дейін есепке алынады. Әлеуметтік лингвистика тілді дұрыстап сөйлеп, дұрыс қолданушылармен емес, өз сөйлеулерінде қоғамда, тілдік ортада қалыптасқан тілдік норманы бұзатын, қателесетін, бірнеше тілдік стильдерді немесе бірнеше тілдің элементтерін араластыратын нақтылы адамдарды нысана етеді.

Қазіргі таңда елімізде тіл білімі саласында Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбановтың жолын жалғап, бірнеше ғалымдарымыз айтулы еңбек етуде. 2010 жылы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тапсырысы бойынша педагогика ғылымдарының докторы, профессор Қарлығаш Қадашқызының жетекшілігімен орыс тілді орта мектептердің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» оқу-әдістемелік кешені жазылды. Ғалым-әдіскердің идеясымен кешеннің негізгі құжаттары (бағдарламасы, стандарты), деңгейлік негізгі оқулықтары, әдебиеттік оқу құралы, мұғалімге арналған әдістемелік оқу құралы, грамматикаға арналған «Тілдік тұғыр» оқу құралы, оқу сөздіктері, дидактикалық-иллюстрациялық материалдар, қазақ тілін отандық фильмдер арқылы оқытуға арналған «Бейнебаян» оқу құралы дайындалды. Бұл оқулықтар мен оқу құралдары заман талабына сай жазылғандықтан, қазіргі таңда жоғары сұранысқа ие болып отыр. Соңғы жылдары ғалым Қ.Қадашқызы тілдерді оқытудың жаңаша бағыты, яғни, қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі мәселелерімен айналысып жүр. Оның «Қазақ тілін туыс тіл ретінде оқыту әдістемесі» атты монографиясы да жарық көрді. Ғалым бұл еңбегінде «туыс тілдерді оқыту» терминін алғаш рет қолданысқа енгізеді және қазақ тілін туыс тілде сөйлейтіндерге оқытудың жаңа технологияларын, тиімді әдістерін ұсынады. Назарбаев университеті Қазақ және түркология департаментінің профессоры Күзекова Зейнехан «Қазақ тілінің қолданбалы грамматикасының әдістемесінде» қазақ тілін оқыту мазмұнын пәндік, процессуалдық, тіл біліміндегі құрылымдық, құрылымдық-семантикалық, функционалдық аспектілері тұрғысынан қарастырып, лексикалық бірліктерді үйретуге құрылған жаттығу түрлерін көрсетеді. Ғалым қазіргі таңда тілді үйретуде функционалдық-коммуникативтік әдістемені қолдануды ұсынады, оның ішінде лексикалық және грамматикалық тақырыптарды оқытқанда концентрлік жүйеге сүйене отырып оқытудың маңыздылығына тоқталды. Сонымен қатар, тілдік бірліктердің ядролық мағынасынан бөлек, олардың қолданыстағы мағыналарын үйрету қажет. Лексика бір сабақтан екінші сабаққа байланыста берілсе, тіл үйренуші сөздерді жаттамай, меңгереді. Грамматикада да осындай сабақтастық болу шарт, мысалы, бірінші сабақта барыс септігі өтілсе, келесі сабақта оның басқа мағынасы, яғни қолданысы ашылуы тиіс. Сәйкесінше, алдыңғы мағынаны қолданыстағы мағына жалғастырса, ол жаттауға емес, меңгеруге бағытталады. Тілді оқытуда функционалдық-семантикалық бағыт тиімді болады.

КИМЭП университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Ерназарова Зәуреш Шаршыбекқызы өз ғылыми еңбектерінде мынадай тұжырымдар жасайды. Әдіскер-ғалымның ойынша, өткен шақ түрлерін тіл үйренушіде қалыптасқан когнитивті құрылымдардың негізінде белгілі бір тәртіппен, жүйемен ұсыну грамматикалық категорияны қабылдаудағы қиындықтардың алдын алып, тіл үйренушінің жаңа ақпаратты дұрыс қабылдауына, қолдануына мүмкіндік береді. Бұны әдістеме ғылымында когнитивті бағыт деп атайды. Ғалым сабақтың құрылымын анықтағанда, мәтін, мәтінмен жұмыс, грамматикалық тапсырмалардың түрлеріне, тапсырманы берудің реті туралы маңызды ақпарат береді. Сабақты ұйымдастыруда

тапсырмаларды беру ретінің және оларды белгілі бір әдіс пен әдістемеге негіздеп әзірлеудің маңыздылығына көңіл бөледі. Лексикалық тақырыпты меңгерту үшін алдымен жалпыдан жалқыға өту тиімді, себебі танымдық процесте бөлшектен тұтасты қабылдау әлдеқайда қиын. Яғни алдымен мәтінмен жұмыс, содан кейін сөздікпен жұмыс қамтылуы қажет. Сөздерді үйреткен кезде тіл үйренушінің танымы арқылы жұмыс істеу керек, осыдан когнитивті оқыту бағыты айқындалады: тіл үйренуші сөзді тану, айту, есту, көру керек. Мәтіннің 98% түсінікті болып, беріліп отырған жаңа сөздер тірек сөздер болуы тиіс. Тілді оқытуда функционалдық грамматика, когнитивті бағыт және тапсырмалардың беру реті, сабақтың құрылымын анықтау оң нәтиже береді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті, ф.ғ.к. Мұсаева Гүлбағиза Әбіласымқызы «Қазақ тілін үйрету алгоритмі» еңбегінде тіл үйренушіге ұсынылатын тілдік материал оқытудың мақсатына сай сұрыпталып, логикалық тұрғыда електен өтіп, бұл жүйе бір-бірімен байланыса отырып дамиды, шағын қадамдардан тұрады және соған негізделіп қазақ тілін шетел азаматтарына үйретуге арналған оқу құралдары кең қолданысқа ие болған. Тілді үйрету үшін алгоритм қажет. Сабақтар үнемі алдыңғы және кейінгі сабақтармен байланысты болып, әр сабақ үлкен бір курстың бөлшегі болу керек. Тілді екі бағытта оқытамыз: 1) Тіл туралы оқыту; 2) Тілді таным қатынасы ретінде оқыту. Ол үшін коммуникативті әдіс керек. Коммуникативті оқыту дегеніміз тіл үйренушінің кез келген коммуникациялық жағдайда сөйлеуі, барлық әрекетке сай болуы, шынайы өмірдегі жағдаятта сөйлеуі. Алгоритм құру барысында өмірлік модельмен жұмыс істеу маңызды. Грамматиканы оқытуда грамматикалық символдар, модельдер қолданылған тиімді. Тілді үйретуде әр тапсырманың артында ғылыми-лингвистикалық әдістемелік негіз жатуы тиіс, тапсырма әзірлеу, тақырыптардың, сабақтардың өзара байланысы, материалды сұрыптау – барлығы тіл үйретудің алгоритмін құрайды.

Назарбаев университетінің қазақ тілі оқытушысы, филология магистрі, докторант Балабеков Айдар Қалайбердіұлы өз тәжірибесінде интерактивті қарым-қатынасқа, қазақ тілін екінші және шет тілі ретінде оқытудағы айтылым, оқылым, жазылым және тыңдалым әрекеттерін ұштастыра оқытуда тапсырмалардың жүйелі әрі центрлік бағытта берілуі, тілдік жаттығуларды түрлендіру жолдарының маңыздылығы басты назарға алынады. Тіл үйренушілердің «тілдік кедергісін» жоюдағы сұхбат және оқылым мәтіндерінің барынша шынайы берілуі, қолданыстағы белсенді сөздерді пайдалану жолдары қарастырыла келе, көркем шығармаларды деңгейге сай өңдеу жолдарын көрсетеді.

Ал енді, шетелдік тиімділігі жоғары, кең тараған әдістемелерге тоқталайық.

1. Стивен Крашен (Оңтүстік Калифорния университетінің отставкадағы профессоры) Стивен Крашеннің екінші тілді игеру теориясына негізделген 5 гипотезасы бар: 1) Оқу және меңгеру гипотезасы; 2) Басқарушы (түзетуші) гипотезасы; 3) Табиғи тәртіп гипотезасы; 4) Кіріс материалы гипотезасы; 5) Эмоционалды сүзгі гипотезасы.

2. Ховард Гарднер (Гарвард университетінің профессоры). Көптік интеллект теориясын (MULTIPLE INTELLIGENCE) – тіл үйренуде төрт тілдік дағдыны қолдану басқа тәсілдерге қарағанда жаңа тәсіл. Бұл тәсілдің басты мақсаты – тілді тез үйренуге септігін тигізу. Гарднердің айтуы бойынша адамдар да, олардың тілді үйренуі мен ақпаратты қабылдаулары да әртүрлі болып келеді. Сол себепті ол өзінің теориясында әртүрлі интеллекті қолданатын үйренушілерді ұсынған. Олар: көру арқылы үйренуші; ауызша – лингвистикалық үйренуші; логикалық-математикалық үйренуші; кеңістік арқылы үйренуші; денек-кинесетика арқылы үйренуші; тұлғааралық үйренуші; тұлғалық (немесе тұлғааралық емес) үйренуші; табиғат арқылы үйренуші. Әдістеме ағылшын тілін үйретуге арналған.

3. Николай Замяткин (Ресей, лингвист). Тілді матрица арқылы үйрету әдістемесі әртүрлі тілдік жағдаяттарды қамтитын сұқбаттар мен монологтардан тұратын матрицаға құрылған аудиокурстарды жүйелі түрде тыңдау арқылы жекелеген дыбыстар мен дыбыстар легін, сөздерді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді дұрыс қабылдап, түсініп, сөйлеуге машықтадыратын тіл үйрену тәжірибесі. Бұл әдістеме кез келген тілді меңгеруге арналған.

4. Илья Франк (Ресей, лингвист). Тілді үйренуде Илья Франк әдісі – белгілі бір шет тіліндегі мәтінді ана тіліндегі аудармасымен оқу. Бұл әдістің артықшылығы – сөздерді жаттауды, жазып алуды, сөздікке жүгінуді қажет етпейді. Сондай-ақ тілді қарапайым деңгейден ортадан жоғары деңгейге дейін үйретудегі тиімділігі жоғары. Әдіс 3 бөлімнен тұрады: 1) аудармасы мен түсіндірмесінен тұратын қысқа мәтін; 2) транскрипциясы бар жаңа сөздер тізбегі; 3) аудармасыз, түсіндірмесіз – түпнұсқа мәтін.

5. Дмитрий Петров (Ресей, лингвист, полиглот). Дмитрий Петровтың авторлық 16 сағатқа негізделген тілді үйрету әдістемесі 9 негізгі қағидаттарға сай құрылған: кішкентай баланың даму жолынан өту; оқу түрін анықтау; тыныс алуды бақылау; интенсивті оқу; суреттерді қолдану; сол тілде сөйлеушімен әңгімелесу; сөздік қорын үнемі толықтырып отыру; қате жіберуден қорықпау; тілді шынайы сүю.

6. Александр Петроченков (Ресей, оқытушы, аудармашы) Ағылшын тіліндегі ең жиі қолданылатын 137, 1000, 2000 сөз әдістемесін негіздеген. Ағылшын тілінің лексикалық минимумының жалпыға ортақ сөздігі арқылы ең маңызды лексиканы есте сақтау кезінде күш-жігерді айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді. Тіл үйренушілер ағылшын лексикасының сөздік қорын жинақтауға арналған ұтымды тәсілдің артықшылықтарын жоғары бағалаған.

7. Игорь Шехтер (Ресей, лингвист). Ағылшын тілін үйрету бойынша Шехтер әдісі үш кезеңнен тұрады: біріншісінде лексикалық бірліктер, сөздер мен тіркестер беріледі, содан кейін грамматикалық және синтаксистік құрылымдар пайдаланылады. Бүгінгі күні бұл әдістеменің тиімділігі дәлелденген.

8. Илона Давыдова (Ресей, филолог). Илона Давыдовадан ағылшын тілін жедел үйрену. Бұл әртүрлі дыбыстардың адамның санаға әсер етуіне негізделген бірегей әдіс. Ұқсас әдістерден айырмашылығы – бұл курс стандартты жаттығулар мен ережелерден басқа, арнайы дыбыстық сигналдарды қамтитын

аудио материалды тыңдауды ұсынады, олардың әсерінен шетелдік сөздерді есте сақтау процесі артады.

9. Эрик Гуннемарк (Швед полиглоты). Гуннемарктың әдістемесі бойынша тіл үйрену өте тиімді, оқыту онай және қызық. Гуннемарк жаңадан бастаушыларға «Минилекс», «Минифраз» және «Миниграмдар» жинақтарынан тұратын негізгі минимумды игеруді ұсынады. Бұл жинақтарда оқушы жаттап алуы керек сөздер мен грамматикалық ережелер бар. Лексикалық бірліктерді сапалы және тез есте сақтау үшін әр сөзге сурет беріледі.

10. Галина Китайгородская (Ресей, профессор, пед.ғ.д.). Коммуникативтік әдістемеге негізделген бұл әдісті іске асыру өте қызықты. Оқытуды бастамас бұрын психологиялық тест өткізіледі, оның нәтижелері бойынша әр тіл үйренушіге оның психотипіне сәйкес келетін рөл беріледі. Мысалы, бизнесмен, менеджер, бас директор. Әр қатысушы шет тіліндегі диалогтар мен мәселелерді талқылауға қатысу арқылы өз рөлін атқарады. Бұл тіл үйренушілерге тілдік кедергілерді жеңуге көмектеседі, өйткені олар кейіпкерлердің атынан сөйлеседі. Қатысушылар сөздерді, сөз тіркестерін және ережелерді үйренуі керек.

11. Айнур Абулнасыров, Дмитрий Репин, Дмитрий Молчанов (АҚШ, Lingualeo сервисінің негізін салушылары) Ойын механикасына құрылған, шет тілін үйренуге және тәжірибеге арналған білім беру платформасы. Пайдаланушы тілді үйренуге арналған тест тапсырмаларынан бастайды және қызығушылықтарының тізімін толтырады. Олардың негізінде Lingualeo жеке оқу жоспарын жасайды, оны іске асыру дағдылардың әртүрлі санаттарында – тыңдаудан, сөйлеуді түсінуден, сөздік қордың өсуіне және грамматикалық қателердің санына дейін пайдаланушы өзінің жеке кабинетінде көреді. Платформа ағылшын тілін үйретуге арналған.

12. Луис фон Ан Северин Хакер - Duolingo сервисінің негізін салушы (АҚШ). Тіл үйренуге арналған тегін платформа. Duolingo-да пайдаланушылардың ілгерілеуіне арналған ойын ішіндегі дағдылар және бұрыннан үйренген сөздерді жаттықтыруға болатын сөздік бөлімі бар. Пайдаланушылар тілді үйрену кезінде, мысалы, сабақты аяқтағаннан кейін «тәжірибе ұпайларын» (тиындар, ұпайлар) алады. Платформа ағылшын тілін үйретуге арналған.

13. Александр Антонов - Puzzle-English сервисінің негізін салушы (Ресей). Ағылшын тілін өздігінен үйренуге арналған танымал онлайн жоба. Сайттың қазірдің өзінде 5 миллионнан астам пайдаланушылары бар. Оқытудың қолжетімді нұсқалары: Puzzle-English сайтының өзі – ағылшын тілін үйренудегі жалпы жетістіктеріңізді көруге болатын ортақ жеке кабинеті бар әртүрлі онлайн тапсырмалар мен басқатырғыштардан құрылған; Тихер әдісі бойынша өтілген материалды тексере отырып, кез келген күрделі деңгейдегі толыққанды бейнедәрістер жүктелген. Пазл фильмдері – ағылшын тілінде қос субтитрлері бар телешоулар мен фильмдері болып табылады, сонымен қатар бейтаныс сөздерді жеке сөздікке сақтау мүмкіндігі қарастырылған.

14. Busuu Online SL (АҚШ) - тіл үйренуге арналған портал. Ол iOS және Android арқылы онлайн режимінде он екі тілде қолжетімді: ағылшын, испан,

француз, неміс, итальян, бразилиялық португал, орыс, поляк, түрік, араб, жапон және қытай. Тіл үйренушілер осы тілдердің біреуін немесе бірнешеуін таңдайды және лексика мен грамматиканы үйрену үшін өздігінен жүретін сабақтар арқылы жұмыс істейді, содан кейін олар Busuu қауымдастығындағы тіл иелерімен сөйлесу, жазу арқылы білімдерін жетілдіре алады.

15. Георгий Соловьёв, Харитон Матвеев, Денис Сметнёв, Андрей Яунзем – Skyeng сервисінің негізін салушылары (Ресей). Skyeng - ағылшын тілін үйренуге арналған онлайн мектебі. Онлайн мектептегі сабақтар виртуалды сыныпта жеке Vimbox оқу платформасында өткізіледі. Ол арқылы студенттер мен оқытушылар арасындағы байланыс, тапсырмаларды орындау және бақылау жүзеге асырылады. Тіл үйренушілердің мобильді қосымшамен синхрондалған жеке сөздігі бар, онда әрі қарай оқу үшін сабақ барысында жаңа сөздер қосылады және оқу барысы туралы барлық ақпарат жеке кабинетте көрсетіледі.

16. EnglishDom - (Ресей, <https://www.englishdom.com/>) ағылшын тілін үйренуге арналған онлайн мектеп, Шығыс Еуропадағы EdTech көшбасшыларының бірі. EnglishDom инновациялық технологиялар, тілдік ортаға ену арқылы ағылшын тілін үйренуге шабыттандырады. Мектеп Skype, цифрлық оқулық, онлайн курстар, онлайн симулятор, ағылшын тілін үйренуге арналған мобильді қосымшалар, әңгімелесу клубтары арқылы жеке сабақтарды біріктіреді.

17. Lim English - (Ресей, <https://lim-english.com/>) компьютерлер мен смартфондарға арналған толық оқу платформасы, ол жаңадан бастағандар үшін де, деңгейін жоғарылатқысы келетіндер үшін де қолайлы. Оқу үдерісі ағылшын тілінің онлайн-өзіндік нұсқаулығы қағидасы бойынша құрылған және бірегей авторлық әдістемеге негізделген.

18. Бен Уэйтли Эд, Кук Грег Детре - Memrise сервисінің негізін салушылар (Ұлыбритания). Memrise – оқу құралы ретінде флэш-карталары пайдаланылатын оқу платформасы. Ол тіл үйренуге маманданған, сонымен қатар басқа салалардағы әртүрлі мазмұнды ұсынады. Memrise-та 25 тілде 150-ден астам тіл курстары бар.

19. Study.ru - (Ресей, <https://www.study.ru/>) бұл ағылшын тілін үйренуді енді бастағандарға арналған тұтас білім базасы. Сайтта ағылшын тілінің грамматикасы бойынша нұсқаулық, түрлі жағдаяттарға арналған құрылымдық тілашарлар, тестер және жаңадан бастаушыларға арналған басқа да пайдалы ақпарат бар.

20. Rosetta Stone - (АҚШ) шет тілдік ортаға біртіндеп енгізу әдісін ұсынады. Бұл әдіс компьютерде ұзақ отыратындар үшін тиімді болып табылады. Арнайы әзірленген компьютерлік флеш-бағдарлама балаларды ересектер әлеміне енгізу сияқты, қолданушыны шет тілдік ортаға біртіндеп енгізеді. Кезеңдер біртіндеп күрделену үрдісімен жасалған, білім алушы қарапайымнан күрделіге ауысады. Алдымен есте сақтау үшін жеке қарапайым сөздер ұсынылып, күрделене түседі, содан кейін сөйлеу құрылымдары, грамматика, синтаксис енгізіледі.

21. Р.Вельдер әдісі - психоанализ саласындағы танымал австриялық ғалым Роберт Вельдердің тіл білімінде алғаш рет қолданған ерекше синергетикалық әдісі. Оқыту тілге аудиовизуалды бейімделудің дәйекті кезеңдерін, интонациялық фонды бір уақытта түзетумен дұрыс артикуляцияны орнатуды, алынған ақпаратты саналы қабылдау деңгейінде графологиялық бекітуді және көбейтуді қамтиды, Ұлыбритания, Швейцария, Германия, Бельгия, Франция және Аустрияның тілдік колледждерінде шетелдіктерді даярлау үшін қолданылатын материалдарға негізделген.

22. Le Point du FLE - француз тілінің шет тілі ретіндегі порталы, оның мақсаты-француз тілі шет тілі саласындағы ең тиімді қызмет түрлеріне интернетте сыныпта немесе өз бетінше оқу кезінде пайдалану үшін ұсынылатын қолжетімділікті қамтамасыз ету. Француз тілін шет тілі ретінде үйрену үшін Интернетте ұсынылған ең жақсы материалдарға қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсаты бар сайттар анықтамалығы. Интерактивті грамматика, қателерді автоматты түрде түзету жаттығулары (<http://www.lepointdufle.net/>).

23. Като Ломб (полиглот) әдістемесі - Венгр аудармашысы және жазушысы Като Ломб көптеген тілдерді біліп, бәрін дерлік өз бетінше үйренген және үнемі жаңаларымен танысып отырған. Мысалы, ол 80 жасында иврит тілін үйреніп алған. Бүкіл өмірінде ол 28 тілді меңгеріп шыққан, оның он алтысы ол үшін «жұмыс тілі» болды (ол олардан жазбаша және ауызша аударған). Като Ломбтың айтуынша, екі тілді үйренуге және еркін сөйлесуге, кітаптар мен фильмдерден ләззат алуға супер державалардың қажеті жоқ. Сонымен қатар, ол адамдарды жаңа тілдер оңай берілетіндерге және оған қолжетімсіз адамдарға бөлуге болмайтынына сенімді болды.

24. Бенни Льюис (полиглот) әдістемесі - 11 тілді меңгерген Бенни Льюис әр жолы жаңа елге тілді үйрену үшін барады. Ол осылайша сіз үш айдан кейін жаңа тілде еркін сөйлей аласыз деп сендіреді. Әрине, мұндай мүмкіндік барлық адамдарда бола бермейді. Кейбір полиглоттар үйде тілдік орта жасайды: теледидар көреді, радио мен подкасттарды тыңдайды және медиамен видео ойындар ойнайды. Б.Льюистің 10 ережесі: сөздерді дұрыс әдіспен үйреніңіз, өз тіліңіздегі сөздерге ұқсас сөздерді меңгеріңіз: бұл сөздер сізге көмектесетін сөздер, күнделікті, тіпті саяхатсыз да, сізге қажет тілде сөйлесіңіз, күнделікті тәжірибе үшін бейнекамерамен сөйлесуді бастаңыз, ақшаңызды үнемдеңіз, ең жақсы ресурс – тегін үйрену, ересектер балаларға қарағанда тілді тезірек үйренеді, Мнемоникалық сөздік қорыңызды толтырыңыз, өз қатенізді қабылдай біліңіз, алдыңызға биік мақсаттар қоя біліңіз, B1 сөйлесу деңгейінен C2 деңгейіне өтіңіз.

25. Тілдік ортаға ену әдісі (Total immersion) - адамзатқа ежелден бері белгілі. Біреу тілдік ортаға түседі және ана тілінде сөйлесе алмай, шетелдік контекске енуге мәжбүр болады. Шетелге кетіп, тілді табиғи түрде үйренуге болады деген пікір әлі де кең таралған. Өкінішке қарай, бұл барлығы үшін жаппай бірдей тиімді болмайды, өйткені көп нәрсе оқушының жасына, оның психологиялық ерекшеліктеріне (ол белсенді сөйлесе ме, жоқ па), есту қабілетіне (мұғалімнің көмегінсіз ұқсас дыбыстарды ажырата алатындығы емес), басқа

тілдерді білу және басқа да көптеген факторларға байланысты. Тілдік орта, әрине, оқуға кең мүмкіндіктер береді, бірақ адамдардың көпшілігі үшін тілдік ортаға енуден басқа, процесті едәуір тездететін сабақтар қажет.

26. Физикалық реакция әдісі (Total physical response) - ол студент шет тілінде сөйлемес бұрын «үнсіздік кезеңінен» өту керек деген тұжырымдамаға негізделген. Осы кезеңде мұғалім оқушылармен негізінен етістіктерді қолдана отырып сөйлеседі және қозғалыстарды оқып жатқан тілде атайды. Кейінірек оқушылар мұғалімнің командаларына жауап беруге үйренеді – «тұрыңыз», «отырыңыз», «қолыңызды шапалақтаңыз». Бұл шет тілдерін үйренуде өте сирек қолданылатын кинестетика мен бұлшықет жадын қамтиды. Әрине, бұл әдіс еркін сөйлеуге мүмкіндік бермейді, сондықтан олар оны коммуникативті тәсілмен біріктіре бастады. Бұл әсіресе балаларды оқыту кезінде жақсы нәтиже береді.

27. «Каллан» әдісі - 1960 жылдары Робин Каллан жасаған бұл әдіс бір сәтте әлемді жаулап алды. Оқыту ең алдымен әңгімеге негізделген, бірақ табиғи емес. Студенттерден кездейсоқ сұралады және олардың міндеті – ойланбастан тезірек жауап беру. Сабақтар тек ағылшын тілінде өткізіледі. Материал бірнеше рет қайталанады және қателерді мұғалім дереу түзетеді. Студенттер сабақ барысында ешқандай жазба жасамайды.

28. Филология ғылымдарының кандидаты, Санкт-Петербург политехникалық университетінің қолданбалы лингвистика институтының доценті Денис Листвиннің неміс тілін үйрету әдістемесі. Бастапқыда бұл әдіс неміс тілін оқыту үшін жасалды және оның негізінде 2011-2015 жылдары Ресейде және шетелде кеңінен танымал екі «Қазіргі неміс» және «Неміс тілінің толық курсы» оқулықтары жарық көрді. Бұл әдістің негізгі 3 принципі бар: 1) Тілді үйренудің бастапқы кезеңіндегі полиглоттардың негізгі қағидасы-сөздерді үнемдеу, тек ең қажетті және жоғары жиілікті сөздер мен шын мәнінде қолданылатын грамматика ұсынылады. 2) Кеделерді азайту принципі дәйекті түрде сақталады. Әртүрлі тақырыптар бірінің үстіне бірі беріле бермей, толық түсінуді қамтамасыз ете отырып, материалдар жүйелі түрде ұсынылады. 3) Дағдыларды бекітетін арнайы әзірленген жаттығулардың бірегей кешенінің көмегімен жаттықтыру.

29. Ламберт Совер әдістемесі – Ламберт Совер, француздан шыққан лингвист және француз тілін шет тілі ретінде оқытатын оқытушы, 19 ғасырда АҚШ-тағы тікелей әдістің негізін қалаушылардың бірі. 1860-1870 жылдары Совер, Максимилиан Берлиц сияқты, АҚШ-қа көшіп, мансабын негізінен француз тілін оқытуға арнады. Совердің табиғи әдісі, ол оны қалай атады, толығымен әңгімелесуге негізделген (Howatt 1984: 281). Финоттидің айтуынша (2010), ол алғашқылардың бірі болып АҚШ-та тікелей әдісті қолданған. Сондай-ақ Финотти (2010), Совер Берлицпен бірге сол кезде жиі қолданылатын грамматикалық аударма әдісіне қарсы жаңа әдісті бастаушылардың бірі деп мәлімдеді. Совер тіпті жеке мектептер ашып, онда тек жеке оқыту әдісін қолданды. Бұл мектептер Нью-Йорк, Филадельфия және Бостонда орналасқан, сонымен қатар жазғы курстар ұйымдастырды. Совер әдістемесінің мақсаты

студенттерге өз ойларын ана тілінен психикалық аудармаға делдалсыз тікелей шет тілінде айтуды үйрену болды.

Қазақ тілі пәнін оқыту үдерісі тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Оқу үдерісінде жүйелі жүргізілетін сөздік жұмысы, әңгіме оқу, мәтінмен жұмыс жасау, өлеңдер жаттау, жағдаяттық тапсырмалар орындау, постермен жұмыс істеу, сахналық қойылым дайындау т.б. белсенді әдістерді қолдану барысында оқушылардың сөздік қоры жетілдіріледі.

Қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың өз бетімен білім ала беру қабілетін дамыту бағытын көздеп отырған жаңартылған білім технологиясының әдіснамалық ұстанымдары мыналар бола алады:

- қазақ тілін қарқынды оқыту технологиясы-ғылым нысаны бола алатын ұғым;

- қазақ тілін оқыту арқылы білім алушының іздену, жаңалықтар ашу, оларға өзіндік түйінді шешімдер айта білу қабілетін дамыту технологиясы - өзіндік ерекшелігі мол ішкі құрамға ие жүйе;

- қазақ тілін жеңілден тереңге оқыту технологиясы негізінде оқушылардың өзіндік шешімдер жасай алу қабілетін, ойлауын дамыту технологиясы-оқушылардың ізгілікті тәрбиелеуге бағытталған жалпы оқу үдерісінің құрамды бөлігі, сондықтан ол адамгершілік ұстанымдарын негіз етіп алады.

Тілді белсенді оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Тілді белсенді оқытуда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдану білім алушылардың қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, «Мақал-мәтел» тақырыбын алсақ, мақал-мәтелді тек оқып, жаттатып қана қоймай, осы мақалды оқығанда не түйдің, бұл мақал арқылы халық нені айтқысы келеді деген сұрақтар қоя отырып, мақалдың мағынасын ашып, өзі қорытынды шығаруға үйрету арқылы білім алушыны белсенді жұмысқа тартуға болады. Білім алушы бір-бірінің түйген ойын тыңдай отырып, өзі жаңа бір ой түйеді. Яғни, Жүсіпбек Аймауытовтың: «Баланың өзін еңбектендіріп, бірлестіріп, өз бетімен білім тапқандай қылса, жұмыс істейтін материалдар даяр түрінде емес, балалар тәжірибе қылып, зерттеп, өз бетімен шешкендей, тұрмыс жұмбақ түрінде берілсе, оқу тиімді болмақ» деген сөздері де осыған дәлел.

Қазақ тілін оқыту ерекшеліктері туралы сөз қозғағанда, сабақты қызықты өткізуге мүмкіндік беретін интерактивтік тақтаны пайдалану туралы да айтып өткен жөн. Білім берудегі интерактивті тақтаны қолданудың үш кілттік бағытының артықшылығы бар. Олар:

1. Презентация, демонстрация, модельдеуді сабақтарда қолдану; Білім алушылардың көпшілігі естігенінің 5% және көргенін 20 % есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоақпаратты бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50 %-ға дейін арттыратыны белгілі. Интерактивті тақта – визуалды ресурс болғандықтан, білім алушылар көрген ақпаратты естерінде жақсы сақтайды. Сондай-ақ сабаққа қажетті кез келген суреттер, сызбалар, кесте, диаграммаларды қолдануға мүмкіндік береді. Интернет желісіне қосылып ақпарат алуға, оқу материалын қозғалмалы күйге келтіру, абстрактілі ойлау мен түсінуді

моделдеуге, объектілерді ойлау мен түсінуді моделдеуге, объектілер арасындағы байланыс орнатуға болады. 4

2. Сабақ барысында білім алушылардың белсенділігінің артуы; Интерактивті тақта арқылы жаңа сабақты тиімді өткізуге болады. Әр пәннің өз ерекшелігімен қатар, өзіндік күрделілігі де болады. Сондықтан ұстаздың міндеті осы күрделікті дұрыс құрастырып, сабақтың әр сағатын тиімді өткізу. Жалпы интерактивті тақтаны пайдалана отырып білімін жетілдіру барысында іскерлігін дамыту, тапсырмаларды орындау барысында теориялық білімдерін тиімді пайдалана білу, белсенділік танытып тапсырмаларды ұқыпты орындаған білім алушылардың ой-өрісін жан-жақты жетілдіруіне, шығармашылық қабілетін арттыруына, белсенділігін дамытуына ықпалы зор.

3. Уақыт ұтымдығы. Интерактивті тақта уақытты өте жақсы үнемдейді. Мысалы, алдын ала дайындалған материалдарды қолдану арқылы қиын тақырыпты білім алушыларға меңгертуге оңай болады. Қолданылған материалдарды сақтап қоюға болады. Тіпті, шетелдік оқыту әдісінде сабаққа келмей қалған білім алушыға дайын материалды беріп жіберіп, меңгеріп алуын қамтамасыз етеді екен. Білім берудің кез келген саласында электрондық оқулықтарды пайдалану білім алушылардың өз бетінше жұмысын және олардың жоғары танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Сапалы электронды оқулық қашықтықтан оқытуға, тіл үйренушінің өздігінен оқып үйренуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар, интерактивті тақта қазақ тілін аудармасыз оқыту үшін де өте тиімді.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілі және әдебиеті пәндерінің мұғалімдеріне ескеретіні – 1-4-сыныптарда қазақ тілін оқытатын пән «Қазақ тілі» деп аталса, 5-11-сыныптарда «Қазақ тілі мен әдебиеті» деп екі пән кіріктіріліп оқытылады. Қазақ тілін жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша қазақ тілі мен әдебиетін кіріктіріп оқыту арқылы білім алушылар тілдік дағдыларын жетілдіреді, тіл нормаларын сақтап, еркін сөйлеуге және сауатты жазу дағдыларын дамытады, мемлекеттік тілге құрметпен қарайды. Сондықтан мұғалімдер 4-сыныпқа дейін білім алушылардың сөздік қорын байытып отырса, 5-сыныпқа келгенде білім алушыларға қазақ әдебиетін меңгеру қиындық туғызбайды.

Сонымен қатар, қазақ тілін дағдылар арқылы оқыту – білім мазмұны жаңартылған бағдарламаның басты бағыттарының бірі екенін атап өткен болатынбыз.

Жаңартылған оқу бағдарламасы білім алушының іс-әрекетіне, күнделікті өмірде қажетіне жарата білуіне қарай бағытталғандықтан, білім алушы тек тілді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар жан-жақты дамуына жол ашып, күнделікті өмірімен сабақтасуы қажет. Осыған орай, кез келген тілді екінші тіл ретінде сөйлеу әрекетінің төрт дағды арқылы аудармасыз оқыту нәтижелі болады. Бүгінгі таңда өз Отанын сүйетін, өзі тұратын елдің тілін жақсы білетін саналы азаматты жетілдіруде мұғалімге жауапты міндет жүктеледі. Ол үшін мұғалім, ең

бастысы, оқу процесін жаңаша ұйымдастыратын ұйымдастырушы, бағыт беруші болуы қажет.

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде көптеген мұғалімдер қазақ тілін оқыту барысында уақытты үнемдеу үшін білім алушыларға алдын ала әр сабаққа (білім алушылардың тілді білу деңгейлеріне қарай) 10-20 сөзді топтастырып береді, ал білім алушылар сабақ барысында берілген жаңа сөздердің орыс тіліндегі аудармасын жазады, кейін сол сөздерді үйде жаттап келеді. Әрине, сөздің аудармасын беру сөздің мағынасын ашудың ең қарапайым және оңай жолы, бірақ екінші тілде сөйлеп үйренуге кедергі жасайды.

Білім алушылар, әдетте, баға алу үшін сөздерді жаттап алуға тырысады. Алайда білім алушылар осыншама сөзді не үшін жаттап жүргендерін, ол сөздерді, тіпті сөз тіркестерін қалай қолдану қажет екенін түсінбейді. Бастапқы кезде олар дыбыстық жағы мен жазылуын біле отырып, сөздік диктанттарын жақсы жазғанымен, оқулықтың біренеше тарауын өтіп кеткен соң, сол тарауымен бірге сөздерді де ұмытып қалады. Жаңа сөйлемдер немесе сөз тіркестерінде кездесетін жағдайда, аудармасын да естеріне түсіре алмауы мүмкін. Ата-аналар балаларымен бірге бір кездері аударма жасап, грамматикалық ережелерді дәптерге жазып, меңгеретін тілде сөйлеспеді. Сондықтан аударма арқылы тілді үйретудің қаншама әдіс-тәсілдері болғанымен, аударма арқылы тілді үйрету қиындық туғызады. Сонымен қатар тіл үйрену қабілетері әртүрлі балаларға, қажетті материалдық базасыз қалай тіл үйретуге болады?

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытуда қолданылатын бағдарламалардың бірнеше негізгі топтарын бөліп көрсетуге болады. Олар:

- меңгерілетін материалдың формалданған дайындығы негізінде құрылған компьютерлік жаттықтыру бағдарламалары;
- Интернетке негізделген коммуникациялық бағдарламалық құралдар;
- тесттік жүйелер;
- ақпараттық сипаттағы мультимедиа жүйесі (энциклопедиялар, елтанымдық материалдар, мультимедиялық тұсаукесерлер);
- электрондық оқулықтар; • мәліметтердің ақпараттық базасы және «Қазақ тілі» пәні бойынша анықтамалық ресурстар.

Тілдерді оқытуда бағдарламалардың әр түрлі типін қолдануға болады:

- оқыту мақсатында құрастырылған оқыту бағдарламалары;
- құжаттамамен жұмыс істеуге арналған офистік бағдарламалар: мәтіндік редакторлар, мәліметтер базасы, телекоммуникациялық бағдарламалар;
- «ақпараттық» бағдарламалар – электрондық кітапханалар, энциклопедиялар, каталогтар;
- көңіл көтеру бағдарламалары – ойындар (оқиғалық, модельдік). Оқыту үдерісін ұйымдастыруда компьютерлік бағдарламалардың интерактивтілік, оқытудың диалогтық сипаты сияқты мәнді қасиеттерге ие болуы маңызды. Бұдан басқа компьютер төмендегідей параметрлер бойынша тестілеуді тіркеуге (статистикалық ақпаратты жинауға) және жүзеге асыруға қабілетті:

• жеке білім алушының жаттығуды немесе тапсырманы орындауға жұмсаған уақыты;

- қателер саны және сипаты;
- тапсырмалар мен жаттығуларды орындауға ұмтылу саны;
- білім алушы орындаған жаттығулар мен тапсырмалардың жалпы саны;
- оқу мәтіндерінің типтері, сипаты және олармен жұмыс істеу реттілігі;
- оқу материалдарына жүгіну саны, оқыту уақыты және т.б.

А.В. Осиннің пікірінше, компьютерлік электрондық басылымдар және ресурстар келесі негізгі сипаттарға ие: интерактив, мультимедиа, моделинг, коммуникативтілік, өнімділік. Моделинг — шынайы нысандар мен үдерістерді оларды зерттеу мақсатында модельдеу. Коммуникативтілік — тікелей қарымқатынас жасау мүмкіндігі, ақпаратты ұсыну жылдамдығы. Өнімділік шығармашылық емес операциялардың автоматтандырылуын білдіреді. Мысалы, ақпаратты жылдам іздеу, мәтінді өңдеу, есептеу.

Зерттеушілер Е.С. Полат, А.Н. Богомолов Интернетте ұйымдастыруға болатын оқу қызметінің бірнеше түрін ұсынды және сипаттап берді:

• ақпаратты іздеу – браузерлермен, мәліметтер базасымен, анықтамалық жүйелермен және т.б. жұмыс істеу;

• қарым-қатынас жасау, тілдесу — электрондық пошта, чаттар, сілтемелер тізімі, форумдар, бейнеконференциялар;

• желідегі жарияланымдар — веб-бет, сайт, блок ашу. Компьютерлік технологиялардың дидактикалық мүмкіндіктері тілдерді қашықтықтан оқытуды ұйымдастыруда ерекше үлгіде іске асырылады. Олардың негізгілері мыналар:

• оқу ақпаратын жүйелі жинақтау, ақпаратты Интернетте редакциялау және сақтау, оны статистикалық жағынан өңдеу;

• білім алушы мен оқытушының, білім алушылардың бір-бірімен, сонымен қатар басқа елдегі серіктестермен интенсивті коммуникацияда болу мүмкіндігі;

• оқытушыға оқу үдерісін оперативті, дистантты басқару құқығын беру;

• білім алушының жағдайды, уақытты және оқыту қарқынын таңдау мүмкіндігі. Интернеттің технологиялық мүмкіндіктері қазақ тілін меңгеретіндер үшін шынайы тілдік ортаны құруға мүмкіндік береді. Мұндай орта тіл иесімен кейінірек (электрондық пошта, off-line- телеконференциялар) немесе сол мезетте (телеконференциялар, Chat, бейнеконференциялар) қарым- қатынасқа түсудің арқасында пайда болады. Бұдан басқа бұл жеке ақпаратты жариялау, жеке web-бетті құру, ақпараттық ресурстарға қолжетімділік, мықты іздеу жүйелері арқылы желіде жаңдандыру мүмкіндігі болып табылады. Аталған бірегей мүмкіндіктер шын мәнінде қашықтықтан оқыту формасында қазіргі оқу үдерісін ұйымдастыруға барлық жағдайды тудырып отыр [59]

Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептерде қазақ тілін оқыту мәселесі бойынша үнемі жаңа идеялар, жаңаша оқытудың жолдары және оны жүйелі түрде қолдану жолдарына көп көңіл бөлініп келеді. Заман талабына сай білім беруді ақпараттандыру, оқу үрдісіне мультимедиялық технологиялар, интербелсенді тақталарды пайдалану және оның шексіз мүмкіндіктері арқылы нәтижеге жету көзделіп отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру мазмұнын жаңартудың басты сипаты білім берудің құрылымы мен мазмұнына, оқытудың әдіс-тәсілдері мен бағалау жүйесіне елеулі өзгерістердің енгізілуі болып табылады.

Білім беру процесінің мазмұны оқушылардың алған білімдерін, біліктерін және дағдыларын өмірде және мектепте шығармашылықпен қолдануға дайындығын қалыптастыруға, табысқа жетудегі табандылықты дамытуға бағытталған өмір бойы оқуға ынталандырады.

Қазіргі таңда білім берудің жаңа кезеңіне көшу жағдайында «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерін оқытудың базалық-нормативтік құжаттарын: тұжырымдамасы, жалпыға міндетті білім стандарттары мен оқу бағдарламаларын дайындау күн тәртібіне өткір қойылып отыр. Бұл орайда пәндерді оқытуда жылдар бойы қалыптасқан ізгі дәстүрлерді заманауи білім беру жүйесіндегі инновациялармен тоғыстыру жолдарын табудың өзектілігі артуда.

Қазақстанның білім саласындағы қазіргі басым бағыттарының бірі – білім мазмұнын жетілдіру. Білім беру мазмұнын жетілдіру республика көлемінде жалпы білім беретін мектептердегі білім сапасын анықтайтын білім мазмұны мен құрылымына өзгеріс енгізу, оқытудың белсенді әдістері мен тәсілдерін, оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін тиімді іске асырумен сипатталады.

«Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың мақсаты мен міндеттері» бөлімінде «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті» және «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері тұжырымдамалық негіздерінің мақсаты мен міндеттері, орта білім беру мазмұнын жетілдірудің негізгі ұстанымдары, заманауи мектепте білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық тәсілдемелері, функционалдық сауаттылықты дамыту бағыты, құндылықтар және т.б. туралы сөз болады.

«Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың теориялық негіздері» бөлімінде оқу пәнінің мазмұнын жетілдірудегі заманауи тенденциялар мен трендтер, Қазақстандық білім беру саясатындағы басымдықтар мен міндеттер, заманауи білім беру парадигмасы қағидаттары, пән мазмұнын жетілдірудегі отандық және шетелдік тәжірибе, директивалық және нормативтік құжаттар, қолданыстағы МЖМБС, ҮОЖ, оқу бағдарламасына талдаулар мен талқылаулар, жаңартылған білім мазмұнының артықшылықтары мен кемшіліктері, педагогикалық кәсіби орта ұсынымдары талданды.

«Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдіснамалық негіздері» бөлімінде білім беру деңгейлері бойынша оқу пәні мазмұнының бірізділігі мен сабақтастығы, оқу пәнінің базалық мазмұнын айқындайтын қағидаттар мен ұстанымдар, құзыреттіліктер, оқу пәнінің мазмұнын жетілдірудің

негізгі қағидалары, оқу пәні мазмұнының көлеміне қойылатын талаптар, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда басшылыққа алынатын ұстанымдар қарастырылды.

«Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдістемелік жүйесі» бөлімінде пәнді оқытуда қолданылатын педагогикалық әдіс-тәсілдер, білім беру деңгейлері бойынша қалыптасатын метапәндік және пәндік құзыреттіліктер ұсынылды.

Қазір білім беру жүйесінде жас ұрпақтың табысқа жетуі үшін сын тұрғысынан ойлау, шығармашылық ойлау, проблема шешу, бірлесіп әрекет ету сияқты негізгі дағдыларды игертіп, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасай алуға үйрету мақсаты қойылған. Бұл мақсатқа жету үшін оқушыларға пән бойынша академиялық білім беру басты міндет болуы тиіс. Пән бойынша терең академиялық білім алған оқушылар функционалды сауаттылық пен тәжірибені қатар игеріп, мектеп бітірген кезде қазіргі жаһандық экономика жағдайында еңбек етуге мейлінше дайын болмақ.

Жоғарыда көрсетілген мәселелерді іске асыру жолдарын айқындау мақсатында әзірленген тұжырымдамалық негіздер білім берудің мемлекеттік стратегияларын жүзеге асыруды көздей отырып, қазақ тілін ана тілі, ұлт тілі, мемлекеттік тіл ретінде оқытудың теориялық және әдіснамалық негіздерін; тенденцияларын, парадигмаларын, ұстанымдары мен қағидаларын, бағыттарын айқындайтын; пәндерді оқытудың мақсаты мен міндеттерін белгілейтін; тілдік білімді меңгертудің танымдық-мәдени және коммуникативтік-функционалдық бағыттарын анықтайтын базалық-нормативтік құжат дайындауда басшылыққа алынады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 521 Жарлығы;
2. ҚР Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы
3. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы// <https://www.akorda.kz/kz>
4. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы//Егемен Қазақстан. 05 қаңтар 2021 ж.
5. Қазақстан Республикасының «Тіл туралы» Заңы;
6. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы.
7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты.
8. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған Үлгілік оқу жоспарлары (2022 жылғы 26 қаңтардағы № 25 бұйрық).
9. Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ тілі» пәнінен (оқыту қазақ тілінде) жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
10. Негізгі және жалпы орта білім беру деңгейінің 5-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен (оқыту қазақ тілінде) жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы.
11. Жүсіпбек Аймауытов: Ана тілін қалай оқыту керек. Жаңа мектеп, 1925, №2.
12. Ұлттық білім беру саясатына шолу: Қазақстандағы орта білім, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (М.Милованович, 2014)
13. Жүнісбеков Ә. «Қазақ тілін грамматикасыз оқыту» әдістемесі бойынша әдіскерлер мен мұғалімдер үшін семинар бағдарламасы. Әдістеме әлемінде/Ғылыми-әдістемелік жинақ. «Сардар» баспа үйі. Алматы, 2008.
14. Тілді меңгерудің халықаралық стандарттары негізінде «Балабақша-мектеп-колледж-жоғары оқу орны» жүйесінде мемлекеттік тілді үздіксіз оқытуды енгізудің әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2013. – 99 б.]
15. Выготский Л. С. Психология подростка. Шығармалар жинағы. 4-том. – Москва: «Педагогика», 1984. 432 б.
16. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде емес).- Астана, 2016.]
17. Аймауытов Ж. Комплекспен оқыту жолдары. Қызыл-Орда: «Қазақ» баспасы, 1929. 358 бет.

18. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы, 4Т. – Алматы: Ғылым, 1998. – 436 б., 301-б.
19. Ишханян Н.Б. Пути формирования лингвосоциокультурной компетенции в интенсивном курсе обучения иностранному языку (Англ. яз. внеяз. пед. вузе): дис. ... канд. пед. наук. – М., 1996. – 242.
20. Сәтбекова А.А. Қазақ тілін өзгетілді дәрісханада жобалай оқыту технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері (гуманитарлық бөлім): пед. ғыл. докт. ... автореф. – Алматы, 2009. – 55.
21. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы, 2009.
22. Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кіе, 2007. – 482.
23. Ибатов А. Қазақ тілінің туынды сөздер сөздігі. – Алматы, 1988.
24. Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі грамматикалық ұғымдар. – Алматы, 1992.
25. Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы: Оқулық. – Алматы: Триумф «Т», 2007. – 152 б.
26. Қанабекова М. «Қазақ тілі стилистикасының негіздері», «Қыздар университеті» баспасы, Алматы, 2013ж.
27. Мәтін талдау үлгілері. (Құрастырғандар: Нұрмағамбетова Н.А., Сралиева М.Б., Камырова А.Б., Исина А.Б.)
28. Пассов Е.И. «Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению». 2-изд. М., Просвещение, 1991.
29. Федоренко Л.П. Принципы и методы обучения русскому языку. М., 1964.
30. Рогова Г.В., Рабинович Ф.М., Сахарова Т.В. Методика обучения иностранным языкам в средней школе. М., Просвещение, 1991.
31. Лингвистический энциклопедический словарь. М., Сов. энцикл., 1990.
32. Палей И.Р. Очерки по методике русского языка. М., 1965.
33. Баринова Е.А. и др. Методика русского языка. М., 1974.
34. Текучев А.В. Очерки по методике обучения русскому языку. М., Педагогика, 1980.
35. Қабанова-Меллер Е.Н. Формирование приемов умственной деятельности и умственное развитие учащихся. М., 1968.
36. Махмутов М.И. Проблемное обучение. - М., 1976.
37. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. М., 1981.
38. Ляховицкий Б.М. Методика преподавания иностранных языков. М., Высшая школа, 1981.
39. Оқу бағдарламасы. Қазақ әдебиеті. V-IX сыныптар. –Алматы: Рауан, 2003. –34 б.
40. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.
41. А.М. Ахметова «XXI ғасырдағы қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептісі, <https://www.kaznu.kz/>, 9-б.
42. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар зерттеулер. – Алматы: «Ан арыс», 2009. – 368 б.
43. Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана: Елорда, 2000, - 532.

44. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. Алматы, «Ан Арыс» баспасы, 2009. -368 б
45. Қараев Ж. Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы// педагогика ғыл.докт. диссерт.
46. Функционалдық сауаттылық-тұлға қалыптастырудың негізі. Электрондық ресурс: <http://oqu-zaman.kz>
47. Қадашева Қ. Қазақтілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті бойынша 1-11-сынып оқушыларына арналған лексикалық-грамматикалық минимум. Астана, 2017 ж.
48. Қадашева Қ. Мемлекеттік тілді үйрету жолдары: теориясы мен тәжірибесі. Қазақ тілін деңгейлік оқыту мәселелері. Астана, 2004.
49. Қадашева Қ. Қазақ тілін деңгейлік игеру. ҚазМУ. Хабаршысы. Филология сериясы №4 (66). 2005.
50. Наоми Штайнер, Сьюзан Хейз. Иностранный как родной: помогите вашему ребенку освоить сразу два языка, 2015.
51. Н.Құрман «Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы».

ҚОСЫМША

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша САУАЛНАМА

Құрметті оқушы! “Қазақ әдебиеті” пәніне қатысты сауалнама сұрақтарына жауап беруіңді сұраймыз. Сенің пікірің біз үшін құнды!

1. Қай мектепте оқисың?

- a. ауыл мектебінде
- b. облыс мектебінде
- c. қала мектебінде

2. Нешінші сыныпта оқисың?

- a. 5-сынып
- b. 6-сынып
- c. 7-сынып
- d. 8-сынып
- e. 9-сынып
- f. 10-сынып
- g. 11-сынып

3. «Қазақ әдебиеті» пәніне қызығасың ба? Үш себебін ата.

- 1. _____
- 2. _____
- 3. _____

4. «Қазақ әдебиеті» пәнінен қай шығармаларды оқу/талдау қиындық тудырады? Неліктен?

5. Сабақта әдеби талдаудың қай түрлері қиындық тудырады?

- Көркем шығарманың композициясын талдау
- Автор ойын, идеясын талдау
- Жазушы стилін анықтау
- Шығарма тіліне талдау жасау
- Кейіпкерлер жүйесіне талдау
- Автор бейнесін анықтау
- Көркем туындыны оның негізінде жатқан тарихи шындықпен

салыстыра талдау

- Көркем туындының жанрлық ерекшеліктерін анықтау
- Шығарманы басқа мазмұндас шығармалармен салыстыру

Неліктен?

6. Қай жанрдағы шығармаларды қызығып оқисың?

- ғылыми-фантастика
- сатира
- детектив
- дидактикалық-ағартушылық
- лирика
- тарихи
- деректі
- отбасылық-тұрмыстық
- драмалық

7. «Қазақ әдебиеті» пәнінен қай шығармалардың оқытылғанын қалайсың?

5-сынып

- Ж.Аймауытовтың «Шұбар тайым табылды», «Көк өгіз», «Жан-жануардың иісшілдігі», «Өркімдікі өз қамы» шығармалары
- М.Жұмабаевтың «Қарағым», «Тез барам» өлеңдері
- І.Жансүгіровтің «Бөбек бөлеу», «Сәлемдеме» өлеңдері
- Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаяты
- С.Бақбергенің «Қасиет» әңгімесі.
- С.Бегалиннің «Бала Шоқан» әңгімесі
- М.Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңі
- М.Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесі
- М.Әлімбаевтың «Серуендетем атамды» өлеңі
- Т.Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала» әңгімесі
- Н.Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесі
- Т.Шапайдың «Қазақпен саудаласу» әңгімесі
- Өз нұсқаңды ұсын (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

6-сынып

- М.Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңі
- Б.Майлиннің «Кемпірдің ертегісі» поэмасы
- С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңі, «Әуілдек» әңгімесі
- А.Тоқмағанбетов «Алыптар туралы аңыз» шығармасы
- Ә.Тәжібаевтың «Сырдария» өлеңі.
- Ә.Сәрсенбаевтың «Сен құрметте оны, қарағым», «Туған жер» өлеңдері
- С.Мәуленов «Дән» өлеңі
- С.Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесі
- Ж.Нәжімеденовтің «Дастархан» өлеңі
- Қ.Мырза-Әлінің «Ана» өлеңі
- К.Ахметованың «Қазағым менің» өлеңі
- Ж.Ахмадидің «Кие» әңгімесі

- А.Егеубаевтың «Аламан» поэмасы
 - Р.Ниязбековтің «Әлемдегі жетінші ұлы» өлеңі
 - С.Дүйсенбиевтің «Алматының апорты» ертегісі
 - С.Балғабаевтың «Жымбала, Мико және қасқыр» драмасы
 - Өз нұсқаңды ұсын (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)
-

7-сынып

- М.Дулатовтың «Елім-ай» өлеңі
 - М.Жұмабаев «Түркістан», «Толқын», «Мен жастарға сенемін» өлеңдері
 - С.Торайғыровтың «Мен қазақ», «Бір адамға» өлеңдері
 - Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі
 - М.Әуезовтің «Көксерек» повесі
 - І.Жансүгіровтің «Домбыра», «Жетісу суреттері» өлеңдері
 - Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесі
 - Қ.Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесі
 - Қ.Аманжоловтың «Туған жер» өлеңі
 - Ғ.Ормановтың «Қарағай» өлеңі
 - С.Сарғасқаевтың «Тәмпиш қара» повесі
 - Ш.Смаханұлы шымшымалары
 - Ш.Хұсайынов «Есірткен ерке» пьесасы
 - Қ.Мырза-Әлінің «Кәрі қыран» өлеңі
 - М.Шахановтың «Арман», «Төрт ана», «Рух пен тіл» өлеңі;
 - Т.Медетбектің «Тәуелсізбін» өлеңі
 - Т.Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесі
 - А.Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз» фантастикалық әңгімесі
 - М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы
 - Ф.Оңғарсынованың «Жерошақ» өлеңі
 - С.Жиенбаев «Қарттарым, аман сау жүрші» өлеңі
 - Ж.Бөдештің «Аңырақай бекетіндегі ой» поэмасы
 - Н.Ораздың «Бала махаббат» әңгімесі
 - Өз нұсқаңды ұсын (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)
-

8-сынып

- Ж.Жабаевтың «Сұраншы батыр» жыры
- Н.Байғаниннің «Нарғыз» дастаны
- И.Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасы
- С.Мұқановтың «Балуан шолақ» повесі
- Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі
- О.Әубәкіровтің «Адам жетектеген адам» сықақ өлеңі
- Қ.Қазиевтің «Менің шешем» әңгімесі
- Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесі

- Д.Исабековтің «Әпке» драмасы
 - Т.Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі .
 - Т.Айбергеновтің «Ана» өлеңі
 - Ж.Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері
 - О.Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным?» драмасы
 - Ү.Уайдиннің «Ұйқының оқуы», «Күлкім келсе көршіме қараймын» сатирасы,
 - И. Сапарбайдың «Анаңнан асыл бар ма екен?» өлеңі
 - Б.Жақып «Аңыз қала» өлеңі
 - Ә.Қайранның «Ерасыл» дастаны
 - А.Кемалбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесі
 - Өз нұсқаңды ұсын (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)
-

9-сынып

XX ғасыр әдебиеті

- С. Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі, «Аққудың айырылуы» поэмасы
- І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасы
- Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаяты
- Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесі
- Х.Ерғалиев «Құрманғазы» поэмасы
- Ж.Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасы
- Ә.Шәріповтің «Партизан қызы» повесі

Қазіргі заман әдебиеті

- М.Шахановтың «Нарынкұм зауалы» поэмасы;
 - К.Салықов «Көгілдір туы елімнің» өлеңі;
 - Н.Айтұлының «Ту» поэмасы
 - Қ.Ілиясұлының «Мысыққа мінездеме» мысал-дастаны
 - Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы
 - Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі.
 - Е.Раушановтың «Ғайша-Бибі» поэмасы
 - Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі
 - С.Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» хикаяты
 - Өз нұсқаңды ұсын (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)
-

10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

XX ғ. басындағы әдебиет

- Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» поэмасы;

- Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романы;
- М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы
- С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы;

1920-1940 жылдардағы әдебиет

- С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы;
- Б.Майлиннің «Майдан» пьесасы;
- І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы;
- М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы;

1950-1960 жылдардағы әдебиет

- Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы;
 - Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы;
 - Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» поэмасы;
 - Ш.Хұсайынов «Ғани Мұратбаев» пьесасы
 - Өз нұсқанды ұсын (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)
-

10-сынып (жаратылыстану-математика бағыты)

XX ғ. басындағы әдебиет

- А.Байтұрсынұлының «Жиған-терген», «Маса» өлеңдері;
- М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы;
- С.Торайғыров «Таныстыру» өлеңі;
- М.Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» поэмасы;
- Ж. Жабаев «Зілді бұйрық» өлеңі»;

1920-1940 жылдардағы әдебиет

- М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы;

1950-1960 жылдардағы әдебиет

- С.Мұқанов «Шоқан Уалиханов» пьесасы
 - М.Иманжановтың «Алғашқы айлар» повесі;
 - Х.Ерғалиев «Құрманғазы» поэмасы;
 - Ж.Молдағалиевтің «Қыран дала» поэмасы;
 - Өз нұсқанды ұсын (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)
-

11-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет;

- М.Мағауиннің «Шақан-шері» романы;
- Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романы;
- Ұ. Есдәулетовтің «Натюрморт» поэмасы;
- С.Асылбекұлының «Желтоқсан түні» драмасы

XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті

- Қазіргі қазақ лирикасы;
 - Поэмадағы көркемдік ізденістер;
 - Жаңа ғасыр романы;
 - Повестегі дәстүр және жаңашылдық;
 - Қазақ әңгімесінің көркемдік көкжиегі;
 - Драматургияның жаңа өрісі;
 - Әдебиеттану және сын.
 - Өз нұсқаңды ұсын (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)
-

11-сынып (жаратылыстану-математика бағыты)

Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет;

- Ғ.Қайырбековтің «Азаттық перзенттері» поэмасы;
- Б.Мұқайдың «Өмірзая» романы;
- Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» драмасы;

XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті

- Ұлттық поэзиядағы көркемдік ізденістер;
 - Қазақ прозасындағы жаңашылдық;
 - Драматургиядағы жаңа өріс;
 - Өз нұсқаңды ұсын (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)
-

Құрметті әріптес! “Қазақ әдебиеті” пәнінің 12 жылдыққа арналған оқу бағдарламасын құру мақсатында құрылған сауалнама сұрақтарына жауап беруіңізді сұраймыз. Сіздің пікіріңіз біз үшін құнды!

1. Қай мектепте жұмыс жасайсыз?

- a. ауыл мектебінде
- b. облыс мектебінде
- c. қала мектебінде

2. Қай сыныптарға сабақ бересіз?

- h. 5-сынып
- i. 6-сынып
- j. 7-сынып
- k. 8-сынып
- l. 9-сынып
- m. 10-сынып
- n. 11-сынып

3. Пән бойынша жұмыс өтіліңіз қанша жыл?

- a. 6 ай
- b. 1 жыл

- c. 2-3 жыл
- d. 4-5 жыл
- e. 5 жыл және одан артық

4. Жаңартылған мазмұндағы «Қазақ әдебиеті» оқу бағдарламасының үш ұтымды тұсын атаңыз.

1. _____
2. _____
3. _____

5. «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасында қандай шығармаларды (қай сыныпта) оқыту қиындық тудырады? Неліктен?

6. Оқу бағдарламасында қандай оқу мақсаттарын жүзеге асыру қиындық тудырады? Неліктен?

7. 12 жылдық білім беруге арналған оқу бағдарламасында қай жанрдағы шығармалардың көбірек қамтылғанын қалайсыз?

- ☐ ғылыми-фантастикалық
- ☐ сатиралық
- ☐ детективтік
- ☐ дидактикалық-ағартушылық
- ☐ лирикалық
- ☐ тарихи
- ☐ деректі
- ☐ отбасылық-тұрмыстық

8. Оқу бағдарламасына қай шығармалардың енгізілгенін қалайсыз?

Таңдаған шығармаларыңызға белгі қойыңыз.

5-сынып

XX ғасыр әдебиеті

- ☐ Ж.Аймауытовтың «Шұбар тайым табылды», «Көк өгіз», «Жан-жануардың иісшілдігі», «Әркімдікі өз қамы» шығармалары
- ☐ М.Жұмабаевтың «Қарағым», «Тез барам» өлеңдері
- ☐ І.Жансүгіровтің «Бөбек бөлеу», «Сәлемдеме» өлеңдері
- ☐ Б.Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаяты
- ☐ С.Бәкбергеновтің «Қасиет» әңгімесі.

- С.Бегалиннің «Бала Шоқан» әңгімесі
- М.Мақатаевтың «Үш бақытым» өлеңі
- М.Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесі

Қазіргі заман әдебиеті

- М.Әлімбаевтың «Серуендетем атамды» өлеңі
- Т.Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала» әңгімесі
- Н.Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесі
- Т.Шапайдың «Қазақпен саудаласу» әңгімесі

Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Бұл шығарманың неліктен оқу бағдарламасына енгенін қалайсыз? (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

6-сынып

XX ғасыр әдебиеті

- М.Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңі
- Б.Майлиннің «Кемпірдің ертегісі» поэмасы
- С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңі, «Әупілдек» әңгімесі
- А.Тоқмағанбетов «Алыптар туралы аңыз» шығармасы
- Ә.Тәжібаевтың «Сырдария» өлеңі.
- Ә.Сәрсенбаевтың «Сен құрметте оны, қарағым», «Туған жер»

өлеңдері

- С.Мәуленов «Дән» өлеңі
- С.Мұратбековтің «Жусан иісі» әңгімесі
- Ж.Нәжімеденовтің «Дастархан» өлеңі

Қазіргі заман әдебиеті

- Қ.Мырза-Әлінің «Ана» өлеңі
- К.Ахметованың «Қазағым менің» өлеңі
- Ж.Ахмадидің «Кие» әңгімесі
- А.Егеубаевтың «Аламан» поэмасы
- Р.Ниязбековтің «Әлемдегі жетінші ұлы» өлеңі
- С.Дүйсенбиевтің «Алматының апорты» ертегісі
- С.Балғабаевтың «Жымбала, Мико және қасқыр» драмасы

Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Бұл шығарманың неліктен оқу бағдарламасына енгенін қалайсыз? (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

7-сынып

XX ғасыр әдебиеті

- М.Дулатовтың «Елім-ай» өлеңі
- М.Жұмабаев «Түркістан», «Толқын», «Мен жастарға сенемін» өлеңдері

- С.Торайғыровтың «Мен қазақ», «Бір адамға» өлеңдері
- Ж.Аймауытовтың «Әнші» әңгімесі
- М.Әуезовтің «Көксерек» повесі
- І.Жансүгіровтің «Домбыра», «Жетісу суреттері» өлеңдері
- Ғ.Мүсіреповтің «Ананың анасы» әңгімесі
- Қ.Қайсеновтің «Жау тылындағы бала» повесі
- Қ.Аманжоловтың «Туған жер» өлеңі
- Ғ.Ормановтың «Қарағай» өлеңі
- С.Сарғасқаевтың «Тәмшіш қара» повесі
- Ш.Смаханұлы шымшымалары
- Ш.Хұсайынов «Есірткен ерке» пьесасы

Қазіргі заман әдебиеті

- Қ.Мырза-Әлінің «Кәрі қыран» өлеңі
- М.Шахановтың «Арман», «Төрт ана», «Рух пен тіл» өлеңі;
- Т.Медетбектің «Тәуелсізбін» өлеңі
- Т.Әбдіктің «Қонақтар» әңгімесі
- А.Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз» фантастикалық әңгімесі
- М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы
- Ф.Оңғарсынованың «Жерошақ» өлеңі
- С.Жиенбаев «Қарттарым, аман сау жүрші» өлеңі
- Ж.Бөдештің «Аңырақай бекетіндегі ой» поэмасы
- Н.Ораздың «Бала махаббат» әңгімесі

Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Бұл шығарманың неліктен оқу бағдарламасына енгенін қалайсыз?(сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

8-сынып

XX ғасыр әдебиеті

- Ж.Жабаевтың «Сұраншы батыр» жыры
- Н.Байғаниннің «Нарғыз» дастаны
- И.Байзақовтың «Құралай сұлу» поэмасы
- С.Мұқановтың «Балуан шолақ» повесі
- Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі
- О.Әубәкіровтің «Адам жетектеген адам» сықақ өлеңі
- Қ.Қазиевтің «Менің шешем» әңгімесі

- Қ.Жұмаділовтің «Қаздар қайтып барады» әңгімесі
- Д.Исабековтің «Өпке» драмасы
- Т.Ахтановтың «Күй аңызы» әңгімесі .
- Т.Айбергеновтің «Ана» өлеңі

Қазіргі заман әдебиеті

- Ж.Сахиевтің «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» фантастикалық әңгімелері
- О.Бөкейдің «Қайдасың, қасқа құлыным?» драмасы
- Ү.Уайдиннің «Ұйқының оқуы», «Күлкім келсе көршіме қараймын» сатирасы,

- И. Сапарбайдың «Анаңнан асыл бар ма екен?» өлеңі
- Б.Жақып «Аңыз қала» өлеңі
- Ә.Қайранның «Ерасыл» дастаны
- А.Кемалбаеваның «Қоңырқаз» әңгімесі

Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Бұл шығарманың неліктен оқу бағдарламасына енгенін қалайсыз?(сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

9-сынып

XX ғасыр әдебиеті

- С. Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі, «Аққудың айырылуы» поэмасы

- І.Жансүгіровтің «Күйші» поэмасы
- Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі» хикаяты
- Қ.Әбдіқадыровтың «Қажымұқан» повесі
- Х.Ерғалиев «Құрманғазы» поэмасы
- Ж.Молдағалиевтің «Мен – қазақпын» поэмасы
- Ә.Шәріповтің «Партизан қызы» повесі

Қазіргі заман әдебиеті

- М.Шахановтың «Нарынкұм зауалы» поэмасы;
- К.Салықов «Көгілдір туы елімнің» өлеңі;
- Н.Айтұлының «Ту» поэмасы
- Қ.Ілиясұлының «Мысыққа мінездеме» мысал-дастаны
- Ш.Мұртазаның «Бесеудің хаты» драмасы
- Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі.
- Е.Раушановтың «Ғайша-Бибі» поэмасы
- Р.Мұқанованың «Мәңгілік бала бейне» әңгімесі;
- С.Досжанның «Ауылдан шыққан миллионер» хикаяты

Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Бұл шығарманың неліктен оқу бағдарламасына енгенін қалайсыз?(сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

XX ғ. басындағы әдебиет

- Ш.Құдайбердіұлының «Қалқаман – Мамыр» поэмасы;
- Ж.Аймауытовтың «Қартқожа» романы;
- М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы
- С.Торайғыровтың «Қамар сұлу» романы;

1920-1940 жылдардағы әдебиет

- С.Сейфуллиннің «Көкшетау» поэмасы;
- Б.Майлиннің «Майдан» пьесасы;
- І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы;
- М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы;

1950-1960 жылдардағы әдебиет

- Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы;
- Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» поэмасы;
- Қ.Бекхожиннің «Батыр Науан» поэмасы;
- Ш.Хұсайынов «Ғани Мұратбаев» пьесасы

Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Бұл шығарманың неліктен оқу бағдарламасына енгенін қалайсыз?(сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

10-сынып (жаратылыстану-математика бағыты)

XX ғ. басындағы әдебиет

- А.Байтұрсынұлының «Жиған-терген», «Маса» өлеңдері;
- М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы;
- С.Торайғыров «Таныстыру» өлеңі;
- М.Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» поэмасы;
- Ж. Жабаев «Зілді бұйрық» өлеңі;

1920-1941 жылдардағы әдебиет

- М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясы;

1950-1960 жылдардағы әдебиет

- С.Мұқанов «Шоқан Уалиханов» пьесасы
- М.Иманжановтың «Алғашқы айлар» повесі;
- Х.Ерғалиев «Құрманғазы» поэмасы;
- Ж.Молдағалиевтің «Қыран дала» поэмасы;

Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Бұл шығарманың неліктен оқу бағдарламасына енгенін қалайсыз?(сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

11-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт)

Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет;

- М.Мағауиннің «Шақан-шері» романы;
- Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романы;
- Ұ. Есдәулетовтің «Натюрморт» поэмасы;
- С.Асылбекұлының «Желтоқсан түні» драмасы

XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті

- Қазіргі қазақ лирикасы;
- Поэмадағы көркемдік ізденістер;
- Жаңа ғасыр романы;
- Повестегі дәстүр және жаңашылдық;
- Қазақ әңгімесінің көркемдік көкжиегі;
- Драматургияның жаңа өрісі;
- Әдебиеттану және сын.

Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Неліктен бұл шығарманың оқу бағдарламасына енгенін қалайсыз?(сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

11-сынып (жаратылыстану-математика бағыты)

Тәуелсіздік жылдардағы әдебиет;

- Ғ.Қайырбековтің «Азаттық перзенттері» поэмасы;
- Б.Мұқайдың «Өмірзая» романы;
- Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» драмасы;

XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті

- Ұлттық поэзиядағы көркемдік ізденістер;

- Қазақ прозасындағы жаңашылдық;
- Драматургиядағы жаңа өріс;

Өз нұсқаңызды ұсыныңыз. Неліктен бұл шығарманың оқу бағдарламасына енгенін қалайсыз? (сынып, туынды авторы, шығарма атауы)

Мазмұны

Кіріспе	3
1 «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың мақсаты мен міндеттері	5
2 «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың теориялық негіздері	15
3 «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдіснамалық негіздері	61
4 «Қазақ тілі» мен «Қазақ әдебиеті» пәндерін оқытудың әдістемелік жүйесі.....	154
Қорытынды	245
Пайдаланылған әдебиеттер.....	247
Қосымша.....	251

**ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА
«ҚАЗАҚ ТІЛІ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ
ТҰЖЫРЫМДАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

Басуға 26.05.2022. ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы 15.